

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh National Pedagogical University

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы  
Серия «Исторические и социально-политические науки»  
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 3(78), 2023

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**  
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**  
**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ**

# **ВЕСТНИК**

# **BULLETIN**

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы**  
**Серия «Исторические и социально-политические науки»**  
**Series «Historical and socio-political sciences»**

**№ 3(78)**

**Алматы, 2023**

---

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

### ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік  
ғылымдар» сериясы,  
№3(78), 2023

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор  
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

#### Редакция алқасы:

т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**

(бас ред. орынбасары),

т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова,**

т.ғ.к., доц. **Т.Т. Далаева**

(жауапты хатшылар),

т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов,**

т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов,**

PhD, проф. **Вирджиния Мартин**  
(АҚШ),

PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),

т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіуақап**  
(Түркия),

т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**

(Қырғыз Республикасы),

т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов,**

проф. **М.Майер** (Германия),

т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),

т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы**

(Түркия),

т.ғ.д., проф. **Ғ.М. Қарасаев**

#### © Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2023

Қазақстан Республикасының

мәдениет және ақпарат

министрлігінде

2009 жылы мамырдың 8-де

тіркелген №10102 - Ж

Басуға 22.09.2023 қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 43,75 е.б.т.

Таралымы 300 дана. Тапсырыс 574

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

### М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е C o n t e n t

#### ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

<b>Әбжанов Х.М.</b> Алаш және халық көтерілістері.....	7
<b>Abzhanov H.M.</b> Alash and popular uprisings	
<b>Нұрбаев Ж.Е., Сұлтанғазы Г.Ж.</b> Империялық және кеңестік модернизация жағдайындағы қазақ болмысын қалыптастырудағы әлеуметтік-мәдени тетіктер.....	15
<b>Nurbayev Zh.Y., Sultangazy G.Zh.</b> Socio-cultural mechanisms of formation of kazakh identity under conditions of imperial and soviet modernization	
<b>Tutumlu A., Imyarova Z., Meldibekova Z.</b> Desovietizing nation-building in Kazakhstan: case of 2020 Korday violence.....	23
<b>Тутумлу А.И., Имярова З.С., Мельдибекова З.А.</b> Қазақстандағы ұлттық құрылысты десовиетизациялау: 2020 жылғы Қордай оқиғасы	
<b>Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С.</b> Жаңалықта жерленген Алаш арыстары.....	32
<b>Sabdenova G. E., Baigunakov D. S.</b> Alash figures buried in the village of Zhanalyk	
<b>Шериязданов Б.Р.</b> Саяси қуғын-сүргін құрбандарын халық жадында қалдыру мәселесі (Солтүстік, Орталық өңірлердегі материалдар негізінде).....	41
<b>Sheriyazdanov B.R.</b> The problem of perpetuating the memory of victims political repression (based on the materials of the Northern and Central regions of Kazakhstan)	
<b>Ибраева А.Ғ., Тайшыбай З.С., Мәлікова С.З.</b> Петропавл уезі Аққұсақ болысы: Алаш әскерін құрудың кейбір мәселелері.....	50
<b>Ibraeva A.G., Taishybay Z.S., Malikova S.Z.</b> Petropavlovsk uyezd kazan parish: some issues of the formation of the Alash army	

#### ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY

<b>Nursultanova L.N., Kasymova A.K., Bokayeva A.K.</b> To the question of investment projects Russia and Vietnam.....	63
<b>Нұрсұлтанова Л.Н., Касымова А.К., Бокаева А.К.</b> Ресей мен Вьетнамдағы инвестициялық жобалар мәселесі	
<b>Пилипчук Я.В.</b> Кавказская Албания после Кавказской Албании. Княжества Парисос и Хачен.....	70
<b>Rylypchuk Ya.V.</b> Caucasian Albania after Caucasian Albania. Principalities of Parisos and Khachen.	
<b>Вдовин В.Н.</b> Тираноборческая политика архаической спарты в отношении Афин.....	76
<b>Vdovin V.N.</b> The tyrannoborce policy of archaic sparta towards Athens	
<b>Bedelova G.S., Sadykova R.O.</b> The nature of commercial agreements, import and export in China during the Mongols.....	82
<b>Беделова Г.С., Садыкова Р.О.</b> Моңғолдар кезінде Қытайда коммерциялық келісімдердің, импорт және экспорттың сипаты	

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-политические науки», №3(78), 2023

Выходит с 2000 года.  
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор  
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:  
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,  
(зам. гл. редактора),  
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова,  
к.и.н., доц. Т.Т. Далаева  
(ответ. секретари),  
д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,  
к.и.н., проф. Б.С. Жумагулов,  
PhD, проф. Вирджиния Мартин  
(США),  
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),  
д.и.н., проф. Кара Абдиуакап  
(Турция),  
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов  
(Кыргызская Республика),  
д.и.н., проф. В.М. Козьменко  
(Российская Федерация),  
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,  
проф. М.Майер (Германия),  
д.и.н., проф. А.Б. Соколов  
(Российская Федерация),  
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),  
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы  
(Турция),  
д.и.н., проф. Г.М. Карасаев

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2023

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 22.09.2023.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 43,75 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 574.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального педагогического университета имени Абая

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ  
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ  
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

- Біләлова Г.Д. XIII-XIV (XV) ғасырлардағы Сарыарқаның отырықшы мәдениетінің тарихи-географиялық аудандастырылуы..... 91
- Bilyalova G.D. Historical and geographical zoning of Saryarka in the XIII-XIV (XV) centuries
- Қаипбаева А.Т., Нурмухамбетов А.А. Деструктивті діни ағымдар: зерттелуі мен ерекшеліктері..... 101
- Kaipbaeva A.T., Nurmukhambetov A.A. Destructive religious trends: research and features
- Алиаскаров Д.Т., Усеннов Н.Е., Каймулдинова К.Д. Possibilities of post-industrial sustainable development of mono-cities formed during the era of industrialization (Janatas city as an example)..... 111
- Алиаскаров Д.Т., Н.Е. Усенов, Каймулдинова К.Д. Индустрияландыру дәуірінде қалыптасқан моноқалалардың постиндустриялық тұрақты даму мүмкіндіктері (Жаңатас қаласы мысалында)
- Шаяхмет Н., Омирбекова Ж. Еуразия көшпелілерінің этноэкологиялық мұрасы..... 122
- Shayakhmet N., Omirbekova Zh. Ethno-ecological heritage of the nomads of Eurasia: spiritual and value foundations
- Шекербеков К.М., Мурат А.С., Яқуб А.Ә. История реформирования мусульманского образования в Чимкенте в начале XX века: проблемы педагогики и подготовка новометодных школ..... 134
- Shkerbekov K.M., Murat A.S., Yakub A.A. The fate of numerous politically repressed figures-educators of the city of Shymkent (according to historical materials of periodicals)

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ  
METHODS OF TEACHING HISTORY

- Baidildina Fellan S., Saifulmalikova S. Development of electronic resources for social and humanitarian disciplines (on the example of almaty university of power engineering and telecommunications named after Gumarbek Daukeev)..... 146
- Байдильдина Феллан С., Сайфулмаликова С. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша электрондық ресурстар құрастыру (Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің мысалында)
- Исабек Б.Қ., Амалбекова Б.А. Обучение в школе военное-духовное наследие Бауыржана Момышұлы для патриотического воспитания (на примере проведенного урока в рамках «исследование урока» lesson study)..... 155
- Isabek B.K., Amalbekova B.A. Military and spiritual heritage of Bauyrzhan Momysulyfor patriotic education (using the example of a lesson conducted as part of the "lesson study" Lesson study)

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ  
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ  
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

- Айтқұл Х.А., Мұхтарова Г.Р., Төлемісова Д.Қ. Тас еңбек құралдары..... 165
- Aitkul Kh.A., Mukhtarova G.R., Tolemisova D.K. Stone tools

Abay Kazakh National Pedagogical  
University

BULLETIN

Series «Historical and socio-political  
sciences»

№3(78), 2023

Periodic – 4 issues/year

Published since 2000

Editor-in-chief:

doctor of historical sciences

G.K. KENZHEBAYEV

Editorial staff:

**Koigeldiyev M.K.** doctor of historical  
sciences, professor

(editorial-in-chief's assistant),

**Ospanova R.R.** candidate of historical  
sciences, associate professor,

**Dalaeva T.T.** candidate of historical  
sciences, associate professor,

(responsible secretary),

**Abzhanov Kh.M.** doctor of historical  
sciences, professor,

**Zhumagulov B.S.** candidate of  
historical sciences, professor,

**Virginia Martin.** professor, PhD (USA),

**Claudia Chang** professor, PhD (USA),

**Kara Abdiyaka** doctor of historical  
sciences, professor (Turkey),

**Osmonov O.D.** doctor of historical  
sciences, professor (Kirgistan),

**Kozmenko B.M.** doctor of historical  
sciences, professor (Russian Federation),

**Zhumagulov K.T.** doctor of historical  
sciences, professor,

**Mayer M.** doctor of historical sciences,  
professor (Germany),

**Sokolov A.B.** doctor of historical  
sciences, professor (Russian Federation),

**Tomokhiko Uyama** doctor of historical  
sciences (Japan),

**Khodjaogly T.** doctor of historical  
sciences, professor (Turkey)

**Karasayev G.M.** doctor of historical  
sciences, professor

Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2023

Registered in the Ministry of culture and  
information of the Republic of Kazakhstan,  
May, 8, 2009 №10102-ZH

Signed for print 22.09.2023

Format 60x84 1/8.

Volume 43,75 уч.-изд.л.

Issue 300. order 574.

050010, Almaty

Abai KazNPU, 13 Dostyk av.

«Ulagat» publishing house

Abai Kazakh National Pedagogical  
University

- Гурсой М., Сиздиқов Б.** Қаңлы ескерткіштеріндегі ғұн және сармат тайпаларының рухани-дүниетанымдық компоненттері (Сырдарияның ортаңғы ағысындағы материалдар негізінде)..... 175
- Gursoy M., Sizdikov B.** Hunno-sarmatian spiritual and worldview components in the monuments of the Kangly tribes (based on the materials of monuments of the middle current of the Syrdarya)
- Сиздиқов Б.С., Қожа М.Б., Сералиев А.А.** Келес өңіріндегі ежелгі Күлтөбе қалашығының топографиялық құрылымы..... 192
- Sizdikov B.S., Kozha M.B., Seraliyev A.A.** Topography of the ancient settlement of Kultobe in the Kelessky region
- Мургабаев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л.** Сығанақ қаласының камал қабырғасына салынған кесік қазбасының нәтижелері..... 202
- Murgabaev S., Bakhtybaev M., Maldibekova L.** Results of the excavation of the section fortress wall of the Syganak city
- Молдабаева Д.Ж., Шалбаев А.А.** Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі сарайдың құрлымы мен қызметі..... 223
- Moldabayeva D.Zh., Shalbayev A.A.** The palace structure and its functions in the medieval turkic states.
- Назымбетова Г.Ш., Халидуллин Г.Х.** XVIII-XX ғасырлардағы Атырау облысы аумағында жүргізілген геологиялық палеонтологиялық зерттеулердің тарихы..... 231
- Nazymbetova G.Sh., Khalidullin G.H.** History of geological and paleontological research conducted on the territory of the Atyrau region in the XVIII-XX centuries.
- Умарходжиев А., Ярыгин С., Ильдеряков Н.** Таусамалы қорымының қоршаулары бар қорғандар..... 240
- Umarkhojiyev A., Yarygin S., Ideryakov N.** Mounds with fences of the Tausamaly burial ground

#### ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДИЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

- Жанкадамова Г.А., Ахметова Р.Д., Атантаева Б.Ж.** Архивные материалы о судьбах депортированных с Северного Кавказа в Казахстан (на примере Семипалатинской области)..... 253
- Zhankadamova G.A., Akhmetova R.D., Atantaeva B.Zh.** Archival materials about the fates of the deported from the Northern Caucasus to Kazakhstan (on the example of the Semipalatinsk region)
- Лапин Н.С., Жуманбаев Д.Н.** Материалы отечественных архивов по истории формирования общественных объединений и политических партий в Казахстане в конце 1980-х – начале 2000-х гг..... 265
- Lapin N.S., Zhumanbayev D.N.** Materials of domestic archives on the history of formation of public associations and political parties in kazakhstan in the late 1980s and early 2000 s.
- Кудайбергенова А.И.** Новые концептуальные подходы в изучении и оценки народных восстаний и протестов в Казахстане в 20-30-х гг. XX в. .... 278
- Kudajbergenova A. I.** New conceptual approaches in the research and evaluation of popular uprisings and protests in Kazakhstan in the 20-30s of the XX-th century
- Бекмагамбетов М., Бекмагамбетов Р., Бимолданова А.** История советского детства: современная зарубежная и отечественная историография..... 290
- Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А.** Кеңестік балалық шақтың тарихы: қазіргі заманғы шетелдік және отандық тарихнама

**ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР  
ПЕРСОНАЛИИ  
PERSONALITY**

<b>Bazarbayev K., Gumus N., Akdeniz E.</b> Political activity of Enver pasha in the Turkestan national liberation movement.....	301
<b>Базарбаев К.К., Гумуш Н., Акдениз Е.</b> Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер пашаның саяси қызметі	
<b>Serubaeva A.T.</b> Historical sources on the ethnonym "kazakh" and the kazakh khanate in the works of Shokan Ualikhanov.....	309
<b>Серубаева А.Т.</b> Ш. Уәлиханов шығармаларындағы «қазақ» этнонимі мен қазақ хандығына қатысты деректер	
<b>Ibrayeva E.E., Shalkarbek A.</b> Ideological movement of Zhanuzak Alzhanuly during his work for kazakh journalism.....	318
<b>Ибраева Э.Е., Шалқарбек А.</b> Жанұзақ Әлжанұлының қазақ журналистикасы үшін атқарған қызметі тұсындағы идеялық қозғалысы	

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

<b>Маханов Н.И., Адилбаева А.С., Ахметова Д.М.</b> «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының тарихи дамуы: қазіргі қоғамдық-рухани қызметі.....	327
<b>Makhanov N.I., Adilbaeva A.S., Akhmetova D.M.</b> Historical development of the state historical and cultural reserve-museum «Azret-Sultan»: modern social and spiritual activity	
<b>Махметова Н.А., Аубакирова Ж.С.</b> Шығыс Қазақстанда халықтың қартаюы мен өлім үдерістеріндегі өзгерістер (1999-2021 жж.).....	333
<b>Makhmetova N.A., Aubakirova Zh.S.</b> Changes in the processes of aging and mortality of the population in East Kazakhstan (1999-2021)	
<b>Сенгирбаева З.Ж., Найманбаев Б.Р.</b> Батыс және ТМД тарихнамасындағы Кеңестік депортация саясаты.....	342
<b>Sengirbayeva Z.G., Naimanbayev B.R.</b> Soviet deportation policy in the historiography of the west and the CIS	
<b>Рахимова Г.Н.</b> Білім жүйесіндегі бала құқығын қорғауды құқықтық реттеу мәселелері.....	351
<b>Rakhimova G. N.</b> Problems of legal regulation of the protection of children's rights in the education system	

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. №476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы №433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за №476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. №433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3. from June, 26, 2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (speciality - 0700 00)

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ  
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ  
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ӘӨЖ 974.07  
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.001>

Х.М. Әбжанов \*<sup>1</sup>

АЛАШ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ

<sup>1</sup>ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры  
E-mail: [gulshat\\_nurymbet@mail.ru](mailto:gulshat_nurymbet@mail.ru)

XX ғ. басында қазақ топырағында дүниеге келген Алаш қозғалысының өмір тармақтары мен тағылымы, тұлғалары мен мұрасы бүгінгі отандық тарих ғылымының ең өзекті жобасына айналып отыр. Мақалада алаш және халық көтерілістері жан-жақты талданған. Сондай-ақ 1916 жылғы халық көтерілісі мен алаш қозғалысының ықпалдастығы сөз болады.

Тәуелсіздік тұсында аталаған тақырып көлемінде жүздеген диссертациялар қорғалды, мыңдаған ғылыми зерттеулер жарияланды. Алаш идеялары мен Алашорданың аз ғана уақыт көлемінде атқарған қызметтері олардың ғылыми мұрасынан анық көрінді. Сол кезеңдегі большевиктік сөз бен іс арасындағы жер мен көктей алшақтық, меншіктен, құқықтан, еркіндіктен жұрдай болған азаматтардың наразылығын туғызды. Мұндай қайшылықтар қақтығысқа итермеледі, көтеріліске шақырды. 1916 жылы халықтың көзқарастары мен ұстанымына қарай қоғамның жіктелуі тереңдей түсті. Қайшылықтар шектен шыққанда көтерілістер басталды. Алаш зиялы қауымын ел тағдыры қатты алаңдатты. Ел ұстанымын бір арнаға тоғыстыру мүмкін болмады. Қазақ ішіндегі қиындықтарды зиялы қауым өкілдері баспасөз беттерінде немесе еңбектерінде жариялап отырды. Халықтың көзін ашуға алаш идеясы орасан зор қызмет етті. 1916 жылы көтеріліс арқылы қазақ халқы ұлттық серпіліс жасады. Ұлт болып ұйысып, бас көтере алудың шынайы ұрпаққа өнегесі бола алды.

**Кілт сөздер.** Алаш қозғалысы, ұлт - азаттық көтерілістер, тұлға, халық, ұлтты ояту, ұлттық идея

*Алғыс.* Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің нысаналы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды ("XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы мен шығармашылық мұрасы" грант ІРН BR18574180 ы).

Абжанов Х.М. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор КазНПУ им. Абая  
E-mail: [gulshat\\_nurymbet@mail.ru](mailto:gulshat_nurymbet@mail.ru)

АЛАШ И НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ

Аннотация

Истоки и уроки жизни, личности и наследие движения Алаш, зародившегося на казахской земле в начале XX в. стали сегодня самым актуальным проектом отечественной исторической науки. В статье всесторонне проанализированы алашские и народные восстания. Также народное восстание 1916 года является результатом движения алаш.

За время независимости были защищены сотни диссертаций по названной теме, опубликованы тысячи научных исследований. Идеи Алаш и деятельность Алашорды в течение небольшого периода времени были четко отражены в их научном наследии. Разрыв земли и небес между большевистским словом и делом того периода вызвал недовольство граждан, лишенных собственности, прав, свободы. Такие противоречия

подталкивали к конфликту, призывали к восстанию. В 1916 году классификация общества по взглядам и позициям народа углубилась. Когда противоречия зашли слишком далеко, начались восстания. Алашскую интеллигенцию очень волновала судьба страны. Не удалось объединить позиции страны в одно русло. Проблемы внутри казахов освещались представителями интеллигенции в прессе или в трудах. Идея Алаша очень помогла открыть глаза народу. В 1916 году благодаря восстанию казахский народ совершил Национальный рывок. Он смог стать примером для истинного поколения, чтобы стать нацией и восстать.

**Ключевые слова:** Движение Алаш, 1916, национально - освободительное восстание, личности, народ, пробуждение нации, национальная идея

**Благодарности.**Статья подготовлена в рамках реализации Программа целевого финансирования Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца XIX - первой половины XX»).

Abzhanov H.M.\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Academic of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences, Professor Abay Kazakh National Pedagogical University*  
E-mail: [gulshat\\_nurymbet@mail.ru](mailto:gulshat_nurymbet@mail.ru)

## ALASH AND POPULAR UPRISINGS

### Abstract

The origins and lessons of life, personality and legacy of the Alash movement, which originated on the Kazakh land in the early twentieth century, have become today the most relevant project of the national historical science. The article comprehensively analyzes the Alash and popular uprisings. Also, the popular uprising of 1916 is the result of the Alash movement.

Since independence, hundreds of dissertations on this topic have been defended, thousands of scientific studies have been published. The ideas of Alash and the activities of Alashorda for a short period of time were clearly reflected in their scientific heritage. The rupture of earth and heaven between the Bolshevik word and deed of that period caused discontent among citizens deprived of property, rights, and freedom. Such contradictions pushed to conflict, called for an uprising. In 1916, the classification of society according to the views and positions of the people deepened. When the contradictions went too far, uprisings began. The Alash intelligentsia was very concerned about the fate of the country. It was not possible to unite the country's positions in one direction. Problems within the Kazakhs were covered by representatives of the intelligentsia in the press or in writings. The idea of Alash helped to open the eyes of the people a lot. In 1916, thanks to the uprising, the Kazakh people made a National breakthrough. He was able to become an example for a true generation to become a nation and rise up.

**Keywords:** Alash movement, 1916, national liberation uprising, personalities, people, awakening of the nation, national idea

*Gratitude.*The article was prepared as part of the implementation of the Program of targeted funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN BR18574180 "History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late XIX- first half of XX").

**Кіріспе.** Алаш қозғалысы ұлттық тарих сахнасына қазақ халқының қамал-қорғаны миссиясын атқарумен шықты. Ол 1905-1907 жылдарғы бірінші орыс революциясы тұсында барынша анық көрінді. Ұлт мақтанштарының қолымен жазылған Қарқаралы петициясында азаттық жолындағы күрестің басты міндеттері ашылған.

**Өзектілігі.** «Алаш» зиялылары халықты оятуда белсенді орын алғандағын олардың артында қалған мұралары дәлелдеп отыр. Осы тұрғыда алаш және халық көтерілістері мәселесін бір арнада тоғыстыра отырып, зерттеу тарих ғылымының сұранысы деуге болады.

Қазақ көтерілісінің бәрі дерлік жеңіліспен аяқталды. Қайғысы ұрпақтарының санасы мен жүрегінде. Баяны ғылыми, әдеби шығармаларда, ескерткіштер мен көше атауларында. Төгілген қызыл қан мен аққан қара тер зая кеткен жоқ. Ежелден еркіндік аңсаған халқымыз қас пен дос туралы танымын тереңдетті. Алаш қайраткерлерінің Отан, мемлекет, билік, сот, заң, ел қорғау, жер, дін ісі, Ресеймен қарым-қатынас туралы



пайым-тұжырымдарының қадіріне көздері жетті. Кеңестік тоталитаризм жылдарындағы ұлттық тарихымыздың мазмұнын халқымыздың жасампаз еңбегі мен қайраты, өктемдік пен әділетсіздікке қарсылығы, жақсыны игерген, жаманнан жиренген күштарлығы мен арылуы құрады.

**Материалдар мен әдістер.** «Қазақ» газетінде бірінші кезекте мәдениет, білім беру және әдебиет проблемалары кең әрі толық берілген. «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің қызметін көрсететін бұрын қол жетпеген мұрағат қорларын пайдалану мүмкіндігінің іс жүзіне асуы арқасында зерттеушілер бұл проблеманы зерттеп, мерзімді баспасөз беттерінде жекелеген мақалалар немесе топтамалар етіп жариялады. Осы тұрғыдан алғанда, Д.Аманжолованың «Алашорда. Қазақ автономизмі», К.Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» және М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» деген еңбектері алғашқы туындылар болды.

#### **Талқылау:**

Үлкен сынақ 1916 жылы тағы алдан шықты. Бұл жолы да Алаштың интеллектуалды және ұйымдастырушылық кемелдігі мен көрегендігі іс-жүзінде дәлелденді. Олар ашынған халықты арандап қалудан сақтандырды, патшалық билік пен көтерілісшілер арасындағы жанжалда арағайын бола алды, Ұлы далада орын алған қатыгездік пен әділетсіздіктің қасіретін жер-жаһанға жария етті.

Иә, қайшылықтар мен келіспеушіліктер кез келген қоғамда бар. Олар адамдар мен ұжымдардың, ұлттар мен ұлыстардың арасында түрлі жолдармен бірде бейбіт, бірде өткір түрде шешімін тауып жатады. Ал мүдделері үйлеспейтін күштердің арасына солақай билік пен саясат түсе қалғанда ұлтаралық, мемлекетаралық, тіпті жаһандық соғыс өрті тұтанатынын қария тарих сан рет көрсетті.

Қайшылықтар мен келіспеушіліктер, үлкені болсын, кішісі болсын, атүсті қарайтын құбылыс емес. Алғашқыда елеусіздей өзгеріс түрінде көрінгенмен асқына келе дес бермей кетуі әбден мүмкін. Әсіресе мемлекеттік билік пен халық арасындағы қайшылықтардың әкелер зардабы мен салдары өте ауыр әрі ұзақ жылдар бойы кері әсері сақтала береді.

1917 жылғы қазан төңкерісі қазақ даласына айтулы өзгерістермен қатар бітіспес қайшылықтар да әкелді. Аз ұлттардың бостандығын қамтамасыз етуге бағышталған алғашқы құжат – атап айтқанда 1917 жылғы 2 және 20 қарашада қабылданған «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы» мен «Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» үндеуі бұрынғы отарлау мен кемсіту саясатын әшкерелегендей көрінді. Мұның сыртында Ұлттар істері жөніндегі халық Комиссариатының құрылуы, мемлекеттік қызметке кешегі «бұратаналардың» көптеп тартыла бастауы қоғамдық пікірге игі әсер етті.

Бірақ қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келмеген екен. Социалистік жұмаққа кіргізуге уәде берген большевиктер бітіспес қайшылықтардың да іргетасын қалапты. Жеке меншік пен нарықтық қатынастарды бекерлеу, бай – жаман, кедей – жақсы дегенге саятын идеологияны басшылыққа алу, жұмысшы табы мен еңбекші шаруадан басқа таптар мен топтарды социализмнің жауы санау, большевиктер партиясының биліктегі монополиясын жойдасыз орталықтандыру әрі күшейту – бәрі шет аймақтардың Кремльмен, қарапайым адамдардың, әсіресе тікелей өндірушілердің жаңа билікпен қарым-қатынасына үйлесім мен тепе-теңдік орнатпады. Көп уақыт өтпей, қайшылықтардың Ресейге ежелден таныс бастау-бұлақтары қазақ даласында түпкілікті тамыр жіберді, бірнеше деңгейі анық көрінді.

Біздің ойымызша, олар мынадай:

1. Наразылық – қайшылықтың бастапқы деңгейі. Биліктің саяси-экономикалық, әлеуметтік-рухани т.б. шектеулері мен шешімдерін азаматтардың қабылдамауы. Мәселен, большевиктік билік алғашқы күннен азаматтардың діни көзқарастарымен санаспады. Алдында азамат соғысын, іле-шала ашаршылықты сылтауратып шіркеулердегі қымбат қазыналарды кәмпескеледі. Байыбына бармастан меншік иелерін қанаушы тап санады. Меншікке, дінге шабуыл бүкіл ел бойынша наразылықты өршітті.

2. Қақтығыс. Наразылық асқынып, өткір сипат ала бастағанының көрінісі. Билік халық үнін, сұранысын тыңдаудан қалғанда, күштік құрылымдар күзіреті асыра пайдаланылғанда адамдардың үлкен бөлігі заң аясынан шығып, қоғамдық қауіпсіздікке, танитын-танымайтын өзі сияқтылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қадамдарға барудан тайынбайды. мемлекеттің кез келген аумағында қақтығыс бұрқ ете түседі. «Кімде кім» сұрағы практикалық сипат алады.

3. Көтеріліс. Билік пен азаматтар арасындағы ресми-бейресми келісім өрескел бұзылғанда баррикаданың екі жағындағы күштер шұғыл да төтенше шаралар қолдануымен, қару-жарақтың әлденеше түрін іске қосуымен, мемлекеттік негіздердің шайқауымен үйреншікті қарым-қатынастардан өзгеше, жағымды немесе жағымсыз өзгерістерге жол ашатын аса күрделі де қатерлі құбылыс. Егер қақтығыс кезінде кісі өлімі төтенше оқиға ретінде қабылданса, көтерілістер жүздеген, тіпті мыңдаған адамдардың өмірін қиып жіберуі бек мүмкін.

4. Ұлт-азаттық қозғалысы. Отарлық езгіде өмір сүріп жатқан, кезінде жері, мемлекеті болған ұлтты озық ойлы перзенттерінің азаттыққа, мемлекеттік тәуелсіздікке, адам құқықтары мен бостандығын қамтамасыз етуге бағышталған саяси, теориялық, идеологиялық, ұйымдық, шығармашылық, т.б.с.с. ашық және астыртын іс-әрекет кешені. Жеңіске жете қалса, дербес жаңа мемлекет дүниеге келеді.

Большевиктік билік қазақ даласындағы эксперименттері барысындағы теориялық және практикалық қателіктерімен, асыра сілтеулерімен, жаппай жазалауға, қуғын-сүргінге басымдық беруімен социалистік қоғам құру жолындағы азды-көпті табыстарын барша халықтың игілігіне айналдыра алмады. Иә, фабрик-заводтар салды, қалалар пайда болды, мал басы өсті, біліми және ғылыми мекемелер ашылды. Бірақ осының бәрі 3-4 ойшылдың қиялымен түзілген, өмірде тексерілмеген жоба шегінде, ең ауыры адам қанын судай ағызумен, ұлттық-тілдік сұранысты белден басумен орындалды. Сталиндік тоталитаризм бар билікті бір адамның қолына шоғырландырды. Ал, сол билік кез келген адамды мемлекеттік машинаның кішкентай ғана бұрандасы деп білді. Большевиктердің жер – шаруанікі, фабрик-завод – жұмысшылардікі, халықтар өзін-өзі билеуге құқылы деген уәделері қағаз жүзінде қалды. Ол ұстанымдар Қазақстанда ешқашан, ешбір бөлігіне, бір күн де жұмыс істеген емес. Есесіне Алаш идеялары мен Алашорданың аз ғана уақыт ішінде тындырған істерінің өміршендігі анық көрінді. Большевиктік сөз бен іс арасындағы жер мен көктей алшақтық, меншіктен, құқықтан, еркіндіктен жұрдай болған азаматтардың наразылығын туғызды, оларды қақтығысқа итермеледі, көтеріліске шақырды. Наразылық тұсында жоғары жаққа жолданған арыз-шағымдар легі ұлғайса, қақтығыстар бірінен бірі үрейлі алып қашпа әңгімелерді, қосып айтуды, көріпкелдердің болжамын қардай боратты. Көзқарастары мен ұстанымына қарай қоғамның жіктелуі тереңдей түсті. Елдегі қайшылықтар шектен шыққанда көтерілістер басталды.

1929-1931 жылдары Қазақстанда күндей күркіреп, жүздеген халық көтерілісі өтті. Өзірге ұлттық тарихнама олардың дәл санын айта алмай отыр. Тап осы жылдары ауыл-селодағы адамдардың, бірінші кезекте қазақ халқының табиғи құқықтары – өмір сүруге, денсаулығын сақтауға, ұрпағын өсіруге, еркін көшіп-қонуға, т.б. – асқан қатыгездікпен тапталды. Бұған Кремльдің ұлт аймақтарына өктемдігі, түрлі ерекшеліктерін елемей, ахуалмен санаспауы қосылып, орталықта қабылданған солақай заң актілері де негіз қалады. Мәселен, 1917 жылға 19 желтоқсанда қабылданған революциялық трибунал жайлы Әділет халық комиссариатының нұсқаулығында айыпталушыны халық жауы деп жариялауға рұқсат берілді. Келе-келе «халық жауы» ең қорқынышты сөзге айналды. Заң үстемдігі мүлде қарастырылмаған. Революциялық трибуналдың құзыретіне кіретін бес қылмыс саласы айтылыпты. Бірінші орында жұмысшы-шаруа Үкіметіне қарсы ұйымдастырылған көтерілістер тұр. Жазалау шарасын белгілегенде революциялық трибунал істің мән-жайын және революциялық ар-ожданның қалауын басшылыққа алады делінген [1, 8].

Әрине, мұндай нұсқаулықпен кез келген әрекетті революциялық ар-ожданға, билікке қарсы қадам ретінде қарастыруға болады.

Қылмыс пен жаза арасында сәйкестік сақталмады. Қатыгездік көтеріліске қатысқандарға қарсы кеңінен қолданылды. Көкшетау қалалық архивінен табылған құжатта 1921 жылы көтеріліске қатысқаны үшін атылғандардың тізімі беріліпті – 232 адамның аты-жөні тізілген. Арасында ағайынды 18 жасар Сафулин Киаматдин мен 29 жасар Натфулла, әкелі балалы Кучер Иван Харлампиевич пен Харлампий Лазаревич, ағайынды Козачинин Петр Константинович пен Федор Константинович бар [1, 18-24].

Жаңадан табылған құжаттар көтерілісшілерді жазалау 20 жылдары-ақ Үштіктің шешімімен жүзеге асқанын айғақтап тұр. 1921 жылғы 16 ақпанда Көкшетау қаласының әскери-революциялық Үштігінің шығарған бұйрығы бойынша көтерілістің басшыларын, отряд командирлерін, соғыс қимылдары үстінде екі рет тұтқынға түскендерді, қару-жарағын өткізу туралы бұйрықты орындамағандарды, темір жол бойына, байланыс жүйесіне зиянын тигізгендерді ату жазасына кесу қарастырылған [2, 10-11]. Кейбір өңірлерде көтерілісшілерге көмек көрсеткендер де атылды [2, 16-17].

Осылайша бұған дейін құпия сақталған қатпары қалың деректер кеңес билігі мен Қазақстан азаматтары арасындағы қарым-қатынас әрқашан үйлесіммен өріле бермегенін дәйектейді. Ірі саяси-экономикалық науқан қолға алынғанда қайшылықтармен, келеңсіз үдерістермен елдегі өмірдің шырқы бұзылғанын әр қырынан ашады. Оның асқына түсуіне жаңа экономикалық саясаттан жоспарлы экономикаға көшу, аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару, егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу, ауылдағы «Кіші қазан» революциясы түрткі болды. Осы науқанның кез келгені Алашорданы күстаналаумен, асығыс әрі асыра сілтеумен жүзеге асты. Бұған идеологиялық, партиялық өктемдік, ұлыорыстық шовинизмнің салқыны, болар-болмас кемшіліктен жау іздеу қосылған соң, халық наразылығы қысқа мерзім ішінде өрттей лаулап, жалыны бүкіл республиканы шарпыды, қарулы көтеріліске ұласты. Марқұм профессор Т. Омарбековтің есептеуі бойынша, 1929-1931 жылдары

республикада қарулы көтерілістер саны 24-ке жетіпті, ал зерттеуші Т.Алланиязов тағы біреуін анықтап, 25-ке жеткізді [3].

Олардың ірілерінің – 1929 жылғы Батпаққара, Наурызым, Торғай, 1930 жылғы Созақ, Бірғыз, Қарақұм, Толстоухов, Бүйен-Ақсу, Балқаш, 1929-1931 жылдарғы Адай, 1931 жылғы Абыралы көтерілістері тарихы мен тағдырын ашатын архив құжаттарынан байқағанымыз басым бөлігінің орыс тілінде түзілгені. Біренсараны ғана қазақша. Осының өзінен-ақ кімнің билігі жүріп тұрғанын, «революциялық ар-ожданның қалауын» білуге болады.

Партия-кеңес органдарының көтерілістерге берген бағасы, пайымдары, арнайы қызмет орындарының құпия ақпараттары қозғалыстың ошағы, ұйымдастырушылары, талабы, таралу аймағы, қатысушылар саны мен қару-жарағы жайлы билік жүйесі тәп-тәуір хабардар болғанын байқатады. 1930 жылғы 2 қаңтарда өткен ВКП (б) Қазақстан өлкелік комитеті бюросының жабық отырысында республикадағы қоғамдық-саяси ахуал өте күрделі екені ашық мойындалмаса да, 1929 жылғы 27 қыркүйектегі Тахтакөпір-дегі көтеріліс, 3-9 қарашадағы Батпаққарадағы көтеріліс, ішінара Наурызым, Торғай ауданындағы толқулар Алматы мен Мәскеу билігін тәп-тәуір үрейлендіргенін сездіреді [4]. Жалпы, 1929 жыл – Алаш қайраткерлеріне жаппай қуғын-сүргін басталған жыл.

1930 жыл тіптен ауыр тиді. Профессор Т.Омарбековтің мәліметінше, 1929 жылы 31, 1930 жылы 85 көтеріліс орын алған. 1931 жылы олардың саны 80 делінеді [3]. Бірақ бұл да толық дәлелденген статистика емес.

Қалай болғанда да, 1929-1930 жылдар – Кеңестік Қазақстандағы ең дүбірлі кезең. Кейбір ақпараттар Сталинге тікелей жолдалыпты. Билік пен күштік құрылымдар көтерілістің шығу себептерін біле тұра мәселені оң шешумен айналыспай, көтерілісшілерге қарсы күш қолдануға басымдық берді. Архив құжаттарынан елдегі берекесіздікті дөп басып тануда, талдауда, тұжырымдама түзуде арнайы қызмет мекемелері партиялық органдардан бір қадам болса да алда тұрғанын аңғарамыз. 1930 жылғы 2 қаңтардағы жабық отырыста партиялық билік жағдайды жете біле бермейтінін Мәскеуден келген, орталық комитет өкілі Гричмановтың өзі де мойындады. Көтерілістер мен қақтығыстар табиғатын байлардың, дін иелерінің, қанаушылардың партиялық-мемлекеттік саясатқа қарсылығы, таптық ұстанымды жүргізудегі қателіктер, ақпараттың әлсіздігі деумен жаттанды сөздерді қайталап, өте тар шеңберде ойлайтынын көрсетті. Қазақстандық басшылар Голощекиннің, Құрамысовтың, Жангелдиннің айтқандары Алашордашылар зиянкестігі жайлы ескі идеяны қайталады.

Қайта әскери мамандар Ефсеев пен Шматов қол қойған 15 беттік баяндаманың пайым-тұжырымдары әлдеқайда конструктивті әрі ақиқатқа жақын [5]. Партияның ұлттық саясатын, ұжымдастыру, салық жинау, дін, т.б. салалардағы бұрмалаулар негізінде 1929 жылдың күзінде жаппай қозғалыс басталды депті авторлар. Батпаққара мен Созақ көтерілістерін әскер қолданумен басуды қазақ ауылындағы апат ретінде сипаттаған. Қозғалыс басшылары дін иелері деумен шектелген, Алашордашылар ауызға алынбайды.

Көтерілістер ауқымын елестету үшін баяндамадағы мына мәліметтерге назар аударуымыз керек: 1929-1930 жылдары Қазақстандағы 12 округтің алтауын, жалғыз облыс – Қарақалпақ автономиялы облысын халық қозғалысы шарпыған екен. Билікке қаруымен ашық қарсы шыққандар 1916 жылғы дәстүрмен Сарбаздар аталды. Баяндамада оны «қазақтың ұлттық армиясы» деп айдарлайды, бірақ қару-жарағы әлсіз дейді. Көңілге қонатын басқа да мәліметтер мен ақпараттар бар.

Құпия құжатты қоғамдық-саяси біліктілігі жоғары мамандар түзгенін ой-түйіндері де қуаттайды.

Біріншіден, 1930 жылдың ортасында қазақтың ұлттық әскерінде кем дегенде 25 мың адам болғанын болжайды. Бүгінгі зерттеушілер көтерісшілер санын 50 мыңнан да арттырып жібереді. Біздің ойымызша, көтерілістер шарықтау шыңына шыққан 1930 жылғы мәлімет, мылтықты оппонент айтқан ақпарат ақиқатқа жақын. Өйткені 50 мыңнан астам әскер орталықтанбаған көшпелі қоғам үшін тым көп. Ұлттық мемлекет баяғыда қиратылған, көшпелі шаруашылық пен атыс-шабыс тұсында 25 мың әскерді азық-түлікпен, керек-жарақпен, жылқыны жем-шөппен қамтамасыз ету оңай шаруа емес.

Екіншіден, меншік иесін тап ретінде жоюдың, дінді аяусыз қудалаудың пайдасынан зияны көп екенін ашық сынамаसा да, астарлап жеткізе алған. Бүгінгі тарихнама да осы пікірде.

Үшіншіден, қайшылықтар мен келіспеушіліктерді қару қолданумен емес, бейбіт жолмен, келіссөздермен шешуді ұсынуы құжаттың маңызын арттырып тұр.

Әрине, көтерілістерге тән жалпы сипат пен ерекшеліктерді айқындауда бір-екі құжатпен шектелу аздық етеді. Басқа да қырлары бар. Оларды қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша құрылған мемлекеттік комиссия жариялаған 30-томдық жинақтан табамыз.

Әр көтерілістің барысында пікірталастар, ағымдар, толқулар болып жатты. Билік тарапынан да көзқарас алшақтығы орын алғанын байқадық. Мәселен, Қазақстан басшысы Голощекин, ОГПУ басшы-

ларының бірі Альшанский менмендікпен ардагер коммунист Ә. Жангелдиннің Қарақұмда Жұмағазы Бәйімбетовпен жүргізген келіссөздерін, бейбіт шешім табуға илкітіргенін бекерлеп, түкке жаратпай тастауын [6], чекист Саенко Ырғыз көтерілісіне талдау жасағанда Алашордашылардың, әсіресе Дулатовтың рөлі елеусіз қалған деп байбалам салуын берісі тоталитаризмнің зорлықтан басқа баламаны білмейтін әпербақандығы, әрісі қазақ халқының алдындағы қылмысы ретінде ғана бағалауға болады.

Осы ойды дәйектей түсетін құжатқа тоқатала кету артықтық етпейді. 1930 жылы 3-сәуірде Қазақстан орталық атқару комитетінің үкіметтік комиссиясын басқарған Ә. Жангелдин мен хатшысы, жазушы Ғ. Мүсірепов Қарақұмда жиналған халықты таратып, қолындағы қару-жарақтарын үкіметке қайтарып беру жұмысында риясыз қызмет еткен Беріш Байбақтыұлын атап өтіпті. Өкінішке қарай екі азаматтың сөзі бағаланбады, жерде қалды. 1930 жылы 10-тамызда Б. Байбақтыұлы атылды.

Комиссия сөзіне сенгендер ішінде темір Нарком атанған Т. Жүргеновтың туған бауырлары Досжан мен Қосжан да бар. Олар да қуғын-сүргін құрбандары болды.

Бәрі салыстырумен танылады. Шынтуайтына келгенде, 1929 жылы күздегі Батпаққара, Наурызым және Торғай аудандарындағы халық қозғалысын бейбіт келіссөзбен тыныштандырғанда үдеріс ашынбас еді. Азаматтық келісім орнатудың тамаша тәжірибесі жинақталар еді. Бұдан кейінгі оқиғалар басқаша өрбір еді. Өйткені 1929 жылғы оқиғаларды шартты түрде ғана көтеріліс деуге болады. Мылтық атылған жоқ, қан төгілмеді, кісі өлімі тіркелмеді. Иә, меншікке, дінге қысымнан ашынған халық аудан орталықта-рына басып кірді, қоймадағы, дүкендегі заттарды талан-таражға салды, кеңесшіл белсенділерді тұтқын-дады, билік органдарын таратты.

Ә.Жангелдиннің айтуынша, әскер көтерілісшілер тарқаған соң 3-4 күн өте келген екен. Бет қаратпастан 200 адамды қамауға алыпты. Түймедейді түйедей қылған шолақбелсенділер сала-құлац айыптау қағаздарын толтырды. Заңдылықты қорғайтын әділ қазылар табылмады. 1929 жылғы 30 қарашада 112 қазақ, 10 желтоқсанда 69 қазақ, 3 татар, 1 орыс Қылмыс Кодексінің 58 бабы, 2 тармағымен сотталатын болды. Үштіктің 17 және 19 желтоқсандағы қаулысымен 10 көтерілісші, 23 және 25 желтоқсандағы қаулысымен 14 көтерілісші ату жазасына кесілді. Қуғын-сүргін бұдан кейін де жалғаса берді.

Биліктің үрейін ұшырған ең ірі көтерілістер 1930 жылы Алтайдан кәрі Каспийге дейінгі, Алатаудан Арқаға дейінгі кеңістікті дүбірлетті. Оны экономикалық саясаттағы апатпен қатар тоталитарлық жүйенің аяу дегенді білмейтін қатыгездігі, дінді, ұлттық нақысты қорлаған көрсоқырлығы туындатты. Кеңестік зорлыққа қарсы шыққандарды күштік құрылымдар «банды», «шайқа», «қарақшы», «кісі өлтіруші», т.б. түрме жаргондарымен басқалардан алалады. Осы анықтауыштар КСРО ыдырап, КОКП билігі құлағанша сондарынан қалмады. Біразын толық ақтауға күні бүгінге дейін кедергісін келтіруде. Ал жазықсыз құрбандарды ақтау сан-алуан қиындыққа тап болғаны өз алдына бөлек әңгіме.

Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Жетісу, Адай, Абыралы т.б. көтерілістер мен көтерілісшілер тағдырын ашатын құжаттар бұған дейін жабық архив қорларында жатты. Бұл көтерілістер соғыс қимылдарын көз алдымызға әкеледі. Мәселен, Созақ көтерілісі тұсында екі жақтан да барлау, тыңшылық жұмыстарын ұйымдастыру, соғыс іс-қимылдарын алдын ала жоспарлау, тұтқиылдан шабуыл жасау, ашық шайқаста от қаруын қолдану, тұтқын алу, шегіну, күштерді қайта топтастыру – бәрі сол заман үшін айтарлықтай жоғары деңгейде жүзеге асты. Созақта көтерілістің басталған күні бір құжатта 5-ақпан делінсе, келесі құжатта 8-ақпан көрсетілген. Соңғы шайқас 16-ақпанда өтті. Ырғыз көтерілісі 25-ақпаннан 23-наурызға дейін созылды. Ырғыз көтерілісі аяқтала берген шақта, 16-наурызда Қарақұм көтерілісі басталады, ол 3-сәуірге дейін созылды. Ұзаққа созылғаны 1929-1931 жылдары жүрген Адай қозғалысы еді.

Көтерілісшілерге қарсы қолданылған жаза ешбір ақылға сыймайды. Мұндай қатыгездікке дұшпан ғана бара алады. Айталық, Созақтағы қарулы шайқас кезінде құрбан болғандардың негізгі дені – көтерілісшілер. 16 ақпан күні өткен 4 сағаттық шайқаста 300 көтерілісші өліп, 200 адам тұтқынға түсіпті. Жазаланғандары тіптен көп – ОГПУ 150 адамға ату жазасын, 18 адамды соттауға ұсынды. ОГПУ-дың мәлімдеуінше 1930 жылғы 19-қарашада Үштік Қарақұм ісімен 220 адамның қылмысын қараған екен. Бай қатарындағы 88 адам ату жазасына кесіліпті, олардың жартысы – 43 адам, 50 мен 76 жас арасындағылар еді. Ұзын-ырғасы Қарақұм көтерілісі бойынша 118 адам атылып, 109 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге сотталыпты.

Қарақұмдағы арпалыс басшыларының бірі Қошбан Жұбановтың тоғыз рудың басын қосқан тобынан шайқас үстінде 37 көтерілісші өліп, 5 адам жараланыпты, 50 адам тұтқынға түсіпті. Қызыл әскерден көз жұмғандар 6 адам екен. Созақтағы 9 күнге созылған қарулы қақтығыста коммунистік отрядтан 13 адам мерт болыпты.

Қарақұмдағы Жұмағазы Бәйімбетов тобынан шайқастарда мерт болған адамдар жайлы мәлімет әзірге табылған жоқ. Сірә, чекистер жасырған болар. Нағыз қылмыскер өз қылмысын жасыруды да біледі ғой.

Зерттеу барысында партиялық шешімдерде, тергеу материалдарында көтерілістерге Алаш факторын тым әсірелей байланыстырғанына көзіміз жетті. Батпаққара көтерілісін тікелей Алашордашылардың антикеңестік, ұлтшылдық қастандығымен күйелесе А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов сынды тұлғалардың Торғайдан екенін алға тартады. Бүйен-Ақсу көтерілісінің Алашордашыл бояуын Алаш әскерінде қызмет еткен Әділбай Ахметов деген азаматты жауапқа тартумен қалыңдата түскен. Көтерілісшілер отряды «Кері Алаш» аталғанын бұлтартпас айғақтай жалаулатады. Қазақ тілін білмейтін тергеушінің жазуымен «Кері» анықтаушы қолданылған тәрізді. Орысша мәтінде «Старый Алаш», яғни «Көне Алаш» болуы керек қой. Абыралы көтерілісі басшыларының бірі С.Кемпірбаевты Алашордашыл қылу ниетінен нәтиже шықпады. 1931 жылғы 8-сәуірде одан: «Колчак тұсында Алаш полкінде ерікті түрде әлде мобилизация бойынша қызмет еттіңіз бе?» деп сұрағанда, тергеуші Чупинге: «Мен ешқашан және ешбір жерде, ешқандай Алаш полкінде және жалпы әскерде қызмет еткен емеспін» деп жауап беріпті.

Әрине, 1929-1931 жылдарғы көтерілістерде Алашорда ізі мүлдем жоқ демейміз. Көтерілісшілер арасында Қазақстан басшылығына С.Сәдуақасов келеді екен, Голощекин республикадан қашып кетіпті деген сөздер кеңінен тарайды. Олар Алашорда ісі мен тарихынан, әйгілі тұлғалар есімі мен мұрасынан хабардар болғаны ақиқат. Дегенмен, 20-жылдар аяғындағы Алаш қозғалысында халықты большевиктік саясат пен билікке қарсы көтеретіндей әлеует қалмап еді. Сондықтан да кейбір көтерілістер барысында тергеушілер тарапынан Алаш факторы мүлде қарастырылмайды. Нақтырақ келсек, Адай көтерілістері, Толстоухов көтерілісі туралы осыны айта аламыз.

Көтерілістердің әлеуметтік базасы өте кең болды. Құжаттардың куәлендіруі бойынша, оған 16-17 жасар бозбаладан 80-дегі қартқа дейін қатысыпты. Бұлар таптық мүддені қуған жоқ. Ұлттық мүдде, әлеуметтік әділдік, саяси, діни еркіндік үшін бастарын өлімге тікті. Әйтпесе «Кеңес өкіметі жоғалсын», «Жасасын дін», «Колхоздар тарқатылсын» ұрандарын көтермес еді. Жер-жерлерде хандар сайланды. Мәселен, Ә.Оңғарбаев деген азамат Созақ ханы С.Шалақовтың хатшысы болғаны тергеу үстінде анықталған екен.

Ессіне тергеушілер көтеріліске таптық сипат беруге барынша тырысыпты. Жарлы-жақыбайды бай санатына қосып, идеологиялық есептерін түгендепті, Абыралы көтерілісіне қатысқан Ақшалықовтар шетінен бай болып шығыпты: Төлеубекте 8 жылқы, 1 түйе, 4 сиыр болса, Байзоллада – 5 жылқы, 2 сиыр, Қабдоллада – 5 жылқы, 1 түйе, 15 қой болыпты. Көшпелі қоғамда мұндайлар кедей екенін патша заманында-ақ ғалымдар дәлелдеген болатын. Кеңестік ғалымдар да осыны айтты. Мәселен, атақты экономист-ғалым С. Толыбеков ХХ ғасыр басындағы бай санатына 150-200 түйесі, осыншама жылқысы, 2000-ға жуық қойы бар адамдарды жатқызды. 1928 жылғы кәмпескеден, 1929 жылы басталған ауыл шаруашылығын ұжымдастырудан, астықты, жүнді, етті, т.б. өнімдерді жаппай даярлаудан кейін ауылда бай дейтін бай да қалмады. Созақ көтерілісі бойынша бай саналып сотталған Сәмбетов Үркімбайда 150 қой, 8 түйе, 2 жылқы, Досаев Нұрмұхамедте – 20 қой, 3 түйе, 19 жылқы, Жантуаров Маханда – 30 қой, 7 түйе, 2 жылқы, Райымов Сәрсембайда – 60 қой, 43 түйе, 1 жылқы болыпты. Қарақұмның ханы Бәйімбетов Жұмағазының 10 ірі қарасы бар екен. Бүйен-Ақсу көтерілісін басқарғандардың бірі Сарбасов Арпайдың 55 ірі қара, 110 ұсақ малы болыпты.

Қысқасы, жұмысшы мен шаруаның елінде билік басындағылардың утопиялық ілімге бас ұрған дүмшелігінен кешегі байлар кедейленді, кедейлер бай мәртебесімен аяусыз қудаланды. Елді үрей жайлады.

Көтерілісшілердің әлеуметтік базасын айтқанда, әйелдердің мүлде көрінбейтінін дұрыс түсінуіміз керек. Көтеріліс – ерлердің ісі. Қай елде болмасын қасіретті қақтығыстар әйелдердің жанама түрде қатысуымен өтеді. Тұмар ханымдар, Жанна д Арктар тарихта көп емес.

Құжаттарды іздеу және сұрыптау үстінде көтерілісшілер қатарында жүрген екі әйел ғана көзімізге түсті. Әсіресе Айбарша Шайменованың ерлігі бөле-жара айтуға лайық. Қарақұм көтерілісінің бел ортасында жүріпті. Ақ туды қолға алып, ауыл-ауыл арасында насихат жүргізген. Кеңеске қарсы қарулы күреске шақырған. Ұнжырғасы түскендерге: «Сендер де жігітсіңдер ме, қоян жүрек қорқақсыңдар», «қазақ халқының бостандығы үшін қан төгіндер» деп ұрандаған екен. Көтерілісшілер жазаланғанда Айбарша 10 жылға сотталды, күйеуі Қали 3 жыл алды. Ал екінші әйел Б. Алданаеваның тағдыры әзірге беймәлім. Әйелдер көтерілісшілерге тамақ даярлағаны, киім кешектерін жуғаны құжаттарда айтылады.

Ендеше қаһарлы жылдарда әйелдер күрестен тыс қалмады. Олардың ерлігі құрметке, арнайы зерттеуге лайық.

Енді ғана ашыла бастаған архив құжаттарын зерделегенде дерек пен дәйек арасындағы қарама-қайшылықты байқадық. Оның мәнісі мынада. Қорларда көтеріліске қатысқандардың тізімі бар. Әрбір жанның жеке мәліметтері келтірілген. 80-90 пайызы сауатсыз делінеді. Күмәнді ақпарат. Өйткені

көтерілісшілердің қолымен жазылған бағдарламалық құжаттар, мәлімдемелер, тергеу үстінде берген жауаптары олардың саяси мәдениеті биік деңгейде тұрғанын айғақтайды.

1930 жылғы 3 мамырда Қарақұм көтерілісшілері Ә. Жангелдин бастаған Мемлекеттік комиссияға үндеу табыстаған екен. Бұл құжатты зерттеу десе болғандай. Мұнда көтерілістің шығуына тоғыз себеп қадап-қадап көрсетілген. (1. 1928 жылы кәмпескелеу асыра сілтеумен жүргізілді. 2. Мешіттер мен медреселер күштеп жабылды. 3-7. Астық, жүн дайындау науқанында жергілікті ерекшелік ескерілмеді. 8. Ұжымдастыруда еріктілік сақталмады. 9. Жойдасыз заңсыздық орын алды).

Қойған талаптары да салиқалы: 1. Заңсыз кәмпескеленген мал мен қуғындалған адамдар қайтарылсын. 2. Дінге еркіндік берілсін. 3. Бұдан былай байларды кәмпескелеу жүргізілмесін. Қазақ даласында байлар қалған жоқ. 4. Ұжымдастырудың еріктілігі сақталсын. 5. Ауылда тап күресін жүргізгенде мәселені 4-5 белсенді комсомол емес, көпшілік шешсін. 6. Салық мал-мүлкі барларға салынсын. Астық дайындау науқаны мезгілсіз әрі асығыс жүргізілмесін. 7. Қарақұмда ауыл құруды халықтың өзі шешсін. Үндеу мынадай сөздермен аяқталған: «Біз билікке қарсы жүрмейміз және қарсыласпаймыз да. Адам сияқты өмір сүру құқығын беруді өтінеміз».

Адай көтерілісіне қатысушы Смағұл Өтегенұлы деген азамат жазған «Есіл халқым қор болды-ау!» атты шағын құжат табылды. Осының әрбір жолы Отансүйгіш, елшіл, ойлы толғанысқа, саяси, экономикалық, әлеуметтік талап пен талдауға толы. «Кім кінәлі?» сұрағына жауабы біреу – Үкімет. «Не істеу ке-рек?» сұрағына жауабы – «Ел қамын ойламай елді жылатқан, тарықтырған үкіметті жоқ қылса да болар».

**Зерттеу нәтижесі.** Сауатсыз әрі саясаттан тыс адам тап осылай тебірене алмайды. Басқа көтерілістер құжатынан осы іспетті ұстанымдарды кездестіреміз. Демек, қаһарына мінген халықтың сауаты да, саяси ой-өрісі де уақыт талабынан асып түспесе, ешбір кем болмаған.

**Қорытынды.** 1991 жылғы жұлдызды ай желтоқсанда бабаларымыздың ғасырларға созылған арманы орындалды – мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланды.

Жоғарыда көрсетілген еңбектердің барлығы қызыл террордың халық үшін оңай болмағанын нақты көрсетеді. Жаппай саяси қуғын-сүргін Қазақстанда тоғыз кезеңнен тұрғандығын есепке алар болсақ, оның ішінде 1937-1938 жылдардағы репрессияның ең ауыры болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Қызыл

террор қоғам өмірінің барлық қырларына орасан зор нұқсан келтірді. Өндіріс орындары, әскери бөлімдер, білім ошақтары, мәдени мекемелер, комсомолдық және партиялық бөлімдер, басқармалар, құқық органдары зардабын тартты. Кадрлар жетіспеді, халық арасында домалақ арыздар көбейді, азаматтардың бір-біріне көпе-көрнеу жала жабуы орын алды. Кеше ғана жүрген азаматтың жаппай саяси қуғын-сүргін құрбанына айналуы оп-оңай болды. Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын тергеп жүрген, не болмаса қысастық жасаған билігі бар адамның да ертеңіне халық жауы болып кете беруі де оңай болған еді. Міне, осындай қиын-қыстау заманда халық тыныш өмір сүруді ғана қалады. Алайда жаппай саяси қуғын-сүргінге алуан түрлі тұлғалар ұшырай берді. Олар қазіргі Алматы облысы Талғар ауданы Жаңалық ауылы секілді орталық қалаларға жақын маңдарға құпия түрде жерленді. Ал олардың сүйегін тауып, қайта жерлеу, зерттеу және зерделеу керектігі белгілі.

**Нәтижелер.** Жаңалықта жерленген алаш (қазақ) азаматтарының туралы көпшілік біле бермейді. Яғни, белгілі бір тұлғалардың Жаңалықта атылғанын, осында бірнеше жерде орналасқан бауырластар молаларына жерленгенін оқу құралдарында, оқулықтарда немесе өзге де басылымдарда айтыла қоймайды. Оны Жаңалықта жерленгендер жайлы ақпараттардың ұзақ жылдар бойы құпия болып келгендігімен түсіндіруге де болады. Әдетте барлық алаш (қазақ) азаматтарына немесе жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты мәліметтер берілген кезде олардың соңғы мекені туралы ешқандай ақпарат беріле қоймайды. Осы оқиқылықтардың орнын біздің зерттеулер біршама толықтыра алады деген ойдамыз.

Алынған нәтижелерді бірнеше топқа жіктеп қарастыруға болады. Яғни, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын зерттеу қордаланған бірнеше сауалдарды қарастыруды талап етеді. Ең алдымен *танымал тұлғалар* туралы сөз қозғаған ләзім. Жоғарыда көрсетілгендей Алматы облысы Талғар ауданы Жаңалық ауылы маңында жерленген жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының саны 4 мыңнан асады. Олардың есімдері де белгілі. Есімдер тізімінен кездесетін қазаққа белгілі тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Оған Алматы облысы ІХК Басқармасы (УНКВД – Управление Народного комиссариата Внутренних дел – *авт.*) үштігінің шешімі 1937 жылы 25 қарашада шыққан. Ахмет Байтұрсыновтың нақты қай күні атылғаны белгісіз. Кейбір деректерде 8 қазанда, кейбірінде 9 желтоқсанда делінеді. ҚР-ның Ресей Федерациясындағы Елшілігінің сайтында 1937 жылы 8 тамызда қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды деп көрсетілген. Мұнда да қателік бар секілді: өйткені тамыз бен желтоқсан арасы екі ай емес. А.Байтұрсынұлының көбіне 1938 жылы атылды деп көрсетеді. Тіпті кейбір зерттеушілер 1937 жылдың 8 желтоқсанында Алматыда ату жазасына кесілді деп те айтып жүр. Алайда бұл пікір шындыққа жанаспайтын сияқты. Себебі мартирологты (Азалы кітапты) дайындаған жоғарыда есімдері аталған ҚР ҰҚК қызметкерлері Алматы облысы ІХК Басқармасы (орысша қысқартылған атауы: УНКВД – *авт.*) үштігінің шешімімен ату жазасына кесілгендігін нақты атап көрсетіп отыр. Егер үштік шешімі 25 қарашада шыққан болса, онда А.Байтұрсынұлы 8-желтоқсанда немесе 9-желтоқсанда атылуы ықтимал. Өкінішке орай ҚР ҰҚК қызметкерлері А.Байтұрсыновқа қатысты орындалған үкімнің нақты күнін көрсетпеген.

Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың және Жаңалыққа жерленген танымал тұлғалардың бірі С.Мендешев болған еді. Оған қатысты 1938 жылы 25-ақпанда КСРО ЖСӘК (орысша қысқартылған атауы: ВКВС – Военная коллегия Верховного суда – *авт.*) қаулысы шыққан болатын. Бұл орган И.Жансүгіровке де 1938 жылы 26-ақпанда қаулы шығарған еді. Азалы кітаптағы тізімде ағайынды Халел және Жаханша Досмұхамедовтер де кездеседі. Халел Досмұхамедовке ҚазКСР ІХК Әскери трибуналы 1939 жылы 23-сәуірде ату туралы шешім шығарған. Ал Жаханша Досмұхамедовке Мәскеу облысы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (орысша қысқартылған атауы: ОГПУ – *авт.*) үштігі 1938 жылы 1-маусымда шешім шығарып, сол жылы 3-тамызда атылған. Кеңестік мемлекет қайраткері Ораз Жандосовты да Жаңалықта атылғандардың тізімінен көреміз. Оған 1938 жылы 2-наурызда КСРО ЖСӘК қаулы шығарып, жазалаған. Оның бауыры Оразалы Жандосовқа да КСРО ЖСӘК жылжымалы сессиясы 28-ақпанда қаулы шығарған болатын. Жазушы Б.Майлинге де осы орган 1938 жылы 26-ақпанда қаулы шығарған [б: 61; 138; 147; 266; 280 б.]. Демек И.Жансүгіров пен Б.Майлинге сот үкімі бір күнде шыққан. Сірә, ол екеуі бір күнде атылып, бір жерге жерленуі де мүмкін. Ал С.Мендешевке олардан бір күн бұрын осындай қаулы шыққан болатын. Бұл жөнінде тарихшы С.Қ. Шілдебай былай дейді: 1937 жылы 24 қыркүйекте С.Мендешев Қазақстандағы ұлттық антикеңестік ұйым басшыларының бірі ретінде тұтқындалып, 1938 жылы 25 ақпанда ату жазасына кесілді. 1957 жылы 7 желтоқсанда ақталды [14, 37 б.]. Оның да И.Жансүгіровпен, Б.Майлинмен бір күнде атылуы ықтимал. Олардың денесі Жаңалық ауылы маңындағы бір жерге де көмілуі мүмкін. Бұл жерде қыстың уақытын, мола қазу қиындығын, жол жүру ауыртпалығын да ескерген абзал.

1938 жылы 26-ақпанда КСРО ЖСӘК жылжымалы сессиясы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, талантты өнер иесі, Қазақ драма театры директоры болған Жұмат Шанинге де қаулы шығарып, оны атты. Оның да жоғарыда аталған алаш азаматтарымен бірге жерленгендігі шүбәсіз.

Жаңалықта жерленген Санжар Жафарұлы Асфендияров та жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың бірі болғандығы белгілі [15, 3-5 б.]. Ол КСРО ҒА қазақстандық филиалы төрағасының орын-басары болып жүрген кезінде тұтқындалған еді. 1938 жылы 25-ақпанда КСРО ЖСӘК жылжымалы сессиясының қаулысы бойынша ату жазасына кесілген болатын. Яғни, С.Асфендияровқа да жоғарғы жазалау (ату) жөнінде С.Мендешевпен бір күнде қаулы шыққан. Сонымен қатар С.Асфендияров сол күні атылды деген мартирологиялық дерек те бар. Соған қарағанда ол С.Мендешевпен бір күнде атылуы, бір жерге жерленуі де мүмкін. КСРО ЖСӘК-нан шыққан жылжымалы (выездная) сессия үкімді шығарып та, оны ұзатпай сол күні орындап та отырса керек. Себебі Мәскеуге есеп беруі тиіс болғандықтан, жеделдетіп жазалау шараларын жергілікті құқық органдары қызметкерлерімен бірлесе отырып өздері орындаған сияқты. Қалай болғанда да КСРО ЖСӘК-нан шыққан жылжымалы сессия қаулы шығарған жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына ешқандай аяушылық жасаған жоқ.

КСРО ЖСӘК жылжымалы сессиясы 1938 жылы 25-ақпандахалық ағарту комиссары болған Темірбек Жүргеневке де ату жазасына кесу туралы қаулы шығарған болатын. Үкім сол күні орындалуы да мүмкін. КСРО ЖСӘК жылжымалы сессиясы Алматыда жазалау науқанын бастап, оны өзі орындаса керек. Т.Жүргеневтің де қай күні атылғандығын нақты анықтау оңай емес. Оны нақтылау үшін сол жылдары қызыл террор жүргізген мекеме КСРО ЖСӘК жылжымалы сессиясының және Ұлттық қауіпсіздік комитеті құжаттарынан іздестірген жөн секілді. Мұның барлығы заманауи қоғамға ашық архивтің қажеттілігін көрсетіп отыр.

Сондай-ақ, 25-ақпанда 1938 жылы КСРО ЖСӘК жылжымалы сессиясы КазПИ профессоры Құдайберген Жұбановқа қатысты қаулы қабылдап, оны ату жазасына кесті [16, 3-9 б.]. Оның да жерленген жері Жаңалық маңы болған еді.

Қазақтың біртуар азаматтарының бірі Сәкен Сейфуллин де Жаңалық маңына жерленгендігі мартирологиялық деректермен көрсетілген [6, 369 б.]. Көпшілікке С.Сейфуллин жақсы таныс. Оған қатысты да КСРО ЖСӘК жылжымалы сессиясы 1938 жылы 25-ақпанда қаулы қабылдаған. Қаулыда ату жазасына кесілген. Демек құқық органдары мәліметтері бойынша С.Сейфуллин және жоғарыда аталған өзге де алаш азаматтары бір күнде бақилық болғандығын көреміз. Олардың барлығы егер бір күнде атылған болса онда бәрі бір шұңқырға жерленуі әбден мүмкін.

Қарап тұрсақ, 25-26 ақпан күндері алаштың біршама азаматтары, соның ішінде басшылық қызметте болғандар, халық арасында беделі бар тұлғалар жергілікті үштіктер немесе Ішкі Істер Халық Комиссариаты Басқармасы шешімімен емес, КСРО ЖСӘК тарапынан жазаланған. КСРО ЖСӘК Жылжымалы сессия мүшелерінің Алматыда бірнеше күн тұрақтап өздерінің қызыл террорын ұйымдастырғандығы анық байқалады. Олар Қазақстан құқық органдары мен үкімет мүшелері орындауға бата алмай жатқан кезде келіп, жазалауды қолға алған секілді.

Ал қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықовқа 1938 жылы 15-ақпанда Алматы облысы Ішкі Істер Халық Комиссариаты Басқармасының үштігі ату жазасына кесу туралы шешім шығарған. Сірә, мұндай шешімдерді облыстық деңгейдегі үштік кез келген уақытта шығара берген. Биік деңгейдегі лауазымды қызмет атқармаған адамдарға үштіктің шешімі жеткілікті болды.

Отандық баспасөз құралдарында және тарихнамада ату жазасына кесілгендігі немесе лагерьге айдалғандығы, қаза болғандығы не болмағандығы жайында түрлі болжамдар жасалынып келе жатқан тұлғалардың бірі Мағжан Бекенұлы Жұмабаев болып табылады. Азальы кітапта оның 1938 жылы 11-ақпанда КСРО НКВД №377 шешімімен ату жазасына кесілгендігі көрсетілген. Ал 1938 жылы 19-наурызда Алматы ІХК (НКВД) қызметкерлері үкімді орындаған [6, 142 б.]. Яғни, бір айдан астам уақыттан кейін үкімнің орындалғанын көреміз. Демек жергілікті ІХК қызметкерлеріне Мәскеуден келген шешімді орындауға 1-1,5 ай уақыт керек болған. Орталықтың тапсырмасын олар міндетті түрде шұғыл орындап отырды. Соған қарағанда, І.Жансүгіров, Б.Майлин, т.б. наурыз айының соңында немесе сәуірдің басында атылуы ықтимал деп болжам жасауға болады. Сонымен қатар М.Б. Жұмабаевтың Жаңалықта жерленгендігі анық секілді. Өйткені Азальы кітапқа материалдар жинаған жоғарыда аттары аталған ҚР ҰҚК қызметкерлері өздеріндегі құжаттар негізінде мәлімет берді. Яғни олардың берген ақпараттарына сенуге болады.

Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың әлеуметтік жағы қалай болды деген сұрақ та туындайды. Бұл мәселе де арнайы қарастыруды талап етеді. Әдетте, әлеуметтік топ өте кең ұғым саналады. Оған жеке тұлғалардың ортақ іс-әрекеті мен мүддесі, ынтымақтастығы, қажеттіліктерін қамтамасыз ететін бірлестігі, күнделікті тыныс-тіршілігі үшін өзара әрекет етуі, бірігу дәрежесі және қоғамдағы статусы арқылы баға беріледі. Түптеп келгенде әлеуметтік топ ұғымы мүдделердің, құндылықтар мен жүріс-тұрыс нормаларының ортақтығы мен айырмашылықтарына орай халықтың жіктелуін бейнелейді. Жалпылама түрде айтқанда, Жаңалықта жерленген адамдардың әлеуметтік статусы әрқалай деуге болады. Онда

жұмысшы да, комиссар да кездеседі. Сонда да болса жұмысшылар, шаруалар мен түрлі сала қызметшілерінің басым екендігі байқалады. Сонымен қатар партия қызметкерлері, құқықтық орган өкілдері, кеңестік және кәсіподақ ұйымдарының жұмысшылары, діни қызметкерлер, үйде отырған адамдар да, дәрігерлер мен мейірбикелер, коммуналдық-тұрмыстық және мәдени, ғылым және білім беру салаларын-дағы қызметкерлер, т.б. кездеседі. Бұдан біз жаппай саяси қуғын-сүргін қоғамдағы барлық әлеуметтік топтарды қамтығандығын нақты көреміз. Тіпті аула сыпырушы, паровоз жуушы, т.б. түрлі қара жұмыс атқарушылар да, жұмыссыздар да қуғындалғандығын байқаймыз. Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар арасында сирек кездесетін мамандық иелері де бар. Яғни, әлеуметтік тап немесе адамдардың шыққан тегі жаппай саяси қуғын-сүргінде айтарлықтай рөл атқара қоймады, азаматтардың саяси көзқара-сына қатысты қызыл террор жүргізілген деуге болады.

Сондай-ақ, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұлтына да ешкім қарай қойған жоқ. Жаңалықта жерленген азаматтар қатарына түрлі ұлттардың өкілдері кездеседі. Олардың арасында қазақ, әзірбайжан, орыс, украиндық, белорус, корей, молдаван, грузин, еврей, латыш, неміс, ұйғыр, дүнген, өзбек, қырғыз, қытай, армян, татар, эстондық, болгар, поляк, румын, грек, т.б. халықтардың өкілдері бар. Олардың қызметі, атқарған істері мен күнделікті тыныс-тіршілігі әрқилы болғанымен, барлығы репрессия құрбандарына бір сәтте айналған еді. Сонымен қатар кітаптағы тізімнен аустриялық, қашқарлық, парсы, мадьяр, т.б. ұлттарды да кездестіреміз. Аустриялық, мадьяр секілді ұлттар белгілі болғанымен, қашқарлық деген этносты сирек ұшыратамыз. Олар ұйғыр немесе Қашғар өңірін мекендеген басқа ұлттардың өкілдері (қырғыз, сарыкөлдiк, т.б.) болуы да ықтимал. Яғни, Қазақстанда орын алған жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына кез келген ұлттың азаматы бір сәтте айнала алатын еді. Әсіресе алыс шетелдерде туылып өскен азаматтар күдікке бірден ілігіп, оларға шпионаж, контрреволюционер, т.б. өте ауыр айыптар демде-ақ тағылғандығын байқауға болады. Осы себептен оларға іс қозғау жылдам жүргізілді, ату туралы үкім де тез шығып отырды. Әрі олармен ешкім санаса да қоймады. Қазақ зиялыларының өзін жапон тыңшысы, т.б. деп айыптап жатқан уақытта алыстан келген жатжерлік азаматтарға жалған баптар-мен іс қозғау құқыққорғау органдары қызметкерлеріне тіптен оңай болған сияқты.

Жоғарыда аталған әр түрлі ұлттарды құраған 4121 адамның шамамен 1040 шақтысы алаш (қазақ) азаматы болғандығы айта кетуге тиіспіз. Яғни, статистикалық есептеулерге жүгінер болсақ мартиролог-тағы Жаңалыққа жерленген әрі жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына айналғандар арасында қазақтың үлес салмағы 25 пайызды құрайды. Мұның өзі бір өңірдегі ғана мәлімет екендігін ескерсек, жаппай саяси қуғын-сүргін алаш азаматтарына және ұлтымызға оңай тимегендігін байқаймыз.

**Қорытынды.** Алматы облысы Жаңалық ауылы маңында жерленген жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары саны жағынан республикадағы ірілердің бірі саналады. Алайда әлі күнге дейін 1937-1938 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының толыққанды саны әлі анықталып жатқандығын ескерер болсақ, келешекте бұл мәліметтерге түзетулер мен толықтырулар сөзсіз енеді.

Қазіргі таңда Алматы облысы Талғар ауданы Жаңалық ауылы маңында жерленген жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары санына жүргізілген статистикалық талдаулар қазақтардың үлес салмағы 25 пайызға баратындығын көрсетіп отыр. Келешектегі ізденістер оған біршама толықтырулар мен түзетулер енгізуі ықтимал.

Жаңалық маңында жерленген репрессия құрбандарының қалдықтарын археологиялық тұрғыдан қазып алу, тарихи идентификациясын жасау, әрбір сүйек қаңқасына соттық-медициналық сараптама-лар жүргізу, табылған адам қаңқаларын анатомиялық тұрғыдан қалпына келтіру, олардың ДНК талдауларын жасап, туыстары арқылы идентификациялау кезек күттірмес мәселелердің бірі болып отыр. Егер осы жүйеде іргелі жұмыстар жүргізілер болса онда жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін қалпына келтіріп, жатқан жерін анықтауға мол мүмкіндік туындайды. Сонымен қатар қоғамымызда орын алған кеңестік дәуірдегі әділетсіздікті және қызыл террор сынды келенсіздіктер әсерін жойып, ашылмай жатқан бірқатар құпияларды қайта айқындауға болады деген ойдамыз.

P.S. Мақала «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі» мемлекеттік мекемесінің бағдарламалық-нысаналық қаржыландыруындағы «Алматы облысы Жаңалық ауылындағы саяси репрессия құрбандары қалдықтарының археологиялық верификациясы мен тарихи идентификациясы: пәнара-лық зерттеулер» атты жоба тақырыбы аясында орындалды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Акоюн В. *Чужой среди своих, чужой среди чужих: Левон Мирзоян. Научный Арцак. 2022. №2(13). – С.42-61.*
2. Ованнисян А.Ю. *Фундаментальный вклад Левона Мирзояна в процесс становления и развития казахстанской государственности в период СССР. Регион и мир. 2019. №2. – С.38-43.*

3. Закон РК от 14 апреля 1993 года «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» (с изменениями и дополнениями). Электронная база законодательства «Параграф». <https://prg.kz>; [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1001939](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1001939).
4. Омаров М. Расстрелянная степь. Документальное повествование. Алматы: Гылым, 1994. 104 с.
5. Баймаханов М.Т. От массовых политических репрессий к массовой реабилитации невиновных: эволюция законодательства. Научные труды «Әділет». 2003. №2 (14). – С.154-156.
6. Книга скорби – Азалы кітап. Захоронение «Жаналык». Мартиролог. – Алматы: Изд-во «Арыс», 2011. 488 с.
7. Кропачев С.А. Хроники коммунистического террора. Трагические фрагменты новейшей истории Отечества. События. Масштабы. Комментарии. Ч.1. 1917-1940 гг. Краснодар, 1995. – 97 с.
8. Смирнов Н.Г. Репрессированное правосудие. Москва: ГелиосАРВ, 2001. – 301 с.
9. Земсков В.Н. Масштаб политических репрессий в СССР (правда и домыслы). Труды Института российской истории. Вып. 10. – Москва. 2012. – С.303-318.
10. Елеуханова С.В. Положение репрессированных в Казахстане. Реабилитация и память. Отношение к жертвам советских политических репрессий в странах бывшего СССР. Сост.: Рачинский Я. – Москва: Международный Мемориал, 2016. – С.193-235.
11. Сактаганова З.Г. Политические репрессии в Казахстане в 1920-1980-е гг.: этапы, последствия и проблемы реабилитации. Отан тарихы. 2021. №3 (95). – С.136-144.
12. Орынбаева Д.Ш. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг.: сравнительный анализ проблемы: Дисс...канд.ист.наук. – Алматы, 1999. – 180 с.
13. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. – Алматы: Искандер, 2009. 448 с.
14. Шілдебай С.Қ. Сейітқали Меңдешев – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Сейітқали Меңдешев: құжаттары мен материалдар жинағы = Сейітқали Мендешев: Сборник документов и материалов / Құраст.-автор: С.Қ. Шілдебай; Құраст.: А.Б.Ордаханова. – Алматы: «Полиграфия-сервис и К°», 2021. – 590 б.
15. Жүнісбаев А. Санжар Асфендияров: өмірі мен қызметі (1889-1938 жж.). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. Т.1: (1889-1918). – 256 б.
16. Құдайберген Жұбанов тағылымы: ғылыми сабақтастық және жаңа бағыттар (профессор Қ.Жұбановтың 110 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарына арналған мақалалар жинағы). – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 268 б. [InKazakh, InRussian].

#### References:

1. Hakobyan V. Chuzhoy sredi svoikh, chuzhoy sredi chuzhikh: Levon Mirzoyan[A stranger among his own, a stranger among strangers: LevonMirzoyan]. Nauchnyy Artsak. 2022. №2(13). Pp. 42-61. [In Russian].
2. Ovannisyan A. YU. Fundamental'nyy vklad Levona Mirzoyana v protsessstanov leniyai razvitiya kazakhstanskoy gosudarstvennosti v period SSSR [Fundamental law Levona Mirzoyana in the process of stanovleniya and development of the Kazakh state in the period of the USSR]. Regionimir. 2019. No. 2.P. 38-43. [In Russian].
3. Zakon RK ot 14 aprelya 1993 goda «O reabilitatsi izhertv massovykh politicheskikh repressiy» (s izmeneniyami i dopolneniyami). Elektronnyaya baza zakonodatel'stva «Paragraf».[The law of the Republic of Kazakhstan from April 14, 1993 "on the rehabilitation of mass political repression" (with amendments and additions). Electronic base of legislation "Paragraph"]. <https://prg.kz>; [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1001939](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1001939). [In Russian].
4. Omarov M. Rasstrel'nyy step. Documentary narrative. [Shot steppe. Documentary storytelling]. Almaty: Gylym, 1994. 104 p. [in Russian].
5. Baymakhanov M. T. Ot massovykh politicheskikh represiy k massovoy reabilitatsii ne vinovnykh: evolyutsiya zakonodatel'stva[From mass political repression to mass rehabilitation of innocent people: the evolution of legislation]. Nauchnyye trudy «Әділет».2003. №2 (14). P.154-156. [In Russian].
6. Knigaskorbi – Azalyki'tap[Mourning book].Zakhoroneniye «Zhanalyk». Martirolog. Almaty: Izd-vo «Arys», 2011. 488 s. [in Russian].

7. Kropachev S.A. *Khroniki kommunisticheskogo terrora* [Chronicles of communist terror. Tragic fragments of the new history of Homeland]. *Tragicheskiye fragment noveyshey istorii Otechestva. Sobytiya. Masshtaby. Kommentarii. CH.1. 1917-1940 gg.* Krasnodar, 1995. 97 p. [in Russian].

8. Smirnov N.G. *Repressirovannoye pravosudiye* [repressed truth]. Moscow: Helios ARV, 2001. 301 p. [in Russian].

9. Zemskov V. N. *Masshtab politicheskikh repressiy v SSSR* [Scale of political repression in the USSR] (*Pravda and domysly*). The Institute of Russian history. VIP. 10. Moscow. 2012. P. 303-318. [In Russian].

10. Eleukhanova S. V. *Polozheniye repressirovannykh v Kazakhstane* [The repressed in Kazakhstan]. *Rehabilitation and rehabilitation. Return to the lands of Soviet political repression in the countries of the USSR. Sost.* Moscow: International Memorial, 2016. Pp. 193-235. [In Russian]

11. Saktaganova Z. G. *Political repression in Kazakhstan in 1920-1980-e GG.: stages, treatment and rehabilitation problems. History of the Fatherland.* 2021. №3 (95). P.136-144. [In Russian].

12. Orynbaeva D. Sh. *Politicheskiye repressii v Kazakhstane v 1937-1938 gg.: Sravnitel'nyy analiz problemy* [Political repression in Kazakhstan in 1937-1938.: The problem of comparative analysis]. *diss Kand. East. Nauk.* Almaty, 1999. 180 p. [in Russian].

13. Koigeldiev M. K. *Stalinizm irepressii v Kazakhstane 1920-1940-kh godov* [Stalinism and repression in Kazakhstan 1920-1940-x years]. Almaty: Iskander, 2009. 448 p. [in Russian].

14. Shuldebay S. K. *Seyitkali Mendeshev - Kornekti kogam zhane memleket kairatkeri. Seyitkali Mendeshev: kuzhattary men materialdar zhinagy* [Seitkali Mendeshev is an outstanding public and statesman. Seitkali Mendeshev: collection of documents and materials] = *Seitkali Mendeshev: sbornik documents and materials / comp.- author: S. K. Shuldebay; comp.: A. B. Ordakhanova.* Almaty: "polygraphy-service and co", 2021. 590 p. [in Kazakh, in Russian].

15. Zhunisbayev A. *Sanjar Asfendiarov: Omiri men qyzmeti* [Sanzhar Asfendiarov: life and work (1889-1938)]. Almaty: "Eltanym publishing house", 2014. Vol.1: (1889-1918). 256 p. [in Kazakh].

16. Kudaibergen Zhubanov *tagylymy: gylymy sabaqtastyk zhane zhana bagyttar* (Professor K. Zhubanovtyn 110 zhyldygyna arnalgan respublikalyk gylymi-practical conference materialdaryna arnalgan maqalalar zhinagy). [The lessons of Kudaibergen Zhubanov: scientific continuity and new directions (collection of articles dedicated to the materials of the Republican scientific and practical conference dedicated to the 110th anniversary of Professor K. Zhubanov)]. Almaty: An Arys publishing house, 2009. 268 p. [in Kazakh, in Russian].



УДК 94(574)  
ГТАХР 03.20

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.005>

Б.Р. Шериязданов \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,  
саясаттану ғылымдарының кандидаты, Астана қ., Қазақстан.  
e-mail: b.sher54@mail.ru <https://orcid.org/0009-0006-4168-8333>

## САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА ҚАЛДЫРУ МӘСЕЛЕСІ (СОЛТҮСТІК, ОРТАЛЫҚ Өңірлердегі материалдар негізінде)

### Аңдатпа

Мақалада еліміздің басым өңірлеріде саяси құрғын-сүргін құрбандары болған тұлғаларға жеткілікті дәрижеде көңіл бөлінбей отырғаныны туралы баяндалады. Осыған орай, егеменді елімізде, халқымыздың біргеілігін күшейту үшін Қазақстан тәуелсіздігі үшін құрбан болған азаматтардың ерліктеріне тарихи баға беру қазіргі ұрпақтың маңызды міндеті екені көрсетілген.

Тәуелсіздік жылдарында да біз қаһармандарымыздың отансүйгіштігі мен батылдығын бағалайтын, олардың ерліктерін ұлттық қазына және мемлекеттік құндылық деп танитын және өз халқымыз бен Отанымызға қызмет етудің үлгісі ретінде көрсететін арнайы мемлекеттік бағдарламаның қабылданбағаны туралы айтылады.

Мақалада саяси қуғын-сүргін құрбандарын халық жадында сақтау мақсатында мемориалдық кешендер құру, ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесінде мемлекеттік органдарға көмек көрсетумәселелері қарастырылады. Сондай-ақ қуғын-сүргінге ұшырағандардың есімдері жазылған дерекқорлар мен деректер банктерін құру, енгізу; 1990 жылдардың бастап қазіргі уақытқа дейін жадты сақтау саласында жүргізіп келе жатқан жұмыстардың кейбір түрлері; еліміздің тоталитарлық жүйе құрбандарынесте сақтау мәселесі де зерделенеді. Бұл мәселелер жаңа буынның тарихи жадын сақтаудағы басты мәселелердің бірі.

Мақалада мемориалдық кешендерді, ескерткіштерді салудың кейбір аспектілері талқыланады, қазіргі кездегі тарихи жадыны есте сақтау жағдайларын білдіретін екі өріс жағдайында идеологиялық дискурс пен жергілікті жад тәжірибесі көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** мемориалды кешендер, ескерткіштер, тарихи жады; қуғын-сүргін; саяси қуғын-сүргін құрбандары; еске алу.

*Мақала OR11465470-OT-21 «XX ғ. 20-50 жж. Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау процесі: бірыңғай деректер базасын құру» жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен дайындалған.*

Шериязданов Б.Р.\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ведущий научный сотрудник Института истории государства МНВО РК, к. полит.н.,  
г. Астана, Казахстан. e-mail: b.sher54@mail.ru,  
<https://orcid.org/0009-0006-4168-8333>

## ПРОБЛЕМА УВЕКОВЕЧЕНИЯ ПАМЯТИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (ПО МАТЕРИАЛАМ СЕВЕРНЫХ И ЦЕНТРАЛЬНЫХ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА)

### Аннотация

В статье подчеркивается, что в отдельных регионах страны жертвам политических преследований не уделяется должного внимания. В связи с этим в целях укрепления единства нашего народа, суверенитета страны важной задачей нынешнего поколения является дать историческую оценку героизму граждан, пожертвовавших собой в годы массовых политических репрессии. В статье обсуждается, что даже за годы независимости в стране не была принята специальная государственная программа, по увековечению памяти

жертв репрессии, не дана оценка их патриотизму и мужеству, непоказана их пример служения народу и Родине.

В статье рассматриваются основные направления деятельности по увековечению памяти жертв политических репрессий. Это – оказание помощи государственным органам в процессе создания мемориальных комплексов, реализации научно-исследовательских проектов. Также подчеркивается, что создание и внедрение баз данных и банков данных с именами репрессированных – это один из важных вопросов сохранения исторической памяти нового поколения, вопрос сохранения памяти и о некоторых видах работ проводимых с 1990-х годов по настоящее время в стране. В статье обсуждаются некоторые аспекты возведения мемориальных комплексов, памятников, демонстрируется идеологический дискурс и опыт локальной памяти в условиях двух полей, представляющих условия для запоминания современной исторической памяти.

**Ключевые слова:** мемориальные комплексы, памятники, историческая память; репрессии; тоталитарная система, жертв политических репрессий, память.

*Статья подготовлена при поддержке Министерства образования и науки Республики Казахстан в рамках реализации программы «Массовые политические репрессии в Казахстане в 20-50-х гг. XX в. и процессы реабилитации: создание единой базы данных».*

*Sheriyazdanov B.R.\*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Leading research associate of the Institute of State History Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, candidate of political sciences, Astana, Republic of Kazakhstan.  
E-mail: b.sher54@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-4168-8333>*

## **THE PROBLEM OF PERPETUATING THE MEMORY OF VICTIMS POLITICAL REPRESSION (BASED ON THE MATERIALS OF THE NORTHERN AND CENTRAL REGIONS OF KAZAKHSTAN)**

### *Abstract*

The article discusses the main areas of activity in the memory of victims of political repression. They are the creation of memorial complexes, the implementation of research projects, assistance to state bodies in the process of rehabilitating victims of political repression. It is also noted that the creation and implementation of databases and data banks with the names of repressed persons is one of the main problems in preserving the historical memory of the new generation of some types of work carried out in the field of memory storage from the 1990s to the present, and the issue of preserving the memory of the victims of the totalitarian system of our country. The article discusses some aspects of the construction of memorial complexes, monuments, shows the experience of ideological discourse and local memory in the context of two fields that represent the conditions for memorizing historical memory at the present time.

**Keywords:** memorial complexes, monuments, historical memory; repression; victims of political repression, totalitarian system, memory.

*The article was prepared with the support of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan within the framework of the program «Processes of Mass Political Repression and Rehabilitation in Kazakhstan in the Twentieth Century. 20-50s: creation of a unified database».*

**Кіріспе.** XX ғасырдағы Қазақстан тарихы бірнеше кезеңдерге созылған қайғылы оқиғаларға толы болды. Республика үлкен концлагерьге айналды: Карлаг, Жезқазғанлаг, Степлаг, Озерлаг, Ақтөблаг, Песчанлаг... Онда бүкіл "кінәлі" халықтар, үлкен империяның әр түкпірінен келген қалаусыз адамдар жіберілді. Саяси қуғын-сүргін 30 жылдан астам уақытқа созылды. Сол сұрапыл, қайғылы жылдар қасіретін бүгінгі таңда саяси қуғын-сүргін құрбандарына елдің аймақтарында орнатылған кейбір мемориалдар мен ескеркіштер, такталар мен стеллалареске салады.

Тарихи жады ел азаматтарының Отанына деген құндылық қатынасын қалыптастырады. Бұл әсіресе демократия мен азаматтық қоғамның дамуы жағдайында маңызды. Тарихи жақты сақтау ісіндегі мемлекет және қоғамдық ұйымдардың рөлі де өзекті. Өйткені қоғамдық ұйымдар мемлекет пен азаматтар арасын байланыстырады. Мемлекет өз кезегінде өз азаматтарының тарихи жадын қалыптастыруға және сақтауға

мүдделі болуы керек. Өйткені ол ұлттық сананың ажырамас бөлігі болып табылады. 1930-1950 жж. жаппай саяси қуғын-сүргін халқымызға зор қасірет әкелді. Қолдан жасалған ашаршылық, жаппай саяси қуғын-сүргін, ЕТЛ де Жазықсыз қамалған адамдар, жүздеген мың адамның құрбан болуына әкелді. Жазықсыз атылған адамдардың жатқан жерлері бүгінгі күні толық белгілі болды ма? Осыған орай Қазақстан Республикасы Президенті К.К. Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы №456 Жарлығы-мен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық заңды және саяси тұрғыдан ақтау мақсатында Мемлекеттік комиссия құрылып, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының іс жүзінде ақталмаған категория-ларын ақтау жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Тоталитарлық диктатура жасаған қылмыстар туралы шындықтар және жазалау мәселесі посткеңестік кеңістікті, оның ішінде Қазақстанды да мазалайды. Себебі, қазіргі тұрақсыз геосаяси жағдайда, көрші РФ сталинизмнің жағымсыз тарихи тәжірибесінің кейбір қырларынақтап, тіпті ішінара қайталануда деп те айтуға болады.

Қуғын-сүргін жылдары, оның салдары халықтың санасында жазылмас із қалдырады. Біздің тарихи жадымыздың маңызды бөлігі ретінде Кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргін халықтың жадында сақталуы керек. Саяси қуғын-сүргін туралы тарихи жады еске алу ескерткіштерінде, ескерткіштерде, ескерткіш тақталарда және т.б. көрініс табуы тиіс. Тоталитарлық жүйені қайтарғысы келетіндер үшін бұл үлкен ескерту болар еді. Ескерткіштер мен ескерткіш белгілер қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бір түрі болып есептеледі. Жаппай жерлеу орындарында, ату кезінде, бұрынғы лагерьлер мен лагерь зираттарында прокуратура органдарымен және жергілікті билік органдарымен бірлесіп жасалған қорытындылар негізінде ескерткіш белгілер орнатылуы қажет деп есептейміз.

Қазақстан бойынша көптеген жерлеу орындары, мемориалдарды қоспағанда, әлі күнге дейін арнайы мәртебеге ие емес, көбі белгіленбеген, заң тұрғысынан мемлекет қорғауына өткізілмеген. Бүгінгі таңда саяси қуғын-сүргін құрбандарына облыс орталықтарында, үлкен қалаларда ескерткіштер, немесе ескерткіш стеллалар, тақталар орнатылған. Олар елдің жоғары басшылығының тапсырмаларының арқасында, көп жағдайда қоғамдық ұйымдардың, жеке тұлғалардың, мәдениет және білім беру мекемелерінің бастамасымен және қаражатына, жергілікті билік органдарының белсенді қатысуымен, жалпы мемлекеттік органдардың мақұлдауымен атқарылған.

Тәуелсіз Қазақстанда тарихи жадының жаңа парадигмасы, патриотизмнің ішкі қалыптасуына ықпал ететін факторлар ескерілуі тиіс, ол еліміздің әрбір азаматы санасының өзегіне ел азаматтарының Отанына деген сүйіспеншілік құндылықтары қалыптастыруда еліміздің тәуелсіздігі үшін құрбан болған Алаш алыптары мен қуғын-сүргінге ұшыраған халық Кахармандары болу керек.

**Зерттеу әдістемесі.** Мақалада әртүрлі әмбебап әдістемелер қолданылған. Олар тарихта, философия-да, саясаттануда және әлеуметтануда қолданылатын әдістер және басқа да салыстырмалы жеке ғылыми әдістер. Мысалы, тарихшылық, талдау, синтез, салыстыру, индукция және дедукция, бақылау. Сондай-ақ, өңірлерден алынған деректер, мәліметтер базасы, дереккөздер, мұрағат құжаттары, қазіргі саяси және әлеуметтік зерттеулер болды.

**Талқылау.** Саяси қуғын-сүргіннен жазықсыз зардап шеккендердің есімдерін қалпына келтіру ісіндегі мемлекет пен қоғамның алғашқы бірлескен "жобаларының" бірі, 1991 жылы "саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Заңның шығуы болды. Ақтау туралы заң қабылданғаннан кейін Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жұмыстары қарқын алды. 1990 жылдардан бастап осы уақытқа дейін мемлекеттік органдар қоғамдық бірлесіп, бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіштер мен ескерткіш белгілерді, мемориалдық кешендерді ашу маңызды бағыт болып табылады. Кеңес азаматтарының тарихи жадын сақтауға "бағыт" көрсеткен алғашқы қоғамдық ұйымдардың бірі 1980 жылдардың аяғында "Мемориал" тарихи-ағартушылық, құқық қорғау және қайырымдылық қоғамы болды. Бұл іс-шаралар мемориалдық кешендерді құрудан басталды; қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, жас ұрпақпен тарихи-ағартушылық жұмыстар бойынша кең ауқымды кампаниялар жүргізумен жалғасты [3, б.148].

Соңғы жылдары бұл жұмыстар белсенді түрде жүргізілуде. Үшінші жыл жұмыс істеп жатқан Мемлекеттік комиссияның ұсынысымен, құрылған ғылыми сарапшылар тобтрының арқасында, қуғын-сүргін бойынша 2 млн 400 мыңнан аса құпия құжаттар құпиясыздандырылды, қазіргі заңның аясында тек депотацияға түскен 311 000-нан аса құрбандар мен зардап шеккендер ақталды. Мәселен, жұмыс топтары мен өңірлік комиссия мүшелерінің қатысуымен 3 миллионнан астам құрбан болғандар мен жәбірленуші және бүгінгі таңда ақтауға жататын түрлі санаттағы қуғын-сүргіннен зардап шеккендер анықталды. Оның ішінде большевиктік-сталиндік билік тарапынан қуғын-сүргіннің бірнеше түріне ұшыраған, халық көтеріліс-теріне қатысқан 200 мың адам, 1 млн 643 650 арнайы қоныстанушы, 200 000 ақталмаған бай,

жартылай байлар мен олардың отбасы мүшелері, шаруалар, 1 млн 130 000 адам, яғни Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған босқындар мен олардың отбасы мүшелері, 175 000 63 адам халыққа қарсы зорлық-зомбылық науқандарының құрбаны, 11508 адам Қазақстандағы Карлаг лагерьлерінде болғандар, 1939-1945 жылдардағы 22 792 әскери тұтқын (тұтқынға түскендіктен қайта сотталғандар), 54 000 діни қызметкерлердің өкілі және олардың отбасы мүшелерін атауға болады [6 б. 3]. Бірақ, бұл сандар әлі де толық емес, қуғын-сүргін құрбандарына қатысты жұмыстар, яғни қуғындалуға себеп болған нақты жағдайлар мен жазықсыз жазаланғандардың есімдерін анықтау жұмыстары жалғасуда. Мемлекеттік кеңесші – Мемлекеттік комиссия төрағасы Е.Т. Қариннің басшылығымен (жалпы редакциясын басқарған), ҚР Мәдениет және спорт Министрлігі қолдауымен «XX ғ. 20-50 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Мемлекеттік комиссия материалдары» сериясымен 31 жинақ жарияланды (екеуі – монография, 29-ы – құжаттар мен материалдар жинағы, оның 14-і өнімді болуына республикалық ғылыми зерттеу топтары, ал 15-і өңірлік комиссиялар тарапынан әзірленді). Енді негізгі міндет жазықсыз зардап шеккендердің жақсы есімін қалпына келтіріп, батырларымыздың есімін мәңгілік сақтау мақсатын-да ескеркіштермен мен стеллалар, белгілер қою. Осы мәселерді зерттеуде соңғы жылдары көптеген ғылыми еңбектер жариялағанын атап кету керек. Мысалы, РФ, Нижни-Тагил университетінің профессоры т.ғ.к. Е.Г. Путилованың, «Увековечение памяти жертв политических репрессий в России как одно из направлений деятельности общества Мемориал по сохранению исторической памяти», Фило-софия ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің философия кафедрасының профессоры К.А. Медеуованың және У.М. Сандыбаеваның «Қазақстанның қасиетті географиясы: мемлекеттің коммеморативті саясаты және қоғамдық орындардағы жергілікті тәжірибе» атты мақаласын атап өтуге болады. Мақалада Қазақстанның солтүстік, орталық өңірлерден қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша комиссияларының материалдары жинақталып оларға талдау жасалған. Осы өңірлердің кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде, солақай саясатының зардабын көп көрген деп айтуға болады. Әсіресе Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында репрессиялар әсіресе бүгінде мемлекет құрушы ұлт болып отырған қазақ халқының ұлттық болмысына өзінің аса зардапты зиянын тигізді. Сталиндік тоталитаризм тұсында репрессия қазақ зиялыларының бір емес, бірнеше буынын бірдей атап кетті. Аталмыш алапаттың бір үлкен ескеркіштері Ақмола облысында ГУЛАГ-тың Алжир және Қарағанды өңіріндегі Карлаг сияқты ірі лагерлері атап өтуге болады.

Нәтижесінде кеңестік саясатты қолдап, жәбірленген азаматтарға арналған ескеркіштер, стеллалар, тактайшалар мольнан кездеседі, тіпті соңғы жылдары шетел болып табылатын Ауған соғысының қазақстандық ардагерлеріне де бар екенін айтқан жөн. Осыған орай осы өңірлерде саяси құрғы-сүргін құрбандары болған тұлғаларға жеткілікті дәрижеде көңіл бөлінбей отырғанын атап өту керек.

Есте сақтау тарихи құбылыс ретінде емес, әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылатын позиция қоғамдық сипатқа және сонымен бірге есте сақтаудың жеке, жергілікті мәдени тәжірибелеріне, олардың қалай жүзеге асатынына байланысты және бұқаралық ақпарат құралдарына танымал болуына назар аударамыз. Бұл есте сақтау практикасы ұғымын әрекет ретінде ғана емес, дискурс ретінде де қолдануға мүмкіндік береді [2. б. 10].

### **Зерттеу нәтижелері.**

Есте сақтау ісіндегі маңызды бағыт саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштер мен ескерткіш белгілерді қою. Мысалы, 2000 жылдардың басында тарихи ескерткішті кешенді абаттандыру-ды жүзеге асыру бойынша көпжылдық бірлескен жұмыс аяқталды. Онда саяси қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілген 21 мыңға жуық адам жерленген. Ресейдегі «Сахаров орталығының» мәліметтері бойынша Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған 37 ескерткіш бар [4. б. 1].

Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және бас қалаларында саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіштер бар. Мемориалдардың бір бөлігі қаза тапқандардың есімдері жазылған қабырғалар болып табылады, кейде саяси қуғын-сүргін құрбандарының тізімдері Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың тізімдерімен немесе XX ғасырдағы жергілікті қақтығыстарға қатысушылармен қатар жазылған.

Қазақстан сталиндік режимге «қолайсыз» болған көптеген халықтардың депортацияға түскен – поляктардың, шешендердің, ингуштардың, корейлердің, немістердің және басқа халықтардың өкілдерінің үйіне айналғаны тарихтан белгілі. Осыған орай, бірқатар шетелдік және ТМД елдерінің үкіметтері мен қоғамдық ұйымдары КСРО-да қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарына естелік белгілер орнатты. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау және оларды мәңгілік есте қалдыру қазіргі қазақстандық қоғамда қолдау табуда. Қазақстан аумағында қуғын-сүргінге ұшырағандардың жаппай жерленген жерлерінде бірқатар шет елдердің және жергілікті билік органдары мен қоғамдық ұйымдар өз азаматтарына естелік белгілерді

орнатты. Оның ішінде 2007 жылы ГУЛАГ құрбандарына ескерткіш ашылды. Қарағанды облысында, Долинка кентінде Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, Қарағандыдан 30 км қашықтықта, сондай-ақ Карлагта қаза тапқан украиндарға арналған ескерткіш "Мамочкино зиратында. Осы облыстың Абай ауданы Спасск ауылының зиратында саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш белгілер литвалықтарға, армяндарға, поляктарға, украиндарға, қарашай-балқарларға және басқада қаза болған ұлт өкілдеріне - ашылған [1. б. 228].

Тоталитарлық режимнің қылмыстарын айыптаудың символдық актісі ретінде Қазақстанның елордасы – Астанада саяси қуғын-сүргін құрбандарына жалпыұлттық ескерткіш орнату соның айғағы болды. Сондай-ақ Үштөбе қаласында Қазақстан корейлер қауымдастығының қазақ халқына алғыс ескерткіш тасы тұрғызылды. Жалпы Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері-нің мемлекеттік тізімінде 2020 жылғы 3 маусымдағы қаулысымен - 39 атау (32 - қала құрылысы және сәулет ескерткіштері, 7-археология ескерткіштері) бекітілген. Елорданың барлық қоғамдық көлік аялда-малары мен жарнамалық орындарында аясында Қазақстан тарихында еренді орны бар, Ұлы тұлғалардың нақыл сөздері бар. Оның ішінде күгін-сүргін жылдары құрбан болған қайраткерлеріміздің де шығарма-лары да көрсетілген.

Елордамызда Абай даңғылы мен Э.Сембинов көшесінің қиылысындағы «Қаламгерлер» саябағында Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлинге арналған, сонымен қатар Илияс Жансүгіровтің 125 жылдығына арналған ескерткіш орналасқан. Аталған ескерткішті қаланың Мәдениет және спорт басқармасының есебінен қаржыландырылды. Ескерткіш 2019 жылы 15 желтоқсанда салтанатты түрде ашылды. Материалдар: Қола және қызыл гранит. Үш классик жазушының шығармалары әрқашан халық арасында танымал болды. Олар қазақ халқының жеке басын, Отанды сүюді, салт-дәстүрді, ана тілін құрметтеу, патриотизм рухын дәріптеді, ата бабаларымыздың өмірін, өткен жылдардағы, революциялардағы, көтерілістердегі және басқа да тарихи оқиғалардың барлық қиындықтарын бейнеледі.

2021 жылы Елорда еліміздің көрнекті қайраткерлеріне, соның ішінде алашордашыларға, бірқатар ұлы тұлғаларға ескерткіштері ашылды

Елорда күніне орай Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында 2021 жылғы 4 шілде күні елордамызда Алаш қайраткерлері - Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлына арналған ескерткіш ашылды. Ескерткіштің ашылу салтанатына ҚР Президенті Қ.Тоқаев, мемлекеттік хатшы, үкімет мүше-лері, алаштанушы ғалымдар қатысты. Ескерткіш Абай даңғылының бойындағы «Қаламгерлер» аллеясында орналасқан [5 б. 10; 10 б.2].

Ақмола облысында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған 10 ескерткіш бар. Бұл Астраханка ауылында Ақмола лагерінің тұтқындары Отан сатқындарының әйелдерінің аллеясында (Алжир) орналасқан жері: Ақмол ауылында ескерткіш белгі орнатылған. Ақмола лагерінің тұтқындарына (Алжир) - православиелік және мұсылман әйелдеріне арналған ескерткіш белгілер. Сондай-ақ, Алжирдің армян тұтқындарының жаппай жерленген жерінде хачкар ескерткіші; АЛЖИР тұтқындарына арналған ескерткіш белгі-Мәсіхтің қайта тірілуінің мозикалық белгісі бар православиелік крест; АЛЖИР тұтқындарына арналған ескерткіш белгі-Жаңа шейіттер мен конфессорлар ғибадатханасының жанындағы Ақмола Жаңа шейіттері, Астрахан ауданы Приишимка ауылында саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш белгі орнатылды.

2021 жылғы 23 қарашада саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мақсатында Ақмола облысы Зеренді ауданы Симферополь ауылындағы "Озерный" лагері, Баратай ауылының аумағындағы "Ключи" лагерінің жерленген жерлерінде ескерткіш тақтайшалар орнатылды. Сондай-ақ, алдағы уақытта Приречное ауылында № 14 НКВД 3 Бөлімше колониясының орналасқан жеріне ескерткіш орнату ісі айтылып, жергілікті билікке ұсынылуда. Казарма, медициналық пункт, жертөле, диірмен, диірмен түбінен плиткалы тастар Ақмола облысы Зеренді ауданы Үлғұлы ауылының ПМ ОЛП-3 Ақмола облыстық тарихи-өлкетану мұражайына берілді. Сондай-ақ, С. ПМ ОЛП-3 орнында саяси қуғын-сүргін құрбан-дарына ескерткіш орнату туралы ұсыныс енгізілуде. Ақмола облысы Зеренді ауданында зерттеу бары-сында Барақтың іргетасы, пештің құрылымы, күзет мұнарасы мен әкімшілік ғимаратының қалдықтары табылды. Жұмыс тобының өкілдері Ақсу, Тонкерис, Бестөбе, Жолымбет, Даниловка елді мекендерінің аумағында арнайы лагерьлердің орналасқан жерлерін анықтады. Бұл лагерьлер "Каззолото" бірлестік жүйесінде болды. Сондай-ақ, ірі лагерьдің Солтүстік Қазақстан облысы Рузаев ауданы Чернозубовка ауылының маңында болғаны белгілі болды. Онда ұзақ мерзімге, 20-25 жылға сотталған тұтқындар ұсталды. Мұның бәрі Ақмола облысының аумағында және Қазақстанның шекаралас аудандарында барлық белгісіз объектілерді зерделеуге мүмкіндік беретін қосымша зерттеулер қажет екенін көрсетеді.

Осы бағытты зерттеген жұмыс тобы өңірдегі лагерьлерде тұтқындалған қазақстандықтарды ақтау жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар білдірді: Ақмола облысының аумағында лагерьлердің орналасқан жерін белгілеу, лагерьлер картасын толықтыра отырып, туристік маршрут құру, «Ключи», "Улгили" лагерінің маңынан табылған қабірлерге естелік ғимарат (обелиск, Стелла), Мемориалдық кешенді орнату [10. б 1].

Қостанай облысының жақсы ерекшелігі барлығы 12 ескерткіш (саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған) облыс орталығында және барлық аудандарда орнатылған. 2003 жылы Қостанай қаласында ашылған ескерткіш Жеңіс саябағында орналасқан. Сонымен қатар, 2004 жыл Қарабалық ауданының орталығы Қарабалық кентінде Жастар саябағында орналасқан Монумен. Монумен келесі композициялардан тұрады: қорған, стела, аллея. Монумен қорғанының ұзындығы - 25 метр.

Наурыз ауданында 2007 жылы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу монументі аудан орталығы Қараменді ауылының Тәуелсіздік саябағында орнатылған. Бейбітшілік пен еркіндікті бейнелейтін ақ көгершіндер орналасқан темір шыбықтары бар жеке гаупвахтаны білдіреді. Қызыл кірпіштен жасалған ескерткіш қара керамикалық плитаның тұғырында тұр. Оның үстінде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш» деген жазуы бар қара мәрмәр тақта бар. Сонда-ақ, осы ауданның, Шолақсай ауылындағы 2010 жыл ескерткіштің негізі сары кірпіштен қаланған. Онда саяси қуғын-сүргін құрбандарының тегі жазылған стелд орнатылған металл шыбықтар бар. Ескерткіштің биіктігі – 5 метр. Жітіқара ауданы бойынша, ескерткіш 2008 жылы ашылған. Жітіқара қаласының Жеңіс саябағында орналасқан. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіште тордағы адамның бостандыққа қол созып отырғаны, бостандықты аңсаған адамның басында екі ұшып тұрған көгершіндер бейнеленген. Ескерткіштің өзі биіктігі 2 метр биік тұғырға орнатылған және төменгі жағында гүл қоюға арналған тіреуіш бар. Биіктігі 3,47 метр, ені 1,30 метр. Тұғыр толығымен декоративтік плиталармен қапталған, беткі жағында ХХ ғасырының жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш «Ақталған есімдер» деген жазуы бар естелік тақтайша орнатылған.

Әулікөл ауданындағы ескерткіш 2011 жылы аудан орталығы Әулікөл селосындағы орталық саябақта орналасқан. Биіктігі шамамен 1,5 м болатын бетоннан жасалған, қара бояумен боялған аркадан тұрады, Арка ішінде жоғарғы бөлігінде металдан жасалған шаңырақ бейнесі орнатылған. Арка алдында бетоннан жасалған, күміс, қара бояумен боялған тастар түрінде мүсіндік композиция жасалды. Тастарға темір арматурадан жасалған тор, сондай-ақ құрылыс құралдары: балға, кирка орнатылған. Оның бет жағында «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» деген жазуы бар қара гранит тақтайша орнатылған.

Сарыкөл ауданы бойынша 2011 жыл Сарыкөл ауданының орталығы Сарыкөл кентінде православие шіркеуінің аумағында орнатылған. Қызыл кірпіштен салынған. Ескерткіштің ұзындығы 210 см, биіктігі 210 см. мәрмәр тақта-биіктігі 65 см, ұзындығы 124 см.

Аманкелді ауданының орталығы Аманкелді селосында «Шұғыла» балалар мен жасөспірімдер орталығының алаңында 2013 жыл орнатылған.

Мендіқара ауданының орталығы Боровское ауылында Жеңіс саябағында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған естелік тақта 2015 жылы қойылған. Тақтада «ХХ-ғасырдың 1930-1950 жылдардағы Саяси қуғын-сүргін құрбандарына. Кінәсіз құрбан болғандарға мәңгі естелік» деген жазу жазылған.

Федоров ауданында 2017 жылы ескерткіш аудан орталығы Федоровка ауылындағы «Тәуелсіздік» саябағында орнатылған. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу тұғыры-қызыл және қара гранитпен қапталған бетоннан жасалған трапеция. Қара тақталарда «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына» деген жазу бар. Құрылымының биіктігі 4 метр, әйнектер арасында металдан жасалған «Жер шары» сәндік элементі орналасқан.

Б.Майлин ауданы бойынша ескерткіш 2020 жыл аудан орталығы Әйет ауылының Жастар саябағында орнатылған. Қара түсті мәрмәр тасқа «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына. 1930-1950 жж.» деген сөз қашалып жазылған.

Ахмет Байтұрсынов ескерткіші орналасқан жері: Қостанай облысы, Қостанай қаласы. Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш Жеңіс паркі орналасқан [10. б. 3].

Қостанай облысы көптеген тарихи орындармен белгілі және қазақ халқының қайраткерлерінің туып өскен өлкесі болып табылады. Алайда, Қостанай облысы бойынша 1920-1930 жылдары болған Батпаққора, Торғай, Наурызым халық көрілістері болған жерлерге ескерткіш белгілер орнатылмаған.

Павлодар облысында: еске алу қабырғасы және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш Павлодар қаласы, облыстық әкімшілікке қарама-қарсы скверде орнатылды. Голодомор құрбандарына арналған ескерткіш ескі мұсылман зираты, аштықтан қаза тапқандарды жаппай жерлеу орны, орналасқан жері: Павлодар қаласы. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, "Шахтер" паркі, Екібастұз

қаласында. Сондай-ақ облыстың қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша комиссиясының белсенді жұмысының арқасында аумақта қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын жаппай атылу, жерлеу бойынша 50-ден астам жаңа орындары белгілі болып отыр [10. б. 1].

Солтүстік Қазақстан облысы Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналып 1930 жылдары ПХК (НКВД) ғимараты орналасқан қала орталығындағы скверде ескерткіш орнатылды. 2011 жылы Солтүстік Қазақстан облысының "Естелік" қоғамдық қоры саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу қабырғасын салуға бастамашы болды. Жұртшылыққа, азаматтарға, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына көптеген өтініштердің көмегімен кәсіпкерлер құрылысқа қажетті қаражат жинай алды. Мындаған адам Естелік қабырғасын тұрғызуға қатысты. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алудың 75 жылдығына орай азаматтардың жиналған демеушілік және ерікті қаражатына ортақ күш-жігермен еске алу қабырғасы салынды. Еске алу қабырғасында жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 7 мыңнан астам азаматтардың есімдері жазылған. Олардың қатарында Қазақ мәдениетінің, ғылымының және ағартушылығының көрнекті өкілдері – Мағжан Жұмабаев, Үкілі Ыбырай, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Сарғабеков, Қайсар Таштитов, Ғаббас Тоғжанов, Жұмағали Тілеулин бар [9. б. 4].

Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін қалпына келтіру өте ауыр және ұзақ мерзімді жұмыс. Көптеген "халық жаулары" туралы мұрағаттық материалдар мен жерлеу орындары туралы ақпарат жоқ. Өйткені, олар сотсыз және тергеусіз атылды. Тізімдерді нақтылау және мәңгілік есте қалдыру үшін орнатылған ескерткіш қабырғасына жаңа атаулар енгізу бойынша жұмыс бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

1918 жылы шілдеде Аққұс болысында Альти қажының үйінде мындаған халық қатысқан мәжіліс – Солтүстік Қазақстан тұрғындарының құрылтайы өткен. Онда "Алаш" көшбасшыларының бірі Міржақып Дулатов ағымдағы мәселелер туралы баяндама жасады. Жиналыс жұмысына Орынбордан келген ондаған қайраткерлер, сондай-ақ партияның өңірлік филиалдарының басшылары Жұмағали Тілеулин, Салмақбай Құсемісов, Ербосай Мұқышев, Айдархан Тұрлыбаев және басқалар қатысты. Мұнда Қызылжар, Ақмола, Омбы және басқа өңірлердің өкілдері "Алаш" партиясының ұлттық мемлекеттілікті жандандыруға, бостандық пен егемендіктің өркениетті жолымен қол жеткізуге бағытталған идеялары мен бағдарламаларын қолдауға өз еріктерін білдірді. Мындаған халықтық жиналыстың тарихи орны Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар киелі нысандар тізіміне енгізілген. СҚО Жамбыл ауданында 2022 жылы "Алаш" прогрессивті идеяларын мәңгілік есте қалдыруға арналған мемориалдық кешені ашылуы тиіс [9. б. 5].

Қазақстандағы азамат соғысы, Колчак, Дутов, Анненков әскерлері жеңілгеннен кейін, республиканың көптеген аймақтарында қалаларда, ауылдарда тұрақты түрде жергілікті халық наразылықтары мен көтерілістері болған. Ғалымдардың сенімді мәліметтері бойынша осы саяси көтерілістерге саны кем дегенде 200-ден, бірнеше ондаған мың адам қатысқан. Бұрынғы архив деректеріне сәйкес 50 ден астам халық наразылықтары мен көтерілістері болған. [6. б. 5]

Мемлекеттік комиссияның ғылыми-зерттеу топтарының белсенді жұмыстарының арқасында құпиясыздандырылған мұрағаттар құжаттары бойынша алғаш рет мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшыларының мәліметтеріне сәйкес, 1920-30 жылдары Қазақстандағы Кеңес өкіметінің саясатына қарсы 566 халықтық көтеріліс пен наразылық болған. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша кішігірім саяси көтерілістер мен наразылықтар әлдеқайда көп болған. Оларға барлық дерлік ауыл және ауыл тұрғындары, саудагерлер, жұмысшылар, қызметкерлер және басқада қоғамның белсенділері қатысқан [8. б. 4].

Кеңес одағында кезінде Қазақстанда барлық аудан орталықтарында, облыстық маңызы бар қалаларда азамат соғысы кезінде қаза болған Қызыл әскерлерге және ұжымдастыру, Кеңес өкіметін орнату үшін күрескендерге ескерткіштер,obeliskтер, белгілер орнатылды.

Егеменді елімізде, халқымыздың біргеілігін күшейту үшін Қазақстан тәуелсіздігі үшін құрбан болған азаматтардың ерліктеріне тарихи баға беру қазіргі ұрпақтың маңызды міндеті. Алайда, өңірлерде халық көтерілістері мен наразылықтарына, мәжбүрлі босқындарға, күштеп ұжымдастыру, дайындық және басқа да саяси науқандардың ақталған құрбандарына, Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күресушілер және қуғын-сүргін құрбандарына айналған дәстүрлі діни қызметкерлерге арналған естелік белгілер іс жүзінде жоқтың қасы. Мысалы Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарының аудан орталықтарында және халық көтерілістері құрбан болған жерлер туралы белгілер, ескерткіштер әр түрлі себептермен салынбаған.

Өкінішке орай, кейбір субъектілерде саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап ескерткіштер тұрғызу туралы бұрын қабылданған шешімдер қаражаттың болмауына байланысты жүзеге асырылмады. Ал кейбір, жекелеген өңірлерде (облыстарда) жергілікті билік, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен кәсіпкерлердің саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу объектілерін салу әрекеттеріне немқұрайлы қарауда.

Осыған орай, мысалы қазіргі тәуелсіздік жылдардағы тәжірибе ретінде Абай облысы Абралы ауданының бұрынғы шағын аудан орталығы - Семей ядролық полигонының аумағына ең жақын елді мекен болып

табылатын Қайнар ауылындағы Мәдениет үйі ғимаратының алдындағы қоғамдық кеңістікті жаңартуды айтуға болады. Онда қоршалған периметр бойында Абралы ауданынан шыққан белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің бюсттері, содан кейін Ұлы Отан соғысына қатысқан ауданның барлық тұрғындарына арналған қалпына келтірілген монумент, содан кейін ұжымдық жадтың мүлдем жаңа түрі — "Абралы көтерілісіне Қатысушыларға" арналған монумент дәйекті түрде орналастырылған.

Жоғарыда келтірілген жағдайлар жалпы шығу тегі (Ру жадысы), бір аумақта тұру (орын жадысы) идеялары Туыстық, Туыстық топографиялар эмпатия негізін құрайды, олар мемлекет жүргізетін ұлтара-лық, мәдени саясаты шеңберінде де, әр түрлі жад актерлері де қалыптастырады, оларға бауырлық, аумақ-тық немесе кәсіби бірігетін адамдар қауымдастығын жатқызуға болады. Қазіргі Қазақстанның мемориал-дық ландшафтының бұл алуан түрлілігі көркем сөздердің негізінен әлі де Кеңестік болып қала бере-тіндігімен, алайда кеңестік және жаңа ескерткіштер мен монументтердің орындалуы бойынша классика-лық көршілестік Қазақстандағы заманауи монументалистиканың гибридті стилін қалыптастыруда деп айтуға негіз бар [2. б. 3].

### **Қорытынды.**

Жалпы, әлемдік деңгейде дамыған, тәуелсіздік алғаннан кейін барлық дерлік мемлекеттер өз халқы-ның бостандығы үшін күресушілер туралы Мемлекеттік актілерді бірінші кезектегі мемлекеттік шаралар қатарында және оларды мәңгілікке қалдыру және сакрализациялау мақсатында құжаттар қабылдайды.

Өкінішке орай, Тәуелсіздік жылдарында да біз қаһармандарымыздың отансүйгіштігі мен батылдығын өз деңгейінде бағалайтын, олардың ерліктерін ұлттық қазына және мемлекеттік құндылық деп танитын және басқа мемлекеттердегідей өз халқымыз бен Отанымызға қызмет етудің үлгісі ретінде көрсететін арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдаған жоқпыз.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамның барлық топтарының өкілдері, ұрпақтары жаппай қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз құрбан болған қаһармандарымызды мәңгілік есте қалдыру үшін ескерткіш белгі-лер, мемориалдық тақталар мен ескерткіштер орнатуды қолдайды. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының (жоғарыда келтірілген) басты мақсаттарының бірі - тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және саяси қуғын-сүргін құрбандарының ізгі есімдерін халық жадында мәңгі қалдыру.

Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев құрған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссияның міндеттері аясында жаңа нормативтік-құқықтық акті-лерде нақты құқықтық нормалар белгіленіп, құқықтық, жекелеген азаматтар үшін - саяси актаудың нақты құқықтық жолдары мен тетіктері бекітілуі тиіс.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысы шең-берінде жобалық офис соңғы жылдары орнатылған ескерткіштер мен ескерткіш белгілерге түгендеу жүргізу және еліміздің өңірлерінде тарихымыздың және қайғылы беттерін қамтитын жаңа ескерткіштер, стелалар, мұражайлар, белгілер орнату бойынша жоспарланған шаралар туралы жұмысты ұйымдастыру мәселелерін көтеруде.

Қойылған белгілер мен ескерткіштер, мемориалдар мен стеллалар көбіне кеңес заманында жоспарла-нып, басқа ұлт өкілдері тарапынан іске асырылған. Қазақстан халқы үшін, өз құқығы үшін 1920-1930 жылдарда күрескендердің көбіне ескерткіш те, белгі де орнатылмаған. Қазақстан бойынша Абралы, Қазалы, Созақ көтерілістеріне қана ескерткіштер мен белгілер орнатылған.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын құқықтық ақтау, оларды халық жадында мәңгілікке қалдыру өте өзекті. Алайда, ҚР заңнамасында елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың және т.б. атауларында жаппай қуғын-сүргінге және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қарсы басқа да ауыр қыл-мыстарға жауапты адамдарды еске алуға тыйым салатын бап жоқ. Кеңес заманында мемлекеттік террор-дың ұйымдастырушылары мен белсенді қатысушыларының атымен аталған көптеген көшелер, елді мекендер, ұйымдар өзгертіліп, тарихи маңызы бар ұлттық атаулар оларға қайтарылды. Бірақ бұл үлкен жұмыстың басы деп есептеуге болады, себебі еліміздің барлық өңірлерінде халық көтерілістерінің естелік орындарын, жазықсыз адамдарды ату орындарын анықтап, саясаттандырмай демеушілермен және ұрпақ-тарымен бірге ескерткіштер, ескерткіш тақталар, стеллалар және т.б. орнатуды ұйымдастыратын уақыт келді. Сонымен қатар осы мәселені толықтай кешенді түрде шешу үшін мемлекеттік бағдарламаны дайындап бекіту және Қазақстандағы барлық ескерткіштер мен стеллаларды, тақталарды мемлекеттік тір-кеуден өткізу қажет. Жазықсыз адамдарды атылған орындарын халық жадында сақтап қалу мақсатында Мемлекеттік бағдарламаны бекітіп және қатаң мемлекеттік стандарттарды қадағалу керек.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елеуханова С.В., Положение репрессированных в Казахстане Реабилитация и Память Отношение к жертвам советских политических репрессий в странах бывшего СССР, Издательская программа Международного общества «Мемориал» Москва 2016 С. 480., с., 228-229
2. Медеуова К. «Затянувшаяся «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане». Электронный ресурс: [https://www.nlobooks.ru/magazines/novoe\\_literaturnoe\\_obozrenie/161\\_nlo\\_1\\_2020/article/21982/](https://www.nlobooks.ru/magazines/novoe_literaturnoe_obozrenie/161_nlo_1_2020/article/21982/). Дата обращения 10.03.2023 г.
3. Путилова, Е.Г. Увековечение памяти жертв политических репрессий в России как одно из направлений деятельности общества «МЕМОРИАЛ» по сохранению исторической памяти Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики Тамбов: Грамота, 2012. № 11 (25): в 2-х ч. Ч. I. С. 148-152. Электронный ресурс: [elenastumbris@yandex.ruwww.gramota.net/materials/3/2012/11-1/32.html](http://elenastumbris@yandex.ruwww.gramota.net/materials/3/2012/11-1/32.html). Дата обращения: 07.03.2023 г.
4. Памятники жертвам политических репрессии не территории бывшего СССР. Список памятников и памятных знаков. База данных. Электронный ресурс: [https://www.sakharov-center.ru/asfcd/pam/?t=list&c=Kazakhstan&id\\_c=81](https://www.sakharov-center.ru/asfcd/pam/?t=list&c=Kazakhstan&id_c=81) Дата обращения: 24.02.2023 г.
5. Памятники истории и культуры местного значения города Астаны Электронный адрес: <https://www.wikiwand.com/ru>. Дата обращения 15.12.2022 г.
6. Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). том 4, Народные восстания и протесты в Казахстане в 1920-1930-х гг. Сборник документов и материалов. Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – с.568., С. 3, 5).
7. Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 12: Государственное преследование и политические репрессии участников национально-освободительного движения «Алаш». Сборник документов и материалов под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 332 с, С. 3).
8. Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 11: Борцы за национальную свободу, независимость и территориальную целостность Казахстана. Сборник документов и материалов. Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 568 с, С 4.
9. Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 15: Северный Казахстан и Алаш. Сборник документов и материалов. Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 378 б., Б 4, 5)
10. Шериязданова Б.Р. Полевые материалы 2022-2023 ж.ж. 2023 г. 27.08.2022 вход №01-04/213 Костаной; Акмола 28.04.2023 вход №01-04/92; СКО 28.04.2023 вход № 01-04/92; Павлодар 28.04.2023 вход № 01-04/92; Астана 28.04.2023 вход № 01-04/92.

References:

1. Eleukhanova S.V., The situation of the repressed in Kazakhstan Rehabilitation and Memory Attitude to the victims of Soviet political repression in the former USSR countries, Publishing program of the International Society "Memorial" Moscow 2016 p. 480. pp. 228-229.
2. Medeuova K. "Prolonged "Sovietism" and transformations of collective memory: Soviet and post-Soviet memorial complexes in Kazakhstan". Electronic resource: [https://www.nlobooks.ru/magazines/novoe\\_literaturnoe\\_obozrenie/161\\_nlo\\_1\\_2020/article/21982/](https://www.nlobooks.ru/magazines/novoe_literaturnoe_obozrenie/161_nlo_1_2020/article/21982/).
3. Putilova, E.G. Perpetuation of the memory of victims of political repression in Russia as one of the activities of the MEMORIAL Society for the preservation of historical memory Historical, philosophical, political and legal sciences, cultural studies and art history. Questions of theory and practice Tambov: Diploma, 2012. No. 11 (25): in 2ch. I. С. 148-152. Electronic resource: [elenastumbris@yandex.ru www.gramota.net/materials /3/2012/11-1/32.html](http://elenastumbris@yandex.ru www.gramota.net/materials /3/2012/11-1/32.html)
4. Monuments to victims of political repression on the territory of the former USSR. List of monuments and memorials. Database. Electronic resource: [https://www.sakharov-center.ru/asfcd/pam/?t=list&c=Kazakhstan&id\\_c=81](https://www.sakharov-center.ru/asfcd/pam/?t=list&c=Kazakhstan&id_c=81)
5. Historical and cultural monuments of local significance of Astana city E-mail address: <https://www.wikiwand.com/ru>

6. *Material Apostille commissions on rehabilitation of victims of political repression (20-50 years old. XX century). Volume 4, Vol. Collection of documents and materials. Under general. red. Well.T. Karina. - Astana, 2022. - S.568., S. 3, 5).*

7. *Materials of the State Commission for the Complete rehabilitation of victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Vol. 12: State persecution and political repression of participants of the national liberation movement "Alash". Collection of documents and materials under the general editorship of E.T. Karin. – Astana, 2022. – 332 p., p. 3).*

8. *Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Vol. 11: Fighters for national freedom, independence and territorial integrity of Kazakhstan. Collection of documents and materials. Under the general editorship of E.T. Karina. – Astana, 2022. – 568 s, From 4.*

9. *Material Apostille commissions on rehabilitation of victims of political repression (20-50 years old. XX century). T. 15: Severn Urga Kazakhstan and Alash. Collection of documents and materials. Under general. red. Well.T. Karina. - Astana, 2022. - 378 B. B 4.5)*

10. *Shariazdanova B.R. Fieldexample material 2022-2023 G.G. 2023 27.08.2022 login apostille 01-04 / 213 Kostanoi; Akmola 28.04.2023 login apostille 01-04/92; SKO 28.04.2023 login apostille 01-04/92; Pavlodar 28.04.2023 login apostille 01-04/92; Astana 28.04.2023 login apostille 01-04.2023 login.01-04/92.*

**FTAHP03.20.**  
**ӘОЖ 94(457)**

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.006>

*A.F. Ибраева\*<sup>1</sup>, З.С. Тайшыбай<sup>2</sup>, С.З. Мәлікова<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*т.ғ.д., профессор Манаи Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті (Петропавл қ., Қазақстан Республикасы), E-mail: aktara1971@mail.ru*

<sup>2</sup>*Еңбек сіңірген профессор, ф.ғ.к., доцент, Манаи Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті (Петропавл қ., Қазақстан Республикасы), E-mail: zarkyn-42@m*

<sup>3</sup>*т.ғ.к., Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатының директоры, (Петропавл қ., Қазақстан Республикасы), E-mail: malikova\_saule@mail.ru*

### **ПЕТРОПАВЛ УЕЗИ АҚҚУСАҚ БОЛЫСЫ: АЛАШ ӘСКЕРІН ҚҰРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Тәуелсіздік жылдарында Алаш қозғалысына деген көзқарас Кеңестік қоғамдық қатынастардың салдарынан ұмытылып бара жатқан сипатынан өзгеріп, ұлттық идеология деңгейіне көтерілді. Алаш қайраткерлерінің еңбектері жаңаша бағаланып, зерттеушілердің соңғы буынның санасынан лайықты орын алуда. Мақалада Қазақстан тарихындағы Алаш қозғалысының, қозғалыс тудырған Алаш саяси партиясының және Алашорда үкіметінің Солтүстік Қазақстандағы қызметін зерттеуге арналған. Аймақтағы Алаш саяси қозғалысының қайраткерлері, олардың қозғалысқа қатысуынан бастап, күрескерлік деңгейге көтерілуі нақты мысалдармен сипаттау. Мәселен, осы уақытқа дейін Алаш қозғалысының күрескерлік сипаты толық ашылған жоқ. Тіпті, «Алашорда үкіметі жарияланбаған, саяси партияның бағдарламасы жарық көргенімен, нақты қимылдарға кіріспеген» деген сияқты пікірлер де бар. Оның ішінде, Солтүстік Қазақстандағы Алашорда қайраткерлерінің есімдері ғана аталып, өмірбаян деректері толық зерттеу маңызды орынға ие. Қазақстан тарихшылары жеткен бірқатар ғылыми жетістіктер баршылық. Біз мақалада тарихилық және объективтілік принциптерді ұстана отырып, қоғамдық құбылыстар қандай күрделі болса да, еліміздің бастан кешкен басқа да оқиғалармен ажырамас бірлікте өрбігенін көрсетуге күш салдық. Кеңес кезінде жарық көрген зерттеулерге сын көзбен қарай отырып, жаңа әдіснама негізінде тарихнамадағы ескірген көзқарастардың салқынына ұшырамастан тарихи шындықты қалпына келтіруге тырыстық. Сондықтан, Алаш қозғалысы тарихын, оның ішінде солтүстік өңірдегі құбылыстарды бағалауға

жаңа дерек көздерін пайдаландық. Бұл дерек көздерінің ақпараттық мүмкіндіктері әр уақытта толық болмағандығын көрсетуіміз керек.

**Кілт сөздер:** Алаш қозғалысы, азаттық күресі, қоғамдық сана, тәуелсіздік, мемлекет құрылысы, Алаш әскері.

Ибраева А.Г. <sup>\*1</sup>, Тайшыбай З.С. <sup>2</sup>, Маликова С.З. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>д.и.н., профессор, Северо-Казахстанский университет им. М.Козыбаева  
(г. Петропавловск, Республика Казахстан), E-mail: [akmaral1971@mail.ru](mailto:akmaral1971@mail.ru)

<sup>2</sup>Заслуженный профессор, к.ф.н., доцент, Северо-Казахстанский университет им.  
М.Козыбаева (г. Петропавловск, Республика Казахстан), E-mail: [zarkyn-42@mail.ru](mailto:zarkyn-42@mail.ru)

<sup>3</sup>к.и.н., директор Северо-Казахстанского государственного архива  
(г. Петропавловск, Республика Казахстан), E-mail: [malikova\\_saule@mail.ru](mailto:malikova_saule@mail.ru)

## ПЕТРОПАВЛОВСКИЙ УЕЗД АККУСАКСКАЯ ВОЛОСТЬ: НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ АРМИИ АЛАШ

### Аннотация

За годы независимости отношение к движению Алаш изменило свой забытый характер из-за советских общественных отношений и поднялось до уровня национальной идеологии. Труды деятелей Алаша по-новому оцениваются и занимают достойное место в сознании последнего поколения исследователей. Статья посвящена изучению деятельности Алашского движения в истории Казахстана, Алашской политической партии и правительства Алашорды в Северном Казахстане. Охарактеризовать на конкретных примерах деятелей политического движения Алаш в регионе, начиная с их участия в движении и заканчивая подъемом на бойцовский уровень. Например, до сих пор бойцовский характер движения Алаш не был полностью раскрыт. Есть даже такие комментарии, как: «правительство Алашорды не было опубликовано, программа политической партии не вступила в конкретные действия». В том числе, имена деятелей Алашорды в Северном Казахстане и биографические данные занимают важное место. Есть ряд научных достижений, достигнутых историками Казахстана. В статье мы постарались показать, что, придерживаясь принципов историчности и объективности, общественные явления, какими бы сложными они ни были, разворачиваются в неразрывном единстве с другими событиями, которые пережила наша страна. Критикуя исследования, опубликованные в советское время, мы пытались восстановить историческую реальность на основе новой методологии, не подвергаясь холоду устаревших взглядов в историографии. Поэтому мы использовали новые источники для оценки истории движения Алаш, в том числе явлений в северном регионе. Мы должны показать, что информационные возможности этих источников не всегда были исчерпывающими.

**Ключевые слова:** движение Алаш, освободительная борьба, общественное сознание, независимость, государственное строительство, армия Алаш.

A.G. Ibraeva<sup>\*1</sup>, Z.S. Taishybay<sup>2</sup>, S.Z. Malikova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences, Prof, North Kazakhstan University named after M. Kozybayev  
(Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan), E-mail: [akmaral1971@mail.ru](mailto:akmaral1971@mail.ru)

<sup>2</sup>Honored Professor, Candidate of Philological Sciences, Associate Prof, North Kazakhstan University named  
after M. Kozybayev (Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan), E-mail: [zarkyn-42@mail.ru](mailto:zarkyn-42@mail.ru)

<sup>3</sup>Candidate of Historical Sciences, Director North Kazakhstan State Archive, North Kazakhstan State Archive,  
(Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan), E-mail: [malikova\\_saule@mail.ru](mailto:malikova_saule@mail.ru)

## PETROPAVLOVSK UYEZD KAZAN PARISH: SOME ISSUES OF THE FORMATION OF THE ALASH ARMY

### Abstract

Over the years of independence, the attitude towards the Alash movement has changed its forgotten character due to Soviet public relations and has risen to the level of national ideology. The works of Alash figures are

evaluated in a new way and occupy a worthy place in the minds of the last generation of researchers. The article is devoted to the study of the activities of the Alash movement in the history of Kazakhstan, the Alash political party and the government of Alashorda in Northern Kazakhstan. To characterize the figures of the Alash political movement in the region by concrete examples, starting with their participation in the movement and ending with the rise to the fighting level. For example, until now, the combative nature of the Alash movement has not been fully disclosed. There are even comments such as: «the government of Alashorda has not been published, the program of the political party has not entered into concrete actions». In particular, the names of Alashorda figures in Northern Kazakhstan and biographical data occupy an important place. There are a number of scientific achievements achieved by historians of Kazakhstan. In the article we tried to show that, adhering to the principles of historicity and objectivity, social phenomena, no matter how complex they may be, unfold in inseparable unity with other events that our country has experienced. Criticizing the research published in Soviet times, we tried to restore historical reality on the basis of a new methodology, without being exposed to the cold of outdated views in historiography. Therefore, we used new sources to assess the history of the Alash movement, including phenomena in the northern region. We must show that the information capabilities of these sources have not always been exhaustive.

**Keywords:** Alash movement, liberation struggle, public consciousness, independence, state building, Alash army.

### **Кіріспе**

«Қазақстан Республикасында қоғамдық сананың қалыптасу концепциясында» «қазіргі кезде Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихы жасалып жатқанда, өткен тарихты түзетіп, жаңаша ой-талқысынан өткізу қажет» деп жазылғандай, тарихтың өткен кезеңін нақты сипаттау үшін тарихи білімді үзіп-жұлу және бұрмалау үрдісін түзетіп, шындық негізінде саралау қажет. Әсіресе, кеңес заманындағы Қазақстан тарихының ой-санамыздан қайта өткізу қажет. Сөйте отырып, қоғамда тарихқа сыйлау көзімен қарау, мәдениеттілік деңгейіне көтеру, тарихи деректерді құметтеу міндет. Демек, алдын-ала біржақты көзқарасқа берілмей, тарихилық және ғылыми ақиқат принциптерін ұстана отырып, еліміздің өткендегі өмірін нақты және шындық сипатында баяндау маңызды.

### **Материалдар мен әдістер**

Тақырыпты зерттеу барысында Алаш әскеріне қатысты бұрыннан белгілі деректер мен ғылыми айналымға енгізіліп отырған архив басылымдары, мерзімдік баспасөз құжаттарын қарастыра отырып, объективті түрде баға беруді мақсат етіп қойылған.

Мақаланы жазу барысында көптеген осы уақытқа дейін жарық көрген ғылыми еңбектер сараланды, республиканың бірқатар белді архив қорларында бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген құнды деректермен жұмыс жасалды. Мәселен, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің қорларынан Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тәркілеуге ұшыраған байлардың жеке істері, Қазақстан Республикасы Президентінің архивіндегі Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, қилы тағдыры, құнды мұралары және тергеу істері; Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві; Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивіндегі ХХ ғасырдың басындағы Кеңес үкіметінің орнауымен қабылданған заңнамалық құжаттар, Алаш әскеріне қатысты құжаттар ғылыми мақала мазмұнының терең ашылуына арқау болды. Айталық, Алаш қайраткерлеріне қарсы құзырлы органдардың құпия іс-әрекеттерінің ұйымдастырылуы олардың жеке істерінде сақталған құжаттардан көрінеді. Қазақстанның бүкіл саласын қадағалап отырғысы келген большевиктер жоғары билік орындары үшін кеңейтілген құжаттар кешенін даярлады. Партиялық басшылық үшін берілетін біріккен мемлекеттік саяси басқарманың құпия деректері сталиндік әміршіл-әкімшіл саясаттың орнығуына байланысты саяси мәселелерге ерекше мән берді. Бүгінгі таңда осы және басқа да мәліметтер арқылы Алаш қайраткерлерінің қасіреті жан-жақты ашуға мүмкіндік туып отыр.

Жоғарыда аталған зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері архив құжаттарын, мәліметтік жинақтарды, шолуларды, белгілі қоғам қайраткерлерінің естеліктері мен мақалаларын, сол кезеңдегі баспасөз жарияланымдарын, тақырыптық құжаттар мен жинақтарды біріктіріп отыр. Күрделі кезеңдердегі тарихи оқиғаларды зерттеу барысында архивтік деректердің ғылыми айналымға молынан қосылуы тақырыпты ашудың ерекшелігі болып табылады және олар бір жүйеге келтіріліп, сыни тұрғыдан талданды. Ғылыми зерттеу барысында тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы талдау сияқты әдіснама жиынтығы мен жинақтау, объективтілік, ғылыми таным ұстанымдары басшылыққа алынды. Мақалада нақты тарихи қажеттілік, тарихи тағылым, тарихи зерде негізінде қоғамдық-саяси мәселелер бойынша жаңа көзқарастар, ғылыми ойлар ескеріліп отырды.

Алаш қозғалысын республикалық деңгейде сипаттауға В.З. Ғалиевтың, З.Қ. Қасымбаевтың, М.Қ. Қозыбаевтың, С.Ф. Мажитовтың, Б.К. Рақымбекованың және басқаларының теориялық-әдіснамелік мақалалары көмектесті. Ғылыми ақпараттың бұл түрі қарастырылып отырған уақыт аралығындағы тарихнамалық жағдайды сипаттайды. Қорытындылар. Ақпарат көздері ретінде газет-журнал мақалалары, естеліктер, тергеу материалдары пайдаланылды. Публицистикалық еңбектерді пайдаланудың нақты себептері: ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе «Қазақ», «Сарыарқа», «Үш Жүз» т.б. газеттер бетінде Алаш қозғалысына байланысты саяси, ақпараттық, танымдық материалдарды көп басты. Ұлттық сананы оятып, күрескерлік рухқа дайындаған Алаш ұранды баспасөз нұсқалары да толық зерттелмеген. Айталық, «Жас Азамат» (1918-1919) газеті Алаштық «Қазақ» газетінің ізбасары, дәстүр жалғастырушысы бола тұра, басылымның саяси бағасы берілген жоқ. Солтүстік Қазақстанда Алаш әскерін құру жөніндегі бастамалар осы уақытқа дейін тарихи бағасын алған жоқ. Тіпті, 1918 жылы жазда Петропавл уезінің Аққуасқ болысында Міржақып Дулатов бастаған Алаш қайраткерлерінің өткізген көп адамдық жиыны туралы ауызекі әңгімеден басқа ешқандай ақпарат қалмаған. Жоғарыда аталған оқиғалар нақты деректер негізінде байыпты зерттеуді, Алаш қозғалысының маңызды көріністері ретінде бағалауды қажет етеді.

Алаш қозғалысын республикалық деңгейде сипаттауға В.З. Ғалиевтың, З.Қ. Қасымбаевтың, М.Қ. Қозыбаевтың, С.Ф. Мажитовтың, Б.К. Рақымбекованың және басқаларының теориялық-әдіснамелік мақалалары көмектесті. Ғылыми ақпараттың бұл түрі қарастырылып отырған уақыт аралығындағы тарихнамалық жағдайды сипаттайды. Қорытындылар. Ақпарат көздері ретінде газет-журнал мақалалары, естеліктер, тергеу материалдары пайдаланылды. Публицистикалық еңбектерді пайдаланудың нақты себептері: ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе «Қазақ», «Сарыарқа», «Үш Жүз» т.б. газеттер бетінде Алаш қозғалысына байланысты саяси, ақпараттық, танымдық материалдарды көп басты. Ұлттық сананы оятып, күрескерлік рухқа дайындаған Алаш ұранды баспасөз нұсқалары да толық зерттелмеген. Айталық, «Жас Азамат» (1918-1919) газеті Алаштық «Қазақ» газетінің ізбасары, дәстүр жалғастырушысы бола тұра, басылымның саяси бағасы берілген жоқ. Солтүстік Қазақстанда Алаш әскерін құру жөніндегі бастамалар осы уақытқа дейін тарихи бағасын алған жоқ. Тіпті, 1918 жылы жазда Петропавл уезінің Аққуасқ болысында Міржақып Дулатов бастаған Алаш қайраткерлерінің өткізген көп адамдық жиыны туралы ауызекі әңгімеден басқа ешқандай ақпарат қалмаған. Жоғарыда аталған оқиғалар нақты деректер негізінде байыпты зерттеуді, Алаш қозғалысының маңызды көріністері ретінде бағалауды қажет етеді.

Алаш қозғалысын республикалық деңгейде сипаттауға В.З. Ғалиевтың, З.Қ. Қасымбаевтың, М.Қ. Қозыбаевтың, С.Ф. Мажитовтың, Б.К. Рақымбекованың және басқаларының теориялық-әдіснамелік мақалалары көмектесті. Ғылыми ақпараттың бұл түрі қарастырылып отырған уақыт аралығындағы тарихнамалық жағдайды сипаттайды. Қорытындылар. Ақпарат көздері ретінде газет-журнал мақалалары, естеліктер, тергеу материалдары пайдаланылды. Публицистикалық еңбектерді пайдаланудың нақты себептері: ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе «Қазақ», «Сарыарқа», «Үш Жүз» т.б. газеттер бетінде Алаш қозғалысына байланысты саяси, ақпараттық, танымдық материалдарды көп басты. Ұлттық сананы оятып, күрескерлік рухқа дайындаған Алаш ұранды баспасөз нұсқалары да толық зерттелмеген. Айталық, «Жас Азамат» (1918-1919) газеті Алаштық «Қазақ» газетінің ізбасары, дәстүр жалғастырушысы бола тұра, басылымның саяси бағасы берілген жоқ. Солтүстік Қазақстанда Алаш әскерін құру жөніндегі бастамалар осы уақытқа дейін тарихи бағасын алған жоқ. Тіпті, 1918 жылы жазда Петропавл уезінің Аққуасқ болысында Міржақып Дулатов бастаған Алаш қайраткерлерінің өткізген көп адамдық жиыны туралы ауызекі әңгімеден басқа ешқандай ақпарат қалмаған. Жоғарыда аталған оқиғалар нақты деректер негізінде байыпты зерттеуді, Алаш қозғалысының маңызды көріністері ретінде бағалауды қажет етеді.

### **Талқылау**

Мақаланың тақырыбы бүгінгі күні көкейкесті болатын себебі, бүкілқазақтық сипат алған Алаш қозғалысының Қазақстанның солтүстік аймағында арнайы зерттелмеген, ашылмаған қырлары көп мәселе болып табылады. Ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихында елеулі орын алған күрестің солтүстік аймақтағы сипаттары мен нәтижелері жеке зерттеуді, архив құжаттары негізінде арнайы тексеруді қажет етеді.

ХХ ғасырдың басындағы Ресейдің және оның отары болған қазақ өлкесінің қоғамдық-саяси жағдайлары жеке адамдар мен топтардың наразылығынан ғана емес, экономика мен әлеуметтік саладағы жағдайлар, Ресейдің бастан кешкен сәтсіздіктері, мысалы орыс-жапон соғысы сияқты құбылыстардың ықпалына қарай қалыптасқаны тарихи шындық. Осының бәрі жиналып келіп,

Петербургтегі Сарай алаңында көпшілікке оқ ату оқиғасы «Бірінші орыс революциясы» деп аталған тарихи құбылысты туғызды.

1905 жылғы 6 тамызда жарық көрген «Мемлекеттік Думаны құру жөніндегі» патша манифесі Ресейдің халқының бір тобына бостандық бергендей болса, екінші тобын, оның ішінде қазақтарды, саяси жағынан тежеп, арнайы ереже шығарды. Ереже бойынша, мысалы, Семей облысындағы қоныс аударып келген 63 мың қазақ емес азаматтар бір депутат ұсына алатын болса, 625 мың қазаққа Думадан екі орын берілді. Яғни, станицада тұратын орыс этносының дауыс үлесі ауылда тұратын қазақтардан 10 есе артық. Көзі ашық, көкірегі ояу, қоғамдық-саяси құбылыстардың ара-жігін ажырата білетін азаматтар ғана бұл өзгерісті түсінетін. Мұндай азаматтар қазақ арасында бар еді [1].

Әлихан Бөкейханов Омбыда тұрса да, Қоянды жәрмеңкесі сияқты қазақтың үш Жүзінің өкілдері жиналатын жерде жиын өткізуді және съезд дәрежесіндегі жиында қазақ ұлтының жанды мүдделерін қорғайтын петиция даярлауды ұйымдастырды. Әрине, петицияның мәтінінде қазақтың ұлттық мемлекеттігі, тәуелсіздігі туралы мәселелер қозғалған жоқ. Дәлірек айтқанда, сол кезең үшін ең маңызды деген ұлтты этнос ретінде сақтап қалудың шарты болып табылатын азаматтық құқықтар, жер мәселесі, ар-ождан, ана тілінің басымдығы, баспасөз нұсқалары туралы мәселелер қозғалды.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ зиялыларының азаттық жолындағы ұйымдасқан саяси күресі 1905 жылдан басталды дегенде, отарлаушы империя билігінен патша өкіметінен азаматтық құқықтарды ашық және батыл талап етудің пікір айтудың басты жолы ретінде таңдалды.

Отаршыл мемлекеттің іргесі сәгіліп, шаңырағы шайқалған сәтті пайдаланып, қазақ халқының тәуелсіздік күресін бастап кетті. Әлбетте, қару көтеріп, қантөгіс жолымен емес, саяси-әлеуметтік, экономикалық-құқықтық талаптар қою арқылы өркениетті жолмен Қазақ мемлекетін құрудың жолдарын іздестірді. Ол үшін алдымен орыс империясының құрамындағы жұрт ретінде қазақтар өздерінің заңды құқықтарына кепілдік беруді талап етті [2].

Тарихта «Қарқаралы петициясы» деген атпен белгілі бол-ған талап-арыз (Шынында біреу ғана емес. – авт.) зерттеушілер назарына ерте-ақ ілінген болатын. Көрнекті ғалым Санжар Асфендияров «История Казахстана с древнейших времен» деген еңбегінде бірінші орыс революциясының дүмпуімен қазақ даласында отаршылдыққа қарсы наразылық бой көтерудің көрініс ретінде дүниеге келген бұл петиция туралы білген. Бірақ, ол өз кезіндегі идеология ықпалынан шыға алмай, бұл қозғалыстарға біржақты, тіпті немқұрайлы баға береді [3]. «...Қазақ газеттері шыға бастайды, қоғам қайраткерлерінің, «құрметті адамдардың», яғни, билер мен ақсақалдардың съездері жиналады. Көптеген съездер (Қарқаралы, Орал, т.б.) дәл сол «құрметті адамдар» мен интеллигенцияның съездері еді. Жиындарда үкімет атына петициялар мен тілек-өтініштер қабылданды. Әсіресе, отарлау саясатына көп орын берілді, өйткені қоныс аудару белгілі дәрежеде қазақ қоғамының барлық қабаттарына залал келтірді».

Ал, екінші бір ірі қайраткер Тұрар Рысқұлов осы мәселе жөнінде: «1905 жылғы манифестке байланысты қазақтар арасында митингілер өткізілді, дін және жер тақырыбына петициялар жазылды...» деп, – көрсетеді. Осылайша, көтерілген мәселелер «Дін және жер» тақырыбы төңірегінде шектеліп қалған деп білген. Бұған да коммунистік идеологияның салқыны тиген.

Шет елдерде жүріп отарлық езгідегі қазақ халқының мүддесін қорғаған, Кеңестік құрылысты үнемі сынап өткен көрнекті қоғам қайраткері Хасен Оралтай «Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» деген еңбегінде Қарқаралы петицияларының жазылуына байланысты жиындарды «Алаш» партиясының бастау шағы деп түсіндіреді. «Партиялық қызмет жасырын жүргізілгендіктен, – дейді Х.Оралтай, – Алаш партиясының тұңғыш (құрылтай) съезі 1905 жылы маусым айында 14500 қазақ түркісінің қатысуымен Қарқаралыда өткізілді. Бірақ, ресми түрде Алаш партиясының съезі болып есептелмейді. Солай болғанмен де 1905 жылғы съезд Алаш партиясының съезі екендігіне күмән жоқ. Өйткені, 1905 жылы съезді ұйымдастырушылар, оның басқарушылары және онда шығып сөйлегендердің бәрі Алаш партиясының мүшелері еді. Бұл съезге Алаш партиясының лидері Әлихан Бөкейханұлының өзі қатысты». Х.Оралтай бұл арада істің мән-жайын толық білмегендігін көрсетеді. 1905 жылғы маусымда Ә.Бөкейхан Қояндыда болмаған. Мұрағат деректері Әлекеңнің Омбыда екенін, Қояндыда жазылған наразылық талап-хаттарды «Омбыда қабылдап, Петербургке өзі алып кеткендігін айғақтайды». Ресейдің орда қаласында Әлекең бұл хаттарды патша кеңсесіне тапсырумен бірге, бірнеше саяси газеттерге ұсынып, жариялатқан.

Ал, енді Қарқаралы жиындарының Алаш съезі екендігін дәлелдеу үшін Х.Оралтай Ә.Бөкейханның 1910 жылы жариялаған «Киргизы» деген еңбегіне сілтеме жасайды [4].

Бұл арада автор «съезд» деген атауды бірнеше рет ауызға алғанда С.Асфендияровтың жоғарыда аталған еңбегіне жүгінген болуы тиіс.

Кеңес дәуірінің басқа да зерттеушілері Қарқаралыда халық атынан қабылданған осы құжаттардың маңызын ұнатпаса да, болған істі мойындаған: «Бұл петицияның жалпықазақтық сипаты болды және шын мәнінде алаш қозғалысының саяси негізін салды». [5].

Семейде шығып тұрған орыс тіліндегі «Семипалатинский листок» газетінің 1906 жылғы 84-85 сандарында: «Қайткен күнде де еңбекшілерді революциялық күреске қатыстырмау үшін, феодалдық қазақтың байшыл көсемдері мен мұсылман дінбасылары «Петиция» науқанын ұйымдастырды. 1905 жылы 25-шілдеде Қоянды жәрмеңкесінде (Қарқаралы қаласына жақын) байлар съезі болды, онда патшаның атынан петиция дайындалды. Көтерілген басты мәселелер: қазақ жерінде ерекше мұсылмандық діни ба-қару жүйесін құру, мешіттер салу, діни медреселер ашу, Меккеге қажылыққа баруға рұқсат беру», деп жазылды.

Қазақ КСР-і тарихының, кейінге дейін «Қазақстан тарихы» деген кітаптардың беттерінде де осы мазмұндағы топшылаулар орын алды.

Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұзақ та ұлы күресінің ұзын көшіндегі осы кезең жөнінде Мұхтар Әуезовтің ертеде-ақ жазған мына сөздеріне разы боламыз. «1905 жылы Қарқаралыда Ақаң мен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік өкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жібергенін» көрсеткен М.Әуезов сол құжаттың мазмұнын бұрмаламай, нақты берген. «Ол петицияда аталған үлкен сөздері - бірінші - жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші - қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші – отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған». «Мүфтиге қаратуды сұраудың» өзін М.Әуезов «отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін» қолданған амал екенін дәл басып көрсеткен.

Қазақ КСР тарихы бес томдығының 1979 жылы шыққан 3-ші томында Қарқаралыдағы 1905 жылғы 15-қарашадағы Жақып Ақбаев ұйымдастырған митингінің құны оған «жұмысшылардың, қоныс аударған шаруалар мен солдаттардың және ауылдар мен болыстардан келген атты қазақ жігіттерінің қатысқандығында» ғана екендігі көрсетілген. Бұл тұжырым сол күйінде, 1957 жылғы «Рабочее и аграрное движения в Казахстане в 1907-1914 годах» деген жинақтан алынған болса, сол бетімен Алматыда 1993 жылы басылып шыққан «Қазақстан тарихының очерктеріне» де көшіріліп берілген.

Одан беріде 1994 жылы шыққан «Қазақстан тарихы» деген кітапта 1905-1907 жылдардағы қозғалысқа «өлкеге қоныс аударып келген орыс жұртының өкілдері ғана қатысты», «Қазақстанның жергілікті халқының мүдделері қозғалмады» деген тұжырым да сол баяғы ескірген, жетесіз сарын. Сөйтсек, автор «Мұнда таптық интернационалдық пролетарлық қозғалысқа негіз болар жағдайлардың тым жетімсіз» екендігіне тоқсаныншы жылдардың ортасында, маркстік тұрғыда өкініш білдірген екен [6].

Егер Ресей патшасының Манифесі – (адам құқығын еріксіз таныған басты құжаты) көтерілістің қуаты тегеуріні салдарынан қабылданғанын түсінетін болсақ, сол көтеріліске белсене қатысқан қазақ халқының, халықты бастаған азаткер қайраткерлердің еңбегі екендігін де мойындап, лайықты бағасын беруіміз керек.

Тарихи ғылыми-зерттеу еңбектерде, оқулықтарда қазақ даласындағы саяси күрестің патша Манифесімен байланысты өршуі 1905 жылғы қараша айынан бастап белең алғаны көрсетіледі. Шынында, және мұны атап айту керек бұл – Қыр өлкесіндегі саяси күрестің екінші кезеңі жарты жыл бұрын Қояндыда болған қалың қауым жиындарынан басталады. «Бүкіл елдік наразылықтың қазақ қоғамына бұрын тән емес петиция түрінде көрінуіне түрткі болған тұңғыш россиялық революция болған да, ал оны жазған азаттық қозғалысының басына келген жаңа әлеуметтік күш – ұлт-азаттық интеллигенция өкілдері еді».

«Қарқаралы петициясы» деп аталып жүрген құжатбұл жалғыз ғана петиция емес. Біздің анықтауымыз бойынша, әрқайсысы өзінше бөлек, дербес мазмұндағы бірнеше құжат. Олар, атап айтқанда, жеке-жеке: Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолдаған. Мұрағат құжаттарына қарағанда жиындарды өткізіп, петицияларды жазып, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Көлбай Тоғысов, Ахметқали Аяғанов бар. Басқа дәл қандай азаматтардың қатысы жөнінде мағлұматтар табылмай отыр. Құжаттың көшірмелері Петербургте шығатын «Сын отечества» и «Русские ведомости» газеттерінің редакциясына жолданды [7].

Петицияда қазақ халқы саяси, әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, қазақтар Мемлекеттік думаға – Ресей парламентіне сайлану құқығын талап етті. Ауыл,

болыс әкімшіліктерін мен хатшыларды сауатты қазақтардан тағайындау; қазақ ауылдарына христиан уағызшылардың келуіне тыйым салу; мешіт, медреселер салуға, баспахана ашып, газет, кітап шығаруға рұқсат беру; іс қағаздары, құжаттар қазақ тілінде жазылуын; билер сотын әділет министрлігі құрамына беру; жер мәселесін қазақтарға тиімді түрде шешу, балығы, тұзы бар өзендер мен ормандарды пайдалану, зауыт салу, пайдалы қазбалары бар жерді жалға беруге рұқсат беруді сұрады.

Ә. Бөкейханов «Қазақтар» атты мақаласында осы петициялардың маңызы жөнінде былай деп жазды: «Ол құжаттардан дінге және жерге қатысты мәселелер, саяси бостандық мәселелерінен де бұрын алға қойылды. Арыз-тілек хаттыдайындауға орыс әдебиетінің негізінде тәрбиеленіп, еуропалық мәдениетке құлай сенетін, отанының бақытын батыс мәдениетінің жемістерін тиімді пайдалана білу – деп есептейтін, діни мәселелерді екінші қатарда қарастыратын интеллигенттер де, сондай-ақ, шығыс мәдениетімен сусындап, ұлттық діни өзгешілікті насихаттауға ерекше ден қоятын зиялылар да араласты. Бұлардың алғашқысын батысшылар, екіншісін-түрікшілдер деп атауға болар еді. 1905 жылдың мауысымында қазақ даласының хақ орта тұсында, Қарқаралы оясындағы Қоянды жер мункесінде 14 500 қазақтың атынан министрлер кеңесінің төрағасына жолданған арыз-тілек хат азаттық аңсаған халықтың оянған санасының алғашқы үн қатуы еді...».

Патша үкіметінің Қазақстанда әкім-қаралары бұл бастамадан саяси үрей сезіп, оның Ә.Бөкейханов бастаған авторларын қуылға ұшыратты. Дін қайраткерлерінің жер аударды. 1906 жылы 8 қаңтарда Тұзқалада Ә.Бөкейханов, Қарқаралыда Ж.Ақпаев тұтқындалды. Көкшетау мешітінің имамы Науан хазірет Таласов пен медресе мұғалімі Шәймерден Қосшығұлов тұтқындалып, жер аударылды. Ш.Қосшығұловқа тағылған айып- оның Семей облысы Қарқаралы уезіндегі Абай Құнанбайұлы мен Павлодар уезіндегі Садуақас Шорманұлына жазған хаттары болатын. Бұл құжатта Ш.Қосшығұлов Семей облысы мұсылмандарының съезін шақырып, онда христиан миссионерлігіне қарсы мәселе көтеру жөнінде айтылған болатын [8, 28 б.]. Қазақ тарихындағы саяси қуғын-сүргін сол кездің өзінде-ақ басталған болатын.

«Семипалатинский листок» газетінің жазуы бойынша: «Ғалым, орманшы, Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының қазағы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов бір ауыздан сайланды. Редакция сайлаудың нәтижесімен қазақ халқын құттықтайды, өйткені, ұлт жанашыры Бөкейханов Мемлекеттік Думаға сайланып, қазақ халқының мүддесін қорғайтын болды» [9].

1916 жылғы оқиғалар. Алаш көсемдерінің қимыл-әрекеті. II Николай 1916 жылғы 25 маусымда «Империяның бұратана жұртшылығының еркектерін соғыстағы әскердің ұрыс аймағында қорғаныс ғимараттары мен байланыс жүйелерін салуға, сондай-ақ, мемлекеттік қорғаныс мүддесіне қажетті басқа да жұмыстарға жұмылдыру туралы» Жарлығы шықты. Жарлық бойынша қазақтардан 250 мың адам, яғни әрбір үшінші шаңырақтан бір жігіт алынуы керек еді [10, 3 б.].

Бұл оқиғалардың Солтүстік Қазақстанда қалай өткендігі туралы себебі мен салдарлары туралы «Сарыарқаны өрт алды» 2006. Петропавл, «Северный Казахстан» баспасы. Совет заманында ұлт-азаттық қозғалыстың ұйымдасқан нышаны ретінде бағаланып, көтеріліске дем берушілер мен оған қатысушылар жөнінде оң пікір болғаны рас. Ал, кезінде Алаш көсемдері қарулы көтерілістің заңсыз екенін көрсетіп, халықты қырғыннан сақтандырғаны дұрыс болғанына кейін көз жетіп, алаш қайраткерлерінің мынадай үгіт айтып, халыққа ақыл бергені тарихтан мәлім.

1916 жылғы тамыздың басында IV Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының ықпалымен Орынборда Қазақстан облыстары өкілдері мен патша әкімшілігі қызметкерлерінің жиналысын шақыруға Әлихан Бөкейханов мұрындық болды. Жиналыс нақты міндеттер қойып, тыл жұмыстарына шақырылғандарды ұйымдасқан түрде соғыс аймағына жеткізу және олардың еңбегін ұйымдастыру туралы шаралар қабылдады. Патша жарлығына байланысты қазақ даласында байқалған көтерілістер, оларды басып-жаншу туралы үкімет орындары қабылдаған шараларды тексеріп, зерттеу үшін Оралға, Орынборға және Ташкентке А.Ф. Керенскийдің комиссиясы жіберілді. Патша жарлығын орындауға байланысты Қазақстандағы, әсіресе Жетісудағы орынсыз әрекеттер жасаған, жергілікті халыққа зардап шектірген, көрші Қытайға дейін бастырған отаршыл үкіметтің қиянатын қатаң сынға алған Әлихан Бөкейханов 1916 жылғы 10 қыркүйекте Думада сөз сөйледі. Генерал Фольбаумның жазалау шараларын қатаң сынға алды. Нақты дәлелдерге сүйене отырып, депутат Керенский билеуші әкімшіліктің жергілікті жағдайларды білмей, асыра сілтегендігін, тіпті ораза кезінде жігіттерді жұмысқа шақыру шараларын жүргізгендігін сынға алды. Мысалы, Керенский былай деген еді: «Бүкіл Түркістан мен қазақтардың қыр облыстары Тула немесе Тамбов губерниялары емес... Бұл ұлан-байтақ аймақ өзінің тұрмысы, экономикасы мен саяси мазмұны ерекше аймақ», – деп Түркістан мен Қыр өлкесінің генерал-губернаторларын жауапқа тартуды талап етеді.



Әрине, халықты шығынға ұшыратқан құбылыс қазақ тарихында азаттық күресіне серпін берген тарихи оқиға болғаны да рас. 1917 жылды Әлихан Бөкейханов Минскіде қарсы алған болатын. Мұнда ол Батыс майдан штабының жанында Земгордың «бұратана» халықтар бөлімін құрып, майдан жұмыстарындағы мыңдаған қазақ азаматтарына қамқорлық көрсетіп жүрген. Патшаның тақтан кеткенін, Уақытша үкімет орнағанын сонда жүріп білді де, 1917 жылғы 5 наурызда Орынборға, «Қазақ» газетінің редакциясына, елдегі жақтастарына жеделхат жолдады. Бұл жеделхатында Алаш көсемі «Қазақ халқының тілегі орындалғанын», енді азаттық, даму жолына түсу қажеттігін көрсетті. «Ұйымдасып, жаңа үкіметтің күшеюіне қызмет қылалық, кешікпей ашылатын Учредительное Собраниеде һәм г. Думада бәйгеге қосылып, жүзде алып, халқымыздың бақ-берекесіне жол ашалық», – деп жазылған.

Жаңа үкімет Торғай облысындағы жағдайдың шиеленіскенін байқап, Ә.Н.Бөкейхановты Уақытша үкімет атынан осы облысқа комиссар етіп тағайындады [11, 100 б.]. Бұл қызметке ол 1917 жылғы 11 сәуірде кірісіп, жыл аяғына дейін атқарды. Ұлттың болашағына байланысты шараларды талқылау үшін Қазақстанның жер-жерінде қазақ съездерін өткізуді ұйымдастырды.

1917 жылғы сәуірдің 2-8 күндері аралығында Орынборда 300-ден астам адам қатысқан Торғай облыстық қазақтар съезі өтті, оған Қазан және Уфа мұсылман комитеттерінің өкілдері қатысты. Съезді Ахмет Байтұрсынов ашты. Торғай облыстық съезінің маңызы оның бірінші қазақ съезі екендігінде ғана емес, қазақтың ұлттық саяси партиясын құратын ұйымдастыру бюросын сайлағандығында. Яғни, қазақ мемлекеттігін жаңғыртудың бастамасы болатын. 13 сәуірде ұйымдастыру бюросының мәжілісі өтіп, онда «ұлттың мүдделері мен мұқтаждарын қарайтын» Жалпықазақ съезін шақыру жөнінде шешім қабылданды [12, 46 б.].

Бұдан кейін, Верный қаласында Жетісу, Торғай, Семей, Ақмола және Орал облыстық съездері өткізілді.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов пен М.Дулатов Жалпықазақ съезіне үш ай бойы дайындалды. 1917 жылғы 21-26 тамыз аралығында қазақ өлкесінің барлық облыстарының өкілдері жиылған Бірінші жалпықазақ съезі болды. Съезде қазақ өлкесін басқарудың мемлекеттік жүйесі, ұлттық автономия, ұлттық саяси партия, бүкілресейлік мұсылман қозғалысына қатысу, халық ағарту, милиция және құрылтай жиналысына сайлау мәселелері қаралды. Атап айту керек, бұл съездің шешімдері облыстар мен уездердің съездерінде толық қолдау тапты.

1917 жылғы 14 қазанда Құрылтай жиналысына сайлау өткізілді. Бұл сайлауда Алаш партиясы Қазақстанда жеңіске жеткен еді. Семей облысында партия 57,5 %, ал қала мен уезде 85,6 %, Торғай және Орал облыстарында 75 % дауыс алды. Алаш партиясының тізімі бойынша Ақмола облысынан Рақымжан Дүйсембаев – журналист, Избасаров – мал дәрігері, Тұрлыбаев Айдархан, Сеитов Асылбек, Итбаев Ережеп, Жанайдаров Сеилбек, Тілеулин Жұмағали, Жұмабаев Мағжан, Мешімбаев Сыздық, Күсемісов Салмақбай дауысқа түсті.

Қараша айында Алаш көсемдері партияның Екінші съезін шақыру туралы жер-жерге хабар берді. Баспасөзде былай жазылған: «Съезге делегат ретінде әр уезден екі ақсақалдан және облыстық қазақ комитеттерінен оқығандар арасынан екі делегаттан шақырылады». 1917 жылдың 21 қарашасында «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясының бағдарламасы жарияланды. Съезге барлығы 80 делегат және 130-дан аса қонақ шақырылды. Орыс тілінде Ташкентте шығатын газетте мынадай ақпар басылды: «Съезге қатысушылардың көпшілігі орысшаға жетік, жоғары және орта білімділері де аз емес».

Алаш партиясының съезі 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өтті. Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қаралған ІІ Жалпықазақ съезінің ұйымдастырушылары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов болған. Алашорданың төрағасы болып сайланған Әлихан Бөкейханов: «Алашорда бүгіннен бастап қазақ халқының билігін өз қолына алады», – деп қаулы қабылдады.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 25 қаңтарындағы санында съезд туралы кеңейтілген ақпарат жарияланды. Мысалы, Солтүстік Қазақстанды қамтитын Ақмола облысынан қатысқан делегаттардың тізімінде: Жанәлі Мырзалыұлы, Жәнібек Ғайсаұлы, Иса Малдыбайұлы, Балға Күрлеуітұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Сейітжан Жаханұлы, Есет Жанбайұлы, Кәмәлиддин Ғабдоллаұлы, Құл Бәуенұлы тіркелген.

Съезде қаралуға қойылған мәселелер қатарында: 2. Қазақ автономиясы, 3. Милиция, 4. Ұлт кеңесі, 5. Оқу мәселесі, т.б. көрсетілген. Автономия мәселесі жеке қаралып, оның қаулысы қоса берілген: «2. Қазақ-қырғыз автономиясы – «Алаш» деп аталсын. 3. Алаш автономиясының жері, үстіндегі түгі, суы, астындағы кені – «Алаш» мүлкі болсын, 4. Алаш автономиясының низамын Бүкіл

россиялық Учредительное собрание бекітеді. 5. Қазақ арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады. Алаш автономиясының қол астында жерсіз халықтар болса, оларға ұлт һәм мәдени автономия беріледі. 6. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлт Кеңесін құруға, мұның аты «Алаш Орда» болсын. Алаш Орданың ағзасы 25 болып, бұл 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырды. Алаш Орданың уақытша тұратын орны – Семей қаласы. Алаш Орда бүгіннен бастап қазақ халқының билігін өз қолына алады. 7. Алаш Ордасы халық милициясын құруға ынтымақпен құрысуға міндетті...» [13, 14 б.].

The article reveals the concepts of destructive religious movements as much as possible. The article also discusses the concept of destructive religious movements based on definitions in specific research papers. The main thing in the article analyzes the works of scientists who conducted research on destructive religious movements in general. The truth is that today the vast majority of terrorist acts with a religious background are carried out with the participation of representatives of Islamic destructive trends. Such moments negatively affect the domestic legislation of any state, that is, its political and legal situation. As well as encroachment on the rights of citizens. The activities organized by destructive political currents are characterized by an anti-humanistic character, which includes moral values.

Currently, politicization of destructive trends, active participation in political processes in individual countries is becoming an urgent issue in the field of religious studies. Destructive currents are not only a concept concerning the Islamic religion. Any world religion is distinguished by the existence of currents and sects within itself. In many ways, this should not be considered as related to religion, but only as the most politicized trend. Characterizing destructive currents from this point of view, it is necessary first of all to pay special attention to the peculiarities of their occurrence.

**Keywords:** religion, religious studies, politics, current, humanity, Islam, organization.

**Acknowledgments.** *The article was prepared as part of the implementation of fundamental scientific research «Historical traditions of Kazakh statehood and the issues of preserving national identity» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Registration number BR20280975).*

**Кіріспе.** XXI ғасыр – адамзат баласының жан-жақты дамуына толық жағдай жасалған тарихи кезең. Ақпараттық технологиялар мен инновациялық жобалардың қарышты алға басуымен, ғаламды шарлаған интернет пен әлеуметтік желілер түрлі ұлттардың жақындастыруда. Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен экономика саласындағы әріптестік саяси тұрақтылықтың кепілі болып, адамдардың барынша қолайлы өмір сүруіне жағдай жасап отыр. Еліміздің егемендік алған алғашқы жылдарында мемлекет терең экономикалық дағдарыста болғандығы жасырын емес. Дұрыс таңдалған экономикалық саясат пен қоғамның бір мақсатқа жұмылып, сәтті топтасуы бүгінгі болашағы баянды Қазақстан Республикасының келбетін қалыптастырды. Бүгінде еліміз әр азамат үшін қолайлы жағдай туғызуға қауқарлы мемлекетке айналып, халықаралық саяси аренада өзіндік орнына ие болды. XXI ғасыр тек адам үшін игі істердің бастауына айналуы тиіс саналатын ақпараттық технологиялар мен интернет желілері арқылы жастар арасында біздің дәстүрімізге жат әрі шындықтан алыс жатқан жалған діни ағымдардың идеялары да еркін таралуда. Ал оған төтеп беруге көп жастарымыздың діни сауаты жетіспейді. Бұл жағдай қазіргі дамыған қоғам жағдайында да деструктивті ағымдардың қаупі сейілмей, керісінше күшейіп отырғандығын байқатады. Әсіресе халықаралық ұйымдар деструктивті деп таныған исламдық діни ағымдар қазіргі күні негізінен араб елдерінде орныққан. Сондықтан да мәселенің маңыздылығын ескере келе, бүгінгі деструктивті ағымдардың көздегенін анықтау үшін алдымен дәл сол араб елдеріндегі ислам дініндегі деструктивті ағымдарға дінтанулық талдау жасаудың маңыздылығы жоғары. Бұл алдымен біз үшін араб елдеріндегі деструктивті ағымдардың тарихын және онымен күрестің жолдарын зерделеу ғана емес, еліміздегі мұндай сипаттағы деструктивті ағымдардың мақсатын дәл анықтау мен оны қоғамнан аластатудың жолдарын табу үшін де маңызды.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысы барысында қоғамдық ғылымдарға белгілі принциптерге сай деструктивті ағымдардың пайда болуының нақты тарихи жағдайы мен оның даму заңдылықтары толыққанды ашылды. Зерттеу барысында мәселеге қатысты алынған мәліметтер сыни талдау арқылы жасалған тұжырымдар тақырыпқа қатысты шынайы пікір, ғылыми пайымның қалыптасуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар жасалған ғылыми пайымдар мен тұжырымдар мәселенің теориялық негіздеріне тың өзгерістер әкелуге мол мүмкіндігі бар.

Зерттеу барысында гуманитарлық ғылым салаларында кеңінен қолданыс тапқан бірқатар принциптер басты назарда болды. Олардың объективтілік принципін атауға болады. Деструктивті ағымдардың тек аймақтық қана емес, ғаламдық қаупі анықталды. Зерттеудегі басты принциптен шыға отырып, қажетті деректер мен зерттеу жұмыстарын табу (эвристика), алынған мәліметтерді сыни көзқараспен талдау, оны қолданудағы жүйелілік пен логикалық байланыстылығын сақтау, анализ, синтез сияқты өз нәтижесін беретін әдістер кеңінен қолданыс тапты.

**Талқылау.** Ислам дініндегі деструктивті ағымдарға дінтанулық талдау мәселесі отандық дінтанушылар тарапынан кешенді түрде қарастырыла қоймаған тақырыптардың бірі болып табылады. Егемендік

алғаннан бері аталмыш тақырып бойынша белгілі бір дәрежеде жекелеген ағымдардың тарихына қатысты дінтанушылар тарапынан талпыныстар жасалып отырды. Сонымен қатар аталмыш мәселеге қатысты тек қана отандық тек ғалымдар емес, шет елдік зерттеушілердің ғылыми ізденістерінің нысанына айналды. Сондай-ақ дәл осы шетелдік зерттеушілер тарапынан жүргізілген ғылыми жұмыстары арасында құнды зерттеулердің де бар екендігін атап өту қажет. Осыған орай, мәселенің жан-жақты әрі зерделенуінің дұрыс әрі нақты болуы үшін дінтану саласы бойынша отандық зерттеушілеріміздің теориялық және әдіснамалық тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, зерттеу бағыты ретінде таңдалуы тиіс.

Жоғарыда аталғандай, мәселеге қатысты отандық зерттеушілермен қатар, шетелдік зерттеушілердің де еңбектері жарыққа шыққандығы атап өтіледі. Сондықтан да мәселенің зерттелу деңгейін екі сыныпқа топтастырып, оның бірін отандық зерттеушілердің еңбегі құраса, екіншісін шетелдік зерттеушілердің еңбегі құрап отыр.

Алдымен мәселенің теориялық негіздеріне көңіл бөлудің қажеттілігі туындайды. Бұл ретте деструктивті ағым, секта, культ түсініктерін барынша ашып көрсетіп, ислам дінінің деструктивті ағымдарының тарихын ашу үшін алдымен мұндай ағымдар туралы түсініктің қалыптасқандығы маңызды. Осы маңызды міндеттен шыға отырып, барынша пайдаланған абзал. Олардың қатарында Р.Абдулганеевтің «Деструктив культы, тоталитарные секты – источник распространения религиозного экстремизма» [1], Ю.В. Ахремееваның «Социокультурная основа религиозного экстремизма» [2], К.В. Кислюктің «Религиоведение» [3], М. Вебердің «Избранные произведения» [4] еңбектерімен қатар мәселенің теориялық негіздеріне қатысты Е.Н. Васильеваның «Теории церковь и секты от М. Вебера и до наших дней» [5], отандық ғалымдардың қатарында Н.Ж. Бәйтенованың «Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер» [6] мен «Дінтану негіздері» (7) атты оқулығында ашылған, берілген мол мәліметтер өзінің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Мәселеге қатысты А.Қ. Омаровтың «Теріс діни ағымдар мен олардың белгілері» [8], Г.А. Базарбаеваның «Жат діндер және жастар» [9], Ж.Б. Момынқұлов, Д.М. Кокеева, А.Хаванның «Опыт арабских стран в сфере противодействия терроризму» [10] атты еңбектері, А.Ш. Асаиновтың «Религия и общество» [11], Р.М. Сыздықовтың «Обучающие комплексы, направленные на повышение грамотности в области религии. Для членов информационно и пропагандистских групп, религиоведов и государственных служащих, а также для лидеров молодежи, чтобы остановить распространение идеи религиозного экстремизма, терроризма. Для привитие казахстанскому обществу толерантность, веротерпимость, а также соблюдения прав и свободы окружающих, а также формирование уважительной отношении к традициям, обычаям светской государства» [12], Ж.А. Шаукеновтің «Дінтану. Діни қауіпсіздіктің негізі» [13] деп аталатын зерттеу жұмыстары мен іргелі жұмыстарында біз қарастырып отырған мәселеге қатысты бірқатар маңызды мәліметтер кездеседі және біздің тарапымыздан қызығушылық тудырып отыр.

Жалпы діни алауыздық пен деструктивті ағым мәселесіне тікелей қатысты шетелдік еңбектердің нақты әрі құндылығымен ерекшеленетін зерттеу жұмыстары қатарында А.Демченконың «Внутренний фактор и формирования внешней политики некоторых арабских стран» [14], сонымен қатар А.Крыловтың «Роль и место религиозных факторов в арабской весне» [15], В.Горбатованың «Радикальная исламская организация в условиях «ренессансов»: политический ислам в арабских странах» [16], А.Сагадеевтің «Джихад» атты еңбектерді атап өтуге болады [17]. Сондай-ақ А.А. Игнатенконың «Ислам и секты: ожидание судного дня (новый политический взгляд со старыми позициями)» [18] және И.П. Добаевтың «Исламский радикализм, генезис радикализма в исламе и эволюция» [19] атты еңбектерімен қатар, Джасим Ясиннің «Роль арабских стран в борьбе исламским терроризмом» [20], П.И. Сидоровтың «Психический терроризм: нелетальные оружия массовой поражения» [21], П.Дворкиннің «Тоталитарные секты и опыты системы» [22], И. Кантеровтің «История новых религиозных движений: США и Россия» [23], Т.С. Смирнованың «Новые религиозные движения и Россия: классификация, механизмы и защита личности» [24] еңбектері де маңызды.

Деструктивті діни ағымдардың алдын алу сияқты күрделі мәселелер А.Хлебниковтың «Особенность борьбы арабских стран с терроризмом» [25], Е.А. Карпенконың «Законодательные акты сотрудничества арабских государств и проблема борьбы с терроризмом» [26], К.Азимовтың «Некоторые совещания лиги арабских стран» [27], В.Носенконың «Мусульманский мир и борьба с терроризмом» [28], А.Рефаттың «Международный терроризм» [29], Э.Саидтың «Покровительство и ислам» [30] еңбектерімен қатар, Д.А. Шагавиевтің «Ислам: течения и религиозные группы» [31], Элдиб Амр Мохаммедтің «Египет: терроризм и движение братьев мусульман» [32] атты еңбектері жалпы ислам дініндегі деструктивті ағымдардың тарихы мен оның еліміздегі көріністерін сипаттауға мүмкіндіктер береді.



**Зерттеу нәтижесі.** Барлық діннің адам өміріндегі маңыздылығы өте жоғары. Ежелден солай қалыптасқан. Тіпті дін – әлемдік өркениетте де өзіндік маңызға ие екендігі анық. Діннің қоғамда атқаратын қызметтері сан салалы деп айта аламыз. Дін алдымен адамның ғаламды түсінуге жол ашады. Дін ғаламды қабылдаудың бірыңғай жүйесі де болып табылады. Сонымен қатар дін – адамдардың іс-әрекетін бақылауға да алып, дін талаптары мен заңдылықтарына сай реттеп отырады. Осы келтірген жайттардан ақ байқайтынымыз, дін адамдар арасындағы байланыстар мен қоғамдық қарым қатынастарды реттейтін аса маңызды әлеуметтік институтқа айналып отыр. Дін өз кезегінде әлеуметтік институт ретінде де адамзат қоғамы үшін бірқатар қызметтерді сәтті атқаруда. Өйткені біздің байқағанымыз дін қоғамдық өмірде аса маңызды болып табылатын әлеуметтік-мәдени ұйымның бір бөлігіне айналып та үлгерді. Дін тағы бір маңызды қызметтерінің бірі тұлға қалыптастырушылығы. Өз кезегінде дін адамның дүниетанымына күрделі өзгерістер енгізіп, қалыптастырушы да қасиеті бар. Дін негізінен қоғамдық құндылықтарды ескере отырып, өзіндік құндылықтарын қалыптастырады. Атап айтқанда қоғамдық қатынастарда ерекше сұранысқа ие адамгершілік және инабаттылық сияқты құндылықтар діннің заңдылықтарымен терең ұштасып жатқаны мәлім. Бұл құндылықтар сонымен қатар азаматтық қоғам үшін де маңызды. Өйткені азаматтық қоғамның басты ерекшеліктері де қоғам мүшелерінің өзара түсіністігіне негізделуінде екендігі белгілі. Біздің пікірімізше, мұндай маңызды құндылықтардың қалыптасуында діннің көмегі мен әсері өте жоғары. Тіпті мұндай құндылықтар діннің әсерсіз қалыптасуы мен жүзеге асуы мүмкін емес болып та көрінеді. Рас осы келтірген жайттардан дін адамзат баласы мен қоғамдық қарым қатынастарды тек ізгілікке жұмылдырады деген ой қалыптаспауы тиіс. Өйткені дін адамдардың іс-әрекетіне теріс жаққа бұрып, белгілі бір дәрежеде адам әрекеттеріне шектеулер қояды. Мұндай шектеулер қоғамдық қатынас-тарды қиындатып, азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісін тығырыққа тірейді деп санаймыз. Дінге негізделген мұндай шектеулер тіпті қауіпті болып келеді. Діни ұстанымдарға негізделуі ең алдымен бұлжымас қағидаға айналып, адамгершілік және ізгілік сияқты қасиеттерге қарсы ұстанымдар мен тәртіп қалыптастыруы мүмкін. Осылайша біз діннің жағымды және жағымсыз қасиеттері бар екендігіне көз жеткіземіз. Дін қоғам мүшелері мәдениетін көтеріп, тұлғаның рухани тұрғыдан кемелденуіне жол ашқан-нымен, керісінше адамдардың томаға тұйық өмір сүруіне алып келу ықтималдығы да жоғары. Жалпы кез-келген адамзат қоғамның қалыпты дамуы үшін белгілі бір ережелер мен құндылықтар жүйесі керек. Адамдарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға біріктіруде діннің алар орны ерекше екендігі белгілі. Осы жайтты басшылыққа ала отырып, біз діннің аса маңызды қызметі адамдарды топтастыру мен ортақ құндылықтарға біріктірушілік екендігін бағамдаймыз. Діннің біз атап өткен осы қызметтері түрлі тарихи кезеңдерде өзін-өзі толыққанды дәлелдеді. Тіпті бүгінгі таңдағы қоғам және қоғам мүшелерінің де топтасуында діннің маңызды рөлін байқауға болады. Өйткені дін қоғам мүшелерін ортақ адамгершілікке негізделген түсініктерге біріктіріп, ізгілік ережелерінің маңыздылыққа ие болуын қамтамасыз еткен жайттары өте көп. Мысалы бұл туралы зерттеуші В.Ф. Коломийцев өзінің «Социология. Герберт Спенсер» деп аталатын еңбегінде діннің біз атаған қоғамдағы қызметтеріне тоқталып, олардың төмендегідей жіктеп көрсетеді:

- Дін – отбасы институтын күшеюіне жағдай жасайды;

- Дін – адамдар арасындағы қатынастарды реттеп, олардың белгілі бір ұстанымдарға сай болып бақылайды.

- Дін – адамдарды басқарудың негіздерін қалыптастырушы қасиетке ие;

- Дін – ұлттар арасындағы бірлікті күшейтіп, сонымен қатар оларды алшақтатушы да қасиеті бар;

- Дін – адамдардың жеке меншікке ие болуын қолдау білдіреді [33]. Осы келтірген жайттардан ақ байқағанымыз дін қоғам үшін өзекті болған қызметтерді қамтиды. Қоғамның тұрақты дамуына атсалысып, теріс діни ағым жағдайында керісінше қоғам тыныштығын да бұзады. Тұрақты қоғам дамуының кепілі болып табылатын құндылықтар жүйесі де діннің әсер етуі арқылы жүзеге асып жатады. Демек дін қызметінің ауқымындағы мәселелер сан салалы және көп құрылымды деп айта аламыз. Сол себепті де кез-келген мемлекет үшін азаматтарының дұрыс немесе дәстүрлі діни сенімге артықшылық беруі аса маңызды. Біз жоғарыда атап өткен діннің жағымды әсерінің барлығы да дәстүрлі діни сеніммен байланысты. Осы себепті де мемлекет өз кезегінде азаматтарының діни сенім таңдаудағы іс-әрекетін бағыттар беріп, белгілі бір дәстүрлі діни құндылықтарға артықшылық беруіне қызығушылық танытып отырады.

XXI ғасыр біз үшін діннің тек жағымды ғана емес, сонымен қатар жағымсыз жақтарының да көп екендігін көрсетіп берді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің заман ағымына сай дамуына байланысты дәстүрлі емес діни ағымдардың пайда болуына жағдай жасалды. Діни тәжірибенің даму барысында дәстүрлі дін ішінде дәстүрлі емес деструктивті бағыттардың пайда болуы түрлі қиындықтар туындатты. Тіпті қоғам үшін қауіпті саналатын террорлық әрекеттер де дәл осы деструктивті діни ағымдар және олардың әрекеттерімен ұштасып жатқандығы да шындық болып табылады. Сондықтан біз алдымен дәстүрлі

діннің қоғамдағы орнын төмендетіп, оның дамуын тежейтін әрі дін атын жамылғанымен түп мақсаты діннен алыс жатқан деструктивті ағымдар, секта және культ түсініктерін ашуды дұрыс деп таптық. Өйткені осы дін негізінде жұмыс жасайтын кері факторлар мәселені толық ашуға өз септігін тигізеді.

Деструктивтік ағымдар деп қоғамның дамуын тежеп, мемлекеттің тұрақты дамуына кедергісін келтіретін факторды атаймыз. З.Е. Александрованың «Словарь синонимов русского языка» атты еңбегінде деструктивті сөзінің баламасын «разрушительный» немесе қиратушы деп түсіндірген [34]. Сөзсіз осы мәселе төңірегінде өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың барлығы да деструктивтік ағымдардың қоғам өмірінің дамуына пайдасынан қарағанда зиянын баса атап өтеді. Мысалы Ю.В.Ахремеева өзінің «Социокультурные основы религиозного экстремизма» атты зерттеу жұмысында «деструктивтік сенім тек қана ерекше әлеуметтік топ қана емес, ол жалпы мәдениетке қарсы тұратын қосалқы мәдениет (субкультура)» деген пікір білдіреді [35]. Бұл тұста ғалымның пікірімен толыққанды келісуге болады. Өйткені көп жағдайда деструктивтік ағымдар өзіндік өмір сүру талаптарына сай келмейтін дәстүр мен мәдениеттің қалыптасқан қағидаттарын мойындамастан жоққа шығаруға тырысады. Сонымен қатар деструктивтік ағымдар белгілі қоғам мүшелері үшін ғасырлар бойына қалыптасып, санасына берік орнаған құндылықтар жүйесін екінші орынға ығыстыруға тырысушылықтары байқалады. Ең бастысы діни дәстүр және ресми діни ұйымдар тарапынан қойылатын шарттар мен талаптардың анық қарсыластарына айналып отырады. Осылайша деструктивті ағымдар дәстүрлі дін мен мемлекет заңнамаларын өздерінің ішкі тәртіптерінен төмен қояды. Нәтижесінде деструктивтік ағым өкілдері өздерінің теріс түсініктерін қоғамда орнаған діни дәстүрден жоғары екендігін саналарына берік орнатып, оны көпшілікке насихаттау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады және өзін мойындатудың жолында гуманистік көзқарастарды теріске балайтын әдістерді де қолданудан бас тартпайды. Мұндай ағым мүшелері қоғам үшін жат түсінік болып табылатын экстремизм, тіпті терроризмге бейім келеді. Сол себепті де деструктивті діни ағымдар кез-келген қоғам үшін аса қауіпті әрі діни лаңкестіктің бастауы деп біз нақты тұжырым жасауға болады.

Зерттеуші Р.Р. Абдулганеев діни ағымдардың сыртқы және ішкі сипаты бойынша деструктивтілік мәнін ашуға тырысады. Мысалы зерттеуші ағымдардың сыртқы белгісі бойынша деструктивтілік сипатын төмендегідей әлеуметтік-теологиялық аспектілерде қарастырады:

- Жалпы қабылданған әлеуметтік құндылықтарды теріске шығарып, оны ұстанушыларды адасқандар немесе күнәһарлар деп қарастырушылық;
- Қоғамда орнаған тәртіпті сақтауға қарсы шыға отырып, деструктивті діни ұйымының идеологиясына шектен тыс бағынушылық;
- Дәстүрлі діни конфессиялар мен оның өкілдеріне деген өшпенділік;
- Мемлекет бекіткен заңнамалық негіздерді мойындамау және сақтамау;
- Өздерінің идеологиясын мойындамайтындарға қарсы үздіксіз күрес жүргізу деп айшықтай келе, ағымдардың ішкі сипаты бойынша деструктивтілік белгілерін төмендегідей жіктейді:
  - Тұлғаның өн бойындағы қасиеттерін тұншықтырып, өз идеологияларына мойынсұндыру;
  - Қоғамдағы этикалық және рухани кедергілерді жеңу;
  - Жақындар мен әлеуметтік ортасынан ажыратып, өзіндік сыни ойлау қасиетінен айыру;
  - Әлеуметтен тыс өмір сүру қағидаттарының үстемдік құру деп зерттеуші жіктейді [1, с. 15-16.].

Ал америкалық психолог Р. Лифтон деструктивті ағым өкілдеріне тән қасиеттердің бірі ретінде мынандай белгілерді жіктейді:

- Әлемді «таза» және «лас», «жақсы» және «жаман» деп бөлу. Өз ағымдарының мүшелерін «таза» әрі «жақсылар» қатарына жатқызса, қалғандары «лас» әрі «жамандар» қатарына жатады;
- Ағым идеологиясын абсолютті, толыққанды және ақиқат деп қабылдап, қарама-қайшы пікірдің барлығын өтірік деп санау;
- Ағым мүшелерінің өмір сүру құқығы мойындалып, өзгелердің құқығын шектеу;
- Қоршаған ортаны толық бақылай отырып, ағым мүшелерінің қарым-қатынасы мен ақпараттарды сұрыптау;
- Діни доктринаның тұлғаның қажеттілігінен жоғары тұруы деп деструктивті ағым өкілдеріне тән қасиеттерді жіктейді [35, 265 с.].

Отандық дінтанушы Г.А. Базарбаеваның пікірінше «дәстүрлі емес діни ағымдардың көздеген мақсаты – халықты айтқанға көнетін ойсыз топқа айналдырып, оларды жанды қуыршақ сияқты басқару, санасына өмір жүргізу болып табылады. Кез-келген адамды халықтың, не болмаса қандай да ұйымның құрамдас бөлігі ретінде қарастырсақ, тұлға ұйымның ортасына түскен кезде сол ұйымның ықпалына бейімделгіш келетіні белгілі. Тұлға ұйымның арасына қалған сәттен бастап бұрынғы табиғи қалпынан өзгеріп, мүлдем

басқаша ойлай бастайды, сол ұйымға тән іс-әрекеттер жасайтын болады» деп ой қорытады [9, 119 с.]. Ал дінтанушы А.Қ. Омаров өзінің «Теріс діни ағымдардың ортақ белгілері» атты мақаласында деструктивті ағымдарға тән негізгі үш белгіні атап көрсетеді. Олардың қатарында «адамның жүрегінде болатын төзімділік және сүйіспеншілік емес, керісінше өзімшіл болу мен қатігез болатын дән себіледі», «дәстүрлі діни түсініктерді қабылдай қоймаумен қатар, жергілікті мемлекет пен ұлттың ерекшеліктерін мойындамай, барынша қарсы тұруға тырысады», «әр ұлттың өзіндік отбасылық ерекшеліктері болуы заңды. Міне осы ерекшеліктерді мойнындамай, ұлттың өзіне тән әдет-ғұрыптарын сыйлауды қойса немесе әдет-ғұрыптың ұстанымдарына қарсы шықса, бұл дін өзінің шатақ екендігін дәлелдейді» деп ой қорытады [8, 131 с.].

Демек отандық және шетелдік дінтанушылардың барлығы бірдей қоғам үшін қауіпті деп тапқан ағымдардың неліктен деструктивті деген сипатқа ие болған? Деструктивті ұғымының астары неде? Жалпы деструктивтілік сөзі латын тілінен аударғанда шығатын тура мағынасы «күлату» немесе «қалыптасқан жүйені бұзу» деген мағынаны білдіреді екен. Қазақтың жалпақ тілімен айтқанда теріс пиғылды деп атауға толық негіз бар. Әрине санасы уланбаған қоғам мүшелері деструктивті ағымды толыққанды әрі адамгершілікке негізделген қарым-қатынастарды насихаттайтынына сенбейді. Алайда сол бағытта әрі сол ағымның жетегінде кеткендер үшін олардың бағыты дұрыс әрі ол дәлелдеуді қажет етпейді деген сенім саналарына берік орныққан. Сыртқы идеологияның салдарынан қоғам мүшелерін түрлі жікке бөлушілік аса қауіпті құбылыс. Ұлттық құндылықтарға емес, діни алауыздыққа берілу мемлекеттің баянды болашағы үшін де қауіпті саналады. Өйткені деструктивті ағым қоғамдағы азаматтарымыздың құқықтарын бұзатын бірден-бір фактор болып табылады. Деструктивті ағым өкілдері өздерінің үгіт-насихат жұмыстарында түрлі психологиялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданады. Деструктивті ағым өкілдері және идеясы адамдарды діннің асыл қасиеттерін насихаттау емес, керісінше өздерінің мүшелерін жақындары мен тіпті қоршаған ортадан оқшаулау болып табылады. Мұндағы мақсат ағымның талаптары мен мақсаттарын талдайтын емес, ешқандай сұрақсыз бағыну тәртібін жүзеге асыру болып табылады. Деструктивті ағымдар өздерінің болашақ құрбандарын терең зерттеу жұмыстарының нысанына айналдырады. Мұндай асты ескерілетін жайт болашақ мүше болатын адамдардың әлеуметтік жағдайы, қоғамдағы орны, отбасылық жағдайы, жеке меншігі және тағы да басқа пайда әкелер артықшылықтары басты назарға алынады. Қарапайым жұртшылықтан қарағанда қоғамда орны бар әрі қаржылық әлеуеті жоғары азаматтарды қатарына тарту басты артықшылық болары анық. Ал деструктивті ағымдардың жетегіне неліктен адамдар ереді деген мәселеде аса маңызды. Мұндай себептер қатарына алдымен интернет және түрлі әлеуметтік желілердегі ақпарат-тардың әралуандылығы және оларды сараптауда адамдардың білімнің жетіспеуі, ақпараттарды сараптап, оған қатысты шешім шығара алмау, өмірдегі сәтсіздіктер, адам басындағы уайым мен қайғының көп болуы, азаматтардың өз өміріне салғырт қарауы және тағы да басқа факторларды атап өтуге болар еді. Сондықтан да деструктивті ағым өкілдері алдымен адам басындағы осы мәселелерді шешіп берудің жолдарын ұсынады. Бұл деструктивті ағым өкілдерінің басты әдісіне жатады. Сізді қоғамның толыққанды мүшесі екендігіңізге сенім білдіріп, шешім шығара алатын қабілетіңіздің бар екендігіне және соған қауқарыңыздың толық жететіндігіне көз жеткізу арқылы адамға сенім беріп, өз қатарына қосады. Осылайша адамның үш қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізеді.

Ислам дініндегі деструктивті ағымдар тарихы мен оның бүгінгі таңдағы ерекшеліктері мәселесі ерекше назар аударарлық тақырыптардың бірі. Әрине кейінгі жылдары отандық дінтану саласында араб елдерінде пайда болып, халықаралық қауымдастықтың назарына ілігіп отырған ағымдарды жекелей қарастырушылық үрдісі байқалатыны шындық. Алайда мәселені кешенді түрде зерттеп, ғылыми айналымға қосқан ғылыми зерттеу жұмысы саусақпен санарлық. Сондықтан аталмыш зерттеу жұмысы осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының құрамдас бөлігі ретінде алдағы уақытта ғылыми ізденістердің басты нысанына айналуы тиіс деп нақты тұжырымдаймыз. Діни тұрақтылық қоғамның тыныштығы мемлекеттің баянды болашағының басты кепілі болып табылады. Ал қоғамның тыныштығын бұзатын әрі мемлекеттің тұрақты дамуын тежейтін факторлардың қатарына деструктивті ағымдар жатады. Деструктивті ағымдар, секта және түрлі теріс культтік ұйымдар адамдардың өз еркімен жүріп-тұру, дербес ойлау жүйесі, өзіндік шешім қабылдау сияқты қасиеттерін барынша шектейді. Деструктивті ағымдар, секта және түрлі теріс культтік ұйымдар өздерінің жұмыстарында түрлі психологиялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданады. Деструктивті ағым өкілдері және идеясы адамдарды діннің асыл қасиеттерін насихаттау емес, керісінше өздерінің мүшелерін жақындары мен тіпті қоршаған ортадан оқшаулау болып табылады.

Өмірдің тығырықты жайттарына тап болған, психологиялық ауытқушылығы бар және қаржылық әлеуеті бар адамдар деструктивті ағымдар, секта және түрлі теріс культтік ұйымдардың басты назарында. Деструктивті ағымдар, секта және түрлі теріс культтік ұйымдар жалған сенімге құрылған. Деструктивті

ағымдар, секта және түрлі теріс культтік ұйымдар қоғамдағы отбасылық институттың күйреуіне жол ашады. Өйткені деструктивті ағымдар, секта және түрлі теріс культтік ұйымдардың жұмыстары барынша құпия түрде жүргізіліп, мүшелерінің санасын толық бақылауда ұстайды. Нәтижесінде адам үшін бірінші кезекте отбасы емес, жалған сенім негізгі орынға шығады. Деструктивті ағымдардың алдын-алу, оларды түпкілікті тоқтату мәселесі өте өзекті. Осы маңызыдылықты сезінген Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және «Терроризмге қарсы күрес туралы» заңдарымен салыстырған араб елдерінің заңы барынша қаталдығымен ерекшеленеді. Өйткені осы араб елінің заңында террорлық әрекеттерді түбімен жою мақсатында көп жағдайда өлім жазасы тағайындалады. Қазақстан Республикасы да деструктивті ағымдарға қарсы күресті тек теориялық қана емес, өкінішке орай тәжірибе жүзінде іске асыруға мәжбүр болды. Деструктивті ағымдарға қарсы күресте Қазақстан Республикасының атқарған шаралары шартты түрде екі кезеңнен өтті. Алдымен еліміз деструктивті ағымдармен күрестің заңнамалық негіздерін қалыптастырды. Оның дәлелі бірқатар «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және «Терроризмге қарсы күрес туралы» сияқты құжаттар мен бұйрықтар жарық көрді. Екінші кезең нақты іс-әрекеттерді сәтті ұйымдастыру болып табылады.

**Қорытынды.** Қоғамның тыныштығы мемлекеттің баянды болашағының басты кепілдерінің бірі діни ұстамдылық болса, қоғамның тыныштығын бұзатын әрі мемлекеттің тұрақты дамуын тежейтін факторлардың қатарына деструктивті ағымдар жатады. Деструктивті ағым мен адамгершілік құндылықтар ұғымы бір-біріне қарама-қайшы түсініктер екендігін тарихи оқиғалардың өзі дәлелдеп берді. Деструктивті ағым мүшелерінің әрекеті қатігездікке негізделген және ол жаппай сипат алған. Деструктивті ағым қоғам тыныштығын бұзып, ұлттық қауіпсіздік мәселесіне қауіп төндірумен қатар, бейбіт тұрғындар арасында адам өлімін көбейтеді. Деструктивті ағым кез-келген мемлекеттегі азаматтық қоғам құру үдерісін бірнеше жылға кейін шегереді. Сонымен қатар олардың әрекеті азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеп, азаматтардың жергілікті заңды билікке деген күдіктің пайда болуына түрткі болады. Бұл өз кезегінде қоғамдық қатынастарды тығырыққа тіреп, тіпті мемлекеттің территориялық тұтастығына өз нұқсанын тигізеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Абдулганеев Р.Р. *Деструктив культы, тоталитарные секты – источник распространения религиозного экстремизма* // Грамота. – Тамбов, 2012. – № 10(24). – 184 стр.
2. Ахремеева Ю.В. *Социокультурные основы религиозного экстремизма. – Диссертация на соискание ученой степени кандидата философских наук. – Воронеж, 2009. – 178 стр.*
3. Кислюк К.В. *Религиоведение [учебное пособие]* / К.В. Кислюк, О.Н. Кучер. – Ростов /Д.Феникс; Х.Торсинг, 2004. – 512 с.
4. Вебер М. *Избранные произведения / пер. с нем. М.И. Левина, А.Ф. Филиппов, П.П. Гайденко. – М., 1990. – 808 с.*
5. Васильева Е.Н. *Теории церковь и секты от М. Вебера и до наших дней // Исследовано в России. – 2007. – 1298 с.*
6. Бәйтенова Н.Ж. *Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. – Алматы, 2009. – 275 б.*
7. Бәйтенова Н.Ж. *Дінтану негіздері. – Алматы, 2006. – 356 б.*
8. Омаров А. *Теріс діни ағымдар мен олардың белгілері // Дін және қазіргі заман. – Екінші басылым. – Астана, 2014. – 140 б.*
9. Базарбаева Г.А. *Жат Жат діндер және жастар // Дін және қазіргі заман. – Екінші басылым. – Астана, 2015. – 147 б.*
10. Момынкулов Ж.Б., Кокеева Д.М., Хаван А. *Опыт арабских стран в сфере противодействия терроризму* // КазНУ. – Серия религиоведения. – 2016. – № 3(7). – 250 с.
11. Асаинов Е.Ш. *Религия и общество* // Вестник КарГУ. – Серия философия. – Караганда, 2005. – 224 стр.
12. Сыздықов Р.М. *Обучающие комплексы, направленные на повышение грамотности в области религии. Для членов информационно и пропагандистских групп, религиоведов и государственных служащих, а также для лидеров молодежи, чтобы остановить распространение идеи религиозного экстремизма, терроризма. Для привитие казахстанскому обществу толерантность, веротерпимость, а также соблюдения прав и свободы окружающих, а также формирование уважительной отношении к традициям, обычаям светской государства. – Караганды, 2014. – 141 с.*
13. Шаукенов Ж.А. *Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері. Оқу құралы. – Қостанай: А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ, 2018. – 104 б.*

14. Демченко А.В. Внутренний фактор и формирования внешней политики некоторых арабских стран // Вестник МГИМО университета. – 2010. – 287 стр.
15. Крылов А.В. Роль и место религиозных факторов в арабской весне // Вестник МГИМО университета. – 2013. – № 4.
16. Горбатова В.В. Радикальная исламская организация в условиях ренессансов: политический ислам в арабских странах // Вестник Томского государственного университета. – 2012. – 227 стр.
17. Сагадеев А. Жихад // Наука и религия. – 1986. – № 6
18. Игнатенко А.А. Ислам и секта: ожидание судного дня (новый политический взгляд со старыми позициями). – М., 2003. – 167 с.
19. Добаев И.П. Исламский радикализм: генезис, эволюция, практика. – Ростов, 2002. – 198 с.
20. Джасим Ясин. Роль арабских стран в борьбе исламским терроризмом. // Правова Держава. – Киев, 2004. – № 7. – 198 стр.
21. Сидоров П.И. Психический терроризм: оружия массового поражения // Российский психиатрический журнал. – 2005. – № 3. – С. 28-34.
22. Дворкин А.Л. Тоталитарные секты и опыты системы. – Н.-Новгород: Христианская библиотека, 2007. – 814 с.
23. Кантеров И.Я. История новых религиозных движений: США и Россия. – Религиоведение. 2001. №1. С. 61-72.
24. Смирнова Т.С. Новые религиозные движения и Россия: классификация, механизмы и защита личности // Грамота. – Тамбов, 2011. – № 4. Ч. 1. С. 159-162.
25. Хлебников А. Особенность борьбы арабских стран с терроризмом // Научные школы МГИМО. – 2019. – №4. – С. 89-91
26. Карпенко Е.А., Законодательные акты сотрудничества арабских государств и проблема борьбы с терроризмом // Грамота. – Тамбов, 2020. – №1. – С. 71-76
27. Азимов К. Скандал на совещании лиги арабских стран // Россия и мусульманский мир. – М., 2004. – 247 стр.
28. Носенко В. Борьба с международным терроризмом и мусульманский мир // Мировая экономика и международные отношения. – 2007. – № 3.
29. Рефат А.М. Международный терроризм. – Дамаск, 1997. – 256 с.
30. Саид Э. Покрывательство ислама. – Каир, 1995. – 395 с.
31. Шагавиев Д.А. Исламские течения и группы. – Казань, 2015. – 336 с.
32. Элдиб Амр Мохаммед. Движение братьев мусульман и терроризм в Египте. – Вестник МГУ. – 2019. – №3. – С. 189-191
33. Коломийцев. Социология Герберта Спенсера. // журнал Социс. – 2004. – №1. – 176 стр.
34. Александрова З.Е. Словарь синонимов русского языка. – М., 2001. – 568 стр.
35. Lifton R.J. Thought Reform and the Psychology of Totalism: a Study of Brainwashing in China. – Carolina, 1989. – 528 p.

#### References:

1. Abdulganeev R.R. Destruktivnyye kul'ty i totalitarnyye sekty kak istochnik rasprostraneniya religioznogo ekstremizma // zhurnal Gramota. – № 10(24). – Tambov, 2012. – 184 s.
2. Ahremeeva YU.V. Sociokul'turnyye osnovy religioznogo ekstremizma. – Dissertatsiya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filosofskikh nauk. – Voronezh, 2009. – 178 s.
3. Kislyuk K.V. Religiovedenie [uchebnoe posobie] / K.V. Kislyuk, O.N. Kucher. – Rostov /D.Feniks; H.Torsing, 2004. – 512 s.
4. Veber M. Izbrannyye proizvedeniya / per. s nem. M.I. Levina, A.F. Filippov, P.P. Gajdenko. – Moskow, 1990. – 808 s.
5. Vasil'eva E.N. Teoriya «cerkov'-sekta»: ot M. Vebera do nashih dnei // Issledovano v Rossii. – 2007. – 1298 s.
6. Bautenova N.J. Kazirgi dasturden tys dini kozgalystar men kultter. – Almaty, 2009. – 275 b.
7. Bautenova N.J. Dintanu negizderi. – Almaty, 2006. – 356 b.
8. Omarov A.K. Teris dini agymdardyn ortak belgileri // Din jane kazirgi zaman. – Ekinshi basylym. – Astana, 2014. – 140 b.
9. Bazarbaeva G.A. Jat dinderdin kursauyndagy jastar kop // Din jane kazirgi zaman. – Ekinshi basylym. – Astana, 2015. – 147 b.

10. Momykulov ZH.B., Kokeeva D.M., Havan A. Opyt arabskikh stran v sfere protivodejstviya terrorizmu // Vestnik KazNU. – Seriya religiovedeniya. – № 3(7). – Almaty, 2016. – 248 s.
11. Asainov E.SH. Religiya i obshchestvo // Vestnik KarGU. – Seriya filosofiya. – 2005. – 224 s.
12. Syzdykov R.M. Obuchayushchij kompleks, napravlenyj na povyshenie religiovedcheskoj gramotnosti chlenov informacionno-propagandistskikh grupp i religiovedov, gosudarstvennyh sluzhashchih, liderov molodezhi, predotvrashchenie rasprostraneniya idej religioznogo ekstremizma i terrorizma, privitie kazhstanskomu obshchestvu tolerantnosti, veroterpimosti, soblyudeniya prav i svobod okruzhayushchih, formirovanie uvazhitel'nogo otnosheniya k traditsiyam i obyčajam svetskogo gosudarstva. – Karagandy, 2014. – 141 s.
13. Shaukenov J.A. Dintanu jane dini kauipsizdik negizderi. Oku kuraly. – Kostanai: A. Baitursynuly atyndagy KМУ, 2018. – 104 b.
14. Demchenko A.V. Vnutrennie faktory formirovaniya vneshnej politiki stran arabskogo vostoka // Vestnik MGIMO universiteta. – 2010. – 287 s.
15. Krylov A.V. Rol' religioznogo faktora v arabskoj vesne // Vestnik MGIMO universiteta. – Moskva, 2013. – № 4. Lifton R.J. Thought Reform and the Psychology of Totalism: a Study of Brainwashing in China. – Carolina, 1989. – 528 p.
16. Gorbatova V.V. Radikal'nye islamskie organizacii v usloviyah «renessansa» politicheskogo islama v stranah arabskogo vostoka // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. – Tomsk, 2012. – 227 s.
17. Sagadeev A. Dzhihad // Nauka i religiya. – 1986. – № 6
18. Ignatenko A.A. Islamskie sekty v ozhidanii sudnogo dnja (novyj vzglyad so staryh pozicij). – Moskow, 2003. – 167 p.
19. Dobaev I.P. Islamskij radikalizm: genezis, evolyuciya, praktika. – Rostov, 2002. – 198 s.
20. Dzhasim YAsin. Rol' arabskoj solidarnosti v bor'be s terrorizmom. – zhurnal Pravova Derzhava. – № 7. – Kiev, 2004. – 198 s.
21. Sidorov P.I. Psihicheskij terrorizm – neletal'noe oruzhie massovogo porazheniya // Rossijskij psihiatricheskij zhurnal. – 2005. – № 3. – S. 28-34.
22. Dvorkin A.L. Totalitarnye sekty. Opyt sistematičeskogo issledovaniya. – N.-Novgorod: Hristianskaya biblioteka, 2007. – 814 s.
23. Kanterov I.YA. Novye religioznye dvizheniya v SSHA i Rossii. – Religiovesenie. – 2001. – №1. S. 61-72.
24. Smirnova T.S. Novye religioznye dvizheniya v Rossii: problemy klassifikacii i mekhanizmy zashchity lichnosti. Gramota. – Tambov, 2011. – № 4. Vol. 1. S. 159-162.
25. Hlebnikov A. Osobennosti bor'by arabskikh stran s terrorizmom // Elektrondy resurs: <http://www.islam.ru/content/avtor/1118>
26. Karpenko E.A., Zakonodatel'nye osnovy sotrudnichestva arabskikh gosudarstv v oblasti bor'by s terrorizmom. Institut Blizhnego Vostoka. – Gramota. – №1. – Tambov, 2020. – S. 71-76
27. Azimov K. Skandal na soveshchanii ligi arabskikh stran // Rossiya i musul'manskij mir. – 2004. – 247 s.
28. Nosenko V. Bor'ba s mezhdunarodnym terrorizmom i musul'manskij mir // Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnye otnosheniya. – 2007. – №3.
29. Refat A.M. Mezhdunarodnyj terrorizm. – Damask, 1997. – 256 s.
30. Said E. Pokryvatel'stvo islama. – Kair, 1995. – 395 s.
31. Shagaviev D.A. Islamskie techeniya i gruppy. – Kazan', 2015. – 336 s.
32. Eldib Amr Mohammed. Dvizhenie brat'ev musul'man i terrorizm v Egipte. // Vestnik MGU. – 2019. – №3. – S. 189-191
33. Kolomijcev. Sociologiya Gerberta Spensera. // zhurnal Socis. – 2004. – №1. – 176 s.
34. Aleksandrova Z.E. Slovar' sinonimov russkogo yazyka. – Moskow, 2001. – 568 s.
35. Lifton R.J. Thought Reform and the Psychology of Totalism: a Study of Brainwashing in China. – Carolina, 1989. – 528 p.

ӘӨЖ 911.375(574.5)  
МРНТИ 39.21.02

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.013](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.013)

*Aliaskarov D.T.<sup>1</sup>, Ussenov N.E.<sup>\*2</sup>, Kaimuldinova K.D.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, senior lecturer, KazNPU named after Abaya, Almaty, Republic of Kazakhstan  
E-mail: [duman\\_06@mail.ru](mailto:duman_06@mail.ru)*

*<sup>2</sup>PhD, senior lecturer, KazNPU named after Abaya, Almaty, Republic of Kazakhstan  
E-mail: [nurik\\_88\\_kaznpu@mail.ru](mailto:nurik_88_kaznpu@mail.ru)*

*<sup>3</sup>Doctor of geography, professor, KazNPU named after Abaya, Almaty, Republic of Kazakhstan  
E-mail: [kulash\\_kaymuldin@mail.ru](mailto:kulash_kaymuldin@mail.ru)*

## POSSIBILITIES OF POST-INDUSTRIAL SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF MONO-CITIES FORMED DURING THE ERA OF INDUSTRIALIZATION (JANATAS CITY AS AN EXAMPLE)

### *Abstract*

This article focuses on the opportunities for the development of single-industry towns, formed during the period of industrialization, which have their own significance in the history of the country. Moreover, we looked at the example of Zhanatas, the centre of Sarysu district, located in Zhambyl region. The study discussed the history of single-industry towns that emerged during the period of industrialization, the socio-economic problems in these towns, the requirements of a post-industrial society and opportunities for sustainable development of single-industry towns. The natural and geographical potential of Zhanatas town was analyzed, and geospatial advantages and disadvantages were identified. The physical-geographical position and geo-environmental potential of the city were analyzed, the current state of infrastructure and socio-economic problems of the city were determined. A set of measures aimed at improving the complex socio-economic, urban planning, environmental problems common to many small towns and single-industry towns in Kazakhstan have been developed. A group of factors directly affecting the development of the city has been identified and a multifactor scenario for the sustainable development of Zhanatas has been proposed. These conclusions in the direction of modernization of the social sphere, diversification of the economy, environmental management and management of natural hazards underlie the opportunities for sustainable development of the city.

**Keywords:** industrialization, single-industry towns, Social modernization, economic diversification, sustainable development.

**Funding:** This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant № AP14870750 "Development of a conceptual framework for effective models of sustainable development of small towns of Zhambyl region").

*Д.Т. Алиаскаров<sup>1</sup>, Н.Е. Усенов<sup>\*2</sup>, К.Д. Каймулдинова<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [duman\\_06@mail.ru](mailto:duman_06@mail.ru)*

*<sup>2</sup>PhD, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [nurik\\_88\\_kaznpu@mail.ru](mailto:nurik_88_kaznpu@mail.ru)*

*<sup>3</sup>Г.ғ.д., профессоры, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [kulash\\_kaymuldin@mail.ru](mailto:kulash_kaymuldin@mail.ru)*

## ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ПОСТИНДУСТРИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ (ЖАҢАТАС ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА)

#### Аңдатпа

Бұл мақала еліміздің тарихындағы өзіндік мәні бар индустрияландыру кезеңінде қалыптасқан моноқалалардың даму мүмкіндіктеріне арналды. Мұны біз Жамбыл облысында орналасқан, Сарысу ауданының орталығы Жаңатас қаласы мысалында қарастырдық. Зерттеу барысында индустрияландыру кезеңінде қалыптасқан моноқалалардың тарихы, ол қалалардағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер, постиндустриялық қоғамның талаптары мен моноқалалардың тұрақты даму мүмкіндіктері талқыланды. Жаңатас қаласының мысалында табиғи-географиялық әлеуетіне талдау жасалып, геокеңістіктік артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Физикалық-географиялық жағдайы мен геоэкологиялық әлеуеті талданып, қаланың қазіргі инфрақұрылым жағдайы және әлеуметтік-экономикалық проблемалары белгілі болды. Қазақстанның көптеген шағын қалалары мен моноқалаларына ортақ күрделі әлеуметтік-экономикалық, қалалық жоспарлау, экологиялық бағыттағы проблемаларды жақсартуға бағытталған іс-шаралар кешені әзірленді. Қала дамуына тікелей әсер ететін факторлар тобы анықталып, Жаңатас қаласының тұрақты дамуының көп факторлы даму сценарийі ұсынылды. Әлеуметтік саланы модернизациялау, экономиканы әртараптандыру (диверсификациялау), қоршаған ортаны тиімді пайдалану және табиғи қауіп-қатерлерді басқару бағытындағы бұл тұжырымдар, қаланың тұрақты даму мүмкіндіктеріне негіз болады.

**Кілт сөздер:** индустрияландыру, моноқалалар, әлеуметтік модернизация, экономиканы әртараптандыру, тұрақты даму.

**Қаржыландырылуы:** Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP14870750 «Жамбыл облысының шағын қалаларын тұрақты дамытудың тиімді үлгілерінің концептуалды негізін жасау»).

*Алиаскаров Д.Т.<sup>1</sup>, Усенов Н.Е. \*<sup>1</sup>, К.Д. Каймулдинова.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>PhD, старший преподаватель, КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан  
E-mail: [duman\\_06@mail.ru](mailto:duman_06@mail.ru)

<sup>2</sup>PhD, старший преподаватель, КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан  
E-mail: [nurik\\_88\\_kaznpu@mail.ru](mailto:nurik_88_kaznpu@mail.ru)

<sup>3</sup>Д. г. н., профессор, КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан  
E-mail: [kulash\\_kaymuldin@mail.ru](mailto:kulash_kaymuldin@mail.ru)

## ВОЗМОЖНОСТИ ПОСТИНДУСТРИАЛЬНОГО УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ МОНОГОРОДОВ, ФОРМИРОВАННЫХ В ЭПОХУ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА ДЖАНАТАС)

#### Аннотация

Данная статья была посвящена возможностям развития моногородов, сформировавшихся в период индустриализации, имеющих свое значение в истории страны. Это мы рассмотрели на примере города Жанатас, центра Сарысуского района, расположенного в Жамбылской области. В ходе исследования обсуждалась история моногородов, сложившихся в период индустриализации, социально-экономические проблемы в этих городах, требования постиндустриального общества и возможности устойчивого развития моногородов. Проведен анализ природно-географического потенциала города Жанатас, выявлены геопространственные преимущества и недостатки. Проанализировано физико-географическое положение и геоэкологический потенциал города, стало известно современное состояние инфраструктуры и социально-экономические проблемы города. Разработан комплекс мероприятий, направленных на улучшение сложных социально-экономических, градостроительных, экологических проблем, общих для многих малых городов и моногородов Казахстана. Выявлена группа факторов, непосредственно влияющих на развитие города, предложен многофакторный сценарий устойчивого развития города Жанатас. Эти выводы в направлении модернизации социальной сферы, диверсификации (диверсификации) экономики, рационального использования окружающей среды и управления природными угрозами лежат в основе возможностей устойчивого развития города.

**Ключевые слова:** индустриализация, моногороды, Социальная модернизация, диверсификация экономики, устойчивое развитие.



**Финансирование:** Данное исследование финансировалось Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (AP14870750 - «Создание концептуальной основы эффективных моделей устойчивого развития малых городов Жамбылской области»).

**Introduction.** Currently, the problem of sustainable development of cities with a homogeneous (mono-profile) economy is one of the problems of a global scale. There are no cities in the world that are protected from changes in the foreign and domestic markets. If the changes are unfavorable, some cities will face particularly serious social and economic problems. Such changes are especially severe for cities with a homogeneous economy than for cities with a diversified economy. Because it is known from history that cities with a homogeneous economy are distinguished by the "accumulation" of problems rather than their sustainable development achievements. Examples include the Gold Belt in the US, "new" or "resource" cities in Canada, "company cities" in Western European countries, and monocities in the CIS region [1].

In general, in the world experience, the unresolved problems of small cities are more important than the successful development achievements. The homogeneity of the economy of small cities, dependence on the activities of one or more city-forming enterprises, is the basis for calling these cities as "mono-city". The difference of monocities compared to other cities with a multifunctional economy is due to changes in the external environment, changes in government goals, the state of economic sectors, fluctuations in the foreign market, demand for goods, monitoring of payment terms, etc. [2].

The main issue of monocities, which is considered as one of the global problems, begins with the transition to the market economy in the Republic of Kazakhstan, which began in the mid-1990s. The financial and economic crisis that began in 2008 increased the urgency of this issue on the agenda. In order to solve this problem, the "Program for the Development of Monocities" for 2012-2020 was adopted. The program covered 27 cities of the country [3], including Zhanatas.

The city of Zhanatas is a city with a homogeneous economy located in the western part of Zhambyl region. The changes in the external and internal markets of Zhanatas, which specializes in the production and processing of phosphorus raw materials at the end of the 20th century, became the basis for this city to become a depressed region. Furthermore, some media even called Zhanatas as "abandoned" or "ghost" city. Due to socio-economic difficulties, the population of the city has decreased by 3 times in the last 30 years (currently the number of inhabitants exceeds 22 thousand) [4]. This indicator really emphasizes the "abandoned" appearance of the city.

From the experience of Western countries, it is known that modernization of homogeneous cities does not consist only of structuring the economy. Here, natural resource potential, spatial advantages, and environmental quality are taken into account as the basis for sustainable development [5]. Therefore, it is impossible not to take into account the natural and territorial complexes in the planning of the sustainable development of Zhanatas city and its suburbs. Because the main goal of territorial planning is to create a suitable and comfortable environment for the population. It is based on natural and geographical conditions. At the same time, the importance of studying the harmonious development of the environment and society is very high and is an issue on the agenda of our research work. Therefore, the purpose of this study was to study the possibilities of post-industrial sustainable development of monocities formed in the era of industrialization (in the example of Zhanatas city).

#### **Materials and methods.**

A monocity is a city with one or few (not a lot) city-building enterprises, with a single image and a raw material orientation. That is, a city where the main part (more than 20%) of the working population and industrial production is concentrated in enterprises that determine the economic and social situation [6].

Small towns that depend on the activities of city-building enterprises are called "monocities" or "monotowns" in our country and the vast majority of CIS countries, while the concepts of "one industry town" or "single-industry town" are widespread in world practice [7]. In addition, the USA, Canada, Australia, Germany, etc. Are giving names like names "boomtowns", "resource towns", "company towns" to small towns with accumulated problems. That is, although the names are different, the formation of these cities corresponds to the industrial period, and the city's activity (specialization) was closely connected with resource development. The differences of these cities (monocities) compared to other cities with a multifunctional economy are due to changes in the external environment, changes in government goals, the state of economic sectors, fluctuations in foreign market conditions, demand for goods, monitoring of payment terms, etc. For example, a prolonged period of economic decline has led to the transformation of some monospecialized towns into "abandoned" or "ghost" towns. Such small settlements can be found in all countries of the world. In international practice, these cities are known as "ghost towns". In addition to economic decline, natural and man-made disasters, genocide, and political factors also have an impact on the cities becoming in such a state.

Мұндай табиғатқа деген этикалық көзқарас пен нормалар, шаруашылықты, әсіресе, аңшылықты ритуалдық және ғұрыптық тұрғыда реттеу Еуразия көшпелілерінің барлығында дерлік берік орнықты. Оның нақты белгілерін қазақтардан (көк бөрі культі, киіктің немесе аққудың киесі деген түсінік), қырғыздардан (бұғы культі), буряттар мен сахалардан (орман культі, аңдардың киесі т.б.), моңғолдардан (тарбағандар киесі) айқын байқауға болады.

Бұндай дүниетаным бастауында тәңірлік таным жүйесі тұрды. Осы таным бойынша баршаның ғарыштық «иесі» мен «киесі» бұл Тәңір. Мысалы, аспан киелі себебі, Тәңірдің мекені әрі сипаты, «жер мен су» қасиетті, себебі Тәңірдің құты, несібесі; ел-халық қастерлі себебі Тәңірдің жердегі аманаты; қаған мен хатун киелі себебі Тәңірдің еркін білдірушілер, елдің сақтаушысы, иесі т.б. [21].

Экологиялық мәдениет жүйесін құраушы элементтерінің рухани негіздеріне діни наным сенімдер, дәстүрлі құқық нормалары мен дәстүрлер кірді. Бұл Саян-Алтай және Орталық Азиядағы түркі монғол қоғамдарына тән болды. Мұндай экологиялық мәдениетті шұғыл континентальді қатал климат жағдайында тіршілік ету және көпқырлы натуралды мал шаруашылығын жүргізу процесінде іріктелген, сыннан өткізілген құндылықтар мен нормалар қалыптастырған еді.

Ерте ортағасырлық түркі монғол халықтарының экологиялық мәдениетінің діни негіздеріне Жер мен Көк Аспан культі, нақты жерлерді қорғаушы рухқа, күшке сенім; киелі таулар, бастаулар, ағаштар, аңдар культі кірді. Түркі монғол халықтарының экологиялық мәдениетінің генетикалық құрылымында үш кезең қарастырылады: архаикалық, тәңірлік-шамандық және буддизм кезеңдері [22].

Тәңіршілік түсінігі анимизм наным негізіндегі рух немесе күш иесі деген сенім бойынша қалыптасты. Көк Аспан бұл жерде Тәңірдің нақты көрінісі, оның мекен ететін кеңістігі ретінде қабылданды.

Тәңіршілік өзінің даму кезеңінде көп қырлы әрі күрделі діни кешен ретінде көрінді. Ондағы Аспан (Тәңір) монотеистік діннің барлық дәстүрлі белгілеріне ие болды. Саян-Алтай және Орталық Азияның дәстүрлі көшпелі қоғамдарында тәңіршілік этноконфессиялық экологиялық мәдениетке құндылықтық-нормативтік мазмұн беріп отырды. Яғни ол іргелі «заңдық» негіз ретінде өзін танытты [22].

Еуразия көшпелілерінің дүниетаным мен наным-сенімдерінде табиғат пен оның циклдарына қатысты түрлі ритуалдар мен әдет ғұрыптар қалыптасқан. Олар табиғи құбылыстар ерекше өмірлік күш пен рухқа, киелілікке ие екеніне шексіз сенді. Сондықтан табиғи құбылыстарға құрметпен қарады, оларға табынды.

Еуразия көшпелілерінің дүниетанымдарында әлемдегі құбылыстардың барлығы өзара байланысты және бір біріне өзара тәуелді. Олардың наным сенімінде табиғат пен оның жануарлар мен өсімдік әлемі тылсым әрі киелі күшке ие. Бұл турада Ш.Уалиханов қазақтардың киесіне үлкен мән беретініне [18, 188] тоқтала келе, төрт түлік малдың арасындағы ерекше белгілері барлары құтты жануар болып саналатынын атап көрсетеді. Сондай-ақ, қазақтар киесінен қорқып, аққуды атпайды, аққуды құстың сұлтаны деп есептейді, жапалақ, үкі, тоқылдақ, көк қарға, көкекке де тиіспейді деген болатын [23].

Көшпелі халықтардың төрт түлік малды киелі санауының сыры өте қарапайым тіршілік заңдылығында жатыр. Өйткені, төрт түлік мал жесе тамағы, ішсе сусыны, кісе киімі, мінсе көлігі, жатса төсеніші деп жалғастыра беруге болады, яғни тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің басты қайнар көзі осы төрт түлік малда болған соң оларды кие тұтқан.

Еуразия көшпелілерінің, әсіресе, жылқыны ерекше киелі деп санағаны ауызша тарихтан, халық ауыз әдебиетінен және ғылыми еңбектерден кеңінен мәлім. Мысалы, В.Радлов қазақ үшін жылқы сұлулықтың ең жоғарғы көрінісі, барлық жануарлардың ішіндегі асылы. Қазақ өзінің жылқысын ғашығынан артық көреді, деп жазады [3, 275].

Өз кезегінде Радловтың бұл пікірін венгр саяхатшысы А.Вамбери өз жазбаларында бекіте түседі. Мысалы, ол түркмендердің жылқыны қаншалықты қадір тұтқаны туралы баяндай отырып, оны әйелінен де, баласынан да, тіпті өз өмірінен де артық көреді деп жазады. Қазақтар да жылқыны сұлулықтың символы, жаратылыстың шыңы деп түсінеді деп атап көрсетеді [24].

Сондай ақ, шығыстанушы К.Хафизованың көшпелілердің өміріндегі жылқы киесі турасында «Ат маңызы жағынан оны мінген адамнан ешбір кем емес тұлға» деп, жылқыға тұлға ретінде баға береді. Және де жылқы культінің жаңғырығы түркі монғол ортасында XX ғасырды басына дейін сақталып келді деп жазады [25].

Еуразия көшпелі халықтары табиғат күштері адамға пайдалы да немесе қауіпті де болуы мүмкін деп түсінді. Сонымен бірге табиғаттағы әрбір құбылыстың өзіне тән жаны бар деп сенді. Сол себепті табиғат пен оның ресурстарына ерекше сый құрметпен қарады және оны өмір мен тіршілікке қажетті игіліктердің қайнар көзі ретінде қарастырды. Өйткені, Еуразия кеңістігінің далалық әрі шұғыл континентальді қатал климатының ерекшеліктері табиғи ортамен үйлесімді тіршілік етуге бейімделуге мәжбүр етті. Соған сәйкес оларда ерекше экологиялық көзқарас қалыптасып, ол дүниетанымдарында, руханиятында берік орын алып, көрініс тапты.

Еуразия көшпелілерінің наным сенімінде олар табиғат пен жердің иесі емес, оның игіліктерін уақытша пайдаланушы, өздерін бұл әлемдегі қонақ деп қабылдады. Соған байланысты олар табиғатқа ерекше қамқорлықпен қарады және де оған зиян келтірмеуді парыз деп санады.

Еуразия көшпелілерінің тәңірлік (қазақтар, қарақалпақтар, башқұрттар т.б.) және шамандық, буддизмге (сахалар, буряттар, монғолдар, калмақтар т.б.) негізделген наным-сенімдерінде табиғи құбылыстарға қатысты әртүрлі ритуалдар жүйесі қалыптасты. Бұл ритуалдар табиғат рухы мен пірлерінен бата алу, олардан рұқсат алу түрінде жүзеге асырылды. Мысалы, мал шаруашылығы басты рөл атқарған халықтар (қазақ, қарақалпақ, түркімен, башқұрт т.б.) малдың амандығы мен өсіп өнуін, жұттың болмауын тілесе, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінде аңшылық маңызды орын алған халықтар (саха, бурят) аң аулаудың олжалы болуын сұрады. Сонымен бірге, шөптің, егіннің өнімді болуын тілеген халықтар жердің нәрі жауын шашынның болуын сұраған құлшылықтарды да жүзеге асырды.

Жалпы алғанда, діни-наным сенімдердің экологиялық функциясы - қоршаған әлемге киелі орта тұрғысында қарау және адамдардың осы киелі табиғи ортамен қарым қатынасын этикалық заң ережелері аясында реттеу болып табылады. Осы тұрғыда, бұны діни киелі экология ретінде қарастыруға болады және ол ғылыми немесе тұрмыстық экологиядан ерекшелігі қоршаған орта мен табиғи құбылыстардың себеп салдар байланысын діни көзқарас негізінде қарастырып, түсіндіреді [26].

Еуразия көшпелілері табиғи құбылыстар мен аң құстардың киесіне табынуы олардың киесі атады деген таным түсінікке негізделген болатын. Табиғи ортаның тепе теңдігін қамтамасыз етудегі басты ұстаным бойынша тиымдар мен шектеулер маңызды рөл атқарды. Шектеулердің барлығы экологиялық білім негізінде қалыптасып, ол экоқұндылықтар ретінде ұжымдық санадан орын алуға алғышарт болды. Олар тұрмыс тіршілік қажеттіліктері үшін барлық іс-әрекеттері үшін табиғат алдында жауапкершілікті терең сезінген. Бұл олардың экологиялық санасының қалыптасуындағы маңызды фактор еді. Өйткені, табиғат алдындағы қиянаты үшін міндетті түрде қатал жазасын алатынына кәміл сенген болатын. Оған мысал түркілердің ауыз әдебиетіндегі бүгінге дейін жеткен аңыздары. Көшпелілер дүниетанымы бойынша аулауға тиым салынған аңдарды атып алу кешірілмес күнә деп есептелген. Мысалы, Қырғыздың Қожожас аңшы туралы аңызында бұғыны атып аламын деп, өзінің туған ұлын жазым еткені, оның табиғатқа қатысты көзтоймастығы, қанағатсыздығы үшін жаратушының берген жазасы ретінде бейнеленеді [27].

Қазақтар үкіге ешқашан тиіспейтіні белгілі. Үкіні киелі құс ретінде тіл көзден қорғайды деп сеніп, бесікке, бас киімге, домбыраға және т.б. тағып қоятын болған.

Ал, тувалықтардың дәстүрлі экологиялық мәдениетінде келесі тиымнормалары қалыптасқан:

- Адамдардың елді мекендері маңында қандайда бір себептермен келіп қалған немесе орныққан аңдарды аулауға қатаң тиым салынған.

- Егерде қандайда бір аңдарды қасқыр аулап жүрген болса, ондай жағдайда оның іс-әрекетіне кедергі келтіруге болмайды.

- Альбиностарды аулауға тиым салынған (тувалықтар оларды бақыт әкеледі деп сенген).

- Құстардың ұяларына тиісуге, оларды бұзуға, бүркітті атуға, қосағымен немесе балапанымен бірге жүрген құстарды атуға қатаң тиым.

- Күзде және көктемдегі маусымдық орын ауыстыру кезінде балық аулауға тиым.

- Суырлардың, тышқандардың, суыр тарбағандардың індеріне су құйуға, бұзуға немесе у салуға тиым салынған. Бұл аңдар жер сілкінісі немесе басқа да стихиялық табиғи зілзалалардың болатынын алдын ала ескертетінін назарға алады.

Жалпы, тувалықтар аңдардың ауа-райының қолайсыздығын ескертудегі рөліне ерекше мән берген [22, 68].

Алтайлықтарда ауыл маңына немесе адамдар арасына өзі келіп қалған аңдарды атауға болмайтын тиым қатаң сақталған. Оны аң о дүниелік болған жақын адамының аң бейнесінде келуі мүмкін деген сеніммен түсіндіреді. Сонымен бірге қара бұлғынды (соболь) да аулауға тиым салынған, себебі оны «зұлым рухтармен» байланыстырады [28].

Еуразия көшпелілерінің барлығында құстардың ұясын бұзу, киелі құстардың жұмыртқасын алу үлкен күнә деп қабылданған, сол себепті оған тиым салынған.

Башқұрттардың дүниетанымында табиғат игіліктерін қорғау мен сақтаудың және оған қамқорлық жасаудың өзіндік ерекшеліктері қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Ол ерекшеліктер де башқұрттардың мекендеген табиғи ортасымен етене байланысты болды. Башқұрттардың этникалық территориясындағы далалы ормандық белдеуде қайыңды-қарағайлы жерлер көп кездесетін болғандықтан осы қарағай, қайың, емен, ерек (ольха), артыш (можжевельник), мышар (рябина) сияқты орман ағаштарының кие тұту сенімі берік орнаған. Соған сәйкес әрбір башқұрт руларының киесі ретінде құстармен бірге ағаштарды да тығыз байланыстыруы кездейсоқ емес. Ол рулардың ерекшелігін айқындауда да ерекше белгі болды. Мәселен, Қыпшақ руының қасиетті ағашы - қарағай, ал киелі құсы - қаршыға, Қаңлылардың қасиетті

ағашы - мышар (миләш/рябина), ал киелі құсы – тырна, Тама руының қасиетті ағашы - ерек (ольха), ал киелі құсы – сауысқан, Табын руының қасиетті ағашы – қарағаш, ал киелі құсы – бүркіт танылған [29].

Аталған ағаштар мен құстарға ерекше қамқорлықпен қараған, оларды кесуге не атуға қатаң тиым салынған.

Сонымен бірге, Ш.Уалиханов қазақтардың дүниетанымында да осындай ұқсастық бар екенін атап көрсетеді: «... Құлан түздегі сыңарланып өскен ағаш болсын, немесе бұтақтары таңғажайып формадағы өсімдіктер болсын, олардың тұрған жері қасиетті деп саналады» [23, 155].

Өз кезегінде башқұрттар қайынды ерекше құрмет тұтқан. Оны «қайғылы ағаш» ретінде қабылдайды және үйдің жанына, бақтарға отырғызбаған. Керісінше зираттарда өлген адамдардың басына еккен. Сол себепті башқұрттардың зираттары негізінен қайынды алқаптарда орналасады. Зерттеушілер башқұрттар қайынды кесуге тиым салған және қайынды алқаптарға барғанда аяқ киімін шешіп, дұға оқып барып қана аралаған. Ормансыз далалық аймақтарда қайың алқаптарының оазис іспетті сақталып қалуы табиғат пен оның сыйына деген құрметтің тәжірибесі болатын [29].

Келесі кезеңде экологиялық білімдер, дағдылар, құндылықтар тарихи жады арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Соған сәйкес, Еуразия көшпелілері табиғаттағы тепе теңдікті бұзу күнә деп санады. Егер тепе теңдік бұзылса одан міндетті түрде адам зардап шегеді деген тұжырымға сенімді болды. Сондықтан көшпелілердің экожүйесінің құрамдас бөлігі деп саналған өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қамқорлықпен қарады.

Бұл Еуразия көшпелілерінің тұрақты экологиялық өмір салтын қалыптастыруға алғышарт жасады. Оның басты өлшемдері табиғатқа жанашырлық таныту әрі оның игіліктерін пайдалануда үнемділік пен жауапкершілік таныту. Мысалы, аң аулауда немесе өсімдік өнімі мен жемісін жинағанда қажеттіліктен тыс артық алу практикасы болмаған. Ол аңдардың түрлерін не өсімдік түрлерін сақтау, яғни экологиялық тепе теңдік заңдылықтарын бұзбау қағидатынан туындаған көзқарас болатын.

Шамандық діни–мистикалық дүниетаным ретінде Еуразия көшпелілері арасында кеңінен тараған наным сенім. Оның негізінде әлем көптеген рухтардан тұрады және ол адам өмірі мен табиғат құбылыстарын айқындайтын тылсымдардың жұмбағын шешу идеясы жатыр. Шамандықтың ерекшелігіне зер салған Ш. Уалиханов шамандық сенімнің дүниеге келуі жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып саналады деген анықтама берген болатын [18, 172].

Оны жүзеге асыратын шамандар адам мен табиғат арасындағы үйлесімді орнатудың ритуалдары мен ғұрыптарын орындаушы күш иесі болып саналды.

Бұл рухани тұрғыда көшпелілердегі экологиялық сана мен мәдениеттің қалыптасуына елеулі ықпал етті.

Шамандық нормалар ішіндегі басты бағыттары ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- Табиғат пен оның байлығына құрметпен қарау, өйткені табиғат киелі. Оның игіліктерін пайдаланғанда оған құрмет пен ризашылық жасау.

- Табиғат құбылыстарының рухы мен күшіне сенім. Шамандар табиғаттың тылсым күштері мен рухы өзіндік қасиеттері мен ерекше қабілеттерге ие деп сендірді.

- Табиғат пен адамдар арасында үйлесімділікті орнату. Шамандық әдет-ғұрыптар арқылы адамның табиғатқа тәуелділігін және оның ажырамас бөлігі екендігін уағыздады.

- Табиғат циклдарын тану және түсіну. Шамандар жылдың әр мезгіліндегі табиғи циклдарды және оның қалай жұмыс істейтінін бірден бір танушы ретіндегі миссиясы мойындалды. Сол арқылы табиғи процесстер мен құбылыстарға болжам жасау, ауа райының өзгеруіне болжам жасау т.б. қызметтер атқарды.

- Табиғат игіліктерін пайдалану арқылы емдеуді жүзеге асырушы. Өсімдіктерді, минералдарды және басқа да табиғи материалдарды түрлі ауруларды емдеу үшін пайдаланды.

- Шамандық дәстүрлерді сақтаушы және ұрпақ сабақтастығын жалғастырушы. Табиғи құбылыстар мен оның рухы, күштері туралы білімді насихаттап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырған.

Осылайша, бір жағынан алғанда шамандық көшпелі халықтардың экологиялық мәдениетінің қалыптасуына да дүниетанымдық алғышарт болды.

Еуразия көшпелі халықтарының этноэкологиялық дәстүріндегі маңызды халықтық тарихи тәжірибе жыл басы ретінде Наурызды тойлауы. Олар тек қоршаған орта игіліктерін ғана емес, сонымен бірге жыл мезгілдерінің ерекшелігі мен артықшылығын тиімді пайдалана білген.

Наурыз – көне замандарда қалыптасып, бүгінгі күнге дейін құндылығын жоғалтпаған, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мейрамдардың бірі. Ол Шығыс халықтарында, әсіресе, түркі және парсы халықтарында кеңінен атап өтіледі.



Зерттеуші-ғалымдардың тұжырымы бойынша Наурыз және оның салт жоралары зороастриалық сенім негізінде қалыптасқан [30].

Дегенмен, этнограф ғалым Ж.Артықбаевтың пайымдауы бойынша Наурыз жаратылыстану түсініктерінен туындаған. Расында да, Наурыз – күн мен түннің теңелетін уақыты. Сол заманның есепшілері анықтаған табиғаттың ғажап бір заңдылығы, гармониясы. Сондықтан да, Наурыз туралы айтқанда діннен гөрі, көне замандағы ғылым-білім туралы, даналық туралы айтқанымыз жөн. Яғни, оны белгілі бір дінмен байланысты деп айтуға болмайды. Тіпті әлемдегі ең көне дін саналатын Зороастризмнің өзі біздің дәуірімізге дейінгі 2 мыңжылдықта пайда болды. Ал Наурыздың тарихы кем дегенде б.з.д. 6-7 мыңжылдықтарға барады [31].

Көктемде күн мен түннің теңелетін табиғи құбылысын ғасырлар бойғы тәжірибе арқылы танып біліп, оның мәнін табиғат пен тіршілік атаулының жаңаруы, жаңа жыл, жаңа өмірлік кезеңнің бастауы ретінде халықтың санасына сіңіріп оны мерекелеуге жұмылдырған. Бұл жаратылыс заңдылығы аясында табиғат пен адам арасындағы үйлесімділіктің айқын көрінісі болып табылады.

Еуразия халықтарының ішінде қазақтар Наурыз мейрамын «Ұлыстың ұлы күні» деп, оған ерекше маңыз берген. Мысалы, Абай Құнанбайұлы «Білер сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты еңбегінде Наурыз мейрамының шежіресін дала өркениетіндегі көне замандардан бастау алатынын атап көрсете отырып: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен» деп жазған [32].

Наурызға қатысты деректерді белгілі шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да өз жазбаларында баяндаған. Наурыздың келген сәтін жандыда балық біледі. Наурызнама той қылатын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы! деп» жазған [5, 52-53].

Қазақтардың өміріндегі Наурыз тойының маңызы жәйлі «Үйсін Төле билердің заманында наурыз-даманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен» дейді [5, 53]. Сондай-ақ, «Наурыз тілегі» атты өлеңінде М.Ж. Көпейұлы «... Өмірге жаңа жолдар ашатұғын, Жаңа жыл бүгінгі күн жаздың алды» деп, әр жылғы наурыздан халық жаңаруды, жаңа өмірді, жаңалықты күткен [5, 102].

Көрнекті ғалым, фарабитанудың негізін қалаушы Ақжан Машани да Наурыз мейрамының шығу тегіне терең зер салып, оның бастаулары бойынша өз тұжырымдарымен бөліскен: «...Ай, Екі батыр соғысты, үркер мен айдай тоғысты» дегендегі – Үркер мен жаңа айдың бір-біріне қарсы келіп, тоғауын «тоғыс» дейміз. Міне, осы тоғыс көктемгі күн мен түннің теңелетін уақытына, наурыздың 22-не сәйкес келеді» деп атап көрсетеді [33].

Халық даналығы мен ертедегі астрономиялық танымындағы Үркерге қатысты бірқатар мақал мәтелдер кең таралған. Мысалы, «Үркер мен ай ауыл-үй қонысты, Үркер мен Ай тоғысты»; «Үркерлі айдың бәрі қыс; «Үркер шырқай берсе, күн суи береді, Үркер төмендей берсе, күн жыли береді»; «Үркер мен Айдың өзі біледі, есепшінің көзі біледі»; «Үркер жерге түспей жер қызбайды»; «Үркер үйден көрінсе, үш айдан соң жаз болады» [34].

Еуразия көшпелілерінің этноэкологиялық тарихи тәжірибесіндегі Наурыз мерекесін тойлаудың ғасырлар бойғы дәстүрі адам мен табиғат арасындағы үндестікті, үйлесімділікті орнықтыру, жаңарудың табиғи циклдары мен шаруашылықтың, еңбектің өзара тығыз байланысын терең сезіну, тіршіліктің табиғи қайнарларына қамқорлықпен, жанашырлықпен қарау құндылықтарын, экологиялық өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Аталған этноэкологиялық құндылықтардың жалпыадамзат үшін пайдасын басшылыққа ала отырып, 2009 жылы 30 қыркүйекте UNESCO Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра репрезентативті тізіміне енгізді. 2010 жылы 23 ақпанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-қарары негізінде 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» ретінде жариялады [35].

Әлбетте, этноэкологиялық дәстүрлер біркелкі, яғни универсалды болуы мүмкін емес. Оның жалпыға ортақ кейбір белгілері болғанымен, әр халықтың табиғи ортасы мен өзіндік мәдени ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Мәселен, Наурыз мейрамы этноэкологиялық дүниетанымының маңызды көрінісі ретінде түркі және парсы халықтарында ерекше орын алса, Еуропада немесе басқа да халықтарда ол жоқ. Бұл заңды да. Өйткені, әлем тұтас болғанымен оны мекендейтін халықтардың жаратылыс заңдылықтарын танып-білуі әртүрлі.

Көптеген зерттеушілер жер шаруашылығының, яғни егіншіліктің дамуын қоғам мен табиғат арасындағы байланысындағы шешуші трансформациялық кезең болды деп есептейді. Бұл фактор адамның табиғаттан шартты түрде бөліне бастауына, өзін табиғи құбылыстардан аз да болса тәуелсіз сезінуіне алғышарт болды. Бірте бірте табиғатқа, табиғи күштер мен құбылыстарға өзін қарсы қою түсінігі қалыптаса бастады.

Табиғатқа деген қатынас утилитарлық (пайда көзі) бағытқа ауысты. Ендігі кезекте табиғат тіршілік ететін кеңістік, орын ғана емес, оны материалдық өндірістік қызмет ортасы ретінде қабылдау түсінігі орныға бастады.

Табиғи орта, оның жануарлар мен өсімдік әлемі өзі үшін ғана өмір сүрмейді, адам үшін өмір сүреді деген түсінік орныға бастады.

Батыс өркениетіндегі отырықшы мәдениет, егіншілік пен жеке меншік институтының дамуы, христиандық діни сенім антропоцентристік дүниетанымның берік орнығуына негіз болды. Ондағы әлем иерархиясы: Құдай – Адам – Табиғат сатысында қалыптасты. Ғылым мен технологияның дамуы Адам Жердің, әлемнің қожасы деген сенімді қалыптастыра бастады. Алайда бұдан батыс өркениетінде экологиялық этика мүлде назардан тыс қалды деген тұжырым қалыптаспау керек. Табиғат ол материалдық байлық пен өндірістік қызметтің көзі, нысаны, сондықтан ол адамға пайдалы және оған қамқорлықпен қарау керек деген ұстаным қалыптасты. Бірақ антропоцентризм жетекші идея ретінде дамыды.

Қайта өрлеу дәуірінде қалыптасқан гуманизм ілімінде де адам, жеке тұлға ең жоғары құндылыққа ие деген тұжырым берік орнап, антропоцентризм басты қағидатқа айналды. Бұл табиғаттағы адамның жетекші рөлін, үстемдігін айқын көрсетіп берді. М.Хайдеггердің тұжырымымен айтқанда, адам мен жердің европалануы оның өмірлік мәнін қайнар бастауында құрттып жіберді дегенге сайып келеді [36].

Бұл адамның материалдық игілігі үшін, адам қажеттіліктерін өтеу үшін табиғи ресурстарды игеру теңдесіз ауқымға ие болып, бүгінгі табиғаттағы тепе теңдіктің бұзылуына, экологиялық дағдарыстарға, климаттың өзгеруіне алғышарт жасады. Бұл қайшылықтар XX-XXI ғасырлар тоғысында өзінің шарықтау шегіне жетіп отыр.

Шығыс өркениетінде, әсіресе, діни құндылықтарда (буддизм, конфуцилік ілім т.б.) адам мен қоршаған орта үйлесімділігі, диалогы кеңінен насихатталуымен ерекшеленеді. Адам мен табиғат арасындағы қайшылық көрінісі жоқ, яғни эгоцентристік дүниетаным көрінісі айқын. Бірақ, шығыс елдеріндегі отырықшы мәдениет, жер өңдеушілік өмір салты мен халықтың тығыз орналасуы, индустриялық өндірістің қарқынды дамуы табиғи орта тепе теңдігінің бұзылуына, табиғи ресурстарды шектен тыс, әсіресе егіншілікке қажетті жерлерді шектен тыс пайдалануға мәжбүрлік адам мен қоршаған орта қайшылығына алып келді [20].

### **Зерттеу нәтижелері.**

Еуразия көшпелілерінің этноэкологиялық мұрасының басты қағидаттары мынаған сайып келеді:

Біріншіден, адамды табиғаттың ажырамас құрамдас бір бөлігі ретінде қарастыру ұстанымы. Көшпелі халықтар өздерін табиғи ортадан дербес бөліп қарастырған жоқ. Өздерін тұтас табиғаттың бір бөлшегі ретінде ғана таныды. Табиғатқа үстемдік жүргізу идеясы мүлде болмады.

Екіншіден, табиғат пен оны қоршаған тірі әлемді (өсімдік, жануарлар) қайталанбас құндылық ретінде қабылдады. Табиғат берген игіліктерді пайдаланып отырғанын терең сезіне отырып, оған құрметпен қарау, киелі деп қарау керек деген ұстаным дүниетанымда берік орнады.

Үшіншіден, табиғат ресурстарына үнемді қарау. Жер, су, өсімдік және жануарлар әлеміне үнемді әрі қамқорлықпен қарау арқылы болашақ ұрпағы үшін сақтауды мақсат тұтты.

Төртіншіден, табиғи орта мен адамның өзара тәуелділік ұстанымы. Еуразия көшпелі халықтары табиғи ортаға, яғни жер, су, өсімдік және жануарлар ресурстарына тәуелді және тағдыры сол ресурстарға тікелей байланысты екенін терең сезінді.

Бесіншіден, табиғатпен үндестік. Табиғаттың тылсым сырлары мен құбылыстарын ұғынып, түсіну үшін онымен үндестікте өмір сүру. Көшпелілердің үнемі қозғалыста болуы мен жаңа жайылымдарды іздеуі табиғи ортаның ерекшеліктерін зерттеп отыруға, одан қажетті білім алуға мүмкіндік берді. Мәселен, маусымдық жайылымдардың жаңаруына, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің регенерациясына үлкен мән берілді. Табиғи ресурстар егер шамадан тыс пайдаланылған жағдайда өзінің тіршілігі мен шаруашылығына кері әсер ететінін терең түсінді.

Алтыншыдан, табиғатты қорғау. Экожүйе тепе теңдігін бұзбау үшін, табиғаттың саналуандығын сақтау үшін табиғат игіліктерін тіршілікке қажетті мөлшерде ғана пайдалану. Үнемі көшіп қону әрі қозғалыста болу стратегиясы артық материалдық байлық пен заттық бұйымдарды тасмалдап жүруді қажет етпеді, өйткені ол көшу барысында ыңғайсыздық тудыратын еді. Табиғи орта мен ресурстарды қорғау

мақсатында көшіп қону стратегиясын тиімді жүзеге асыру. Мысалы, жайылымдардың бұзылуы мен топырақ эрозиясының алдын алу мақсатында маусымдық көшіп-қону жүйесін қалыптастырды. Сонымен бірге, су ресурстарын сақтау үшін ормандар мен ағаштарды кесуге тиым салынды. Немесе кейбір аңдарды киелі деп санап, оларды аулауға тиым салды.

Жетіншіден, Еуразия көшпелі халықтарының этноэкологиялық этикасы мәдени мұраның бір бөлігі ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп келді. Ол халық даналығы, түрлі әдет-ғұрыптар мен тиымдар, ауыз әдебиеті және т.б. әлеуметтік мәдени институттар арқылы халық жадына сіңіріліп, ұрпақ сабақтастығы арқылы өз жалғасын тауып отырды.

Бұл қағидаттар негізінде Еуразия көшпелілерінің дүниетанымындағы этноэкологиялық құндылықтар жүйесі қалыптасты. Бұл құндылықтардың жинақталған көрінісі халық даналығынан, әсіресе, мақал мәтелдерден орын тапты. Мысалы, қазақ мақал мәтелдерінде Табиғат-Ана мен Жер-Су құндылығына қатысты халық жадында кеңінен сақталған: «Табиғат – тал бесік», «Қара жерге халық ие», «Жерін қорлаған жерленбей қалады», «Қара жерді жамандама, қайтып сонда барарсың, Қауым елді жамандама, қарғысына қаларсың», «Жер екеш жер де ауырады» деген мақалдар арқылы қатал моральдық-этикалық нормаларды халық жадына сіңірген.

Су көздері тапшы аридтік белдеудегі Қазақ даласында Су киесі де қатаң нормалар арқылы халықтың дүниетанымына таңылған: «Судың да сұрауы бар», «Су бергеннің сауабы бар, су төккеннің сұрауы бар», «Жер қазына, су гауһар».

Келесі ретте «Шөбі жоқ деп жерден түңілме, малы жоқ деп ерден түңілме», «Жер құнары саз», «Егілмеген жер жетім, елінен айырылған ер жетім», «Алтын тағың болғанша, алақандай жерің болсын» деген мақалдар Жердің құнарсызы болмайды, оның қасиеті бірдей, сазды, шөлді, сусыз деп қасиетін төмендетуге болмайды, оларды ретімен, маусымдық ерекшеліктерге сәйкес пайдалануға болады деген талапты алға тартады.

Бұл құндылықтар жүйесі қалай және қай кезеңде дағдарысқа ұшырап, Еуразия халықтарының санасынан өшіріле бастады деген сауалға тоқталатын болсақ, ол Ресейдің Еуразияның көшпелі халықтарын отарлауы толық жүзеге асырылғаннан кейін (XIX-XX ғғ. тоғысында) далалық кеңістікте табиғи органы пайдаланудың этноэкологиялық дәстүрлеріне қарама-қайшы тәсілдерді кеңінен енгізумен тығыз байланысты болды. Және де ол уақыт өткен сайын ұлғая берді. (әлбетте, бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді)

### **Қорытынды.**

Қазіргі жаһандық қауымдастықтағы орнықты дамудың басты құндылықтары экологиялық этикаға, этномәдени дәстүрлерге және ғылыми-техникалық жетістіктерге негізделуі керек. Бұрын экология мәселелері көтерілді, дегенмен онда қоғам дамуының экологиялық-экономикалық мәселелері басты назарда болса, қазіргі заман талабы табиғи органы қорғаудың этикалық және аксиологиялық аспектілері шешуші рөлге ие болып отыр.

Бүгінгі кезеңде орын алып отырған экологиялық дағдарыс қоғам мен табиғат арасындағы өзара байланыстың жаңа экоцентристік дүниетанымның, жаңа экологиялық этиканың қалыптасуына алғышарт болып отыр [20].

Жоғарыда аталған қағидаттардың көшпелі өмір салты мен оған тән шаруашылықтың мыңдаған жыл-дар бойы орнықты дамуы мен тиімділігін қамтамасыз етті. Соған сәйкес, Еуразия көшпелілерінің этноэкологиялық мұрасының мыңдаған жылдық тарихи тәжірибесі жаһандық «экологиялық апокалипсиске» келіп тіреліп отырған қазіргі қоғамдар үшін практикалық маңызға ие. Мысалы, бұрын неге киіктердің популяциясы үлкен көлемде далалық экожүйенің құрамдас бір бөлігі ретінде тіршілік етті. Себебі, киікті киелі деп таныған қазақтар мен басқа да көшпелі түркі халықтары оларға қамқорлықпен қарады. Алайда мұндай этноэкологиялық этика халық санасынан өшіріле бастағаннан кейін оның мүйізінен пайда табуды көздеген адамдар (браконьерлер) аяусыз қырып, оның популяциясының жойылуына алып келе жаздағаны белгілі.

Түйіндей айтқанда, Еуразия көшпелілері өздерінің тіршілік даналығында табиғаттың биоритмдеріне негізделген экологиялық күнтізбе қалыптастырып, мейлінше табиғатпен үндестікті, үйлесімділікті негіздеді. Ал экоцентристік дүниетанымның негізі табиғат ол жалпыға ортақ тұтас әлем, ал адам оның бір элементі, бөлшегі, яғни табиғат адамзаттың қасиетті үйі деген қағидатқа сайып келеді. Соған сәйкес, бұл қағидат адамзат қоғамының басты ұстанымына айналуы тиіс.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Уалиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
2. Бартольд В.В. *Связь общественного быта с хозяйственным укладом у турок и монголов // Бартольд В. Сочинения. – М., 1968. - 5 том. - 759 с.; Бартольд В.В. Сочинения. Том 5. Работы по истории и филологии*

тюркских и монгольских народов. – М.: Наука, 1968. – 759 с.; Бартольд В.В. Сочинения. Том 9. Работы по истории востоковедения. – М.: Наука, 1977. – 966 с.

3. Радлов В.В. Из Сбири. Страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 740 с.

4. Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. // Живая старина. 1916., Т.25. С.63; Потанин Г.Н. Путешествия по Монголии. – М.: ОГИЗ, 1948. – 450 с.

5. Мәшиһур Жүсіп Көпейұлы Нұх. Наурыз тарихы // Шығармалары. 8 том.- Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 452 б.

6. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.

7. Маргулан А.Х. Мир казахов. – Алматы, 1995; Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. В 3-х томах. – Алматы, 1986-1988.

8. Акишев К. Древние и средневековые государства на территории Казахстана (Этюды исследования). – Алматы, 2013. – 192 с.; К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1972. – С. 31-46

9. Гумилев Л. Этносфера. История людей и история природы.– М.: «Издательство АСТ», 2004. – 575 с.; Гумилев Л.Н. Из истории Евразии.- М., 1993; Гумилев Л.Н. Ритмы Евразия: эпохи и цивилизации. – М., 1993

10. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. – М., 1976. – 316 с.

11. Хазанов А. Кочевники и внешний мир. – Алматы, 2002. – 604 с.

12. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества.- Алматы «Социнвест». – Москва «Горизонт», 1995. – 320 с.

13. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: “Ғылым”, 1998. – 234 с.; Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы.- Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.– 80 бет

14. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномадени пайымдау оқу құралы. – Алматы «Санат» 1997. – 464 б.

15. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос. (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноадеметтік құрылымы). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 392 б.

16. Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы:Дайк-Пресс, 2005. – 310 с.

17. Адаев В.Н. Традиционная экологическая культура хантов и ненцев Западной Сибири. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Новосибирск, 2004.- 17 с. (С.16))

18. Уалиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Уалиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б. (171 б.)

19. Якутские пословицы и поговорки собранные А.Е. Кулаковским. – Якутск, 1925. – 130 с.

20. Ригина Е.Ю. Экологическая этика как философский феномен // Научное обозрение. Биологические науки. – 2016. – № 4. – С. 30-51 // URL: <https://science-biology.ru/ru/article/view?id=1010> (дата обращения: 15.04.2023)

21. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. 20 томдық. – Алматы: Аударма, 2005. – Т. 1. – 71-96 б.(72 б.)

22. Абаев Н.В., Фельдман В.Р. Этноконфессиональные традиции и экологическая культура народов Центральной Азии и Алтай-Байкальского региона. Учебное пособие. Изд-е 2-е, исправленное, расширенное и дополненное. – Кызыл: Изд-во ТывГУ, 2007. – 145 с. (С. 59-61)

23. Уалиханов Ш. Тәңірі (Құдай) // Уалиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылым.– Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б. (156 б.)

24. Вамбери Арминий Путешествие по Средней Азии. Описание поездки из Тегерана через Туркменскую степь по восточному берегу Каспийского моря в Хиву, Бухару и Самарканд, совершенной в 1863 году. – Санкт-Петербург.- 1865. – 221 с. (С. 158, 183)

25. Хафизова К. Диалог цивилизаций на Шелковом пути (исторические сюжеты): монография.- Астана: «Ғылым» баспасы, 2015.- 416 с. (С. 114)

26. Гордеева Е.Г. Этноэкология традиционной культуры русского населения Мордовии. Авто-реферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Саранск, 2007. – 22 с. (С.20)

27. Исакова Ф.З., Байдавлетов М.Д., Өскенбай М.Ә. Түркі қағанаттарында қалыптасқан географиялық кеңістік туралы түсінік // Электронный научный журнал edu.e-history.kz № 2(06)

28. Ойроткинова Н.Р., Миндибекова В.В., Юша Ж.М. Миф и ритуал тюркских народов Южной Сибири (алтайцев, хакасов, тувинцев) Часть 2. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2018. – 252 с. (С. 37)

29. Башкиры / отв. ред. Р. Күзеев, Е. Данилко. Народы и культуры. – М.: Наука, 2016. – 662 с. (474-476)

30. Қазақтар. Тарих және мәдениет. – Алматы: Абди Компани, 2015. – 656 б. 2-ші басылым, өзгертілген. – 386-390 бб.
31. Артықбаев Ж. Наурыз туралы. Атырау газеті. PUBLISHED BY 21.03.2022 Contents
32. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар және қарасөздер. – Алматы: «Жазушы», 1995. – 382 б. (222 б.)
33. Машанов А.Ж. Наурыздың үш мыңжылдық тарихы бар // Заң газеті. – 1996.– 20-26 наурыз
34. Қазақ мақал, мәтелдерінің антологиясы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 496 бет
35. Международный день Навруз | Организация Объединенных Наций (un.org)
36. Хайдеггер, М. *Время и бытие. Статьи и выступления.* – М., 1993. – 28 с.

#### References:

1. Ualikhanov Sh. *Tandamaly. 2-basylym.* - Алматы: Zhazushy, 1985.- 560 b.
2. Bartol'd V.V. *Svyaz' obshchestvennogo byta s khozyajstvennym ukladom u turok i mongolov // Bartol'd V. Sochineniya.- M., 1968.- 5 tom.- 759 s.; Bartol'd V.V. Sochineniya. Tom 5. Raboty po istorii i filologii tyurkskikh i mongol'skikh narodov.- M.: Nauka, 1968.- 759 s.; Bartol'd V.V. Sochineniya. Tom 9. Raboty po istorii vostokovedeniya.- M.: Nauka, 1977. - 966 s.*
3. Radlov V.V. *Iz Sbiri. Stranicy dnevnika.* - M.: Nauka, 1989.- 740 s.
4. Potanin G.N. *Kazak-kirgizskie i altajskie predaniya, legendy i skazki. // Zhivaya starina. 1916., T.25. S.63; Potanin G.N. Puteshestviya po Mongolii. – M.: OGIZ, 1948. – 450 s.*
5. Mashhur Zhusip *Kopeiuly Nukh. Nauryz tarikhy // Shygarmalary. 8 tom.- Pavlodar: «Ekho», 2006.- 452 b. (52-53 bb.)*
6. Shonanuly T. *Zher tagdyry – el tagdyry. – Алматы: Sanat, 1995 – 224 b.*
7. Margulan A. *Mir kazakhov.- Алматы, 1995; Margulan A.KH. Kazakhskoe narodnoe prikladnoe iskusstvo. V 3-kh tomakh.- Алматы, 1986-1988*
8. Akishev K. *Drevnie i srednevekovye gosudarstva na territorii Kazakhstana (Ehtyudy issledovaniya).- Алматы, 2013.- 192 s.; K probleme proiskhozhdeniya nomadizma v aridnoy zone drevnego Kazakhstana // Poiski i raskopki v Kazakhstane.- Alma-Ata: Nauka, 1972.- S. 31-46*
9. Gumilev L. *Ehtnosfera. Istoriya lyudej i istoriya prirody.- M: «Izdatel'stvo AST», 2004.-575 s.; Gumilev L.N. Iz istorii Evrazii.- M., 1993; Gumilev L.N. Ritmy Evraziya: ehpokhi i civilizacii. M., 1993*
10. Markov G.E. *Kochevniky Azii. Struktura khozyajstva i obshchestvennoj organizacii. – M., 1976.- 316 s.*
11. Khazanov A. *Kochevniky i vneshnij mir.- Алматы, 2002.- 604 s.*
12. Masanov N. *Kochevaya civilizaciya kazakhov: osnovy zhiznedeyatel'nosti nomadnogo obshchestva.- Алматы «Socinvest» - Moskva «Gorizont», 1995.- 320 s.*
13. Alimbaj N., Mukanov M.S., Argynbaev KH. *Tradicionnaya kul'tura zhizneobespecheniya kazakhov. Ocherki teorii i istorii.- Алматы: “FylyM”, 1998.- 234 s.; Mukanov M. Qazaq zherinin tarikhy.- Алматы: Atamura-Qazaqstan, 1994.- 80 bet*
14. Seidimbek A. *Qazaq alemi. Etnomadeni pajymdau. Okukuraly. Алматы «Sanat», 1997 – 464 b. (194 b.)*
15. Artyqbaev Zh. *Qogam zhane etnos. (XVIII gasyrdagy qazaq qogamynyn etnoaleumettik qurylymy).- Pavlodar: «Eho», 2004.– 392 b. (137 b.)*
16. Orazbaeva A.I. *Civilizaciya kochevnikov evrazijskikh stepej.- Алматы: Dajk-Press, 2005.-310 s.*
17. Adaev V. *Tradicionnaya ekologicheskaya kul'tura khantov i nencev Zapadnoj Sibiri. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. – Novosibirsk, 2004.- 17 c. (C.16))*
18. Ualikhanov Sh. *Qazaqtardagy shamandyqtynqaldygy // Ualikhanov Sh. Tandamaly. 2-basylym.- Алматы: Zhazushy, 1985.- 560 b. (171 b.)*
19. Yakutskie posloviy i pogovorki sobrannye A.E. Kulakovskim.- Yakutsk, 1925.- 130 s.
20. Rigina E.YU. *Ehkologicheskaya ehtika kak filosofskij fenomen // Nauchnoe obozrenie. Biologicheskie nauki.– 2016.– № 4.– S. 30-51 // URL: <https://science-biology.ru/ru/article/view?id=1010> (data obrashcheniya: 15.04.2023)*
21. Kenzhetai D. *Dasturli turkilik duniyanym zhane onyn mani // Ezhelgi koshpeliler duniyanymy. 20 tomдық.– Алматы: Audarma, 2005.– T. 1.– 71-96 b.(72 b.)*
22. Abaev N. V., Fel'dman V. R. *Ehtnokonfessional'nye tradicii i ehkologicheskaya kul'tura narodov Central'noj Azii i Altaj-Bajkal'skogo regiona. Uchebnoe posobie. Izd-e 2-e, ispravlennoe, rasshirennoe i dopolnennoe.- Kyzyl: Izd-vo TyVGU, 2007. – 145 s. (C. 59-61)*
23. Ualikhanov Sh. *Taniri (Qudai) // Ualikhanov Sh. Tandamaly. 2-basylym. - Алматы: Zhazushy, 1985.- 560 b. (155 b.)*

24. Vamberi Arminij Puteshestvie po Srednej Azii. Opisanie poezdki iz Tegerana cherez Turkmenskuyu step' po vostochnomu beregu Kaspijskogo morya v Khivu, Bukharu i Samarkand, sovershennoj v 1863 godu.- Sankt-Peterburg.- 1865.- 221 s. (S. 158, 183)
25. Khafizova K. Dialog civilizacii na Shelkovom puti (istoricheskie syuzhety): monografiya.- Astana: «Gylym» baspasy, 2015.- 416 s. (s. 114)
26. Gordeeva E.G. Ehtnoehkologiya tradicionnoj kul'tury russkogo naseleniya Mordovii. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. – Saransk, 2007.- 22 c. (С.20)
27. Iskakova F.Z., Baidavletova M.D., Oskembaj M.Ə. Turki qaganattarynda qalyptasqan geografialyq kenistik turaly tusinik // Ehlektronnyj nauchnyj zhurnal edu.e-history.kz № 2(06)
28. Oinotkinova N.R., Mindibekova V.V., Yusha ZH.M. Mif i ritual tyurkskikh narodov Yuzhnoj Sibiri (altajcev, khakasov, tuvincev) Chast' 2.- Astana: «Gylym» baspasy, 2018.- 252 s. (S. 37)
29. Bashkiry / otv. red. R. Kuzeev, E. Danilko. Narody i kul'tury.- M.: Nauka, 2016.- 662 s. (474-476)
30. Qazaqtar. Tarikh zhane madeniet.- Almaty: Abdi Company, 2015.- 656 b. 2-shi basylym, ozgertilgen. (386-390 bb.)
31. Artyqbaev Zh. Nauryz turaly. Atyrau gazetі. Published by 21.03.2022 Contents
32. Abai (Ibrahim) Kunanbaiuly. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy. II tom. Olender men audarmalar, poemalar zhane qaraszoder.- Almaty: «Zhazushy», 1995.- 382 b. (222 b.)
33. Mashanov A. Nauryzdynush mynzhyldyq tarikhy bar // Zan gazetі. – 1996.– 20- 26 nauryz
34. Qazaq maqal, matelderinin antologiyasy. – Almaty: «Əlke» baspasy, 2012.- 496 bet
35. Mezhdunarodnyj den' Navruz | Organizaciya Ob"edinennykh Nacij (un.org)
36. Khajdegger, M. Vremya i bytie. Stat'i i vystupleniya. – M., 1993. – 28 c.

УДК 94(574):371  
МРНТИ:03.20.00

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.015>

Шекербеков К.М.<sup>1\*</sup>, Мурат А.С.<sup>2</sup>, Якуб А.Ə.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>докторант PhD, ЮКППУ

<sup>2</sup>к.и.н., старший преподаватель, Шымкентский университет

<sup>3</sup>старший преподаватель, МКТУ им. Х.А. Ясави  
г. Шымкент, Казахстан, [shkm\\_79@mail.ru](mailto:shkm_79@mail.ru)

## ИСТОРИЯ РЕФОРМИРОВАНИЯ МУСУЛЬМАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЧИМКЕНТЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И ПОДГОТОВКА НОВОМЕТОДНЫХ ШКОЛ

### Аннотация

В статье описана история развития новометодных школ в Чимкенте в начале XX века.

Повышение интереса к проблемам образования, продиктовано исторической потребностью в его преобразовании, так как XX век стал тем особым рубежом в эволюции человечества, когда все проблемы и противоречия, бывшие ранее либо частными, либо локальными, приобрели глобальный характер. Развитие общества теперь будет определять образование, а иначе произойдет стагнация, которая перейдет в коллапс общества.

В рамках данной темы представлены данные Сырдарьинской области Туркестанского края, в том числе города Шымкент, указывающие на ряд проблемных ситуаций в системе развития новометодных школ. Расширенный подход к рассмотрению данной темы продиктован веяниями социально – экономического прогресса и немислим без подъема образования, науки и культуры, также мусульманских учебных учреждений (мектебы и медресе). Возможна только одна единственная стратегия на XXI век - это приоритетное развитие образования, науки, культуры, нравственности как основ высоких качеств человека. Эта проблема решается в процессе социализации индивидов, задачей которой как раз и является приобщение человека к нормам и ценностям культуры и превращение его в полноправного члена общества. Существенным компонентом процесса социализации индивидов выступает образование - обучение человека с целью передачи накопленных знаний и культурных ценностей.

**Ключевые слова:** образование, социализации индивидов, новометодные школы, прогресс, мусульманские учебные учреждения, мектеп, медресе, училище.

К.М. Шекербеков<sup>1</sup>, А.С. Мұрат<sup>2</sup>, А.Ә. Якуб<sup>3</sup>

*Phd докторанты, ОҚМПУ<sup>1</sup>  
т.ғ.к., аға оқытушы, Шымкент университеті<sup>2</sup>  
аға оқытушы, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ<sup>3</sup>  
Шымкент қ., Қазақстан, shkm\_79@mail.ru*

## XX ҒАСЫР БАСЫНДА ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУ ТАРИХЫ: ПЕДАГОГИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАҢА ӘДІСТІ МЕКТЕПТЕРДІ ДАЙЫНДАУ

### *Аңдатпа*

Мақалада XX ғасырдың басындағы Шымкент қаласындағы білім беру жүйесінің ерекшеліктері мен жаңа әдісті мектептердің даму тарихы сипатталған. Білім беру мәселелерінде қызығушылықтың артуы оны қайта қарауға деген тарихи қажеттіліктен туындады. XX ғасырдың басы адамзат эволюциясындағы ерекше кезеңге айналды. Ескі білім беру жүйесі мен қоғамның дамуына сай емес барлық мәселелер мен қарама-қайшылықтар жаһандық сипатқа ие болды.

Аталған тақырып аясында Түркістан өлкесіндегі Сырдария облысы, оның ішінде Шымкент қаласындағы жаңа әдісті мектептерді дамыту жүйесіндегі бірқатар проблемалық жағдайларды көрсететін дерек-тер ұсынылған. Қарастырылып отырған кезеңдегі өзіне тән барлық өзгерістермен аймақтағы халықтық білім берудің жағдайы, мұсылмандық оқу орындарының (мектептер мен медреселердің) құрылымы мен оқу бағдарламаларының мазмұны талданады. Зерттеу аясында білім, ғылым және мәдениет мәселелері әлеуметтік-экономикалық прогресс тенденцияларымен байланыстыра жаңа деректермен дәлелденді. XXI ғасырға тән стратегия – бұл жоғары адами қасиеттердің негізі ретінде білімнің, ғылымның, мәдениеттің, адамгершіліктің басым дамуы. Бұл мәселе жеке тұлғалардың әлеуметтену процесінде шешіледі, оның міндеті адамды мәдениеттің нормалары мен құндылықтарымен таныстыру және оны қоғамның толыққанды мүшесіне айналдыру болып табылады.

**Кілт сөздер:** білім беру, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, жаңа әдісті мектептер, прогресс, мұсылман оқу орындары, мектеп, медресе, училище.

*K.M. Shekerbekov<sup>1</sup>, A.S.Murat<sup>2</sup>, A.A.Yakub<sup>3</sup>*

*Doctoral student at South Kazakhstan State Pedagogical University<sup>1</sup>  
candidate of historical sciences, senior lecturer, Shymkent University<sup>2</sup>  
senior lecturer, H.A. Yasawi IKTU<sup>3</sup>  
Shymkent, Kazakhstan*

## THE HISTORY OF THE REFORM OF MUSLIM EDUCATION IN SHYMKENT AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY: PROBLEMS OF PEDAGOGY AND THE PREPARATION OF NEWMETHODIC SCHOOLS.

### *Abstract*

The article describes the history of the development of newmethodicschools in Chimkent at the beginning of the 20th century. The increase in interest in the problems of education is dictated by the historical need for its transformation, since the XXth century has become that special frontier in the evolution of mankind, when all problems and contradictions that were previously either private or local have acquired a global character. the development of society will now determine education, otherwise there will be stagnation, which will go into the collapse of society.

This topic presents data indicating a number of problematic situations in the development system of newmethodicschools. The expanded approach to the consideration of this topic is dictated by the trends of socio-economic progress and is unthinkable without the rise of education, science and culture. Only one single strategy for the 21st century is possible - this is the priority development of education, science, culture, morality as the foundations of human high qualities. This problem is solved in the process of socialization of individuals, the task of which is precisely to introduce a person to the norms and values of culture and turn him into a full member of

society. An essential component of the process of socialization of individuals is education - training a person in order to transfer accumulated knowledge and cultural values.

**Keywords:** education, socializations of individual, newmethodic schools, progress, muslim educational institutions, mektep, madrasah, school.

### **Введение**

В современный период происходит повышение интереса к проблемам образования. Это происходит потому, что XX век стал тем особым рубежом в эволюции человечества, когда все проблемы и противоречия, бывшие ранее либо частными, либо локальными, приобрели глобальный характер. Сегодня абсолютно всем ясно, что социально-экономический прогресс немыслим без подъема образования, науки и культуры. Возможна только одна единственная стратегия на XXI век – это приоритетное развитие образования, науки, культуры, нравственности как основ высоких качеств человека.

Поддержание достигнутого уровня культурного развития, его дальнейшее совершенствование невозможны без овладения культурным наследием прошлого. Эта проблема решается в процессе социализации индивидов, задачей которой как раз и является приобщение человека к нормам и ценностям культуры и превращение его в полноправного члена общества. Существенным компонентом процесса социализации индивидов выступает образование - обучение человека с целью передачи накопленных знаний и культурных ценностей. Такая радикальная трансформация института образования была вызвана потребностями экономики, научно-технического прогресса, изменениями в культуре и образе жизни людей. В XIX-XX вв. широкое распространение получают средние и специальные школы, растет число высших учебных заведений. Неполное, а затем и полное среднее образование становится необходимым условием получения профессии в основных отраслях промышленности.

Во всех странах Запада образование и наука представляют для государства инвестиционную сферу. В Казахстане же сегодня, напротив, образование и наука являются для государства сферами изъятия ресурсов всех видов финансовых, материально-технических, кадровых - для перераспределения в иные сферы. Требуется коренным образом пересмотр отношения государства к образованию, до тех пор мы будем наблюдать все большее отставание и несоответствие с запросами времени. Образование сегодня переживает глубокий кризис, связанный с возросшими требованиями, когда мир вступает в новую фазу развития – информационную. Система показателей, существовавшей в Казахстане на протяжении десятилетий традиционной модели образования, неопровержимо свидетельствует о ее неадекватности времени. Сегодня остро стоит необходимость ее реформирования в свете динамики геополитических реалий XXI века.

**Материалы и методы:** Мы использовали археографический подход, так как источниковедческая основа темы исследования - архивные документы. При предоставлении новых данных в научный оборот были проведены текстологические анализы, в том числе пре работы с отечественными и зарубежными архивными документами. Вместе с тем в историоведческом обзоре были использованы методологические принципы, применяемые отечественными и зарубежными исследователями, и возможности методов историко - сравнительного анализа результатов.

Справочную основу исследования составляют Государственный архив Республики Казахстан, Архив Президента Республики Казахстан, Туркестанский областной государственный архив, Туркестанский областной архив общественно - политической истории и фонды городского архива города Шымкент.

### **Обсуждение**

В период независимости Казахстан стал опережать многие страны постсоветского пространства по структурным реформам во многих областях общественной жизни, в том числе в сфере высшего образования. В казахстанской науке уже имеется достаточно большое число исследований, прямо или косвенно посвященных указанным проблемам. Непростая ситуация, складывавшаяся в казахстанской средней школе в советский и постсоветский периоды вызвала особый интерес, и побудила нас попытаться сделать анализ этой области.

Мы полагаем, что реформирование образования должно осуществляться на базе его серьезного изучения исторической эволюции с учетом современных тенденций, национальных и культурных особенностей. Именно поэтому избранная нами тема исследования носит в настоящее время чрезвычайно актуальный характер. Данная статья посвящена теме, исследование которой не достигнуто окончательного результата и этим представляет новизну.

### **Результаты**

С образованием Туркестанского генерал-губернаторства начинается период втягивания южных территорий в систему общероссийского рынка. Система традиционного образования, сложившаяся на



территории Казахстана и Средней Азии, ограничивалась изучением мусульманских законов, что ставило уровень образованности населения на низкую ступень развития. Более прогрессивные представители местного купечества, стали понимать, что мектебы и медресе средневекового типа не отвечают культурно-экономическим требованиям времени.

Представители интеллигенции мусульманских народов России, еще в конце XIX века осознали отсталость традиционных мусульманских заведений Востока. Просвещение туземных народов виделось им в развитии светского образования, проводником которого были русско-национальные школы. Полный переход к обучению в правительственных школах был на руку миссионерам русификаторам и царским властям, так как происходил процесс обрусения магометан.

Для закрепления была проведена аналитическая беседа при работе с письменными историческими источниками разного объема. Каждая группа работала с конкретным историческим источником. Анализируя исторические источники, учащиеся пришли к выводу и обосновали, что панфиловцы настоящие патриоты которые сражались за родину, доказательством является страниц в газетах «Красная звезда» в статье «Гвардейцы Панфилова в боях за Москву», где говорится о том, что на могиле своего погибшего командира генерала Панфилова бойцы гвардейской дивизии поклялись, что будут сильно бить врага. А также можно почувствовать до глубины ответственность и любовь Бауыржана Момышұлы к своей родине проанализировав в статье факт что 316-й дивизия стояла насмерть. С ноября 1941 года Бауыржана Момышұлы временно исполняет должность командира 1073-го стрелкового полка. Полк под его командованием стоял на последних рубежах у поселка Крюково. Дальше Крюково для Бауыржана Момышұлы возможного поля боя не существовало, до Москвы оставались несколько десятков километров. Привели аргументы что военная тактика Бауыржана Момышұлы и его мужественный характер решительности и преданность Родине стал основой победы в битве под Москвой [11. с. 42-43]. К личности Бауыржана Момышұлы стал проявляться научный интерес с годы Великой Отечественной войны когда в 1943 года под редакцией М. Абдыхальковой и А.М. Панкратовой вышло издание «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» и научно-популярная книга «Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков». Важное значение, для казахстанских исследователей героизма и умелого руководства частями и подразделениями, имеет представление командира дивизии полковника И.И.Серебрякова и письмо его в Верховный Совет СССР о ходатайстве о присвоении высшего звания Героя Советского Союза Бауыржану Момышұлы в 1943 г. Здесь выделяет качества батыра, как храбрость, решительность, умение самостоятельно принимать решение и нести ответственность. Учащиеся рассмотрели несколько примеров. Во-первых Серебряков отмечает, что Б.Момышұлы, будучи командиром батальона, организованно ведя бой по выводу батальона из окружения на промежуточных рубежах на протяжении 35 км, привел в город Волоколамск после упорных боев на правом рубеже из окружения 690 человек, 18 артуряжек, 30 повозок. Во вторых задержали противника на 2 суток главных сил противника на Волоколамском направлении. Третьих с 16.11.41 г. по 20.11.41 года батальон Б.Момышұлы ведет борьбу в условиях окружения в районе деревни Горюны на Волоколамском шоссе, железнодорожной станции Матренино, перерезав основные пути движения главных сил противника, наступающих на Москву. С 26.11.41 г. старший лейтенант Б.Момышұлы командовал 1073-м стрелковым полком, ныне 19-гвардейский стрелковый полк. В районе д.Соколово с 26.11.41 г. по 30.11.41 г полк Б.Момышұлы четверо суток вел упорные бои, четырежды отбивал атаки противника, несмотря на интенсивную бомбежку авиации. В этих боях Б.Момышұлы получил раненье. Зная, что дальше отступать некуда и что в полку осталось небольшое количество людей, он отказался уйти с поля боя и продолжал руководить им до 7.12.41 г. В Крюковских боях уничтожено до полка пехоты, 18 танков и много другой техники, и совместно с другими частями дивизии 8.12.41 г. полк пошел в контрнаступление. Этот героический поступок молодого командира также остался неотмеченным. Учащиеся пришли к выводу что заслуга Бауыржана Момышұлы несправедливо оценен. Аналитическая беседа по данному документу пришла к гипотезе что личность Бауыржана Момышұлы очень сильно тривожило определенных лиц СССР [15, с. 280]. Однако работа с историческими документами проходила в быстром темпе: затянулась основная часть



урока. Некоторые учащиеся с трудом поняли содержание документов: они не были даны в оптимальном объеме и не адаптированы с учетом знания второго языка. Это привело к тому, что у некоторых учеников аргументы были поверхностными. Следовало бы сосредоточиться на анализе одного документа, но с разными вопросами для каждой группы или сократить и адаптировать документы с учетом уровня развития языковых компетенций.

Я планирую внести изменения:

1. Сократить работу в начале урока, предоставив учащимся для анализа конкретный ресурс по прошедшим - поможет без затруднений выдвинуть и аргументировать предположения относительно новой темы урока.

2. В основной части урока, после просмотра учебного видеоматериала, организовать работу с различными практическими заданиями при использовании разнообразных исторических источников – будет способствовать развитию навыков критического мышления и языковых компетенций.

3. Продолжить работу с анализом письменных исторических источников, но с адаптированными и сокращенными с учётом уровня развития языковых компетенций – будет способствовать развитию навыков оценки исторических событий с приведением конкретных аргументов.

**Итог исследования:** в начале урока, при ответе учащихся на вопросы высокого и низкого порядка, мною были даны комментарии. Это помогло высказать и аргументировать свою точку зрения относительно предстоящей темы урока, понять свои ошибки, ответить на вопросы тем, кто испытывал сложности. Но я обращала внимание, прежде всего, на учащихся с высоким уровнем развития способностей. Постановка дополнительных и наводящих вопросов для отдельных привело к увеличению продолжительности формативного оценивания и позволило оценить всех учеников. Следовало бы провести оценивание в письменном виде по карточкам с ключевыми фразами (клише) - способствовало развитию навыка аргументации при письме и позволило бы отследить прогресс у каждого ребенка.

В середине урока было проведено взаимооценивание с помощью конкретных критериев по итогам групповой работы. После ответов представителей каждой группы по выполнению конкретного задания учащиеся другой группы комментировали их ответы с учетом предоставления конкретных аргументов, подтверждающих выдвинутые точки зрения об основных битвах 8-й стрелковой дивизии, особенностях военной стратегии и тактики «спираль» Бауыржана Момышұлы, а также историческое значение битвы под Москвой. В ходе комментирования учащиеся давали оценку друг другу, старались понять свои недочёты при работе. Однако из-за продолжительного времени при выполнении заданий и быстрый темп привели к тому, что некоторые комментарии учащихся своим товарищам были фрагментарными и не содержали конкретных аргументов, почему их сверстники ответили недостаточно глубоко. Пришлось задавать дополнительные вопросы, что еще больше усилило темпа урока. Взаимооценивание следовало бы организовать с применением специальных таблиц: учащиеся давали комментарии в письменном виде, что позволило бы судить об их умении аргументировать свою позицию и объективность [16, с. 41].

При закреплении самооценивание было проведено по критериям, но под контролем учителя. После анализа исторических источников большая часть учеников, используя критерии самооценивания, смогли отметить те аспекты, по которым они предоставили глубокие или поверхностные аргументы при выдвижении собственных точек зрения при анализе статьи «Красная звезда» в статье «Гвардейцы Панфилова в боях за Москву» определили причину победы панфиловцев в битве под Москвой и о роли командира Бауыржана Момышұлы. Но усиленный темп урока привел к тому, что не все учащиеся смогли дать объективную оценку самим себе: сказался языковой барьер и непонимание некоторыми учениками принципа самооценивания. Приходилось задавать дополнительные вопросы, чтобы учащиеся старались давать объективную оценку самим себе. Было бы целесообразно провести письменное оценивание, но с использованием дескрипторов при применении приема ПОПС-формулы. Это позволило бы оценить уровень развития навыка аргументации собственной точки зрения у всех детей [14, с. 12-17].

Я планирую внести изменения:

1. Чередовать письменную и устную формы формативного оценивания – позволит учащимся развить навык аргументации собственной точки зрения в устном и письменном видах при ответах на проблемные вопросы.

2. Проводить формативное оценивание в письменном виде с использованием дескрипторов и ключевых фраз (клише) – позволит оценить уровень развития навыка аргументации собственной точки зрения у всех детей.

Анализ всех выводов позволил мне прийти к заключению, что при выборе ресурсов, стратегий преподавания и оценивания, я не учла возможные трудности у учащихся и риск усиления темпа

проведения урока. Запланировав работу по анализу фрагмента диорамы «Великой Отечественной войны» и фото галерея хронологии боевого пути 316 стрелковой дивизии. Определить вклад военных действия комбата Бауыржана Момышұлы и определить его историческую личность. Безусловно, ответы вопросы высокого и низкого порядка, постановка дополнительных вопросов, мои комментарии при формативном оценивании способствовали развитию навыка аргументации собственных суждений. Однако это заняло время, что сказалось на темпе проведения основного и заключительного этапов урока. Применение ресурса по прошедшей теме с использованием клише при проведении формативного оценивания в письменном виде исключило бы указанные проблемы.

Применение дифференцированных заданий при работе с текстом и другими ресурсами для каждой группы основной части урока способствовало развитию аргументации точек зрения по вопросам анализа военной тактики командира и его взаимоотношение с солдатами, что способствовало формированию и развитию патриотизма у каждого солдата что стало основой победы 8-й стрелковой дивизии в битвах под Москвой. Этому способствовало и взаимооценивание: учащиеся каждой группы комментировали ответы друг друга, приводили аргументы своей оценки. Однако объем материала, усиление темпа урока, постановка дополнительных вопросов привело к тому, что аргументы у некоторых учащихся были поверхностны. Формативное оценивание на основе таблиц с критериями позволило бы судить об объективности взаимооценивания учениками друг друга.

Сокращенное время заключительной части урока привело к вынужденной постановке дополнительных вопросов при анализе письменных источников и самооценивании. Анализ документов способствовал развитию навыка аргументации суждений, но следовало бы их сократить объем и адаптировать с учетом развития языковых компетенций по второму (русскому) языку и провести оценивание в письменном виде с применением дескрипторов для отслеживания динамики развития соответствующего навыка у каждого ученика.

Я определила направление развития собственной практики: *«Развитие умений решать исторические задачи (кейсы) через применение проблемно-ориентированного обучения (PBL)» на примере произведения Бауыржана Момышұлы «Битва за Москву».* Это поможет развить навыки аргументации у учащихся, так как исторические задачи (кейсы) содержат исторические источники разных типов, а сама структура методики PBL, проблемно-логическая формулировка тем в NIS-программе по истории будут способствовать этому. Шаги для развития моей практики и коллег:

1. Посетить уроки и семинары коллег смежных предметов – поможет подобрать разнообразный материал для составления исторических задач (кейсов).

2. Проконсультироваться у учителей-экспертов по вопросу составления таблиц взаимооценивания – позволит разнообразить процесс формативного оценивания на уроках, отследить динамику в развитии всех учеников и навыков взаимооценивания.

3. Провести семинар и подготовить пособие на тему как формировать патриотизм у учащихся на уроках истории на примере личности Бауыржана Момышұлы.

4. Организовать мультимедийный кабинет для распространения военной деятельности и духовное наследия Бауыржана Момышұлы для формирования и развития патриотизма у учащихся.

**Итог.** В статье «Литературной газете» от 18 февраля 1970 года Бауыржан Момышұлы говорит: «Я писатель-документалист. Вымышленных имен и вымышленных событий в моих произведениях нет. Мои товарищи погибли в боях, они отдали свою молодость здоровье Родине. Это истинные герои, поднявшиеся в трудный час на защиту Отечества. И я считаю своим гражданским долгом рассказать об их подвигах». Безусловно смысл слово долг знает только наш батыр Бауыржан Момышұлы который посветил всю свою жизнь для исполнения своего долга перед товарищами, перед слушателями его произведения, перед Родиной которого он защищал в трудные времена. Главная тема произведения Бауыржан Момышұлы процесс становления воинского характера. Казахский батыр хочет рассказать подрастающему поколению о том, что сам видел, сам пережил вместе со своими сверстниками. Без ложной скромности хочет показать молодежи, что поколение батыра было славным поколением. Потому что они многое пережили – как трудовом, так и на боевом фронтах. Свой долг перед Родиной выполнили с честью. Бауыржан Момышұлы хочет передать молодым: «Будьте достойны славы ваших отцов, умножайте, продолжайте трудовые и боевые традиции нашего народа». Будет целесообразным продолжить проведение систематического исследования боевой деятельности казахских военных деятелей в годы Великой Отечественной войны. Особенной части изучения биографии, военной деятельности и произведения Бауыржан Момышұлы как историческую личность. Примененные Бауыржаном Момышұлы тактические приемы оборонительного и

наступательного боя, в ходе боевых действий в годы Великой Отечественной войны изучаются в высших военных учебных заведениях Республики Казахстан и в некоторых зарубежных странах мира таких как Куба, Никарагуа, Израиль, Польша, Венгрия, Чехия и Словакия, книги Бауыржан Момышұлы использовались как учебные пособия по ведению ближнего боя, как учебники военной тактики, в других применялись в качестве воспитательного оружия в работе с молодыми солдатами. В военных училищах Израиля есть специальный предмет по военно-теоретическому наследию Бауыржан Момышұлы и курсанты сдают по нему зачеты и экзамены, прежде чем, получить офицерское звание. Будет целесообразно изучение личности Бауыржана Момышұлы и его произведения в школах на уроках истории и на элективных курсах. А также внести в программу воспитательной системы образовательных учреждений концепцию воспитания детей на основе произведения и личности Бауыржана Момышұлы. Через различные методы такие как круглый стол, Бауыржановские чтения для младших классов, конференции для старших классов, городской, областной, республиканские конкурсы эссе среди 9-х классов на тему «Боевой дух и ответственность перед Родиной на примере личности Бауыржана Момышұлы», тематические театральные постановки, создать электрон-ный маршрут музейной панорамы посвященной Бауыржану Момышұлы. Выше указанные работы в реализации изучения военной деятельности Бауыржана Момышұлы привести в систему то можно с начальных классов внедрять патриотизм учащимся. Патриотизм это сохранение исторической памяти рассказывая о своих национальных героях поколение в поколение, и сейчас этот процесс можно реализовать через учебно-воспитательную систему образовательных учреждений через систематического внедрения воспитательную концепцию Бауыржана Момышұлы. Теперь вопрос почему современное поколение должны изучать по вопросу патриотизма именно Бауыржана Момышұлы. Потому что: во первых, наш батыр был единственным казахом, который в Советское время носил истинно казахскую фамилию Момышұлы отказавшись от переделанной на русский манер фамилии с окончанием (ов, ва), это объясняется тем, насколько сильно он чтит казахские традиции и гордился тем что он казах. Вторых его мужество и сильный характер что необходимо в воспитании именно мальчиков в подростковом возрасте (особенно детей из не полных семьи), где можно привить нравственно-духовные качества на основе произведения Бауыржана Момышұлы. И наконец изучая произведения и личность батыр подрастающая поколение в период глобализации всегда будут помнить о своих казахских традициях, ответственности перед страной и уважать до глубины души национальную культуру и историю, знать что такое быть патриотом на примере национального героя Бауыржана Момышұлы.

*Список использованной литературы:*

1. LessonStudy: руководство Пит Дадли [www.LessonStudy.co.uk](http://www.LessonStudy.co.uk). Pete Dudley 2011 14-15 стр
2. Дадли П. LessonStudy: теория и практика применения. – Астана: AptPrintXXI, 2013. (46 стр)
3. Пинская М.А. Пособие «Развитие организации повышение квалификации учителей» Исследование урока LessonStudy. - Москва, «Издательская фирма» «Сентябрь» 2015 (63-65 стр)
4. Дронова Е.Н., канд. пед. наук., доцент. «LessonStudy как инновационная технология развития профессиональных компетенций педагогов» // Образовательные ресурсы и технологии. – 2018. - № 4 (25). – С. 8
5. Галиахметова А.Т. Комплексная инновационная деятельность педагогических работников в образовательном учреждении // Мир науки и образования. – 2016. - № 2 (6). - С. 18-20
6. Архив Президента Республики Казахстан (далее АП РК) ф. 708, оп.5\1, д.622
7. ЦГА РК, ф.1432, оп. 2, д.192
8. ЦГА РК, ф.1432, оп. 2, д. 102
9. ЦГА РК, ф.1432, оп. 2, д. 20
10. Белан П.С. Два подвига Бауыржана Момыш-ұлы // Бағдар. – 1999. - № 3. – С. 41-43
11. Айтказина М.М. Бауыржан Момыш-ұлы видный военный деятель, ученый и педагог: дис...канд.ист.наук. – Алматы: КазГУ, 1997. – С. 27-29
12. Момыш-ұлы Б. За нами Москва // Изб. соч. т.1. – Алма-Ата: Жазушы, 1980. – С. 239
13. Духовное наследие Баурджана Момыш-ұлы и проблемы патриотического воспитания. Материалы научно-практической конференции // Бағдар – Ориентир. – 2000. - № 4. - С. 12-17
14. Абишев Г.А. Работа партии большевиков по воспитанию чувства советского патриотизма у воинов-казахов в годы Великой Отечественной войны. 1941-1945 гг.: дис...докт. ист. наук. – Москва., 1949. – С. 280

15. Тасбулатов А.Б., Айтказина М.М. Военно-теоретическое и педагогико – психологическое наследие Баурджана Момыш-улы. – Алматы: ВА ВС, 1997. – С. 41

*References:*

1. *Lesson Study: Peter Dudley's www Guide. Lesson Study.co.uk . Pete Dudley 2011 pp. 14-15*
2. *P. Dudley. Lesson Study: theory and practice of application. - Astana: Apt Print XXI, 2013. (46 pages)*
3. *M. Pinsky.A. Manual "Development of the organization of teacher training" Lesson Study Lesson Study. - Moscow, "September Publishing Company", 2015 (pp. 63-65)*
4. *E. Dronova.N., Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor. " Lesson Study as an innovative technology for the development of professional competencies of teachers" // Educational resources and technologies.- 2018 – No. 4 (25) - p. 8*
5. *Galiakhmetova A.T. Complex innovative activity of pedagogical workers in an educational institution // mir naukiobrazovaniya. - 2016 - No. 2 (6) - pp. 18-20*
6. *Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (hereinafter AP RK) f. 708, op.5\1, d.622*
7. *CGA RK, f.1432, op. 2, d.192*
8. *CGA RK, f.1432, op. 2, d. 102*
9. *CGA RK, f.1432, op. 2, d. 20*
10. *P. Belana.S. Two feats of Bauyrzhan Momysh-uly // Bagdar. – 1999. - No. 3. – pp. 41-43*
11. *Aitkazina.M. Bauyrzhan Momysh-uly is a prominent military figure, scientist and teacher: Dis...Candidate of Historical Sciences. - Almaty: KazGU, 1997. – pp. 27-29*
12. *Momysh-son B. Za nami Moscow // Izb. op. vol. 1. -Alma-ma: Yazushi, 1980. – p. 239*
13. *The spiritual heritage of Baurjan Momysh-uly and the problems of patriotic education. Materials of the scientific and practical conference // Bagdar-Orientir. – 2000. - No. 4.- pp. 12-17*
14. *G. Abisheva.A. The work of the Bolshevik Party to foster a sense of Soviet patriotism among Kazakh soldiers during the Great Patriotic War. 1941-1945: diss. ist. nauk. – Moscow., 1949. – p. 280*
15. *Tasbulatov A.B. M. Aitkazina.M. Military – theoretical and pedagogical-psychological heritage of Baurjan Momysh-uly. - Almaty: Voenizdat, 1997. – p. 41*

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ  
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ  
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY**

**ӘОЖ 902.2/904  
ҒТАМР 03.41.91**

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.018>

*Х.А. Айтқұл <sup>\*1</sup>, Г.Р. Мұхтарова <sup>2</sup>, Д.Қ. Төлемісова <sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*аға ғылыми қызметкер, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
PhD докторанты, тарих магистрі, Алматы қ., Қазақстан, E-mail: [khamit.boray@mail.ru](mailto:khamit.boray@mail.ru)*

<sup>2</sup>*директор, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты, Есік қ., Қазақстан  
E-mail: [railovna@mail.ru](mailto:railovna@mail.ru)*

<sup>3</sup>*сеньор лектор, Алматы Технологиялық Университетінің  
«Химия, химиялық технология және экология ғылымы» кафедрасы, химия ғылымдарының кандидаты,  
Алматы қ., Қазақстан, E-mail: [tolemisova@mail.ru](mailto:tolemisova@mail.ru)*

**ТАС ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақала Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің археологиялық коллекциясын қалыптастыру тарихына арналған. Аталмыш коллекцияны жинақтауда 1831 жылы Орынбор әскери губернаторы, генерал-адъютант Граф Павел Петрович Сухтелен құрған Орынбор музейінің коллекциясы үлкен рөл атқарды. Мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің (әрі қарай ҚР МОМ) қорын толықтырған археологиялық экспедициялар туралы мәліметтер келтірілген. Архивтік және есепке алу құжаттары қаралды, Еуразиялық дала белдеуінің қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеумен айналысқан археологтардың жарияланымдары талданады. Сондай-ақ, ұсынылып отырған мақаланың ауқымында этникалық бірлестіктердің шаруашылығын, мәдениетін, дүниетанымын, тұрмысын, қоғамдық қалыптасуын зерделеудегі орны ерекше: Атасу, Мыржық, Ақмұстафа, Саңғұр, Беғазы, Ақмая, Ақсу-Аюлы, Шортанды бұлақ және Бұғылы I, II сынды т.б. қоныстар мен қорымдардан құралған маңызды археологиялық ескерткіштердің артефактілерінен ҚРМОМ археология қорында қалыптасқан Орталық Қазақстанның қола дәуірі коллекциясының құрамына кіретін тас еңбек құралдарына талдау жасалады.

**Кілт сөздер:** мәдениет, археология, дәуір, қола, коллекция, қалыптасу, музей, тас, құралдар

**Алғыс:** авторлар ҚР МОМ «Археология орталығы» ұжымына 2016-2018 жылдардағы музей қорындағы коллекцияларын зерттеу кезінде көрсеткен көмегі (қызметі) үшін алғыс білдіреді.

Жұмыс Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қаржылық қолдауымен №BR10164228/ПЦФ: «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» атты жобасы аясында орындалды.

*Айтқұл Х.А. \*<sup>1</sup>, Мухтарова Г.Р. <sup>2</sup>, Төлемісова Д.Қ.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>старший научный сотрудник, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», докторант PhD ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, магистр истории, Казахстан, г. Алматы  
E-mail: [khamit.boray@mail.ru](mailto:khamit.boray@mail.ru)*

*<sup>2</sup>директор, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», кандидат исторических наук, Казахстан, г. Есик  
E-mail: [railovna@mail.ru](mailto:railovna@mail.ru)*

*<sup>3</sup>сеньор лектор, кафедра «Химия, химическая технология и экология» Алматинского Технологического Университета, кандидат химических наук, Казахстан, г. Алматы  
E-mail: [tolemisova@mail.ru](mailto:tolemisova@mail.ru)*

## КАМЕННЫЕ ОРУДИЯ ТРУДА

### *Аннотация*

Статья посвящена истории формирования археологической коллекции Центрального государственного музея Республики Казахстан (далее ЦГМ РК) в г. Алматы. В комплектовании коллекции большую роль сыграло собрание Оренбургского музея, учрежденного оренбургским военным губернатором, генерал-адъютантом графом Павлом Петровичем Сухтеленем в 1831 г. С этой даты начинается сложение фондовых и экспозиционных коллекций эпохи бронзы ведущего музея Казахстана. В статье приведены сведения об археологических экспедициях, пополнявших фонды Центрального государственного музея. Рассмотрены архивные и учетные документы, проанализированы публикации археологов, занимавшихся изучением памятников эпохи бронзы евразийского степного пояса.

Также в данной статье особое место в изучении хозяйства, культуры, мировоззрения и быта общественного становления этнических объединений отводится артефактам важных археологических памятников, состоящих из поселений и некрополей: Атасу, Мыржык, Акмустафа, Сангур, Бегазы, Акмая, Аксу-Аюлы, Шортанды Булак и Бугылы I, II и др. В рамках предлагаемой статьи сделан анализ каменных орудий труда, входящих в состав коллекции бронзового века Центрального Казахстана.

**Ключевые слова:** культура, археология, эпоха, бронза, коллекция, формирование, музей, камень, орудие

*Aitkul Kh.A. \*<sup>1</sup>, Mukhtarova G.R. <sup>2</sup>, Tolemisova D.K.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>senior researcher, The State Historical and Cultural Museum-Reserve “Esik”,  
PhD student at L.N. Gumilyov ENU, master, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: [khamit.boray@mail.ru](mailto:khamit.boray@mail.ru)*

*<sup>2</sup>director, The State Historical and Cultural Museum-Reserve “Esik”,  
candidate of historical sciences, Esik, Kazakhstan  
E-mail: [railovna@mail.ru](mailto:railovna@mail.ru)*

*<sup>3</sup>Senior Lecturer, Department of Chemistry, Chemical Technology and Ecology,  
Almaty Technological University, candidate of chemical sciences, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: [tolemisova@mail.ru](mailto:tolemisova@mail.ru)*

## STONE TOOLS

### *Abstract*

The article is devoted to the history of the formation of the archaeological collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (hereinafter CSM RK) in Almaty. The collection of the Orenburg Museum, founded by the Orenburg military governor, Adjutant General Count Pavel Petrovich Sukhtelen in 1831, played a large role in the collection. The article provides information about archaeological expeditions that replenished the funds of the Central State Museum. Archival and accounting documents are considered, publications of archaeologists who studied the monuments of the Bronze Age of the Eurasian steppe belt are analyzed. Within the framework of the proposed article, a special place in the study of the economy, culture, worldview, way of life, social formation of ethnic associations is given to artifacts of important archaeological sites consisting of settlements

and necropolises: Atasu, Myrzhyk, Akmustafa, Sangur, Begazy, Akmaya, Aksu-Ayuly, Shortandy Bulak and Bugyly I, II, etc., an analysis of stone tools that are part of the Bronze Age collection of Central Kazakhstan, formed in the archeology fund of the CSM RK, will be carried out.

**Keywords:** culture, archeology, epoch, bronze, collection, formation, museum, stone, tool

**Кіріспе.** ҚРМОН-гі жинақталған бай коллекциялардың қатарына еліміздің әртүрлі өңірлерінен, соның ішінде Алтай аймағынан табылған заттар кіреді. Археологиялық қордың негізін 1831 жылы Орынбор әскери губернаторы граф П.П. Сухтеленнің [1] бастамасымен Неплюев әскери училищесінде құрылған Орынбор өлкесінің музей коллекциялары және 1898 жылы Верный қаласында Жетісу статистикалық комитетінің [2] мүшелері құрған Жетісу музейінің коллекциялары құрайды. Ежелгі ескерткіштерді зерттеуге Орыс географиялық қоғамының, Императорлық Орыс археологиялық қоғамының, Археологиялық комиссияның, Мәскеу археологиялық қоғамының, Тарихи музейдің мүшелері қатысты. Оренбург ғылыми архив комиссиясы мен 1917 жылға дейін созылған Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі, сондай-ақ облыстық статистикалық комитеттер үлкен ұйымдастырушылық рөл атқарды. Ерекше айта кететін жайт, Уәлиханов Ш.Ш., ескерткіштердің бірнеше түрін – ескі шахталарды, қараусыз қалған егістік жерлерді, тас қоршауларды, тас мүсіндерді сипаттап жазған [3, 190-197 бб.].

1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы жүйесінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология, этнография Институты құрылған соң Республика аумағындағы археологиялық зерттеулер ісі қарқын алды. Академик Ә.Х. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (әрі қарай ОҚАЭ) осы өңірдің археологиялық тұрғыдан зерттелуіне жол ашты. Экспедиция Орталық Қазақстан, Қаратаудың солтүстік беткейі, Павлодар облысының оңтүстік-батыс бөлігінде барлау жұмыстарын атқарып қола дәуірінің қоныстарын, қорымдарын және обаларын зерттеді.

1950 жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамында үш топ болды. А.М. Оразбаев басқарған бірінші топ Ботақара, Қанаттас, Елпібек, Егіз Қойтас, Жамбай-Қарасу, Басбалдақ, Алтынсу, Жанайдар және Беласар сынды андрон қорымдарын, Ә.Х. Марғұлан жетекшілік еткен екінші топ кейінгі қола дәуірі мен қоладан ерте темір дәуіріне өтпелі кезең ескерткіштерін, М.Қ. Қадырбаев басшылық еткен үшінші топ Саңғұр II қорымын зерттеді.

Ә.Х. Марғұлан анықталған материалдар негізінде жариялаған «Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века» мақаласында түсті және қара металды өндіру орындарының сипаттамасын берді. Аталмыш мақалада орталық Қазақстан металлургиясының геологиялық, археологиялық жағынан зерттелуі жайлы толымды мәліметтер келтірілген [4, 3-30 бб.].

1961-63 жж. ОҚАЭ-ның барлау жұмыстары нәтижесінде Атасу, Ортасу (Жаман-Өзен өзенінің алабы), Бұғылы I (Құсмұрын), II (Шопа), III (Қарсақбай), Ақсу-Аюлы, Ақбауыр, Байбала және Шортанды бұлақ, Қарашоқы және Жамантас, Қара-Томар (Далба таулары), Тағыбай бұлақ (Әулие-Қызылтау таулары) сынды 30 шақты қоныс ашылды. Осы ескерткіштердің материалдары ҚР МОН-ның қор коллекциясында қыш ыдыс, еңбек құралы, ат әбзелдері ретінде сақталған.

1961 жылы Ә.Х. Марғұлан және А.М. Оразбаев Ұлытау қонысына, 1962 жылы Суық-Бұлақ және Қарқаралы (II) қоныстарына ауқымды зерттеу жұмыстарын ұйымдастырды. 1963 жылы А.М. Оразбаев Бұғылы II қонысындағы қазба жұмыстарын жалғастырды. 1962 орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы осы қонысты зерттеуге бір маусымын арнады. Далалық маусымда үш жартылай жер үсті тұрғын-жай қазылды. А.М. Оразбаев жасаған № 1 және 2 тұрғын жайларының жаңғыртпа үлгісінің диорамасын музейдің Палеонтология және археология залының экспозициясынан тамашалауға болады.

**Материалдар мен әдістер.** Музейдің археологиялық коллекциясын тарих пен мәдениеттің бірегей ескерткішіне айналдыратын бірқатар объективті факторлар бар болғандықтан оны зерттеуге және сақтауға заманауи талаптар тұрғысынан қарау керек. Аталмыш археологиялық коллекцияны зерттеу кезінде кешенді тәсіл қолданылды. Біріншіден, археологиялық материалдың негізгі категорияларын талдау үшін салыстырмалы-типологиялық әдіс қолданылады, ал заттардың өзара байланысын анықтау кезінде жіктеу және жүйелеу әдістері пайдаланылды. Тас құралдар коллекциясын сипаттау үшін стилистикалық талдаумен толықтырылған кескін иконографиясын зерттеудің формалды-типологиялық және трасологиялық әдістер қолданылды. Салыстырмалы әдісті қолдана отырып, артефактілердің жалпы және ерекше белгілері анықталады. Тарихи-археологиялық байланыстарды анықтау үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Хронологиялық атрибуция салыстырмалы және абсолютті мерзімдеу арқылы ақпараттық технологиялар әдістерін қолдана отырып жүзеге асырылды. Материалдарды талдау кезінде мәдени стратиграфияны жаңғырту әдісін қолдана отырып хронологиялық даму кезеңдерін сипаттайтын тас құралдарының топтары анықталды. Сондай-ақ, жұмыс барысында ақпаратты толықтыру және зерттелетін

тақырыптың мәселесін ашу үшін далалық зерттеу әдістерімен қатар музейдің ерекше саласы болып табылатын – артефактілерді консервациялау және қалпына келтіру мәселелерін әзірлеу әдісінде қолданылды.

**Нәтижелер мен материалдар.** Ә.Х. Марғұланның алғашқы қазба жұмыстарынан 20 жыл кейін, 1975 ж., М.Қ. Қадырбаевтың жетекшілігімен орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Атасу қонысындағы қазба жұмыстары жалғастырды. Бұл ежелгі кен ісі, металлургиямен байланысты мәселелерді зерттеудегі Атасу қонысының мәнділігін көрсетсе керек. Атасу археологиялық кешенінің басты нысандары: Атасу I, Атасу II (Ақмұстафа), Мыржық қоныстары, (Саңғұр I-III, Атасу I-III, Ақмұстафа, Мыржық) қорымдар шоғыры, (Сарыбұлақ, Дарат, Босаға, Оғызтау, Кенқазған) кен өндіріс орындары деуге болады [5, 3-42 бб.].

Экспедицияның басты зерттеу нысаны Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы, К. Мыңбаев атындағы кенттен оңтүстік-батысқа қарай 35 км тұстағы Атасу I қонысы болды. Далалық жұмыстар барысында тұрғын, шаруашылық жайларының 12 орны толық зерттелді. Атасу I қонысында балқыту, құю жұмыстарына қажетті металлургия өндірісі пештерінің құрылымын, қосалқы жайларды қамтыған 25 кешені анықталды. Осыны ескерсек, Атасу I қонысы материалдарының сипаттамасын жазып жариялаудың ғылыми маңызы зор. Мыржық, Атасу II (Ақмұстафа) қоныстарымен Мыржық қорымында кең көлемді қазба жұмыстары жүргізілді. Бұл нысандардан табылған материалдар Атасу I қонысынан анықталған жертөле, қыш фрагменттері, мал сүйектері, кен қалдықтары, тотықты жез, сүйек, тас еңбек құралдарына өте ұқсас екенін айтуға болады.

Ә.Х. Марғұлан «Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана» атты еңбегінде орта қола кезеңінен XIII-XI ғғ. [6, 25-58 бб.] соңғы қола кезеңі X-VIII ғғ. – бегазы-дәндібай мәдениетіне өтпелі аралық саты [6, 61-153 бб.] және бұдан кейінгі ерте темір VIII-VII ғғ. ескерткіштеріне бөле келіп, соңғы қола кезеңіндегі мәдени дәстүрлердің сақталғанын, әрі ерте темір ғасыры мәдениетінің қалыптаса бастағанын көрсетеді [6, 153-160 бб.]. Ә.Х. Марғұлан бір мәдениет шеңберіне екі мәдениет бегазы-дәндібай (қорымдар материалдары) және сарғара-алексеев (қоныстар материалдары) ескерткіштерін біріктірді. Ескерткіштерді тиісті кезеңдерге жіктеумен қатар, бұл еңбекте суландыру, шаруашылық дағдысы, құрылыс, зергерлік кәсіп т.б. мәселелерге көңіл бөлінген.

М.Қ. Қадырбаев пен Ж.Қ. Құрманқұлов «Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки» монографиясында материалдарды жүйелеу, талдаумен қатар Атасу I, Мыржық, Ақмұстафа, Ақмая ескерткіштерінің сипаттамасы беріліп, қыш ыдыстар, қыш фрагменттері пішініне, жасалу техникасына, көркемдік шешімі мен техникасына, өрнек түріне, орналасуына қарай алакөл-атасу (б.з.д. XV-XIV ғғ.), федоров-нұра (б.з.д. XIV-XIII ғғ.), алексеев-сарғара және бегазы-дәндібай (б.з.д. XII-IX ғғ.) [7, 231-232 бб.; 134-142 бб.] мәдениеттеріне бөледі. Жиналған материалдар негізінде авторлар б.з.д. II мыңжылдықта Орталық Қазақстан Еуразиядағы металлургия орталығының бірі болды деп тұжырымдайды. Солтүстік Бетпақдала қоныстары мен қорымдарындағы зерттеу материалдарының басым бөлігі ҚР МОМ қорында сақтаулы.

А.Е. Ержанова «Каменные орудия и изделия поселения Атасу (результаты трасологического анализа)» атты мақаласында Атасу қонысынан табылған музей қорындағы тас еңбек құралдарын трасологиялық тұрғыдан талдаудың сипаттамасын берген. М.Қ. Қадырбаев пен Ж.Қ. Құрманқұлов орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының 1975-1985 жж. Атасу өзенінің жоғарғы бойында атқарған археологиялық барлау, қазба, ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижесінің қорытындысы болып саналатын «Культура древних скотоводов и металлургов Сарыарки» атты еңбекте [8, 247] жалпы мыс балқыту өндірісінде пайдаланылған тастан жасалған еңбек құралдарының толыққанды зерттелмей отырғандығын айтады. Ежелгі кеніштер жайлы жазылған бірқатар еңбектерде тастан жасалған еңбек құралдарының сипаттамасы, қолданыс орны көрсетілгенмен құралдарды хронологиялық жіктеу, яғни қола заманының нақты қай кезеңіне жататыны көрсетілмейді.

Соңғы кезде өндірістік іс-әрекеттің техника, технологиялық әдіс-тәсіл, инновация және ежелгі өндіріс түрлерінің даму қарқыны сынды нақты мәселеге ғылыми қызығушылықтың артып отырғаны белгілі. Осы орайда, ежелгі еңбек құралдарына қатысты түрлі мәселелерді қарастырып жүрген бірқатар мамандар [9, 256-264 бб.; 260-269 бб.; 198-217 бб.] артефактілерді трасологиялық әдісті қолдана отырып зерттеуге мән береді.

Қола дәуірі тұрғындарының еңбек құралдарын топқа, түрге жіктеуде трасологиялық, экспериментальді әдісті қолдану құралдың нақты қандай материал – шикізаттан, қандай әдіспен өңделгенін және тас бетіндегі әркелкі – сызат, ойық, опырылу сынды өзгерістерге қарап оның тозуын, яғни қандай да бір әрекетке – кәсіпте, шаруашылықта қолданылғандығын және тікелей қандай мақсатта пайдаланғанын анықтауға, сайып келгенде, ежелгі шаруашылық саласын, технологияны жаңғыртуға жол ашады. Айтар



болсақ, А.Е. Ержанованың мақаласында Атасу (ЦМК КП 27254/1-83), Мыржық (ЦМК КП 27254/84-86, 88-90, 92-93), Ақмұстафа (ЦМК КП 27254/94) қоныстарынан табылған тас құралдардың трасологиялық талдауы берілген [10, 406-413 бб.]. Зерттеу нәтижесінде тасты өңдеуде қолданылған технологиялық әдістер, құралдың қолданыс аясы, уақыты – кезеңі нақтыланып, қоныс тұрғындарының өндірістік іс-әрекетінің ерекшеліктері пайымдалды, яғни металлургия жетекші шаруашылық түрі болды деуге болады.

Талдысай қонысынан (б.з.д. XV-XIV ғғ. басында пайда болған) табылған еңбек құралдарын трасологиялық талдауға сүйене отырып мамандар А.А. Плешаков пен А.Е. Ержанова бұл әдіс қола бұйымдарын дайындау, өңдеудің технологиялық сатыларын реконструкциялау – жаңғыртуға мүмкіндік береді деп түйіндейді [9, 261 б.]. Осы авторлардың пікірінше артефактілерді статистикалық талдау, зерттеу затты сипаттаумен шектеледі, яғни нақты ерекшелігін толық көрсетпейді [9, 256-264 бб.]. Трасологиялық әдісті қолдана отырып Кент қонысынан табылған тас құралдарды зерттеген Н.Ю. Кунгурова мен В.В. Варфоломеев қоныс тұрғындары шаруашылығының кейбір тұстарын анықтауға қол жеткізді [9, 198-217 бб.].

Сонымен, материалдарды трасологиялық зерттеу артефактілердің нақты қолданылу орнын анықтауға, еңбек құралдарының ғылыми негізделген типологиясын құруға септігін тигізеді. Аталмыш мәселелерге қатысты қарастырылған арнайы зерттеулерде [10; 6;9; 7; 11] тастан жасалған еңбек құралдары, негізінде металл өндірісінде және оны өңдеу саласында қолданылғаны айтылады. Тасты өңдеу технологиясы, құрал түрлерінің тұрақтылығы, құралдардың белгілі бір кәсіпке – өндіріске сәйкестеле өңделуі тас құралдарын топтарға бөлуге мүмкіндік береді.

М.Қ. Қадырбаев пен Ж.Қ. Құрманқұловтың жоғарыда аталған еңбегінде Атасу ескерткіштерінен табылған барлық тас құралдардың толық сипаттамасы [7, 125-149 бб.] келтірілген. Бұл ғалымдар барын-ша кең қолданылған тас еңбек құралдарының кейбір түрлерін саралай келе құралдарды: 1) кен қатпарының жігін ажыратуға, қопаруға, кенді балқытуға дайындау мақсатында қолданылатын; 2) металды өндіру және одан түрлі заттарды жасауға қажетті құралдар тобына бөледі. Осы жіктеуге сай бірінші топқа кенді, шлақты ұсақтау, үгуге қолданылатын еңбек құралдарына – балта, қайла, сүймен, сына, балға, сап қондырылатын ойығы бар кетпен сынды бірқатар заттар кіреді [7, 127 б.].

Құралдар түрінің екінші тобына кенді тікелей балқыту барысында қолданылатын және дайын металдан қажетті бұйымды жасауға лайықталған тас науа, шүмек, қалып, бұйымды өңдеуге пайдаланылатын текше (келі), қайрақ, кішігірім балта түрлері жатады [7, 145 б.]. Музей қорындағы тас құралдар коллекциясының басым бөлігі Атасу, Мыржық, Ақмұстафа, Тағыбайбұлақ, Жерексай қоныстарындағы археологиялық зерттеулер барысында жиналған деректер.

Кен ісі, мыс балқыту өндірісі, жер өңдеу-егіншілік, аңшылық, үй кәсіпшілігінде көбінесе тас еңбек құралдары пайдаланылды. Аталған еңбек құралдарына алеврит, кварцит, порфир, порфирит, диабаз, құмтас т.б. жергілікті шикізат түрлері таңдалған [12, 45-58 бб.]. Музейдің археология қорындағы қола дәуірі коллекциясындағы тас құралдарын саралау, талдау барысында зерделенген артефактілер, бірінші-ден, Жезқазған аумағында анықталған белгілі тау жыныстарынан, екіншіден, құралдардың қолданыс аясына, атқарылатын жұмыстың сипатына (ауыр немесе жеңіл) сәйкестігі жете ескеріле отырып өңделгені анықталды. Кенді төбелердің жоғарғы қабатын аршу, кенді тас-топырақтан тазарту жұмыстарына сүймен, қайла (сурет 1,1; 1,2) сынды құралдар пайдаланылды (ЦМК КП 27254/37, 38). Қайла көбіне сүйір немесе жұмыр конус түрінде болып келеді, алайда бүйірі сап байлауға лайықтала ойысты болып келетін түрі де кездеседі.

Ә.Х. Марғұлан ежелгі кеншілердің ең басты құралы – шотбалтаға кварцит, порфирит шомбалдарының пайдаланылғандығын және тау жыныстарындағы кен жіктерін талқандауға қомақты, салмағы аса ауыр 30 килограмнан асатын осы құрал ғана оңтайлы деп санайды [12, 56 б.]. Шотбалталардың пішіні әртүрлі яғни, қолданыс аясы кең болған. Бұл құралдың тұрпайылау, әрі ауыр түрлерімен қатар кенжарда кенді сұрыптауға, бос жыныстар бөлшектерінен тазартуға лайықталған жеңіл, ыңғайлы түрлері көптеп ұшырасады (сурет 1,3; 1,4), (ЦМК НВФ 5557/6, 7). Зерделеніп отырған музей коллекциясындағы Ақмұстафа қонысынан табылған жеңіл де оңтайлы құрал (сурет 1,5) осы соңғы түрге сәйкес келеді (КП 27254/94).

Кен уатуға пайдаланылатын соққы тегеуріні жоғары құралдың енді бір түрі – балға. Тас құралдардың өзге түріне қарағанда пішіні әркелкі балғалар барынша мұқият өңделген. Бұл құрал, пішіні және салмағына қарай үш түрге бөлінеді. М.Қ. Қадырбаев пен Ж.Қ. Құрманқұлов бірінші топқа тік бұрышты немесе цилиндр пішінді, қимасы дөңгелек, қырлары дөңгелектенген, салмағы 5-8 кг шамасындағы балға түрлерін жатқызады. Әдетте балғаның жоғарғы бөлігінде 2-3 көлденең ойма жолақ байқалады, артқы беті сап

бекітуге лайық тегіс болады (сурет 1,6), (ЦМК НВФ 5557/1). Коллекциядағы балғаның (сурет 1,7) бірінде көлденең оймамен қатар шүйде тұсынан түскен тік ойма байқалады (ЦМК КП 26246/7).

Орталық Қазақстан қола дәуірі коллекциясындағы пішіні тұрпайылау балғалар бірінші түрге сәйкес келеді. Бұл құралдың жұмысқа лайықталған төменгі бөлігі сәл сүйірлене дөңгелектенген. Мұндай құралдың (сурет 1,8; 1,9; 1,10) төменгі бөлігі дөңгелектеу; сопақтау тұсының соққысы өңделетін материалдың шағын бір бөлігіне ғана беріледі (ЦМК КП 20249/8; ЦМК КП 26246/3; ЦМК КП 27254/31).

Екінші түрге – цилиндр, сопақша, ортасы сапты бекітуге лайықталған ойысты дөңгелек, көлемі орташа балғаларды жатқызамыз. Мыржық қонысындағы қазбадан табылған ұзындығы 14,7 см, жұмыс бөлігінің ені 10,7 см, қалыңдығы 4,9 см (сурет 1,12) құрал осы екінші түрдің үлгісі болып табылады (ЦМК КП 27320/1 б).

Үшінші түрге – кішігірім, жеңіл, ұзынша, сопақтау жұмыртқа пішінді және бүйірлі балға түрлері жатады. Бұған Мыржық қонысындағы 1984 ж. қазбадан табылған сопақша, бір шеті үшкіл, дөңгелектеу, үшбұрышталған зергерлік іске лайықталған балғалар топтамасы (сурет 1,11; 1,13) сәйкес келеді (ЦМК КП 27320/1 а, в). Аталмыш зергерлік іске лайықталған балғалардың екі түрі «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорында сақтаулы. Балғалар 2021 ж. «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» жобасы аясында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы Рахат кешенінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған (сурет 1,22; 1,23) [13, 136-143 бб.; 70-79 бб.].

Көлемі шағын екі тас балғаның бірі тікбұрыштылау, бір шетінің пішіні сопақша келген, үстіңгі беті тегістелген (сурет 1,14). Екінші балға – жапырақ пішінді, қимасы тікбұрышты, қырлары дөңгелектенген, бір шетінде ілуге немесе асуға лайықталған дөңгелек оймасы бар (сурет 1,15), (ЦМК КП 26067/52, 54), [9, 260-264 бб.].

Мұндай балға түрлері қола дәуірі қоныстарында жиі ұшырасады. Мысалы музейдің қола дәуірі коллекциясындағы Қарқаралы II, Шортандыбұлақ қоныстарынан табылған балғалар осындай түрге жатады [9, 256-264 бб.].

Кенді, шлакты тас келіде, төсте үтуге және қола бұйымдарды өндеуге арналған құралдың негізгі түрі келсап. Музей коллекциясындағы келсаптың көпшілігі Атасу қонысынан табылған заттар. Келсаптар тікбұрышты, дөңгелек, конус тәрізді болып келеді (ұзындығы 10-13,5 см, ені 6-8 см) төменгі шеті дөңгелектенген (сурет 1,16; 1,17; 1,18), (ЦМК КП 27254/61, 62, 71). Келсаптарды пішініне, қолдану аясына қарай екі түрге бөлуге болады.

1) бірінші түрге, сабы цилиндр тәрізді, төменгі – жұмыс бөлігі енді, тікбұрышталған және қимасы дөңгелектеу шомбал тастан пішінделген құралдар;

2) екінші түрге – саптың жоғарғы бөлігі сопақтала бөлініп айқындалады немесе саңырауқұлақ тәрізді (сурет 1,19) болып келеді (ЦМК КП 6116).

Келсаптармен қатар қолданылатын құралдың бірі келі немесе текшетас (бұдан ары қарай – тас келі). Тас келі пішіні дөңгелек, сопақтау, тікбұрышты болып келеді. Коллекциядағы тас келінің көпшілігі фрагменттерден тұрады. Оның себебі тас келілердің жұмыс барысында тез сынып қалуы деп топшылар едік. Өйткені жалпақ болып келетін тас келілерде кенді, шлакты үту барысындағы келсаптың соққысының әсерінен жиі жарылып кететін болған. Мысалы, ұзындығы 22,7 см, ені 19 см, қалыңдығы 7 см тікбұрышты тас келінің минералды үтуге қолданылған екі бетінің де орта тұсы дөңгелектене ойысқан, сыртқы бетінің әр жері опырылған, сырылған (сурет 1,20; 1,21). Тас келілердің тозу белгілері бірден байқалады. Ортасынан опырылып сынуы тас келінің жұмыс барысында істен шыққанының куәсі болса керек (НВФ 5557/42, 44).

*Шаруашылықтың әр саласында жиі қолданылған құралдың бірі кетпен. Кетпен көбінесе топырақты қопсытуға, кенді тас, топырақ, қиыршық, құм қабатынан тазартуға қолданылды. Ежелгі шаруашылық түрін қалпына келтіру – реконструкциялаумен байланысты мәселені зерттеуші ғалымдардың бірқатары [9, 198-216 бб.; 12, 21-42 бб.] кетпен негізінде жер өңдеуге қолданылған еңбек құралы деген пікірді алға тартады. Алайда, ежелгі кеншілердің қоныстарындағы қазба, жұмыстары барысында табылған үлгілерді трасологиялық зерттеулер, бұл құралдарды тау-кен ісінде пайдаланылғанын да байқатады [9, 281-285 бб.; 14, 60-79 бб.].*

Қола дәуірі коллекциясындағы кетпендер (ұзындығы 8-18 см, ені 6-8 см, қалыңдығы 1,5-5 см), сопақша, үшбұрышталған, трапецияға жақындау сынды әркелкі пішінде болып келеді. Төменде суреті көрсетілген Мыржық қонысынан табылған кетпен (сурет 1,24; 1,25) ұзындығы 10,5 см, жоғарғы бөлігінің ені 7,2 см, жұмысқа қолданылатын тұсының ені 8,3 см, қалыңдығы 3,3 см, пішіні трапецияға келтірілген, шүйде тұсы дөңгелектенген, екі қырына иінді ойма түсірілген, тікелей жұмысқа бағытталатын тұсы үшкілденген (КП

27254/3; КП 26246/2). Орталық Қазақстанның қола дәуірінің ірі тау-кен, металлургия орталықтарының бірі Қарқаралы өңірі.

Орталық Қазақстан қола дәуірі коллекциясында Баянауыл ауданы Тағыбайбұлақтың солтүстік аңғары, Әулие Қызылтау тау жоталарының солтүстік-шығыс беткейі Жосалы ауылынан 23 шақырым, байырғы Тайшық қыстауынан 1 шақырым қашықтықта орналасқан Тағыбайбұлақ қонысындағы (қоныс-ты 1974 ж. М.Қ. Қадырбаев зерттеген) №1 тұрғын жайдың мәдени қабатынан 23 кетпен, 5 кен уатқыш құрал, тигельдердің сынықтары, сыналар, т.б. артефактілер табылғаны белгілі [12]. Музей коллекциясында осы қоныстан табылған 5 кетпен (сурет 1,26; 1,27; 1,28; 1,29; 1,30) бар (ЦМК КП 26982/11, 12, 13, 14, 15). Пішіні, өңделу техникасы бойынша Тағыбайбұлақтан табылған кетпендер Орталық, Шығыс Қазақстанның қоныстары мен кеніштер аумағынан табылған кетпендермен бірдей деуге болады, өйткені стандартты, шүйдесі дөңгелектенген, тікелей соққы беретін тұсы жарықшақтала өңделген, екі бүйірі оймалы болып келеді.

**Талқылау.** ҚР MOM қорындағы есептік құжаттар, археологиялық зерттеулер есептері, арнайы әдебиеттер негізінде зерделенген, сипаттамасы жазылған артефактілерді талдай келе қола дәуірінде алдыңғы тас ғасырлары кезінде іске жаратылған байырғы еңбек құралдарының қолданыс аясының кеңейгенін, әрі тасты өңдеу техникасының жетілгендігін аңғарамыз. Артефактілерді атрибуциялау кезінде заттың өзіне тән белгілері – физикалық қасиеттері, функционалдық мақсаты, пайда болу және пайдалану тарихы анықталды. Заттың жасалу материалы мен әдісі (қолмен, механикалық, соғу және т.б.), түсі, пішіні, өлшемі, салмағы, құрылғысы, стильдік ерекшеліктері, уақыты және заттың жасалу және пайдалану орны, оның әлеуметтік және этникалық тиістілігі. Сондай-ақ атрибуция кезінде оның сақталу дәрежесі анықталып, ондағы келтірілген зақымданулар сипатталды. Затты анықтау нәтижесінде алынған мәліметтер музей қорының ғылыми анықтамалық аппаратында тіркеледі.

Мартынов А.И., Шер Я.А. және Генинг В.Ф. әзірлеген археологиялық зерттеу әдістерінің негізінде заттардың өзара байланысын анықтау үшін коллекцияны жіктеу және жүйелеу жұмыстары жүргізілді [15]. Жіктеу барысында артефактілер географиялық (заттардың пайдалану орны бойынша), хронологиялық (заттардың жасалу немесе пайдалану уақыты бойынша), тақырыптық немесе заттық (заттар мақсаты бойынша топтастырылды) принциптер бойынша бөлінді. Сипаттама ең маңызды зерттеу жұмысы және ғылыми деректерді көрсету құралы болғандықтан, сипаттама мәтіні ғана емес, сонымен қатар оның қосымша компоненттері – фото иллюстрациялар, сызбалар және т.б. әзірленді. Заттар мен объектілерді сипаттауда олардың жеке сызбалары үлкен маңызға ие, бұл бізге осы объектіні жақсы «көруге» және түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, ертеректе шаруашылық өмірі мен мәдениетінің сан алуан аспектілерін көрсететін ғылымдағы аз және белгісіз жәдігерлер ғылыми айналымға енгізіледі. Коллекцияны сипаттау үшін ескерткішті зерттеудің тарихнамалық шолуы және коллекцияның музейге түсу тарихы маңызды.

Қола дәуірінің материалдық мәдениетін зерделеуде тау-кен ісінде, егіншілікте, үй кәсіпшілігінде қолданылатын тас еңбек құралдарының маңызы өте зор. Тас еңбек құралдары ежелгі тайпалардың шаруашылық-тіршілік қам-қаракетінің басты салаларының бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Еңбек құралдарының түрі, пішіні, сапасы сол қоғамның даму деңгейін аңғартатын басты фактор екендігі сөзсіз. Жалпы адамзаттың ең алғаш іске жаратқан дүниесінің бірі тас. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде мыс кенін игерудің бастапқы сатысында (б.з.д. XXII-XVII ғғ.) Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалар тастан түрлі еңбек құралдарын жасап тұтынғаны анықталды.

Тастан жасалған еңбек құралдары тарихи дерек ретінде көптеген зерттеушілер назарына іліккені белгілі. Жезқазған геологиялық музейінің негізін қалаушылардың бірі Н.В. Валукинский 1945-1948 жж. Жезқазған аумағындағы кен орындарын барлау-зерттеу барысында ежелгі кеншілер жұртынан тастан жасалған қару түрлері – кен уататын шой балға, құйма қалып, шүмек, тісшелі қалыппен өрнектелген қыш фрагменттері, мыс, күміс және қоладан жасалған жиырма мыңға жуық түрлі заттарды жинаған. Осы материалдардың өзі археология ғылымын Жезқазған сынды кенді аумақтың ежелгі кеніштері, мыс кенін өндіру-мыс балқыту орындары жайлы мәнді деректермен толықтырғаны сөзсіз [16, 33-39 бб.].

**Қорытынды.** Музейдің археология қорындағы Орталық Қазақстанның қола дәуірі коллекциядағы тас, сүйек, балшықтан жасалып металлургия, кен ісінде қолданылған еңбек құралдарына әсіресе, кен өндіру, байыту және оны балқытуға дайындауда негізгі құрал – тас еңбек құралдары болып табылады. Қоныстарда кенді уатуға, үгуге қолданылатын тас балға, қайла сынды құралдар жиі ұшырасады [9, 256-264 бб.]. Орталық Қазақстан қола дәуірі коллекциясының зерделенген артефактілері Ә.Х. Марғұлан және

Ж.Қ. Құрманқұлов әзірлеген жіктелім негізінде Сарыарқа халқының шаруашылығы қызметінің түрлері бойынша топтастырылды. Олар өздерінің ғылыми еңбектерінде егін шаруашылығы болғанын жанама растайтын құралдардың саны аз және көп қызметті болғанын атап көрсетеді. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын үйлестіре отырып қосалқы қызметтер атқарды. Үй кәсібінен қыш-құмыра өнеркәсібі, былғары және тері өңдеу, иіру мен тігіншілік, сүйек кесу ісі және тас өңдеу жақсы дамыды. Мыс және қалайы кен орындарына негізделген тау-кен ісі мен металлургия жеке кәсіп саласы ретінде қалыптасты. Мамандандырылған өндіріс ретінде бөлініп шыққан сүйек пен мүйіз кесу кәсібиліктің жоғарғы деңгейіне жетті.

Тау-кен ісі, металлургия ескерткіштерінің тарихы, тас өңдеу кәсібі және еңбек құралдары жайлы құнды мәлімет орталық Қазақстан ескерткіштерін зерттеу, далалық және сараптамалық жұмыстар нәтижелері қамтылған іргелі ғылыми еңбекте және Ә.Х. Марғұланның «Орудия труда древних горняков» атты мақаласында [12, 55-58 бб.] баяндалады.

Ә.Х. Марғұлан «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» атты монографиялық еңбегінде Орталық Қазақстанның көпсалалы шаруашылығындағы металлургия мен қыш кәсіпшілігінің маңызын екішеп, тастан жасалған еңбек құралдары, өндірістік қалдықтар көптеп табылған Атасу мысбалқыту кешені, Милықұдық, Сорқұдық, Златоуст, Шортандыбұлақ қоныстардағы өндірістік шеберханалар жайлы нақты археологиялық мәліметтер [6, 163-254 бб.], Атасу I қонысынан табылған үш мысбалқыту пешінің жоба сызбасын, сипаттамасын келтіреді, мәдени қабаттары, Милықұдық сынды өндірістік нысандарға тоқталады [6, 234 б.]. Өндірістік нысанның біріншісінде кен өндірілген болса, екіншісінде оны өндеген. Әдетте кеншілердің тұрғын жайларымен қатар тас ошақтар ұшырасқан, мысалы, Милықұдық қонысы аумағында 15 мысбалқыту пеші болғаны белгілі [6, 237 б.]. Аталмыш еңбекте тау-кен ісінде қолданылатын (шойбалта, кетпен, қайла, балға, сына, т.б.) тас еңбек құралдары және тікелей металлургиялық процесспен байланысты еңбек құралдары – қалып, тигель сынды заттардың толық сипаттамасы беріледі [6, 247 б.].

Кен ісінің қалыптасуы, дамуы жөнінде мәліметтер Э.Ф. Кузнецованың «Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана» атты монографиясында кеңінен талданған. Бұл зерттеуде автор ежелгі шикізат көздері мен құрамы, металл, балқытпа алу әдістерін талдап, байырғы технологияны реконструкциялау мәселесіне көңіл бөледі және Орталық Қазақстан аумағынан табылған барлық металл бұйымдардың физика-химиялық сараптамасын келтіреді [11, 32-62 бб., 4,5 кесте; 170-179 бб.]. Ғалым сондай-ақ, ежелгі кеншілер мен металлургиягердің Атасу, Мыржық, Шортандыбұлақ, Тағыбайбұлақ, Қарқаралы, Ұлытау, Бұғылы, Кенқазған сынды орталықтарындағы өндіріс орындары – карьер, қоныстардан табылған еңбек құралдарының сипаттамасын, қолданыс орнын, зерттеліп отырған заманның нақты қай кезеңіне тән екендігін көрсетеді.

Жалпы Орталық Қазақстан қола дәуірі коллекциясындағы тастан жасалған еңбек құралдары кен өндіру, сұрыптау, минералдарды үгу, кенді балқытуға дайындау және металдан, саз балшықтан жасалған түрлі заттарды өңдеуге, ал кішігірім келсаптар, тегістеуіш, жылтыратқыш, қайрақ, т.б. құралдардың сыртқы бетін тегістеу, жылтырату, балта, кетпеннің жүзін өткірлеуге лайықталған. Сонымен, зерделеніп отырған коллекциядағы құралдар морфологиялық, салыстыру-салғастыру, трасология сынды әдістермен талданып құрал түрлерінің қолданыста болған мерзімі және нақты қолданыс аясы анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей құралдар жергілікті шикізаттан жасалғаны белгілі болды. Тасты қажетті құрал пішініне келтіру үшін жару, жарықшақтау, опыру, қырнау, тегістеу техникалары қолданылған.

Қорытындылай келе, Орталық Қазақстан аумағында қола дәуірінде кен ісі, металлургия өндірісі дамып, тұрмысқа металдан жасалған құралдар дендеп енгенімен де өндірістің жаңа, барынша қуатты түрі тасты өңдеу, іске жарату деңгейінің жандануына игі ықпал етті деп тұжырымдауға болады.



1-сурет. ҚР МОМ мен «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы музейлерінің қор коллекциясы:

1,1 – Балта-қайла түрлері(ЦМК КП 27254/37); 1,2 – (ЦМК КП 27254/38); 1,3 – Соққы құралдары (ЦМК НВФ 5557/6); 1,4 – (ЦМК НВФ 5557/7); 1,5 – (ЦМК КП 27254/94); 1,6 – Балға түрлері(ЦМК НВФ 5557/1); 1,7 – (ЦМК КП 26246/7); 1,8 – Бірінші және екінші түрге сәйкес балға түрлері (ЦМК КП 20249/8); 1,9 – (ЦМК КП 26246/3); 1,10 – (ЦМК КП 27254/31); 1,11 – Үшінші типке сәйкес балға түрлері (ЦМК КП 27320/1 а); 1,12 – (ЦМК КП 27320/1 б); 1,13 – (ЦМК КП 27320/1 в); 1,14 – Балгалар (ЦМК КП 26067/52); 1,15 – (ЦМК КП 26067/54); 1,16 – Келсап түрлері (ЦМК КП27254/61); 1,17 – (ЦМК КП27254/62); 1,18 – (ЦМК КП27254/71); 1,19 – (ЦМК КП 6116); 1,20 – Тас келілер (НВФ 5557/42); 1,21 – (НВФ 5557/44); 1,22-1,23 – Зергерлік іске лайықталған балгалар, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы; 1,24 – Кетпендер (КП 27254/3); 1,25 –(КП 26246/2); 1,26 – (ЦМК КП 26982/11); 1,27 – (ЦМК КП 26982/12); 1,28 – (ЦМК КП 26982/13); 1,29 – (ЦМК КП 26982/14); 1,30 – (ЦМК КП 26982/15).

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Отношение Оренбургской губернии об учреждении при Неплюевском училище «Музеума». Главное управление Западной Сибири. 1830-1832 гг. // ГАОО РФ. Ф. 3. 0. 1. Д. 950. Л. 1. 1 об.
2. Семиреченский статический комитет. Об устройстве музея при статическом комитете 1897 – 1902 гг. // ЦГА РК. Ф. 828. О. 1. Д. 1. Л. 7–9.
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата, 1984. – 432 б.
4. Маргулан А.Х. «Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века» //Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972. – 216 с.
5. Маргулан А.Х. Дзезказган – древний металлургический центр (городище Милькудук) // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1973. – С. 208.
6. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1979. – С. 364.
7. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки (по материалам Северной Бетпак-Далы)Алма-Ата. Ғылым, 1992. – С.250; Кадырбаев М.К. Шестилетние работы на Атасу //Бронзовый век степной полосы Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1983. – С.160.
8. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата, 1992. – 247 с.
9. Ержанова А.Е. Атасу қонысынан табылған тас құралдары мен бұйымдары (трасологиялық талдау нәтижелері) // Вопросы археологии Казахстана. – Алматы, 2011. – Вып. 3. – С. 584.; Плешаков А.А., Ержанова А.Е. Поселение Талдысай – центр бронзолитейного производства Центрального Казахстана (по результатам трасологического анализа) // Бегазы-дандыбаевская культура Степной Евразии. Сборник научных статей, посвященный 65-летию Ж. Курманкулова. – Алматы, 2013. – С. 494.; Кунгурова Н.Ю., Варфоломеев В.В. Орудия и изделия из камня поселения Кент (по результатам трасологического анализа) // Бегазы-дандыбаевская культура Степной Евразии. Сборник научных статей, посвященный 65-летию Ж. Курманкулова. – 2013. – С. 494.
10. Ержанова А.Е. Орталық Қазақстан аймағындағы қола дәуіріндегі металлургер қоныстары мен тас құралдары // Ежелгі Торғай Ұлы дала төсіндегі асыл алқа. Виктор Николаевич Логвиннің 70 жылдық мерейтойына арналған ғылыми мақалалар жинағы. – Қостанай – Алматы, 2015. – С. 532.

11. Кузнецова Э.Ф., Тепловодская Т.М. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана. – Алматы: Гылым, 1994. – 207 с.

12. Маргулан А.Х. Орудия труда древних горняков // Сочинения: В 14 т. Т.2. Сарыарка. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Джезказган – древний и средневековый металлургический центр (городище Милькудук) / Сост. Д.А. Маргулан., Д. Маргулан. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 144 с. + вкл. 40 с.

13. Айтқұл Х.А., Мұхтарова Г.Р., Железняков Б.А., Қосжанова А.М. Жетісудың қола дәуірі жерлеулеріне қатысты кейбір мәселелер // II Есік оқулары Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған «Еуразия далалық белдеуіндегі мемлекеттіліктің пайда болуы мен дамуы: алғышарттары, кезеңдері, салдары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдар жинағы. Есік қ., 22 қараша 2021 жыл. – 245 б.; Айтқұл Х.А., Құрбанәлі Ж., Қосжанова А.М., Рахымбай Б.«ЕСІК» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 2021 ж. далалық зерттеулері // «Ежелгі және ортағасырлардағы мәдени байланыстар: Жаңа зерттеулер мен ашылымдар» тақырыбында арналған дәстүрлі «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы. 28-29 қазан, 2022 жыл. – 212 б.

14. Зданович С.Я., Коробкова Г.Ф. Новые данные о хозяйственной деятельности населения эпохи бронзы (по данным трасологического изучения орудий труда с пос. Петровка II) // Проблемы археологии урало-казахстанских степей. – Челябинск: ЧелГУ, 1988. – С. 160.

15. Мартынов А.И., Шер Я.А. Методы археологического исследования. / Учебное пособие. Изд. второе, испр. и доп. // М.: «Высшая школа». 2002. – 240 с.

16. Валукинский Н.В. Древнее производство меди в районе Джезказгана // Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. Ала-Ата. 1948. – Вып.1. – С. 136.

#### References:

1. The attitude of the Orenburg province on the institution at the Neplyuevsky School "Museum". Main Directorate of Western Siberia. 1830-1832 y. // State Archive of the Orel Region Russian Federation. F. 3. O. 1. – С. 950. Sh. 1. 1 cb. [in Russian]

2. Semirechye static committee. On the organization of the museum under the static committee of 1897 - 1902. // Central State Archive of the RK. F. 828. O. 1. C. 1. 7–9 p. [in Russian]

3. Valikhanov Ch.Ch. Collected works in five volumes. Volume 1. Alma-Ata, 1984. 432 b. [in Russian]

4. Margulan A.Kh. "Mining in Central Kazakhstan in ancient and middle ages" // Searches and excavations in Kazakhstan. - Alma-Ata, 1972. - 216 p. [in Russian]

5. Margulan A.Kh. Zhezkazgan - an ancient metallurgical center (fortified settlement Milykuduk) // Archaeological research in Kazakhstan. - Alma-Ata: Science, 1973. – 208 p. [in Russian]

6. Margulan A.Kh. Begazy-Dandybay culture of Central Kazakhstan. - Alma-Ata, 1979. – 364 p. [in Russian]

7. Kadyrbaev M.K., Kurmankulov Zh. Culture of ancient pastoralists and metallurgists of Sary-Arka (based on materials from Northern Betpak-Dala) Alma-Ata. Gylym, 1992. – 250 p.; Kadyrbaev M.K. Six-year work on Atasu // Bronze Age of the steppe zone of the Ural-Irtysh interfluve. – Chelyabinsk, 1983. – 160 p. [in Russian]

8. Kadyrbaev M.K., Kurmankulov Zh.K. Culture of ancient pastoralists and metallurgists of Sary-Arka. - Alma-Ata, 1992. - 247 p. [in Russian]

9. Erzhanova A.E. Stone tools and items found at the site of Atasu (results of traceological analysis) [in Kazakh] // Archeology of Kazakhstan. - Almaty, 2011. - Issue. 3. – 584 p.; Pleshakov A.A., Erzhanova A.E. Settlement of Taldysai - the center of bronze foundry production in Central Kazakhstan (according to the results of traceological analysis) // Begazy-Dandybay culture of Steppe Eurasia. Collection of scientific articles dedicated to the 65th anniversary of Zh. Kurmankulov. - Almaty, 2013. – 494 p. Kungurova N.Yu., Varfolomeev V.V. Tools and stone products from the settlement of Kent (according to the results of traceological analysis) // Begazy-Dandybaevskaya culture of the Steppe Eurasia. Collection of scientific articles dedicated to the 65th anniversary of Zh. Kurmankulov. - 2013. – 494 p. [in Russian]

10. Erzhanova A.E. Settlements of metallurgists and stone tools of the Bronze Age in the region of Central Kazakhstan // Ancient Torgai, a precious necklace on the edge of the Ulyan steppe. Collection of scientific articles dedicated to the 70th anniversary of Viktor Nikolaevich Logvin. - Kostanay - Almaty, 2015. – 532 p. [in Kazakh]

11. Kuznetsova E.F., Teplovodskaya T.M. Ancient metallurgy and pottery of Central Kazakhstan. - Almaty: Gylym, 1994. - 207 p. [in Russian]

12. Margulan A.Kh. Tools of labor of ancient miners // Works: In 14 v. V.2. Saryarka. Mining and metallurgy in the Bronze Age. Zhezkazgan - an ancient and medieval metallurgical center (Milykuduk settlement) / compose D.A. Margulan., D. Margulan. Almaty: Dike-Press, 2001. - 144 p. + incl. 40 p. [in Russian]

13. AitkulKh.A., Mukhtarova G.R., Zheleznyakov B.A., Koshzhanova A.M. Some issues related to the Zhetysu burials of the Bronze Age // II Esik Readings Collection of materials of the International Scientific and Practical Online Conference "The Origin and Development of Statehood in the Eurasian Steppe Zone: Prerequisites, Stages, Consequences", dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan. Esik, November 22, 2021 - 245 pages; AitkulKh.A., KurbanaliZh., Koshzhanova A.M., Rakhymbay B. 2021 State Historical and Cultural Museum-Reserve "ESIK". Field research // Proceedings of the international scientific and methodological conference "XIV Orazbaev Readings" on the topic "Cultural ties in antiquity and the middle Ages: new research and discoveries." - Almaty. October 28-29, 2022 - 212 p.[inKazakh]

14. ZdanovichS.Ya., Korobkova G.F. New data on the economic activity of the population of the Bronze Age (according to the traceological study of tools from the village of Petrovka II) // Problems of archeology of the Ural-Kazakhstan steppes. - Chelyabinsk: Chelyabinsk State University, 1988. - 160 p.[in Russian]

15. Martynov A.I., Sher Ya.A. Methods of archaeological research. / Tutorial. Ed. second, rev. and additional // M.: "High School". 2002. - 240 p.[in Russian]

16. Valukinsky N.V. Ancient copper production in the Zhezkazgan region // Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archaeological series. Alma-Ata. 1948. - Issue.1. – 136 p.[in Russian]

ӘОЖ 902.03

МҒТАР 03.41.91

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.019>

М.Гурсой\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD, доц.м.а., Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология - ғылыми зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Түркістан қ, Қазақстан, e-mail: [muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz](mailto:muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)

### ҚАҢЛЫ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ҒҰН ЖӘНЕ САРМАТ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ (СЫРДАРИЯНЫҢ ОРТАҢҒЫ АҒЫСЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа

Мақалада Сырдарияның ортаңғы ағысындағы қаңлы кезеңінің ескерткіштерінде анықталған ғылыми әдебиеттерде ғұн және сармат тайпаларына тән деп сипатталатын рухани – дүниетанымдық компоненттер қарастырылған. Ғұн компоненті ретінде бас сүйегі жасанды түрде деформацияланған қаңқалар негізге алынса сармат компоненттері ретінде ромб және аяғы айқасқан қалыптағы жерлеулер негізге алынған. Бұл компоненттердің Сырдарияның ортаңғы ағысына қалай енгендігі түсінікті болу үшін теориялық мәліметтер келтірілген. Нақты айтар болсақ бұған ғұндардың батысқа қарай жылжуы және Ахаменидтер мен Арал жағалауындағы массагеттердің қақтығысынан кейін орын алған қоныс аудару процестері себеп болғандығы айтылған. Осыдан кейін қаңлы ескерткіштеріндегі сарматтардың рухани-дүниетанымдық компоненттеріне кезек берілген. Бұл тарауда қаңлы қорымдарынан анықталған ромб және аяғы айқасқан қалыптағы жерлеулер талқыланған. Аталмыш жерлеулер Батыс Қазақстан, Арал маңы, Қаратеңіздің солтүстігі және т.б. аймақтардағы аналогтарымен салыстырылған. Сонымен қатар бұл жерлеулердің семантикасына байланысты болжамды ойлар айтылып, бұрынғы адамдардың жерлеу дәстүрі құндылықтарының реконструкциясы жасалған. Ал, мақалада Арыс өзені жағасы мен Отырар аймағынан табылған бас сүйегі деформацияланған қаңқалар ғұн компоненті ретінде қарастырылған. Бұл ғұрыптың Батыс Қазақстан, Мысыр және Жерорта теңізі жағалауында да бар екендігі анықталған. Адамдардың бас сүйекті деформациялаудағы мақсатының не екендігі жөнінде мәліметтер берілген.

**Кілт сөздер.** Ғұн, сармат, қаңлы, қорым, компонент, оба, Отырар, Арыс, Сырдария.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылған тіркеу номері BR18574175 болып табылатын «Қазақстан тарихындағы ғұн-сармат кезеңі: пәнаралық зерттеу, талдау және қайта жаңғырту» тақырыбындағы бағдарламалық – нысаналы жоба негізінде дайындалды.

М.Гурсой\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави, научный сотрудник  
Научно-исследовательского института археологии,  
г. Туркестан, Казахстан, e-mail. [muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz](mailto:muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz).

## ГУННО-САРМАТСКИЕ ДУХОВНО-МИРОВОЗРЕНЧЕСКИЕ КОМПОНЕНТЫ В ПАМЯТНИКАХ ПЛЕМЕН КАНГЛЫ (НА ОСНОВЕ МАТЕРИАЛОВ ПАМЯТНИКОВ СРЕДНЕГО ТЕЧЕНИЯ СЫРДАРЬИ)

*Аннотация*

В статье рассматриваются выявленные в памятниках племен канглов, в среднем течении реки Сырдарья, духовно-мировоззренческие компоненты, характеризующиеся в научной литературе как характерные для гунно - сарматских племен. В качестве гуннского компонента подразумеваются костяки с искусственно деформированным черепом, в качестве сарматского компонента – захоронения в позе всадника, когда ноги раздвинуты ромбом или в позе с перекрещенными ногами. Приведены теоретические данные для обоснования того, каким образом эти компоненты оказались в среднем течении Сырдарьи. В частности, отмечается, что это было вызвано переселением гуннов на запад и миграционными процессами последовавшими после столкновения Ахеменидов и массагетов Аральского побережья. В исследовании затрагивается духовно-мировоззренческая составляющая сарматов в памятниках канглов. Исследование освещает причины захоронения в позе с ромбовидным положением ног или со скрещенными ногами из могильников канглов. Также приводятся рассуждения о семантике подобных погребений, приведена реконструкция погребальной традиции древних насельников. Выявленные костные останки с деформированными черепами, с погребений Арыского и Отрарского региона, рассматриваются как гуннский компонент. Приводятся аналогии из памятников Западного Казахстана, Приаралья, Северного Причерноморья и других регионов. Установлено, что аналогичный обряд зафиксирован также в памятниках Западного Казахстана, Египта и Средиземноморского побережья. Приведены сведения о причинах деформации черепа.

**Ключевые слова.** Гунны, сарматы, канлы, некрополь, компонент, курган, Отрар, Арысь, Сырдарья.

*M.Gursoy\*<sup>1</sup>, B.Sizdikov<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan  
e-mail. [muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz](mailto:muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)*

<sup>2</sup> *Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan  
e-mail. [sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz](mailto:sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz)*

## HUNNO-SARMATIAN SPIRITUAL AND WORLDVIEW COMPONENTS IN THE MONUMENTS OF THE KANGLY TRIBES (BASED ON THE MATERIALS OF MONUMENTS OF THE MIDDLE CURRENT OF THE SYRDARYA)

*Abstract*

The article deals with the spiritual and ideological components identified in the monuments of the Kangly tribes, in the middle reaches of the Syr Darya River, characterized in the scientific literature as characteristic of the Hunno-Sarmatian tribes. As a Hun component, skeletons with an artificially deformed skull are implied, as a Sarmatian component - burials in the pose of a rider, when the legs are spread apart in a rhombus or in a pose with crossed legs. Theoretical data are presented to substantiate how these components ended up in the middle reaches of the Syr Darya. In particular, it is noted that this was caused by the migration of the Huns to the west and the migration processes that followed the collision of the Achaemenids and the Massagetae of the Aral coast. The study touches upon the spiritual and ideological component of the Sarmatians in the Kangly monuments. The study highlights the reasons for burial in a diamond-shaped or cross-legged position from the Kangly burial grounds. There are also arguments about the semantics of such burials and a reconstruction of the burial tradition of the ancient inhabitants. The discovered bone remains with deformed skulls from the Arys and Otrar regions' burials are considered a Hun component. Analogies are given from the monuments of Western Kazakhstan, the Aral Sea region, the Northern Black Sea region, and other regions. It has been established that a similar rite was also recorded



in the monuments of Western Kazakhstan, Egypt, and the Mediterranean coast. Information about the causes of skull deformation is given.

**Keywords.** Huns, Sarmatians, Kangly, necropolis, component, mound, Otrar, Arys, Syrdarya.

**Кіріспе.** Ғалымдар ежелгі грек, қытай деректеріне және археологиялық мәліметтерге сүйене отырып қаңлы, сармат және ғұндардың географиялық орналасуын, шаруашылығын, саяси тарихын, материалдық және рухани мәдениетіндегі өзіндік ерекшеліктерін айқындаған. Сырдарияның ортаңғы ағысынан, Арыс өзені бойынан және Отырар оазисіндегі кейбір қаңлы ескерткіштерінен ғылыми әдебиеттерде сармат және ғұн компоненттері деп сипатталатын үлгідегі жерлеулер мен материалдық құндылықтардың кейбір үлгілері табылған. Бұл компоненттерді рухани-дүниетанымдық және материалдық деп екі топқа бөлуге болады.

Мақаланы жазу барысында Евразия аймағындағы ерте кезеңмен (энеолит, қола) мерзімделетін ескерткіштерде ромб және аяғы айқасқан қалыпқа ұқсас үлгілердің бар екендігін анықтадық. Сонымен қатар Анадолу, Мысыр, Кипр, Иран, Ливанда және т.б. аймақтарда өмір сүрген халықтардың бас сүйекті деформациялау практикасымен ерте кезден-ақ (неолит, қола) таныс екендігін аңғардық. Дегенмен тақырыбымыздың хронологиялық шеңбері мен географиялық шекарасына сәйкес келетін үлгілерді бұрынғы зерттеулерге, саяси оқиғаларға, осы саяси оқиға орын алған уақыт пен кеңістікке қарай отырып ромб және аяғы айқасқан қалыптағы жерлеулерді сармат компоненті, ал бас сүйегі деформацияланған қаңқаларды ғұн компоненті ретінде қарастырдық.

Сырдарияның ортаңғы ағысындағы қаңлы ескерткіштерінен анықталған сарматтардың рухани-дүниетанымдық компоненттеріне әзірге ромб қалпындағы жерлеулер мен аяғы айқасқан жерлеулерді жатқызуға болады. Ал, материалдық компонент ретінде құрбандық тас, қылыш, қанжар, жебе ұшы, моншақтар, айна және бетінде таңбалары бар саз ыдыстарды айтуға болады.

Ғұндармен байланыстыруға келетін рухани-дүниетанымдық компонентке бас сүйегі деформацияланған қаңқаларды жатқызуға болады. Ғұндардың материалдық дүниесі ретінде сүйектен жасалған садақ, полихромдық стильдегі әшекейлер, Шардарадағы Жамантоғай обасынан табылған ғұн түріндегі қазанды және т.б. атап өтуге болады. Ғалымдар бұл компоненттердің Сырдарияның ортаңғы ағысына енуін тайпалар арасындағы мәдени байланыстың жемісі ретінде емес ғұндардың батыстағы жаңа жерлерді жаулап алу әрекетімен түсіндіреді. Ал, аталмыш аймаққа сармат компоненттерінің енуі жайында нақты көзқарас айтылмайды. Дегенмен біздің оймызша б.з.б. VI ғасырдың соңына таман орын алған парсылар мен массагеттердің соғысы Арал жағасындағы тайпалардың Батыс Қазақстан және Орал аймағына қарай қоныс аударуына жол ашқандықтан қарастырылып отырған аймаққа сармат компоненттері енген болса керек.

Осы орайда мына бір жайтты айта кетуді жөн көріп отырмыз. Мысалы Қазақстанның батыс өңірінен табылған бас сүйегі жасанды түрде деформацияланған қаңқалар немесе ғұн түріндегі қазандар сарматтарға жатқызылса, Сырдарияның ортаңғы ағысы, Талас өзені бойынан табылғандар ғұндарға жатқызылған. Демек бұдан қарастырылып отырған тақырыптың Қазақстан аймағы шеңберінде шиеленіскен тұстары бар екендігін байқаймыз. Әрине біздің мақаламыз бұл түйінді шешуге арналмаған. Сондықтан тілге тиек етілген мәселе төңірегінде арнайы бір зерттеу жүргізіліп ғылыми мақала жазудың өзекті екендігін де ескерген жөн.

Жоғарыда айтып өткеніміздей Сырдарияның ортаңғы ағысындағы қаңлы ескерткіштеріндегі сармат және ғұн компоненттерін рухани-дүниетанымдық және материалдық деп екі топқа бөлуге болғанымен бұл мақалада тек рухани-дүниетанымдық компоненттерді жинақтап, жүйелеп және салыстыра отырып аналитикалық тұрғыдан қарастыруды мақсат етіп отырмыз. Әсіресе бас сүйегі жасанды түрде деформацияланған қаңқалардың семантикасына байланысты болжамды тұжырым жасауда мақсаттар қатарына кіреді. Осы орайда мақалада материалдық компоненттердің қарастырылмайтындағын ескерте кеткен жөн.

Мақала барысында қарастырылған рухани-дүниетанымдық компоненттердің басқа аймақтарда да ұқсастары бар екендігін анықтадық. Сондықтан бұларды салыстырмалы материал ретінде қолдандық. Дегенмен бұл жерде түпнұсқа мәліметті негізге ала отырып ғұн деп берілгенін ғұндарға, сармат деп берілгенін сарматтарға жатқыздық. Зерттеушілер тарапынан ешқандай мәдениетке не болмаса тайпаға жатқызылмағандарды ұқсас болғаны үшін қарастырдық. Яғни бұл жерде белгілі бір тайпаға жатқызу мақсат етілген жоқ. Сонымен қатар қарастырылған рухани – дүниетанымдық компоненттердің ерте кезге жататын ұқсас үлгілері Алтай, Солтүстік Қаратеңіз аймағы, Анадолу, Мысыр және т.б. жерлерде бар екендігін аңғардық. Бұл бойынша мәлімет келтіре отырып мұндай құндылықтың тек сармат, ғұн немесе қаңлы тайпаларына ғана тән емес екендігіне және басқада мәдениеттерде мұндай дүниетанымның бар екендігіне назар аударма кеттік.

**Материалдар мен әдістер.** Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу және тақырыпты жеткілікті деңгейде аша білу мақсатында мақалада мынадай мәселерді талқылауға бел будық. Біріншіден Сырдарияның ортаңғы ағысындағы ескерткіштерде орын алған мәдени өзгерістердің себебін түсіндіру үшін аймақта болған саяси оқиғалар мен осы оқиғалардың нәтижесінде орын алған миграцияларға тоқталдық. Осыдан

кейін негізгі бөлімді «Қаңлы ескерткіштеріндегі сарматтардың рухани – дүниетанымдық компоненттері» және «Қаңлы ескерткіштеріндегі ғұндардың рухани – дүниетанымдық компоненттері» деген бөлімдерге және бұл бөлімдерді тараушаларға бөле отырып қарастырдық. Қорытынды бөлімде болжамды тұжырымдар мен пікірлерге кезек бердік.


Мақалада зерттеудің дәстүрлі әдісін негізге алдық. Тарқатып айтар болсақ тақырыпқа қатысты мақалалар, кітаптар мен архив материалдарды жинақтадық. Осыдан кейін әр бір жазба деректі мұқият түрде сараптап тұтастай мәліметтерді жүйеледік. Келтірілген мәліметтер түсінікті болу үшін мақалада қосымша суреттер мен карталарды қолдандық.

### **Талқылау. Евразия даласында орын алған саяси оқиғалар мен миграциялар**

Евразия атауы территориялық тұрғыдан ауқымы кең болғанымен біздер бұл тарауда тек тақырыбымызға қатысы аймақтағы саяси оқиғаларды қарастырамыз. Сөз басын сармат территориясында орын алған саяси оқиға мен миграциядан бастап одан кейін дәл осы мәселе төңірегінде ғұндар жайында мәлімет бергенді жөн көріп отырмыз.

Сарматтар<sup>1</sup> б.з.б. VI– б.з. IV ғасырлар аралығында Оңтүстік Орал, Батыс Қазақстан, Жайық, Елек, Жем және Сағыз өзендерінің бойын мекендеген. Б.з.б. 5 ғасырларда парсы патшаларының Арал маңындағы массагеттерге шабуыл жасағандығы тарихтан белгілі. Б.з.б. 517 жылдары Ахаменид империясының патшасы Дарий мен Арал маңында тұратын массагеттер соғысады [1, 32]. Осы саяси оқиғалардан кейін Арал маңынан Батыс Қазақстанға қарай жаңа этникалық топтар енеді де сармат мәдениетінің қалыптасуына ұйытқы болады [2, 83; 3, 70]. Сонымен қатар осы кезден бастап Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңында массагеттерге тән дәстүрлер пайда болады. Мысалы, обаларда өлгендердің басын оңтүстікке бағыттау, топтастырып жерлеулер және қабірде ағашты жиі пайдалану сынды ерекшеліктер байқалады [4, 28-30].

Осы кезеңде сарматтар Солтүстік Қаратөзі жағалауына қарай ойыса бастайды. Біздің ойымызша соғыс жағдайында халықтар тек батысқа емес бір бөлігі солтүстікке, шығысқа және оңтүстік шығысқа қарай да қоныс аударған болса керек. Әрине сарматтардың қоныс аудару кезеңі біз қарастырып отырған қаңлы кезеңінен бұрын болған. Дегенмен Шымкент қаласы маңында орналасқан Қайтпас – I қорымы №2 обадағы ромб қалпындағы жерлеу [5, 120] (1-сурет) сарматтардың б.з.б. IV ғасырмен мерзімделетін жерлеулеріне ұқсас келеді. Осы жерлеуге сүйене отырып соғыс жағдайында халықтардың тек батысқа емес бір бөлігінің шығысқа, оңтүстік шығысқа қарай да қоныс аударғандығын болжауға болады. Сырдарияның ортаңғы ағысына ертерек барған сарматтардың соңынан кейінгі кезеңдерде ұрпақтары барған болуы да мүмкін. Өйткені қаңлы кезеңінің кейбір обаларынан аяқтары айқасқан қалыптағы жерлеулер табылады (2-сурет). Батыс Қазақстандағы Лебедевқа қорымы №2 оба №1 қабірден аяғы айқасқан қалыптағы қаңқа табылған. М.Г. Мошкова бұл жерлеуді қабірдегі заттарын негізге ала отырып б.з. II–III ғасырымен мерзімдеген [6, 49]. Бұл хронология ғұндардың батысқа қарай қоныс аударған кезімен де сәйкес келеді. Сондықтан сөз соңында келтірілген мәлімет аяқтары айқасқан қалыптағы жерлеулердің ғұндарға тиесілі болу ықтималдылығы бар екендігінде көрсетеді.



<sup>1</sup>Ғалымдардың пікіріне сүйенсек сарматтар алғашқы кезде савромат деген атпен белгілі болған. Арал маңында тұратын массагеттермен Ахаменидтер арасында болған соғыстан кейін массагеттер Батыс Қазақстан және Оңтүстік Орал аймағына қоныс аударып б.з.б. 4 ғасырларда сармат мәдениетінің қалыптасуына ұйытқы болған деген пікірлер бар. Ғалымдардың бірқатары савроматтар мен сарматтарды бір халық ретінде санайды. Сондықтан біздер мақалада савромат одан кейін сармат деген екі ұғымды қолданудың орнына оларды бір тайпа ретінде қабылдаған пікірлерге қосыла отырып мақалада тек сармат деген ұғымды қолдануды жөн көрдік.

Сурет 1. 1 – Шымкент қаласындағы Қайтпас – I қорымы. №2 обадағы ромб қалтындағы жерлеу [5];  
2 – Орал қаласындағы Қарасу қорымы (сармат кезеңі). №7 оба №3 обадағы ромб қалтындағы жерлеу [22];  
3 – Арыс өзені жағасындағы Бөріжар қорымы (қаңлы кезеңі). №27 катакомбадағы ромб қалтындағы жерлеу [18].

Орта Азия тарихында ғұн атты тайпалардың тарих сахнасына шығып ұлан байтақ территорияны өздеріне бағындырғандығы белгілі. Қытай жазбаларында хунну немесе сюнну деген атпен белгілі болған бұл тайпалар Тұманның (Теоман) кезінде бірқатар жерінен айрылады. Осы кезде ғұндармен көрші тұрған дунхулар және юечжілер саяси күшіне енген болатын. Ал, б.з.б. III ғасырда ғұндар Тұман шаньюйдің ұлы Мөденің тұсында күшейе түседі. Мөде билікке келгеннен кейін көршілес тайпаларға жорықтар жасайды. Нәтижесінде б.з.б. II ғасырда Қытай жағы ғұндардың билігін мойындап жыл сайын «сыйлық» табыстауға немесе басқаша айтқанда «салық» төлеуге мәжбүр болады. Шығыста осындай жайттар орын алып жатқан кезде ғұндар батыста юечжілермен соғысып оларға күйрете соққы береді. Осы соққыдан кейін аталмыш тайпа Орта Азияның Мауараннахр жеріне ығысып Грек – Бактрия мемлекетін талқандап Кушан империясының негізін қалауға атсалысады [7, 186]. Батыстық ғалымдар «ғұндардың ығыстыруы нәтижесінде юечжілер соғды жеріне басып кіріп осы жердегі сақ иеліктерін өздеріне қаратады. Соғдыдан кейін Бактрияны да жаулап алып бұл жерді өз мемлекеттерінің орталығына айналдырады. Осыдан кейін тарихта қаңлы аты атала бастайды. Қаңлылардың әдет-ғұрпы юечжілерге ұқсас келеді» деген мәлімдеме жасайды [8, 123-144].


Б.з.б. 55 жыл [7, 186], ал кейбір кітаптар бойынша б.з.б. 56 жылы ғұндар екіге бөлінеді [9, 95]. Оңтүстікте қалғандары Хан империясына бағынса, солтүстіктегі ғұндар Чжи-Чжи шаньюй басшылығымен Монғолияның солтүстік – батысына орналасты. Бұлар үйсіндер мен қытайларға шабуыл жасады. Ғұндар екіге бөлінгеннен кейін өз ара қақтығыстар басталды. Қытайлар мен оңтүстіктегі ғұндар солтүстіктегілерге жиі-жиі шабуыл жасағандықтан солтүстіктегі ғұндар Шығыс Түркістанның солтүстік аймағына көшіп баруға мәжбүр болады. Ал, бұлардың бір бөлігі Тянь-Шан тауын асып өтіп, Қаңлы тайпалық бірлестігімен көрші болады. Чжи-Чжи үйсіндерге қарсы қаңлы тайпаларымен одақтасады. Қаңлы басшысы Чжи-Чжимен қарым-қатынасын одан әрі жақсарту мақсатында өзінің қызын әйелдікке береді. Негізінен қаңлы басшысының жоспарында ғұндарды үйсіндерге қарсы қоя отырып оларды талқандау болады. Бірақ ғұндар үйсіндерді талқандай алмайды. Осыдан кейін ғұндар мен қаңлылардың арасында өз ара алауыздық туындайды. Оның үстіне Чжи-чжи жергілікті әдет-ғұрыптарға бағынбайды. Сонымен қатар шаньюй қаңлы билеушісінің қызы мен қоса көптеген халықты өлтіреді. Бұл оқиғадан кейін ғұндар мен қаңлылардың арақатынасы нашарлап Чжи-Чжи қаңлы билеушісінің ордасынан қуылды. Осыдан кейін ғұндар Таластың жағасына айналасы қамал қабырғасымен және жан жағы ормен қоршалған қала салады. Бұған қытайлар аландай бастайды. Көп ұзамай қытайлар Ферғана және Ыстық көл ойысы арқылы ғұндарға қарсы соғысқа аттанады. Екі тараптың әскері Чжи-Чжи салған қаланың іргесінде соғысады. Нәтижесінде қытайлар ғұндардың қаласын қиратып Чжи-Чжи мен қоса оның нөкерлерін, көптеген туыстарын, балаларын, әйелдерін және бекзадаларын тұтқындап бәрін өлім жазасына кеседі [9, 94-99].



Сурет 2. 1 – Келес ауданы. Мыңтөбе қорымы. №3 ободағы аяғы айқасқан қалыптағы жерлеу (қаңлы кезеңі) [35];  
 2 – Орал қаласы. Шалқар қорымы. №4 ободағы аяғы айқасқан қалыптағы жерлеу (сармат кезеңі) [37];  
 3 – Отырар ауданы. Қоңыртөбе қорымы. №106 жерлеу (қаңлы кезеңі) [34].

Біздің жыл санауымыздың бас кезінде кең байтақ Еуразия даласында және Қазақстан аймағында ғылымда «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деген атпен белгілі болған саяси оқиға орын алған. Бұл тарихи оқиғаға ғұндардың батысқа және оңтүстікке қарай жылжыуы себеп болды деген пікірлер бар (1-карта). Ғұндардың оңтүстікке жылжыған топтары «ақ ғұн» деп аталған. Ақ ғұндар ұзақ жылдар бойы жүргізген соғыстан кейін Сасанидтерді жеңеді. Осы соғыстардан кейін парсылар бір ғасыр бойына ғұндарға бағынған. Ақ ғұндар империясы Орта Азияға ұзақ жылдар бойы билік жүргізіп ғұн мәдениетінде өзіндік із қалдырған. Ғұндар басқа аймаққа қарай жылжыған кезде кейбір тайпаларды бағындырса, кейбірін өздеріне қосып алған. Аталмыш тайпаның Қазақстанға екінші рет қоныс аударуы б.з. 93 жылы жүзеге асқан. Ғұндар Сырдария, Арал жағасына, Орталық Қазақстан мен Батыс Қазақстанға дейін келіп жеткен. Мұны жергілікті тайпалардың материалдық және рухани мәдениетінде орын алған кейбір өзгерістер дәлелдейді [9, 97]. Мысалға осы кезеңге жататын қаңлы ескерткіштеріннен полихромдық стильдегі ғұн әшекейі, ғұн түріндегі қола қазан, сүйектен жасалған садақ және т.б. айтпағанда бас сүйегі деформацияланған қаңқалар табыла бастайды. Жоғарыда да айтып өткеніміздей ғалымдар бұл өзгерісті ғұндармен байланыстырады. Бұл пікірді Уддиян аймағынан табылған беткі жағында эфталит патшасы бас сүйегі деформацияланған кейіпте бейнеленген монета дәлелдесе керек [10, 12].

Келтірілген мәліметтерге назар аударар болсақ Қазақстан аймағында орын алған миграциялардан кейін Сырдария жағалауында өмір сүрген жергілікті қаңлы тайпаларының мәдениетінде белгілі дәрежеде өзгерістер болғандығы аңғарылады. Осы аймақта зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар бұл өзгерістерді сармат және ғұн компоненттері ретінде қарастырған [11, 146-147]. Бірақ мұны материалдық және рухани – дүниетанымдық деп екі топқа бөлмеген. Біздер бұл мақаланы жазу барысында қаңлы ескерткіштеріндегі өзге компоненттерді аталғандай етіп топтарға бөлуге болатындығын байқадық. Бір мақалада бұл екі топты да бірдей қарастыру мүмкін болмағандықтан тек рухани-дүниетанымдық компоненттерді қарастырдық. Енді осы мәселеге кезек берейік.



Карта 1. Ғұндардың батысқа қарай қоныс аудару кезінде жүріп өткен жолдары [57].

## 2. Қаңлы ескерткіштеріндегі сарматтардың рухани – дүниетанымдық компоненттері

Бұл тарауда қаңлы ескерткіштеріндегі сарматтардың рухани – дүниетанымдық компоненттерін қарастырамыз. Нақты айтар болсақ қаңлы кезеңінің обаларынан анықталған ромб және аяғы айқасқан қалыптағы (позадағы) қаңқалар жөнінде сөз өрбітеміз. Дәл осындай қалыпта жатқан қаңқалар Батыс Қазақстан аймағындағы сармат кезеңіне жататын обалардан айтарлықтай табылған. Орта Азиядағы (Заравшан) осындай жерлеулерді ғалымдар сарматтардың белгісі ретінде қарастырған [12, 814].

### 2.1. Қаңлы ескерткіштеріндегі ромб қалпындағы жерлеулер

Ромб қалпында жатқан мәйіттің екі тізесі екі жанына қарай ашылады. Қаңқаның жатысы бейне бір ат үстінде саяхаттап бара жатқан адамды көз алдымызға елестетеді. Ғылыми әдебиеттердің көпшілігінде осы тәсілмен жатқан қаңқаларды сарматтармен байланыстырады. Бұл жату қалпын К.Ф. Смирнов «поза всадника» деп сипаттаса [13, 91], Я.Б. Березин «образуя в плане ромб» [14, 120] деп сипаттаған.

Тақырыпқа кіріспес бұрын ромб қалпындағы жерлеулердің ең ерте кезге жататын үлгілеріне тоқталып өтейік. Б.з.д. 3 мыңжылдықтың басына немесе оданда ерте кезге мерзімделетін Афанасьева мәдениетімен [15, 91] Шұңқыр мәдениетіндегі [16, 63] обалардан аяқтары ромб қалпында жатқан қаңқалар анықталған. Бұлар қарастырылып отырған жерлеу қалпының ең алғашқы үлгілері болуы мүмкін. Шындығында бұл мәдениеттерде анықталған қаңқаларды зерттеушілер «поза всадника» немесе «образуя в плане ромб» деп сипаттамаған. Мұны қайтыс болған марқұмның денесінде «Rigor Mortis» деп аталатын [17, 81] «мәйітте кату процесі» басталғанға дейін екі тізесі тік орналастырылған қаңқалардың тізесі екі жанына қарай өздігінен ашылғаннан кейін қаңқалар осы қалыпқа түскен болуы мүмкін деп түсіндірген. Егерде керісінше марқұмдардың аяқтары бастапқы кезде ромб қалпында салынған болса онда қола дәуіріндегі жерлеу дәстүрінің сармат және қаңлы кезеңіне дейін жалғасқандығын айтуға болады.

Осы орайда Шымкент қаласы маңында орналасқан Қайтпас – I қорымындағы №2 обаны қарастыра кетейік. Археологтар бұл обаны 2012 жылы қазып екі қаңқа тапқан. Қаңқалардың бірі бұрынғы кезде бүлінсе, екіншісі сол қалпында сақталған. In Situ сақталған қаңқаның аяқтары ромб тәрізде [5, 120] орналастырылып шалқасынан жатқызылған. Басы солтүстік шығысқа қаратылып, қолдары екі жанына қарай аздап ашылған. Бұл қабірден тұтқалы құмыра, кішкентай құты, жалпақ тас және екі дана шеңбер пішінді алтын бұйым табылған. Осы алтын бұйымдардың бетіне балық және теңіз аты сияқты теңіз жәндіктері рельефті түрде түсірілген [5, 176]. Алтын бұйымның бетіндегі жәндіктер мен өрнектердің стилдік ерекшелігі бұл заттың теңіз жағалауынан келгендігін көрсетсе керек.

Дәл осыған ұқсас жерлеу қалпы Түркістан облысы Арыс өзені бойында орналасқан Бөріжар қорымындағы №18, №21 және №27 катакомбалардан анықталған. Соңғысының жерлеу камерасы тік төртбұрыш пішінде жасалған. Көлемі 1,5x2,2 м шамасында. Дромос жерлеу камерасына перпендикуляр бағытта түйіскен. Камераның орта тұсынан in situ жатқан адам қаңқасы табылған. Бұл қаңқа шалқасынан жатқызып басы шығысқа қаратылған. Аяқтары ромб тәрізде орналастырылған. Қаңқаның бас жағынан үйілген адам сүйектері, торсық тәрізді саз ыдыс және бір құмыра табылған [18, 144]. Үйілген сүйектер кейінгі кезеңдерде де бұл қабірдің ұрпақтары тарапынан қолданылғандығын, аталарының аруағына арнап басына ас-суын апарып салғандығын және оларға дұға оқып жалбарынғандығын көрсетсе керек.

#### **Сармат ескерткіштеріндегі ромб қалпындағы жерлеулер**

Қазақстанның батыс өңірлеріндегі сармат обаларында қазба жұмыстарын жүргізген археологтар көптеген ромб тәрізді жерлеулерге тап болған. Бұлардың көпшілігі осы күнге дейін ғылыми айналымға енгізілместен есеп түрінде архивтерде сақталған. Біздер Орал, Ақтөбе және Алматы қалаларындағы мұражайлар мен институттарға жасаған іссапарымыз кезінде бірнеше архивтік материалдарға қол жеткізген болатынбыз. Бұларға шолу жасалып нәтижесінде Деркул қорымы №5 оба [19], Барбастау III қорымы №7 оба №8 қабір [20, 28], Барбастау V қорымы №23 оба [21, 18], Қарасу I қорымы №7 оба №3 қабір [22, 11], Қос Оба қорымы №4 оба [23, 11] және Сакрыл III қорымы №7 обадалардан [24, 30] аяқтары ромб қалпында жатқызылған қаңқалардың табылғандығын аңғардық. Археологтар аталған жерлеулердің барлығын сарматтарға жатқызған.

#### **Сырдың төменгі ағысындағы ромб қалпындағы жерлеулер**

Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Баланды IV жерлеу орнынан 7 қаңқа табылған. Қаңқалардың алтауы оңтүстік шығысқа қаратылып созылық қалыпта жатқызылса бір қаңқа ромб қалпында жатқызылған [25, 39]. Бұлардың бір деңгейде жатуы мәйіттердің бір уақытта жерленгендігін және бір этникалық топтың адамдары екендігін көрсетсе керек. Осы орайда «жерлеулер бір кезеңде жасалса олардың біреуі нәліктен басқа қалыпта жатқызылған?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап ретінде бір этникалық топтың құрамында басқа дінді ұстанатын адамдар болуы мүмкін деген болжам жүргізуге болады.

#### **Саяси шекаралардан тыс жерлердегі ромб қалпындағы жерлеулер**

Мұндай жерлеулер басқа территориялардан да табылған. Атап айтар болсақ Тағар мәдениетіне тиесілі Ягуньяда [26, 16], Об өзенінің жағасындағы Криловка III [27, 19] және Ферғана алқабының батысындағы Ворухе қорымдарынан [28, 28] анықталған. Тағар мәдениеті Қазақстан мен Орта Азияда мекендеген сақтардың мәдениетіне ұқсас келеді. Бұл мәдениет Минусинск ойпаты, Енисей өзенінің жағалауы, Красноярск және Кемерово облыстарына дейінгі аймаққа таралған. Тағар мәдениетінің негізін жергілікті қола дәуірі тайпалары қалаған [29, 518]. Тағар ескерткіштерінен табылған үш қырлы қола жебе ұштары

б.з.б. 5-4 ғасырларға жататын сарматтардың жебе ұштарына ұқсас келеді [26, 52]. Е.А. Давидович және В. А. Литвинский Ворухе қорымын сақ-үйсін мәдениетімен байланыстыра келе, қабір құрылысында, жерлеу дәстүрлерінде және материалдық заттарында сармат мәдениетімен ұқсастық бар екендігіне назар аударып бұл қорымды б.з. 1 ғасырымен мерзімдеген [28, 67].

Ромб қалпындағы жерлеулер батыстағы Дон өзені жағасындағы Новочеркасск [30, 33] және Днестр өзені маңындағы Николоевка [31, 48] қорымдарынан анықталған. Новочеркассктегі мәйіттің астына органикалық төсеніш салынып қарапайым қабірге жерленген. Жанына жылқының алдыңғы аяғы, сабы сүйектен жасалған пышақ, адамның бет-әлпеті бейнеленген алтын жапсырма және эллиндік Амфора табылған. Археологтар бұл жерлеуді сармат тайпаларына жатқызып б.з.б. 3-2 ғасырларға мерзімдеген [30, 33]. Ал, Николаевкада ромб қалпындағы жерлеу жанама көрде (подбой) жүзеге асырылған. Бұл жерден амфоралар, жылтыр қара (лощенный) кантарос, киликс, фракияда өндірілген құмыралар және скиф типіндегі қару-жарақтармен көптеген импорттық тауарлар табылған. Археологтар жерлеуді скиф-терге жатқызып б.з.б. 4-3 ғасырларға мерзімдеген [31, 48]. Бұл мәлімет ромб қалпындағы жерлеулердің скиф қорымдарынан да кездесетіндігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда ғылыми әдебиеттерде сарматтардың бастапқыда Оңтүстік Орал өңірінде өмір сүріп, кейін Қаратөңіздің солтүстігіне қарай қоныс тепкендігі айтылады. Алайда, археологиялық деректерге көз жүгіртер болсақ ромб қалпындағы жерлеулердің тек Батыс Қазақстанда ғана емес, шығыстағы Алтайдан оңтүстіктегі Ферғана алқабына дейінгі кең аймақта кездесетіндігін байқалады. Осы мәліметтерге сүйене отырып қарастырылып отырған жерлеу қалпы тек сарматтарға тән емес немесе дәл осындай жерлеу дәстүрі басқа аймақтарда өмір сүрген халықтардың арасында да болған деп топшылауға болады. Кейбір зерттеушілер ежелгі тайпаларға байланысты зерттеулер жүргізген кезде олардың мәдениетін белгілі бір саяси шекаралардан әрі асырмай қарастырады. Бұл ұстаным түбінде бір мәдениеттің әр аймақта басқа атаулармен аталуына және ғылыми шиеленісуге әкелуі мүмкін. Жалпы Евразия даласында ежелгі кезеңдерде өмір сүрген тайпалардың материалдық және рухани мәдениеттерінде өз ара ұқсастықтардың көп болуы және осы кезеңде өмір сүрген халықтардың жазуды көп қолданбауы кейбір мәдени компоненттердің нақты қай тайпаға тиесілі екендігін нақталауға кедергі келтіреді. Дегенмен қарастырылып отырған тайпаның саяси тарихын, көрші елдермен жасасқан экономикалық-мәдени байланыстарын тереңінен зерттеп зерделеу арқылы көптеген түйіткілді сұрақтарға жауап алуға болады.

## **2.2. Қаңлы ескерткіштеріндегі аяғы айқасқан қалыптағы жерлеулер**

Бұл жерлеу қалпында қаңқа шалқасынан жатқызылып екі қолы әуретінің үстіне немесе екі жанына орналастырылады да бір аяғы екінші аяқ жілігінің үстіне айқастырылып қойылады. Мұндай жерлеулер сарматтарға тиесілі обалардан айтарлықтай кездеседі. Сондықтан археологтардың бірқатары бұл жатқызу қалпын сарматтармен байланыстырса кейбір зерттеушілер ғұндардың батысқа жылжуынан кейін пайда болғандығын тілге тиек етеді [3, 129]. Дегенмен Дон өзені бойындағы Холодный IV қорымы №2 обада табылған аяғы айқасқан қалыптағы жерлеу кейінгі қола дәуіріне жатқызылған [32, 122]. Бұл мәлімет қарастырылып отырған жерлеу қалпының түп тамырының тереңде екендігін көрсетеді.

Б.з.б. II ғасырдың екінші жартысында ғұндардың шығыстағы жаңа жерлерді жаулап алу әрекет-терінен кейін тарихта «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталып кеткен тарихи оқиға орын алады [33, 272]. Осы кезде Қазақстан (Сырдария өзенінің ортаңғы ағысынан бастап төменгі ағысына дейінгі аймақта, Талас өзені бойында, Қаратаудың оңтүстік беткейінде) және Орта Азия жерінде (Қырғызстан-да, Ташкент маңында, Ферғана даласы, Бактрия және Соғды аймағы) катакомбалық жерлеулер айтарлық-тай күрт өседі. Археологтардың басым көпшілігі бұл жерлеулерді қаңлылармен байланыстырады [34, 224]. Сырдария жағалауындағы кейбір катакомбалық қабірлерден аяқтары айқасқан қаңқалар табылған. Бұған Келес өзенінің төменгі ағысында орналасқан Мыңтөбе қорымындағы №3 оба мысал бола алады.

Шартты түрде №3 деп белгіленген оба үйіндісінің диаметрі 13 м, биіктігі 1,70 м. Қазба жұмысы кезінде обаның ортасына шығыс-батыс бағыты бойынша ені 35 см болып келетін жал қалдырылған. Жалдың оңтүстік бөлігі «А» жартысы, солтүстік бөлігі «Б» жартысы болып белгіленген. «А» жартысында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде реперлік нүктеден 2,40 м тереңде «Г» түрінде катакомб қабір анықталған. Қабірдің дромосы оңтүстіктен басталып солтүстіктегі катакомбаға барып жалғасқан. Қабірдің ішкі кеңістігі толықтай тазаланғаннан кейін бас жағына ыдыстар орналастырылған бес қаңқа табылған. Бұлардың барлығы созылыңқы қалыпта шалқасынан жатқызылып бастары шығысқа қаратылған. Тек шартты түрде №3 деп белгіленген қаңқаның аяғы «Х» тәрізді айқастырылған. Бұл қаңқаның ұзындығы 1,70 м. Оң қолы жанына, ал сол қолы жамбас сүйегінің астына орналастырылған. Қаңқаның оң қол білек тұсынан, шеңбер тәрізді жіңішке ақ түсті тасқа темір жабыстырылған бұйым мен қоса оң қол саусағының ұшынан бір моншақ табылған [35, 288].

Осы тараушада қарастыруды қажет ететін екінші бір нысан Отырар алқабындағы Қоңыртөбе қорымы болып табылады. Тарқатып айтар болсақ Қоңыртөбе қорымындағы №44 жерлеуде бір қаңқа басы оңтүстік шығысқа бағытталып, оң қолы денесін бойлай орналастырылған, ал сол алақаны әуретінің үстіне қойылған. Қаңқаның аяғы «Х» тәрізді айқастырылған. Қабірге шүмегі бар тұтқалы құмыра (кувшин), шеңбер пішінді қола бұйым, темір айылбаспен қоса қойдың жауырын сүйегі салынған. Сонымен қатар осы қорымдағы №91, №93-94, №96, №106 (2-сурет) жерлеулерден аяғы айқастырылған қаңқалар аршыл-ды. №91 жерлеу «кесектен салынған жәшікте» жүзеге асырылған. Қаңқаның басы солтүстік батысқа бағытталып шалқасынан жатқызылған. Екі қолы жанына созылыңқы қалыпта қойылған. Қаңқаның беліне ұзындығы 17 см келетін темір пышақ қойылса, оң жанбасының жанына қойдың алдыңғы аяғы салынған. Ғалымдар бұл жерлеуді ерте орта ғасырларға мерзімдеген [34, 24].

### **Сармат ескерткіштеріндегі аяғы айқасқан қалыптағы жерлеулер**

Қазақстанның батыс өңірінде орналасқан Лебедевка 5 қорымы №51 оба [6, 46], Лебедевка 7 қорымы №14 оба [36, 31] және Шалқар 5 қорымы №4 (2-сурет) [37, 15] обалардан аяқ жілігі айқасқан қалыптағы жерлеулер анықталған. Бір қызығы Отырардағы Қоңыртөбе қорымындағыдай қабірге қойдың жауырын сүйегі мен алдыңғы аяғын салу жағдайы сармат обаларында көптеп кездеседі. Мысалға, Қазақстанның батыс өңіріндегі Бубенцы 1 А қорымы №13 оба №2 жерлеуде қойдың жауырын сүйегі мен алдыңғы аяғы табылған. Қабірден табылған үш қанатты қола жебе ұштары негізінде Г.А. Кушаев бұл жерлеуді б.з.б. 4-2 ғасырларға мерзімдеген. Сонымен қатар Бубенцы 2 қорымы №6 оба [38,10-18], Новопавловка №7 оба №3 жерлеу [39, 221], Сакрыл 1 қорымы №10 оба №2 жерлеулерден [40, 9-10] қойдың алдыңғы аяғы табылған. Бұлар сарматтар мен қаңлы тайпаларының жерлеу дәстүрінде ұқсастық бар екендігін айғақтай түседі.

### **Саяси шекаралардан тыс жерлердегі аяғы айқасқан қалыптағы жерлеулер**

Аяқ жілігі айқастырылған жерлеулер саяси шекарадан тыс жерлерде де кездескен. Мысалға, Қырғызстандағы Қара Мойнақ қорымы №5 оба [41, 106-107], Четинды қорымы №6 оба [42, 25], Ферғана аңғарындағы Ворухе қорымы 2а оба және Исфарин қорымындағы №42 обалардан анықталған [44,102]. Қара Мойнақ қорымы №5 обадағы қабірге екі қаңқа жерленген. Бұлардың біреуі шалқасынан жатқызып созылыңқы қалыпта жерленсе, екіншісінің жілігі айқастырыла жерленген. Бұл жерлеулер б.з. I ғасырына мерзімделген. Ворухе қорымы 2а обадағы қаңқа «жанама қабірде» (подбой) табылған. Осыған қарап аяқ жілігі айқастырылған жерлеулердің әр түрлі қабірлерде жүзеге асырылғандығын аңғаруға болады.

Сонымен қатар мұндай жерлеулер Дон өзені маңындағы Ливенцовск қорымындағы №22 обадан [32, 278] және Холодный 4 қорымындағы №2 обадан табылған [45,122]. Біріншісінде қаңқа «жанама қабірге» жерленсе екіншісінде жарма қабірге жерленген. Археологтар «жанама қабірдегі» қаңқаны сармат кезеңіне, ал жарма қабірдегі қаңқаны кейінгі қола дәуіріне жатқызған.

## **3. Қаңлы ескерткіштеріндегі ғұндардың рухани – дүниетанымдық компоненттері**

Евразия аймағында ғұн кезеңіне бас сүйегі жасанды түрде деформацияланған қаңқаларды кейбір ғалымдар ғұндармен байланыстырса [3, 129-130; 45, 30; 46, 57] кейбірі сарматтармен байланыстырған (3-сурет) [47, 120]. Бұл тарауда қаңлы ескерткіштерінен анықталған бас сүйегі деформацияланған қаңқалар жөнінде сөз өрбітеміз.

### **3.1. Қаңлы ескерткіштерінен табылған бас сүйегі деформацияланған қаңқалар**

Бас сүйектің деформацияға ұшрауына паталогиялық, табиғи факторлар (көмілгеннен кейін топырақтың қысымы салдарынан бас сүйектің бүлінуі) және мәдени ұстанымдар мен үрдістер негіз болады. Соңғысы үшін жаңа туылған баланың басы қандайда бір тері, мата, ағаш қабығымен байланады немесе арнайы бас киім кигізіледі. Мысалға, Маялықтар жаңа туылған сәбидің басын үш төрт күннен кейін байласа, Перуның бұрынғы жергілікті тұрғындары үш айдан кейін байлаған [48]. Осыдан кейін сәби өсе келе басының пішіні өзгеріп белгілі бір формаға түскен.

Қазақстанның оңтүстігінде Арыс өзені бойындағы Күлтөбе, Алтынтөбе, Төлебайтөбе және Қаратөбе атты қаңлы қорымдарынан бас сүйегі жасанды түрде өзгертілген қаңқалар табылған. Бұлардың 11 данасы ер кісіге, 5 данасы әйел кісіге тиесілі екендігі белгілі болған [11, 182]. Осы үлгідегі қаңқалар Отырар аймағындағы Марданкүйік қорымынан да табылған. Зерттеу жұмысы барысында бұлардың басым көпшілігінің ер кісілер екендігі анықталған [49, 138].

Қызылорда облысындағы Қуандария өзені жағасында Алтынасар қорымы орналасқан. Бұл қорымнан кейінгі сармат кезеңінің ерекшеліктерін көрсететін көптеген жерлеулер аршылған. Дегенмен ғалымдар аймақтағы осындай ескерткіштердің барлығын топтастырып, оны қаңлы мәдениетінің тармағы ретінде белгілеп оған Жетіасар мәдениеті деген атау берген. Ендігі кезекте Алтынасар қорымындағы 52 обада анықталған жерлеуге қысқаша тоқталып өтейік. Аталмыш обадағы қаңқа солтүстікке бағытталып органикалық төсенішке жатқызылған. Бас сүйегі деформацияланған бұл қаңқаның жанына жылтырата

тегістелген саз ыдыс пен қоса қойдын алдыңғы аяғы салынған. Қабірдің бір бұрышына қойдын бір аяғымен қоса темір пышақ салу «сармат жерлеулеріне» тән ерекшелік болып табылады. Зерттеушілер Алтынсардағы жерлеулердің көпшілігін б.з. 3-4 ғасырларға мерзімдеген [50, 108]. Бас сүйегі жасанды түрде өзгертілген қаңқалар Қазақстанның батыс өңіріндегі обалардан да табылған. Археологтар мұны кейінгі сармат кезеңіне (б.з. 2-4 ғғ.) жатқызған.



Сурет 3. Челябинск облысы. Ресей. Магнитогорск қаласы. Мало – Кизыльский қорымы. №1 оба. Бс сүйегіұзын сопақ пішінде деформацияланған қаңқа (сармат кезеңі) [47, 117].

### 3.2. Сармат обаларынан табылған бас сүйегі деформацияланған қаңқалар

Б.з. II ғасырында орын алған Халықтардың ұлы қоныс аударуы кейінгі сармат мәдениетіне әсерін тигізген. Осы кезде Еуразияның көптеген бөлігі ғұндардың мәдени ықпалына түскен. Бұл тайпа шығыстан батысқа қарай жылжып жергілікті мәдениетке өз үлестерін қосқан. Сонымен қатар аймақтың этникалық қалыптасу процесіне атсалысқан. Археологиялық деректер сарматтардың жерлеу дәстүрінде бір қатар өзгерістер пайда болғандығын көрсетеді. Алғашқы кезде мәйіттердің басы батысқа және оңтүстікке бағытталса біздің жыл санауымыздың басында II-IV ғасырларда солтүстік немесе солтүстік батысқа бағытталады. Және де осы кезге жататан обалардан бас сүйегі деформацияланған қаңқалар мен фибулалар және «ғұн түріндегі» деп аталатын қазандар жиі табылады [51, 247].

Мысалға Қазақстанның батысындағы Лебедевка 6 қорымы 31-обадан бас сүйегі деформацияланған қаңқа табылған. Бұл қаңқаның бір аяғы созылыңқы қалыпта орналастырылса, екіншісі тізесінен бүгілген. Басы оңтүстік батысқа бағытталған. Қабірден қызыл түсті саздан жасалған құмыра табылған. Бас сүйегі жасанды түрде өзгертілген қаңқаның бірі Лебедевка 6 қорымындағы 39 обадан анықталған. Қабірдің ішкі кеңістігінен қола айна, ғұн түріндегі қазан, алтын сырға, көптеген моншақтар, қоладан және темірден жасалған фибулалар табылған. Жоғарғы жағынан және бұрыштардан ағаш қалдықтары кездескен. Бұлар сірә қабірдің төбе жабындысының қалдықтары болса керек. Дәл осы қорымдағы 37 обадан да бас сүйегі деформацияланған қаңқа табылған. Қабірден ғұн түріндегі қазан және сабының басы халседон тасынан жасалған қылыш алынған [52, 30]. Бұл қорымда зерттеу жұмыстарын жүргізген археологтар 31, 39 және 37 обаларды кейінгі сармат кезеңіне жатқызған. Қысқаша келтірілген мәліметтерге қарап ғылымда сарматтарға жатқызылған обалардан бас сүйегі деформацияланған қаңқалар, қоладан жасалған фибулалар және ғұн түріндегі қазандардың табылатындығын байқауға болады.

### 3.3. Басқа аймақтардан табылған бас сүйегі деформацияланған қаңқалар

Орынбор облысы Студеное ауылынан оңтүстік батысқа қарай 2 шақырым жердегі Красный Яр қорымы №2 обадан бас сүйегі деформацияланған қаңқа табылған. Бұл қаңқаның басы солтүстік шығысқа қаратылып шалқасынан жатқызылған. Қабірден шеңбер пішінді темір бұйым және ағаштың қалдықтары анықталған. Осы қорымдағы 6-обада жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде жекелеген бас сүйекпен (деформацияланған) қоса қоладан жасалған фибула және темір пышақ кездескен [53, 100]. Қабірдегі жекелеген сүйектерге қарап бұл обаның тоналғандығын айтуға болады.



Башқұртстандағы Баймакс ауданы Қаратал ауылынан 2 шақырым қашықта Қаратал I қорымы орналасқан. Бұл қорымға кейінгі сармат кезеңінің тұрғындары өз туыстарын жерлеген. Осы қорымдағы №1 обадағы №1 қабірден жоғарыдағы жерлеулерге ұқсас бас сүйегі деформацияланған қаңқа анықталған. Астына органикалық төсеніш төселіп, басы солтүстікке қаратылып шалқасынан жатқызылған. Жанына қола айна, саз ыдыстар, темір пышақ, ұршық бас және моншақ сынды көптеген о дүниелік тарту таралғылар салынған [54, 70]. Ұқсас жерлеулер осы қорымдағы №5 және №6 обалардан анықталған. №5 обадағы қаңқаның басы солтүстікке бағытталып шалқасынан жатқызылған. Қаңқаның басы деформацияланған. Аяқ жағына әк себілген. Сарматтарға тиесілі қабірлерде әк көп кездеседі. Әктің тазалаушы қасиетінің бар екендігі белгілі. Сондықтан сарматтар қайтыс болған кісінің денесін күнәлардан тазалау мақсатында қабіріне әк салған болуы мүмкін. №6 обадағы қаңқа солтүстікке бағытталып шалқасынан жатқызылған. Мұның бас сүйегі де деформацияланған. Жоғары жақта сипатталған қабірдегілер сияқты бұл жерден де қола фибула табылған [54, 71].

Осы аудандағы Баймакс Комсомол 4 қорымындағы №3, №5 және №6 обаларда қазба жұмыстары жүргізіліп кейінгі сармат кезеңіне жататын жерлеулер айқындалған. Тарқатып айтар болсақ №2 обадағы қаңқа солтүстік батысқа бағытталып шалқасынан жатқызылған. Бұл қаңқаның бас сүйегі де деформацияланған. Жанына құты, темір пышақ, сабының басы жоқ қылыш және әктің қалдықтары анықталған. Ал, №3 обадан алынған деректер №2 обадағы ерекшеліктерді қайталайды [54, 72-73]. Бұл жерде ұқсас ерекшелік ретінде бас сүйегі деформацияланған қаңқаны айтуға болады. Бір қызығы осы қаңқамен қатар қабірден қытайда жасалған қола айна табылған. Бұл олжа осы жердегі халықтардың басқа мәдениеттермен өз ара (мәдени экономикалық) байланысқа түскендігін немесе сырттан келгендердің жергілікті халыққа өз әсерін тигізгендігін болжауға болады.

Жалпы кейінгі сармат кезеңінде Батыс Қазақстан, Оңтүстік Орал аймағы (Орынбор облысы және Башқұртстан), Еділ және Дон өзендері маңында жерлеу дәстүрі мен материалдық мәдениет алғашқы кезеңмен салыстырғанда өзгеріске ұшрайды. Әсіресе бас сүйекті деформациялау сияқты мәдени өзгерістің пайда болуы өзіне назар аудартады. Ғалымдар бұл үрдісті Алан және Ғұн тайпаларымен байланыстырады [3]. Дегенмен де ғұндарға дейінгі кезеңдерде (б.з.б. 2 мыңжыл) шығыстағы Хакасиядан (Окунев мәдениетіне жататын Черновая VIII қорымынан бас сүйегі деформацияланған қаңқа табылған) [55, 109] М.Озбек Гипократты сілтеме көрсете отырып аталмыш аймақтарда біздің жыл санауымызға дейінгі кезеңдерден бастап бас сүйекті деформациялау үрдісі болған деген мәлімет келтіреді. Нақты айтар болсақ М.Озбек Қаратеніздің солтүстік шығысындағы халықтардың жасанды түрде бас сүйекті деформациялағандығын және де мұндай пішіндегі бас сүйекті антикалық жазушының макроцефал деп атағандығын тілге тиек етеді [48, 50].

Бұл әдет – ғұрыптың ең көне үлгілері неолит кезеңіне дейін барып тіреледі. Бұған Анадолу, Кипр, Иран және Ливандағы басқада мәдениеттерде кездесетін бас сүйектер мысал бола алады. Мысалға, Кипрдегі Лефкоша және Лимасол аймағындағы неолит кезеңіне жататын нысаннан табылған әйел мен ер кісілердің бас сүйегіне жасанды түрде өзгеріс жасалғандығы (бас сүйектің артқы бөлігі тегіс) анықталған.

Ендігі кезекте Иран аймағына қарар болсақ бұл ғұрыптың ең ескі үлгілерінің бірін кездестіреміз. Бұл Иранның Керменшах облысында орналасқан неолит кезеңіне жататын Ганж Дарех Тепе деген үйіктен табылған. Кипрдегі сияқты бұл жерде ерлердің де әйелдердің де бас сүйегі деформацияланған. Демек бұл ғұрыпты жүзеге асыру барысында гендерлік тендіктің сақталғандығын айтуға болады.

Таяу Шығыс аймағындағы Библос қалашығының (қазіргі таңдағы атауы Джебейль) қорымынан ішінде адам қаңқалары бар үлкен хумдар табылған. Ғалымдар бұл хумдардың ішінен тек әйелдерге тиесілі қаңқалардың бас сүйегінің деформацияланғандығын анықтаған (Бас сүйек айналдыра буылып жоғары қарай созылып өсуіне жағдай жасалған, Артына қарағанда маңдай жағы жалпақ болып келген). Сонымен қатар 11 данажас жеткіншектің қаңқасын зерттеп олардың бесеуінің бас сүйегінде деформация іздерін байқаған. Бұл бойынша бас сүйектер қыз бардарға тиесілі болуы мүмкін деген болжам жасаған. Ғалымдар бұл жерлеулерді б.з.б. 4 мыңжылдыққа мерзімдеген.

Қарастырылып отырған ғұрып Анадолудағы халықтар тарапынан да қолданылған. Хатай ауданындағы Шейх Үйік қалашығында жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде бас сүйегі жасанды түрде деформацияланған әйел қаңқалары анықталған. Зерттеушілер Шейх Үйік пен Библосты салыстыра келе бас сүйектердің бірдей формада екендігіне көз жеткізген. Бұл жағдайды халықтардың бір аймақтан екінші аймаққа қоныс аударуымен түсіндірген.

Мысырда XVIII патшалық кезеңіндегі ферғауын Эхнатон және туысқандары бедерленген ескерткіштерде олардың бас сүйегінің деформацияланғандығы байқалады. Ғалымдар патшайым Нефертити мен сарайдағы көптеген адамдардың бас сүйегінің өзгеріске ұшпағандығын анықтап, бұл жағдайды «Нефертити

шығыстан келген және өзі келген жерде кең көлемде қолданылатын бас сүйекті деформация-лау ғұрпын балдарына да жасаған» деп тұжырымдаған [48, 47-53]. Дегенмен Американдық ғалым Ирвина Бравермана бұл пікірмен келіспейді. Ол, патша Эхнатондағы өзгеріске краниосиностоза синдромы себеп болған деген қорытынды жасайды [56].

Ғұндардың байырғы өмір сүрген территориясы болып табылатын Қытайдың солтүстік аймақтары жайында нақты мәлімет қолымызда жоқ. Дегенмен М.Озбек «бассүйекті деформациялау ғұрпы Қытай аймағында болған» деп өз зерттеуінде айтып өткен [48, 50]. Сондықтан Сырдария жағалауындағы басының пішіні өзгертілген қаңқаларды ғұндармен байланыстырған ғалымдардың пікірлерін назарға алуға болатын сияқты. Оңтүстік Орал аймағындағы осындай қаңқаларды ғалымдар сарматтармен байланыстырады [47, 115]. Демек бұл мәліметтерден бұл мәселенің ғылыми тұрғыдан шешімін таппағандығын аңғарамыз.

Осы жерге дейін келтірілген ақпараттар бұрынғы адамдардың бұл ғұрыпты жүзеге асырудағы мақсаты екен деген сұрақ туындатады. Мысалға, Конгодағы Мангбету әйелдері бір қырдан (профиль) қарағанда сұлу көрінеміз деген сеніммен бас сүйектерінің жоғары қарай шошайып өсуіне ықпал жасаған. Қазіргі таңда аталмыш тайпалар арасында бұл ғұрыптың семантикасы өзгеріске ұшырап тек патшалардың ғана бас сүйегі өзгертіледі деген сенім пайда болған. Кипрдегі тайпалар деформацияланған бас сүйекті тектіліктің белгісі ретінде қабылдайды. Ал, Кубаның бұрынғы жергілікті тұрғындары жауларының жүрегінде қорқыныш сезімін ояту мақсатында бас сүйектерін деформациялаған екен. Кейбір ғалымдар мұндай бас сүйектерді әлеуметтік мәртебемен, діни сеніммен байланыстырса, кейбірі сұлулықпен байланыстырады [48,53-54].

**Қорытынды.** Сырдарияның ортаңғы ағысындағы қаңлы ескерткіштерінде анықталған ғұн және сармат компоненттерін жүйелі түрде қарастыру оны жүйелеудің маңыздылығы бір бөлек, осы компоненттердің семантикасы жайында болжамды тұжырымдар жасаудың маңызды екендігі дау тудырмайды.

Жер бетінде адамдар өздері өмір сүрген ортаның табиғи мүмкіндіктерін негізге ала отырып көшпенділік пен отырықшылық мәдениетті қалыптастырған. Көшпелі мәдениеттің негізгі элементі жылқы екендігі белгілі. Сондықтан далалық аймақтарда көшпелі мәдениеттің ең жоғары дәрежесі қалыптасты деуге болады. Алтай мен Солтүстік Қаратеңіз арасындағы дала көшпелі мәдениеттің орталығына айналған. Қысқаша айтқанда, аталған шекараларда тұратын тайпалар алдымен жылқыны жүк тасымал-дау, аң аулау, соғыс жүргізу және т.б. үшін пайдаланды. Осы әрекеттердің барлығын орындау кезінде, көшпенділер жылқының жылдамдығына, күшіне, төзімділігіне және ерекше мінез-құлқына куә болды. Осылайша, жылқы көшпенділердің рухани өмірінде де орын ала бастады. Атап айтқанда, олар өздерін тек жылқы ғана арғы өмірге апара алады деп сенген болуы керек, өлгендерді жылқымен бірге қабірге жерлей бастады. Мұны Алтай аймағындағы Берел, Башадар, Катанда және т.б. қорымдардағы жылқы салынған жерлеулер дәлелдейді. Жылқыларды көшпенділер ерте кезеңнен бастап этнографиялық кезеңге дейін жерлеу рәсімі кезінде құрбандыққа шалғандығын атап өткен жөн. Кейде жылқы қабірге толығымен салынса, кейде оның бір бөлігі немесе жабдықтары салынған. Бұрынғы кезде көшпенділер жылқыны байлықтың негізгі көзі деп қабылдаған. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар жылқыны жерлеудің орнына оның бір бөлігін немесе ат әбзелін қабірге салған болса керек. Осы орайда қазақтың «өлім байдың малын шашады, жоқтың етегін ашады» деген мақалы еске оралады. Жалпы қабірге жылқы бүтін, не болмаса жекелеген бөлшек күйінде салынғанына қарамастан барлығының астарында өлген адамды арғы өмірге аттандыру түсінігі жатқандығын болжауға болады. Ромб қалпындағы жерлеу мен ат қосып жерлеу бірдей дүниетанымдық мәнге ие болуы мүмкін. Аталмыш жерлеуде (ромб) қайтыс болған адамның жанына жылқы жерленбегенімен, мәйітті ат үстінде саяхаттап бара жатқан адамға ұқсатып жатқызған. Осылайша, көшпенділер жоғарыда айтылғандай, қайтыс болған кісінің әлеуметтік жағдайы жылқы қосып жерлеуге жетпеген кезде, мәйіттің өзін бейне бір жылқы үстінде отырғандай қалыпта жатқызып арғы өмірге аттандырған болса керек.

Аяғы айқасқан қалыптағы жерлеулердің Шығыста Қырғызстан, оңтүстікте Қазақстан, Өзбекстан ал батыста Дон өзеніне дейінгі аймақта кездесетіндігі аңғарылады.

Ежелгі кезеңде адамдар қайтыс болғандардан қабірден шығып өздеріне зиянын тигізеді деп қорыққан. Аруақтар қабірден шықпасын деген мақсатта артында қалған ұрпақтары оларға арнап құрбандық шалған. Сонымен қатар аяқтарын табытқа шегелеп, байлап немесе кесіп тастаған [Самашев және т.б., 2007, с.140-141]. Мақала аясында қарастырылып отырған аяғы айқастырылған жерлеулердің астарында осындай сенімдердің жатуы мүмкін. Жалпы аяғы айқасқан адамның алға қарай қадам басуы шектеледі. Сол себепті баяғы қоғамдағы сенім бойынша қабірден шыққанын қаламаған адамдардың аяғы айқастыра жерленген болса керек.

Осы орайда мына бір жайтты да айта кету керек. Кейбір қабірлерге жалғыз бір қаңқа жерленіп, аяқ жілігі айқастырылған. Ал, кейбір ұжымдық қабірлердегі қаңқалардың арасынан тек біреуінің аяқ жілігі айқастырылса қалғандары созылыңқы қалыпта салынған. Бұл жағдай біздерді баяғы сенім бойынша тек қатыгез адамдардың ғана аяқтары айқастырылған ба? деген ойға жетелейді.

Жалпы орта Азия мен Қазақстан тарихының қалыптасуында ғұндардың, сарматтардың және қаңлылардың алатын орны ерекше. Бұлар бөлек аймақтарда шамамен бір заманда өмір сүрген, мәдениеттерінде ортақтық пен айырмашылығы бар тайпалар болған десек қателеспейміз. Қазақстан мен көрші аймақтардың байырғы тұрғындары өз ара саяси және экономикалық тұрғыдан қарым қатынас жасағандығы еш күмән туғызбайды. Мысалға, ғұндардың өз территориясын кеңейту мақсатында юеджілерге шабуыл жасауы және парсылармен сақтардың қақтығысы сияқты саяси оқиғалар нәтижесінде «мәдениеттердің тоғысуы жүзеге асып» жаңа этникалық топтардың көрші аймақтарға қоныс аудару процесі жүрген. Осы кезде Сырдарияның ортаңғы ағысына келген мигранттардың мәдениетіндегі кейбір элементтер тұрғылықты халықтардың арасына (қаңлылар) «ішін ара» таралғандығы байқалады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Сдықов М.Н., Гуцалов С.Ю., Бисембаев А.А. Батыс Қазақстан скиф қазыналары. – Уралск: 2003. – 117 б.
2. Сдықов М. Н., Лукпанова Я. А. Батыс Қазақстанның ежелгі көшпенділері (Тақсай I оба кешені мысалында). – Орал: Полиграфсервис, 2013. – 292 б.
3. Сулимирский Т. Сарматы: Древний народ юго России. – Москва: ЗАО Центрполиграф, 2008. - 186 с.
4. Бисембаев А.А., Избасарова Г.Б., Гуцалов С.Ю., Бекназаров Р.А. Батыс Қазақстан тарихы I-том. – Ақтөбе: ПринтА, 2006. - 524б.
5. Байтанаев Б.А. История Шымкента: 2200 лет по археологическим источникам. – Алматы, 2012. – 252 с.
6. Мошкова М.Г., Железчиков Б.Ф., Кригер В.А. Отчет археологические работы на территории Уральской области в 1980 г // А.Х. Марғұлан атындағы археология институтының архив материалдары. Дело №1838. 1980.
7. Артықбаев Ж. О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы (Энциклопедиялық басылым). Алматы: Атамұра баспасы, 2008. – 544 б.
8. Bakır A., Badakoğlu U. Yüceçiler ve Kökenleri Üzerine Düşünceler // Ortaçağ Araştırmaları Dergisi. S 2. 2019.-s.123-144.
9. Байпаков К. М. Ежелгі Қазақстан тарихы (Ежелгі заманнан б.з. V ғасырына дейін). Алматы: Мектеп баспасы, 2001. – 112 б.
10. Ходжайов Т. К. География и хронология преднамеранной деформации головы в Средней Азии // Искусственная деформация головы человека в прошлом Евразии. Вып 5. Москва: Институт Археологии РАН. 2006. – 12 – 21.
11. Подушкин А. Н. Арысская культура Южного Казахстана IV в. до н.э. – VI в. н.э. – Туркестан: Издательский центр МКТУ им. Х.А. Ясауи, 2000. – 201 с.
12. Очир – Горяева М. А. Поза всадника по археологическим и этнографическим данным // Oriental Studies. Issue 5. 2019. 812-821 с.
13. Смирнов К. Ф. Савроматы ранняя история и культура сарматов. – Москва: Издательство Наука, 1964. – 376 с.
14. Березин Я. Б. Сарматские погребения могильника «Незлюбненский б» в ставропольском крае // Историческая антропология. Серия XIII. №3. 2021. с. 120 – 133.
15. Степанова Н. Ф. Афанасьевская культура: особенности погребального обряда памятников Горного Алтая и Среднего Енисея. А. А. Тишкин (отв. ред). Древние и средневековые кочевники Центральной Азии. – Барнаул: Азбука, 2008. с.89 – 92.
16. Синюк А. Т. Бронзовый век бассейна Дона. Монография. – Воронеж: Издательство Воронежского педуниверситета, 1996. – 350 с.
17. Uhri A. Anadolu'da Ölümlerin Tarih Öncesi. Bir geleneğin oluşum süreçleri. – İstanbul: Ege Yayınları, 2014. – 230 с.
18. Торгоев А. И., Ержигитова А. А. Генезис и вопросы хронологии погребальных сооружений Кангюя II в. До н.э. – IV в. н. э. // Археология и история Кангюйского государства. С. А. Яценко (ред.). – Шымкент: Типография «Әлем», 2020. с.136 – 158.

19. Рыков П. С. Археологических раскопок бл. гор. Уральска в июле 1926 года // Институт истории, археологии и этнографии АН КазССР. Архив материалдары. Дело №187. 1927.
20. Кушаев Г. А., Железчиков Б. Ф. Отчет об археологических раскопках в Уралской области в 1927 // Марғұлан атындағы Археология институтының архив материалдары. Дело №1290. 1973.
21. Кушаев Г. А., Железчиков Б. Ф. Отчет о археологических исследованиях в Уралской области в 1973 год // Марғұлан атындағы Археология институтының архив материалдары. Дело №1340. 1974.
22. Кушаев Г. А., Железчиков Б. Ф. Отчет об итогах археологических раскопок Уралского пединститута в 1975 год // Марғұлан атындағы Археология институтының архив материалдары. Дело №1467. 1976.
23. Железчиков Б.Ф. Археологических памятники Уральской области. – Волгоград: Издательство Волгоградского Государственного Университета, 1998. 135 с.
24. Кушаев Г.А., Кокебаева Г.К. Отчет об итогах археологических раскопок Уральского пединститута в 1980 году // Марғұлан атындағы Археология институтының архив материалдары. Дело №1836. 1980.
25. Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Низовья Сырдарьи в древности // Чирикратская культура. Выпуск I. Москва. 1993. - 176 с.
26. Мартынов А. И. Лесостепная Тагарская культура. – Новосибирск: Издательство наука, 1979. 208 с.
27. Могильников В. А. Население Верхнего Приобья в средние-второй половине I тысячелетия до н.э. – Москва: ИА РАН, 1997.– 195 с.
28. Давидович Е. А., Литвинский В. А. Археологический очерк Исфаринского района. – Сталинабад: Издательство Академии наук Таджикской ССР. 1955. – 231 с.
29. Vokovenko N. Tagar Kültürü (çev. A. Aleskerov) // S. Koca vd. (Ed.). Türkler. 1. Cilt. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002. – s.518 – 525.
30. Максименко В. Е. Памятники Савроматского периода // Савроматы на нижнем Дону. – Ростов: Издательство Ростовского Университет, 1983. – 224 с.
31. Мелюкова А. И. Население нижнего поднепровья в IV – III до. н. э. // П.Д. Либеров, В.И. Гуляев (отв. ред). Проблемы скифской археологии. №177. – Москва: Изд-во Наука, 197. – с.39 – 54.
32. Копылов В. П., Лукьянко С. И. Погребения предскифского и скифского времени в междуречье Дона и Сала // Донские Древности №4. 1995. – с. 117 – 148.
33. Сәйдірахман Ұ. Көшпелілердің ұлы қоныс аударуы // <https://e-history.kz/kz/news/show/33857> 2022.
34. Байпаков К.М, Смагулов Е.А, Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. – Алматы: Баур, 2005. 224 с.
35. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А. Аяқтары айқасқан жерлеу туралы (Мыңтөбе қорымы материалдары негізінде) // Еуразиялық далалық өркениет: адам және тарихи – мәдени орта. Еуразия даласы археологиясы V халықаралық конгресінің материалдары (Түркістан қ, 11 – 14 қазан). Алматы – Түркістан: 2022. – с.288 – 296.
36. Железчиков Б.Ф., Клепиков В.М., Сергацков И.В. Древности Лебедевки (VI – II в. до.н.э.)– Москва: Изд-во Восточная Литература РАН, 2006.– 159 с.
37. Кушаев Г.А. Отчет об археологических исследованиях в Уралской области за 1971 г // Марғұлан атындағы археология институтының архив материалдары. Дело1227. 1972.
38. Кушаев Г.А. Отчет об итогах полевых археологических исследованиях в северной части Чжино Дюринских разливов Уралской области 1984 // Марғұлан атындағы археология институтының архив материалдары. Дело №2058. 1985.
39. Железчиков Б. Ф., Кригер В. А. Катакомбные захоронения Уральской области // Советская археология. №4, 1978. с.218-228.
40. Кушаев Г.А., Кокебаева Г. К. Отчет об итогах археологических раскопок Уральского пединститута в 1979 г // Марғұлан атындағы археология институтының архив материалдары. Дело 1762. 1980.
41. Заднепровский Ю.А. Археологические памятники Южных районов Ошской области (середина I тысячелетия до.н.э. - середина I тысячелетия н.э.). – Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1960.172 с.
42. Абетеков А.К., Баруздин Ю. Д. Археологические памятники Таласской Долины // Сако-Усунские памятники Таласской долины. – Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1963. 264 с.
43. Литвинский Б.А. Курганы и курумы Западной Ферганы. – Москва: Изд-во наука, 1972. 258 с.

44. Илюков Л.С. Сарматские погребения из кургана 22 Левенцовского VII могильника // Нижневолжский археологический вестник №6. 2003. с. 278-282.
45. Дубова Н. А. Искусственная деформация головы у земледельцев эпохи бронзы // Искусственная деформация головы человека в прошлом Евразии. Вып 5. Москва: Институт Археологии РАН. 2006. – с.22 – 36 с.
46. Батиева Е. Ф. Искусственно деформированные черепа в погребениях Нижнедонских могильников (первые века нашей эры) // Искусственная деформация головы человека в прошлом Евразии. Вып 5. Москва: Институт Археологии РАН. 2006. – с.53 – 72.
47. Сальников К. В. Сарматские погребения в районе Магнитогорска // Краткие Сообщения. О докладах и Полевых Исследованиях Института Истории Материальной Культуры. Вып. XXXIV. Москва: Издательство Академии Наук СССР. 1950. – с.115 – 121.
48. Özbek M. İnsan toplumlarında kafatası deformasyonları (Etnoantropolojik bir araştırma) // Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih Coğrafya Fakültesi Antropoloji Dergisi. Sayı 11. 1978. – s.47 – 57.
49. Ахмет С. З., Байпаков К. М. Оңтүстік Қазақстан облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы // Отырар ауданы. – Алматы: «Баур» баспасы, 2007. – 424 с.
50. Левина Л. М. Этнокультурная история Восточного Приаралья: I тысячелетие до. н.э. I тысячелетие н. э. Москва: Восточного Литература, 1996. – 396 с.
51. Байпаков К. М., Таймагамбетов Ж. Қ. Қазақстан Археологиясы. Алматы: 2009. – 570 с.
52. Железчиков Б. Ф., Кригер В. А. Отчет археологические работы в Уральской области в 1979 г // Марғұлан атындағы археология институтының архив материалдары. Дело №1759. 1979
53. Пишеничнюк А. Х. Сарматский могильник Красный Яр в Оренбургской области // Материалы по эпохе бронзы раннего железа Южного Урала и Нижнего Поволжья: Сборник научных статей. – Уфа: БНЦ УрО АН СССР, 1989. – с. 99 – 119.
54. Пишеничнюк А. Х. Культура ранних кочевников Южного Урала. – Москва: Издательство Наука, 1983. - 200 с.
55. Галеев Р. М. Краниотригонометрическое исследование черепов из могильника Черновая VIII // Вестник археологии, антропологии и этнографии. №2 (13). 2010. – с.109 – 117.
56. [https://zoom.cnews.ru/rnd/news/top/u\\_faraona\\_ehnatona\\_vyavleny\\_priznaki\\_dvuh\\_geneticheskikh\\_otklonenij\\_sajtymanan\\_04.07.2022\\_жылы\\_алынган](https://zoom.cnews.ru/rnd/news/top/u_faraona_ehnatona_vyavleny_priznaki_dvuh_geneticheskikh_otklonenij_sajtymanan_04.07.2022_жылы_алынган).
57. [http://tatarhistory.ru/ru/atlas/gunny-i-velikoe-pereselenie-narodovsajtymanan\\_01.05.2023\\_жылы\\_алынган](http://tatarhistory.ru/ru/atlas/gunny-i-velikoe-pereselenie-narodovsajtymanan_01.05.2023_жылы_алынган)

#### References:

1. Sdykov M.N., Gutsalov S.Yu., Bisembaev A.A. Batys Qazaqstan skif qazynalary. – Uralsk: 2003. - 117 p.
2. Sdykov M. N., Lukpanova Ya. A. Batys Qazaqstannyn ezhelgi koshpendileri (Taqsay I oba kesheni mysalynda). – Oral: Poligrafservis, 2013. – 292 p.
3. Sulimirskii T. Sarmati: Drevnikh narod yugo Rosii. – Moskva: ZAO Centrpoligraf, 2008.-186 p.
4. Bisembaev A.A., Izbasarova G.B., Gutsalov S.Yu., Beknazarov R.A. Batys Qazaqstan tarihy 1-tom. – Aqtobe: PrintA, 2006.- 524 p.
5. Baytanaev B.A. Istoriya Shymkenta: 2200 let po arheologicheskim istochnikam. – Almaty: 2012. – 252 p.
6. Moshkova M.G., Zhelezchikov B. F., Kriger V. A. Otchet arheologicheskie raboty na territorii Uralskoi oblasti v 1980 g // A. H. Margulan atyndagy arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo №1838. 1980.
7. Artyqbaev Zh. O., Pirmanov A.B. Qazaqstan tarihy (Ensiklopediyalyq basylım). Almaty: Atamura baspasy, 2008. – 544 p.
8. Bakır A., Badakoğlu U. Yüeciler ve Kökenleri Üzerine Düşünceler // Ortaçağ Araştırmaları Dergisi. S 2. 2019.- p.123-144.
9. Байпаков К. М. Ezhelgi Qazaqstan tarihy (Ezhelgi zamannan b.z. V gasyryna deyin). Almaty: Mektep baspasy, 2001. – 112 p.
10. Hodzhaiov T. K. Geografija i khronologiya prednamerannoy deformacii golovy v Srednej Azii // Iskusstvennaya deformaciya golovy cheloveka v proshlom Evrazii. Vyp 5. Moskva: Institut Arheologii RAN. 2006. – p.12 – 21.
11. Podushkin A. N. Arysskaya kultura Yuzhnogo Kazahstana IV v.do.n.e. – VI v.n.e. – Turkestan: Izdatelskii centr MKTU im. H.A.Yasaui, 2000. – 201 p.
12. Ochir – Gorjaeva M. A. Poza vsadnika po arheologicheskim i Etnograficheskim dannym // Oriental Studies. Issue 5. 2019. p.812-821.
13. Smirnov K.F. Savromaty rannaya istoriya i kultura sarmatov. – Moskva: İzd-vo Nauka, 1964. – 376 p.

14. Berezin Ya.B. Sarmatskie pogrebeniya mogilnika «Nezlobnenskii 6» v stavropolskom krae // *Istoricheskaya antropologiya. Seriya XIII. №3. 2021. p. 120 – 133.*
15. Stepanova N. F. Afanasevskaya kultura: osobennosti pogrebalnogo obriada pamyatnikov Gornogo Altaya i Srednego Eniseya. A. A. Tishkin (otv. red). *Drevnie i srednevekoveye kochevniki Centralnoy Azii.* – Barnaul: Azbuka, 2008. p.89 – 92.
16. Sinyuk A. T. Bronzovy vek basseyna Dona. *Monografiya.* – Voronezh: Izd-vo Voronezhskogo peduniversiteta, 1996. – 350 p.
17. Uhri A. *Anadolu'da Ölümün Tarih Öncesi. Bir geleneğin oluşum süreçleri.* – İstanbul: Ege Yayınları, 2014. – 230 p.
18. Torgoev A.I., Erzhigitova A.A. *Genezis i voprosy khronologii pogrebalnyh sooruzhenii Kangiuya II v. do n.e. – IV v. n.e. // Arheologiya i istoriya Kangiuyuskogo gosudarstva. S. A. Jacenko (red.). – Shymkent: Tipografiya «Alem», 2020. p.136 – 158.*
19. Rykov P. S. *Arheologicheskikh raskopok bl. gor. Uralska v iyule 1926 goda // Institut istorii, arheologii i etnografii AN KazSSR. Arhiv materialdary. Delo №187. 1927.*
20. Kushaev G. A., Zhelezchikov B. F. *Otchet ob arheologicheskikh raskopkah v Uralskoy oblasti v 1927 // Margulan atyndagy Arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo №1290. 1973.*
21. Kushaev G.A., Zhelezchikov B.F. *Otchet o arheologicheskikh issledovaniyah v Uralskoj oblasti v 1973 god // Margulan atyndagy Arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo №1340. 1974.*
22. Kushaev G.A., Zhelezchikov B. F. *Otchet ob itogah arheologicheskikh raskopok Uralskogo pedinistituta v 1975 god // Margulan atyndagy Arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo №1467. 1976.*
23. Zhelezchikov B.F. *Arheologicheskikh pamjatniki Uralskoy oblasti. – Volgograd: Izd-vo Volgogradskogo Gosudarstvennogo Universiteta, 1998. 135 p.*
24. Kushaev G.A., Kokebaeva G.K. *Otchet ob itogah arheologicheskikh raskopok Uralskogo pedinistituta v 1980 godu // Margulan atyndagy Arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo №1836. 1980.*
25. Vainberg B. I., Levina L. M. *Nizovaya Syrdari v drevnosti//Chirikrabskaya kultura. Vypusk I. Moskva. 1993. 176 p.*
26. Martynov A. I. *Lesostepnaya Tagarskaya kultura. – Novosibirsk: Izd-vo nauka, 1979. 208 p.*
27. Mogilnikov V. A. *Naselenie Verhnego Priobiya v srednie-vtoroy polovine I tysiacheletiya do.n.e. – Moskva: IA RAN, 1997. – 195 p.*
28. Davidovich E. A., Litvinskii V. A. *Arheologicheskii ocherk Isfarinskogo rayona. – Stalinabad: Izd-vo Akademii nauk Tadzhijskoy SSR. 1955. – 231 p.*
29. Bokovenko N. *Tagar Kültürü (çev. A. Aleskerov) // S. Koca vd. (Ed.). Türkler. I. Cilt. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002. – p.518 – 525.*
30. Maksimenko V. E. *Pamyatniki Savromatskogo perioda // Savromaty na nizhnem Donu. – Rostov: Izd-vo Rostovskogo Universitet, 1983. – 224 p.*
31. Melyukova A. I. *Naselenie nizhnego podnestrovyia v IV – III do.n.e. // P. D. Liberov, V. I. Guljaev (otv. red). Problemy skifskoy arheologii. №177. – Moskva: Izd-vo Nauka, 197. – p.39 – 54.*
32. Kopylov V.P., Lukyashko S. I. *Pogrebeniya predskifskogo i skifskogo vremeni v mezhdureche Dona i Sala // Donskie Drevnosti №4. 1995. – p. 117 – 148.*
33. Saidirahman U. *Koshpelilerdinuly qonys audaruy// <https://e-history.kz/kz/news/show/33857> 2022. [saytunan 01.05.2022 zhyly alingan](https://www.saytunan.kz/01.05.2022-zhyly-alingan)*
34. Baypakov K.M, Smagulov E.A, Erzhigitova A.A. *Rannesrednevekoveye nekropoli Yuzhnogo Kazahstana. – Almaty: Baur, 2005. 224 p.*
35. Gursoy M., Sizdikov B., Seraliev A. *Ayaqtary ayqasqan zherleu turaly (Myntobe qorymy materialdary negizinde) // Euraziyalyq dalalyqorkeniet: adam zhane tarihi – madeni orta. Euraziya dalasy arheologiyasy V halyqaralyq kongresinin materialdary (Turkistan, 11 – 14 qazan). Almaty – Turkistan: 2022. – p.288 – 296.*
36. Zhelezchikov B.F., Klepikov V.M., Sergackov I.V. *Drevnosti Lebedevki (VI – II v.do.n.e.) – Moskva: Izd-vo Vostochnaya Literatura RAN, 2006. – 159 p.*
37. Kushaev G.A. *Otchet ob arheologicheskikh issledovaniyah v Uralskoy oblasti za 1971 g // Margulan atyndagy arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo1227. 1972.*
38. Kushaev G.A. *Otchet ob itogah polevih arheologicheskikh issledovaniyah v severnoj chasti Chzhino Djurinskikh razlivov Uralskoj oblasti 1984 // Margulan atyndagy arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo №2058. 1985.*

39. Zhelezchikov B.F., Kriger V.A. Katakombnye zahoroneniya Uralskoy oblasti//Sovetskaya arheologiya №4, 1978. p.218-228.
40. Kushaev G.A., Kokebaeva G.K. Otchet ob itogah arheologicheskikh raskopok Uralskogo pedinstituta v 1979 g // Margulan atyndagy arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo 1762. 1980.
41. Zadneprovskii Yu. A. Arheologicheskie pamyatniki yuzhnykh rayonov Oshskoy oblasti (seredina I tysyacheletiya do.n.e. - seredina I tysyacheletiya n.e.). – Frunze: Izd-vo AN KirgSSR, 1960. 172 p.
42. Abetekov A. K., Baruzdin Yu. D. Arheologicheskie pamyatniki Talasskoy Doliny//Sako-Usunskie pamyatniki Talasskoy doliny. – Frunze: Izd-vo AN KirgSSR, 1963. 264 p.
43. Litvinskii B. A. Kurgany i kurumy Zapadnoy Fergany. – Moskva: Izd-vo nauka, 1972. 258 p.
44. Ilyukov L. S. Sarmatskie pogrebeniya iz kurgana 22 Levencovskogo VII moginika // Nizhnevolzhskii arheologicheskii vestnik №6. 2003. p. 278-282.
45. Dubova N. A. Iskusstvennaya deformatsiya golovy u zemledel'tsev epokhi broanzy // Iskusstvennaya deformatsiya golovy cheloveka v proshlom Evrazii. Vyp 5. Moskva: Institut Arheologii RAN. 2006. – p.22 – 36.
46. Batieva E. F. Iskusstvenno deformirovannyye cherepa v pogrebeniyakh Nizhnedonskikh mogilnikov (pervyye veka nashey ery) // Iskusstvennaya deformatsiya golovy cheloveka v proshlom Evrazii. Vyp 5. Moskva: Institut Arheologii RAN. 2006. – p.53 – 72.
47. Salnikov K.V. Sarmatskie pogrebeniya v raione Magnitogorska // Kratie Soobshheniya. O dokladah i Polevykh Issledovaniyakh Instituta Istorii Materialnoy Kultury. Vyp. XXXIV. Moskva: Izd-vo Akademii Nauk SSR. 1950. – p.115 – 121.
48. Özbek M. İnsan toplumlarında kafatası deformasyonları (Etnoantropolojik bir araştırma) // Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih Coğrafya Fakültesi Antropoloji Dergisi. Sayı 11. 1978. – p.47 – 57.
49. Ahmet S. Z., Baypakov K. M. Ontustik Qazaqstan oblysy tarih zhane madeniet eskertkisherinin zhinagy // Otyrar audany. – Almaty: «Baur» baspasy, 2007. – 424 p.
50. Levina L. M. Etnokulturnaya istoriya Vostochnogo Priaralya: I tysyacheletie do. n. e. I tysyacheletie n.e. Moskva: Vostochnogo Literatura, 1996. – 396 p.
51. Baypakov K. M., Taymagambetov Zh. Q. Qazaqstan Arheologiyasy. Almaty: 2009. – 570 p.
52. Zhelezchikov B. F., Kriger V. A. Otchet arheologicheskie raboty v Uralskoy oblasti v 1979 g // Margulan atyndagy arheologiya institutynyn arhiv materialdary. Delo №1759. 1979
53. Pshenichnyuk A. H. Sarmatskii mogilnik Krasny Yar v Orenburgskoy oblasti // Materialy po epohe bronzy rannego zheleza Yuzhnogo Urala i Nizhnego Povolzhya: Sbornik nauchny statei. – Ufa: BNC UrO AN SSSR, 1989. – p. 99 – 119.
54. Pshenichnyuk A. H. Kultura rannih kochevnikov Yuzhnogo Urala. – Moskva: Izd-vo Nauka, 1983. - 200 p.
55. Galeev R. M. Kraniotrigonometricheskoe issledovanie cherepov iz mogilnika Chernovaya VIII // Vestnik arheologii, antropologii i etnografii. №2 (13). 2010. – p.109 – 117.
56. <https://zoom.cnews.ru/rnd/news/top/u faraona ehnatona vyyavleny priznaki dvuh geneticheskikh otklonenij saytnan04.07.2022 zhylyalngan>.
57. <http://tatarhistory.ru/ru/atlas/gunny-i-velikoe-pereselenie-narodovsaytnan 01.05.2023 zhyly alngan>

ӘОЖ 902.035  
ҒТАМР 03.41.91

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.020>

Б.С. Сиздиков<sup>1</sup>, М.Б. Қожа<sup>2</sup>, А.А. Сералиев<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Археология ғылыми зерттеу институтының жетекшісі ғылыми қызметкері,  
Түркістан қ., Қазақстан.

E.mail. bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

<sup>2</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Археология ғылыми зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, Түркістан қ., Қазақстан.

E.mail. mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

<sup>3</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант, Астана қ., Қазақстан.

E.mail. ali.seraliev@mail.ru

## КЕЛЕС ӨңІРІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ КҮЛТӨБЕ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТОПОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

*Аңдатпа*

Тарихи жазба деректерде Х ғ. бастап кездесетін Келес даласында өмір сүрген ежелгі тұрғындар жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығымен де айналысып, тіпті биік қамалды қалалар тұрғызысып, өңірдегі алғашқы қалалық мәдениетті қалыптастырған. Өңірдің географиялық орналасуын негізге ала отырып, Келес өңірінің көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтармен отырықшы егін шаруашылығымен айналысқан халықтардың арасындағы табиғи шекара болғандығын аңғаруға болады. Бұған Келес өңірінде көптеп орналасқан қалашықтар мен қоныстар, үлкенді-кішілі қорымдар негіз болуда. Ұлы Жібек жолының Сайрам қаласынан Шаш (Ташкент) қаласына, Шаш қаласынан Отырар және Яссы қалаларына баратын бағытын алып жатқан Келес өңіріндегі қалашықтар, ежелгі дәуірден бері саудасы мен өнері, егіншілігімен мал шаруашылығы қатар дамыған орталықтардың біріне айналған. Мақалада осы күнге дейін толық зерттелмеген, Келес өңіріндегі ірі орталықтардың бірі саналатын Күлтөбе қалашығының топографиялық құрылымын зерттеп, салыстырмалы түрде талдап, ғылыми айналымға енгізуді жөн санадық. Сонымен қатар мақалада «күлтөбе» атауының мағынасына тоқтала отырып, ғылыми тұжырымдар жасалынды.

Мақала АР19678134 «Келес өңірінде орналасқан ежелгі Күлтөбе қалашығында археологиялық және пәнаралық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды.

**Кілт сөздер:** Келес өңірі, Сырдария, Күлтөбе, ежелгі қалашықтар, топография, фортификация, қамал қабырғасы.

Сиздиков Б.С.<sup>1</sup>, Қожа М.Б.<sup>2</sup>, Сералиев А.А.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави,  
ведущий научный сотрудник научно-исследовательского института археологии, Туркестан, Казахстан.

E.mail. bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

<sup>2</sup> Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави,  
главный научный сотрудник научно-исследовательского института археологии, Туркестан, Казахстан.

E.mail. mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

<sup>3</sup> Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, докторант, Астана, Казахстан.

E.mail. ali.seraliev@mail.ru

## ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО ГОРОДИЩА КУЛЬТӨБЕ В КЕЛЕССКОМ РЕГИОНЕ

*Аннотация*

Согласно письменных источников Х в. население, обитавшее в Келесской долине наряду с полукочевым животноводством занималось земледелием, строило города с высокими крепостными стенами, в связи



с чем в регионе зарождалась городская культура. Если брать во внимание географическое расположение, то можно заметить, что Келесский регион является природной границей между населением, занимавшимся кочевым животноводством и населением, земледелием. Свидетельством тому являются расположенные в данном регионе городища и поселения, большие и малые могильники. Города региона, которые находились на отрезке Великого Шелкового пути, ведущих от Сайрама до Шаша (Ташкент), от Шаша до Отрара и Яссы, с древнего периода были центрами, где наряду с торговлей и культуры развивались земледелие и животноводство. В статье, мы сочли необходимым, ввести в научный оборот вопросы топографии одного из крупных центров Келесского региона – городища Культобе. Наряду с этим, в статье дано значение названия «культобе», сделаны научные выводы.

Статья подготовлена в рамках научного проекта AP19678134 «Проведение археологических и междисциплинарных исследования на древнем городище Культобе расположенном в Келеском регионе».

**Ключевые слова:** Келесский регион, Сырдария, Культобе, древнее городище, топография, фортификация, крепостные стены.

*B.S. Sizdikov<sup>1</sup>, M.B. Kozha<sup>2</sup>, A.A. Seraliyev<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology,  
Turkistan, Kazakhstan. E.mail. bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz*

*<sup>2</sup> Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Chief researcher of the Research Institute of Archaeology,  
Turkistan, Kazakhstan. E.mail. mukhtar.kozha@ayu.edu.kz*

*<sup>3</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Doctoral student, Astana, Kazakhstan.  
E.mail. ali.seraliyev@mail.ru*

## TOPOGRAPHY OF THE ANCIENT SETTLEMENT OF KULTOBE IN THE KELESSKY REGION

### *Abstract*

According to written sources of the X<sup>th</sup> century, the population that lived in the Keles valley, along with semi-nomadic animal husbandry, was engaged in agriculture, and built cities with high fortress walls, in connection with which an urban culture was born in the region. If we take into account the area's geography, it becomes apparent that the Keles region serves as a natural boundary between those who practice nomadic animal husbandry and those engaged in agriculture. There is evidence of settlements and small-sized settlements in this region, as well as both large and small burial grounds. The cities of the region, which were located on the segment of the Great Silk Road leading from Sairam to Shash (Tashkent), from Shash to Otrar and Yassy, from the ancient period were centers where, along with trade and culture, agriculture and animal husbandry developed. In this article, we believe it's important to bring to light the topography of Kultobe, a significant hub in the Keles region that should be integrated into scientific discourse. Furthermore, the article provides the definition of the name "Kultobe" and draws appropriate scientific conclusions.


The article was prepared as part of a scientific project AP19678134 «Carrying out archaeological and interdisciplinary research on the ancient settlement of Kultobe located in the Keles region».

**Keywords:** Keles region, Syrdarya, Kultobe, ancient settlement, topography, fortification, fortress walls.

### **Кіріспе**

Күлтөбе қалашығы Сырдария өзенінің ортаңғы ағысында, Келесөзенінің Сырдария өзеніне құяртұсында орналасқан (Түркістан облысы, Келес ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылының оңтүстік-батысында 2 км). Күлтөбе қалашығының географиялық координаты: N 4540702.838, E 467896.822, теңіз деңгейінен биіктігі – 234.000 м. Қалашықтың жалпы аумағы 8,5 гектарды құрайды. Аймақтағы ескерткіштердің тарихи топографиясына көз жүгіртер болсақ, қалашықтың шығыс және оңтүстігінде ежелгі Қаратөбе, Қауыншытепе, Жуантөбе, Ақтепе, Шаш т.б. ескерткіштер орналасқан болса, солтүстік және батысында Үтіртөбе, Ақтөбе, Шаушықұмтөбе, Шардара, Сүскент, Байыркүм және т.б. ескерткіштер орналасқан (1-карта). Өңірде Сырдария өзеніне құятын суы мол Құркелес, Келес, Шыршық және Ангрен өзендері орналасқандықтан, бұл аймақ Орталық Азияның жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына қолайлы, жан жануарларға толы тоғайлы, суы мол, адам баласының өмір сүруіне ыңғайлы аймақтарының бірі болып табылады. Жоғарыда аталған өзендердің бойында орналасқан қалалар

мен үлкен көлемді қоныстарды негізге ала отырып, Келес өңірінің көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтармен отырықшы егін шаруашылығымен айналысқан халықтардың арасындағы табиғи шекара болғандығын аңғаруға болады. Себебі Сырдария алқабы, соның ішіндегі суы мол өзендерге бай Келес өңірінен оңтүстікке қарай шаруашылығы егіншілікке негізделген отырықшы халықтар шоғырланған болса, Келес өңірінен солтүстікке қарай қырлы-сайлы далалы болып келетін аймақта негізгі шаруашылығы мал шаруашылығына негізделген халықтар өмір сүрген.



Карта 1. Келес өңірінің археологиялық картасы.  
(Максимова, Мерциев, Вайнберг и Левина 1968)

Келес өңірі жазба деректерде алғаш рет X ғ. географиялық шығармаларда кездесе бастайды [35, 78]. XVI ғ. авторы Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» атты тарихи шығармасында Абдаллах-ханның 1580 ж. жорығын сипаттай келе Келесте «ғажайып елді мекендер мен көрікті жерлер» бары айтылады – «были чудесные селения и прекрасные места [36]. Келес өңірі XIX ғ. ортасынан бастап орыс деректерінде кеңінен атала бастайды. Орыстың белгілі тарихшысы П.И. Рычков өз еңбегінде Шыршық, Арыс және Келес аймақтары Ұлы жүз қазақтарының негізгі мекені деп жазады [37,27].

Келес өңірінің ежелгі тарихына көз жүгіртер болсақ, өңірдегі ең алғашқы тіршілік ізі көне тас дәуірінен бастау алатындығы, аңшылар мен терімшілердің тау өзендері мен бұлақтарының жағасындағы үңгірлерде мекендегендігі белгілі. Х.А. Алпысбаев басшылығындағы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы 1973-1974 жылдары жүргізген зерттеу жұмыстары барысында Келес өзенінен бастау ала-тын Қаржантау, Өгем, Қосмола, Қазығұрт тау жоталарының бөктерінде орналасқан Жалпақсу I, II, III, Сусінген, Жалғызарша I, II, III, секілді ежелгі тас және орта тас дәуірінің тұрақтарын анықтаған [1, 120-125; 2, 18-21]. Аталмыш тұрақтар өңірде адамзат баласының сонау тас дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқандығының куәсі болуда. Келес өңірінің әлгі күнге дейін толық зерттелмеуінің салдарынан өңірдегі қола дәуірі ескерткіштері жайында деректердің жоқтың қасы. Ерте темір дәуірінде Орта Азияда көшпелі мәдениетті қалыптастырған Сақ тайпаларының мекендегендігі баршаға белгілі. Көне Ахеменидтік жазбаларда бұл тайпаларды Сақ – тиграхаудалар, Сақ – хаумаваргалар, Сақ – парадарайлар деп үш топқа бөліп сипаттаған. Сақ тайпалары жайында зерттеу жұмыстарын жүргізіп келген бірқатар ғалымдар, Сақ – тиграхаудалар Шаш, Қырғызстан және Қазақстанның оңтүстік территорияларын мекендеген деген пікірді алға тардады [3, 16-17]. Бұл деректерді негізге ала отырып, Ерте Темір дәуірінде Келес өңірінде Сақ – тиграхаудалардың мекендегендігін аңғаруға болады. Пайымдауымызша суы мол өзен алқаптарында көптеп кездесетін қоныстар, қалашықтар және қорымдар аталмыш тайпалардан қалған ескерткіштер болуы мүмкін **(1-сурет)**. Шардара су қоймасының астында қалған ЖаманТоғай қорымынан анықталған жерлеу орындар бұл пікірімізді қуаттай түсуде [28, 174-192]. Ә.Х. Марғұлан өз еңбектерінде Келес өзені бойындағы Жартытөбе және Қаратөбе секілді ежелгі қоныстардың Сақ тайпаларына тиесілі болуы мүмкіндігін айтып өткен[4, 16-17]. Келес өңірінде, Шардара су қоймасының орнында жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізген Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич өңірде мекендеген сақ тайпалары жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар егін

шаруашылығымен де айналысқандығын, тіпті қалалар тұрғызысып, өңірдегі алғашқы қалалық мәдениетті қалыптастырғандығы жайлы көңілге қонымды пікір айтқан [5, 8].



Сурет 1 – Келес өзені бойындағы ежелгі қоныстардың көрінісі.

Аймақта өмір сүрген ежелгі тайпалардың бірі қаңлылар, б.д.д. 2 – б.д. 6 ғғ. оңтүстікте Ферғана аймағынан, солтүстікте Арал теңізіне дейінгі, ал шығыста Қаратау беткейлерінен Талас өзеніне дейінгі аралықта мемлекеттік дәрежеде билік құрып, қаңлы мәдениетін қалыптастырған [6,149-151; 7, 160-163; 8, 42; 9, 91]. Қаңлы мәдениетін ұзақ жылдар бойы зерттеген Г.В. Григорьев, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, Л.М. Левина секілді ғалымдар өз зерттеулерінде аймақтық ерекшеліктер негізінде қаңлы мәдениетін үш топқа бөліп қарастырған. Бұл мәдениеттер, алғашқы ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізілген ескерткіштердің атымен қауыншы, отырар-қаратау және жетіасар мәдениеттері деген атауларға ие болған[5, 19-60; 10,193-224; 7, 208-230]. Соңғы жылдары қаңлы мәдениетін зерттеуші А.Н. Подушкин төртінші топқа жататын қаңлылардың Арыс мәдениетін ғылыми айналымға енгізуде [11].

Қаңлылардың қауыншы мәдениеті таралған территория, Сырдарияның ортаңғы ағысын, Құркелес, Келес, Шыршық және Ангрен өзендерінің аңғарларын, яғни Ташкент оазисін қамтуда. 1934-1938 жылдары Г.В. Григорьев басшылығындағы Янгиуль археологиялық экспедициясының көп жылдық зерттеу-лерінің нәтижесінде Ташкент оазисіндегі қаңлы мәдениетіне жататын ескерткіштер жоғары деңгейде зерттеліп, оған алғашқы зерттеу жұмыстары жүргізілген Қауыншытөбе ескерткішінің атымен «Қауыншы мәдениеті» деген атау берілген [10,90-91; 7, 220].

Күлтөбе қалашығы 1960 ж. Кемел Ақышевтың редакторлығымен бір топ ғалымдар жазған «Қазақстанның археологиялық картасына» түспей қалды. Археологиялық нысан алғаш рет 1968 жылы археологиялық әдебиетте аталады. Күлтөбе қалашығы «Древности Чардары» атты кітаптың бетінде кездеседі [28, 6]. «Сырдария өзенінің жоғары жағындағы археологиялық ескерткіштер картасы» делінген сызбада көрсетіледі. Дегенмен кітапта ескерткіш сипаттамасы берілмейді.

XX ғ. 90-шы жылдары Келестің ортағасырлық археологиялық ескерткіштерін есепке алып зерттеу жүргізіп бірнеше мақалалар жазып жариялап және кандидаттық диссертация қорғаған Д.Ә. Талеев болды [38, 17; 39, 145-157; 40, 34-36]. Алайда Д.Ә. Талеевтің мақсаты ортағасырлық қалашықтар мен елді мекендерді түгендеп талдаған. Ғалым таңдап алынған хронологиялық шеңберден шықпай қаңлы дәуірі ескерткіштерін зерттеуді мақсат етпеген.

1994 ж. «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық басылымда Күлтөбе қалашығы алғаш рет біршама сипатталып көрсетіледі [41, 223-224]. Қалашықтың орталық бөлігінің сызба жобасы берілген. Археологиялық нысанның сипаттамасын жазу барысында ескерткіштің бөлігі су астында болуына орай толық топографиялық суреттеме жасауға болмайтынын атап өтеді.

Қаңлы тайпаларының өмір сүрген аймақтарының ішіндегі Құркелес және Келес өзендерінің аңғарларындағы ескерткіштері аз не атүсті зерттелгені байқалады. Осы себепті 2017 жылдан бері Келес өзенінің төменгі ағысында орналасқан Күлтөбе қалашығы мен Мыңтөбе қорымында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлыттық университетінің және Шымкет Педагогикалық университетінің қызметкерлері зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді [12, 409-419; 13, 48-62; 14, 195-200; 15, 99-104; 16, 153-167]. Осы күнге дейін жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының барысында қорымдағы 9 обада қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде қаңлы тайпаларына тиесілі жерлеу орындары екі түрі анықталған. Күлтөбе қалашығының жоғарғы құрлыс қабатынан қаңлы кезеңінің соңына жататын саз ыдыстардың бөліктері табылған. Мақалада осы күнге дейін толық қарастырылмаған Күлтөбе қалашығының топографиялық құрылымын зерттеп, талдап ғылыми айналымға енгізуді жөн санадық. Сонымен қатар мақалада «күлтөбе» атауының мағынасына, шығу тарихына тоқтала отырып, ғылыми тұжырымдар жасалынды.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында археологиялық деректермен қатар өңірді зерттеген өлкетанушылар мен саяхатшылардың еңбектері кеңінен пайдаланылды. Өлкетанушылар мен саяхатшылардың жазған еңбектерін талдай отырып, өңірдің ежелгі тарихы, атаулары жайлы мағлұматтар алынса, археологиялық деректер арқылы қалашықтың топографиялық құрылымы, құрлыс қабаттары және хронологиясы, қала тұрғындарының материалдық мәдениеті жайлы маңызды мағлұматтар жинақталды. Атап айтар болсақ Е.Т. Смирнов [17, 7-17], Н.П. Остроумов [18; 19, 118-137; 20, 32-44], А.Б.Вревский [21, 4-5], А.О. Руднев [22, 57-62], В.Ф. Краваевъ [23, 8-10], Г.В. Григорьев [24, 3-42; 25, 2-40; 26, 3-39; 27, 47-67], Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич [5, 19-60], А.Г. Максимова, М.С. Мерциев, Б.И. Вайнберг, Л.М. Левина, А.А. Чариков, Ф.Х. Арсланова [28, 1968: 1-252; 29, 1-60; 30, 1-18], Т.Агзамходжаев [31, 71], Н.П. Подушкин, А.Н. Подушкин [15, 99-104; 16, 153-167; 34] сынды ғалымдардың өңірде жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары әлі күнге дейін маңызды зерттеулердің бірі болып табылуда.

### **Нәтижелер**

#### *Күлтөбе қалашығының топографиялық құрылымы*

Ескерткіш Сырдария өзенінің оң жағалауында, Келестің оң жағалауында орналасқан. Ежелгі Күлтөбе қалашығының топографиялық құрылымына келер болсақ, археологиялық нысан су жайлатын аймақтың қасындаға террасаға орныққан. Жер бедерінде қалашықтың бөліктері айқын байқалады. Қалашық ерте ортағасырлық қалалар секілді цитадель, шахристан және рабад бөліктерінен тұрады. Цитадель мен шахристан айналдыра қоршалған биік қамал қабырғалары арқылы бір-бірімен байланыса орналасқан. Биік қамал қабырғасымен қоршалған шаршы пішінді шахристанның оңтүстік-батыс бөлігінде шаршы пішінді биік қамал қабырғасымен қоршалған цитадель орналасқан (**2-сурет**). Қалашықтың шахристан бөлігіне де, цитадель бөлігіне де жалғыз қақпа болған. Қақпалар солтүстікке бағытталған. Ерте орта-ғасырлық қалалардың фортификациясын зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерін талдай келе, ерте ортағасырлық қалашықтардың қақпаларының солтүстікке бағытталғандығы белгілі болды. Бұл пікірімізге Ташкен оазисіндегі Ежелгі Ханабад, Калатеп (Искитеп), Севильтепа (Мунчактепа), Пушти Махмуд, Актепа, Қыркджангитеп т.б. қалашықтары солтүстікке бағыттала орналасқан қақпалары негіз болуда [32, 12-41]. Кәзіргі таңда қалашық маңы егістік алқабына айналып кетуіне байланысты қалашықтың рабад бөлігі сақталмаған. Қалашықтың шахристаны бұрыштары домаланып келген шаршы пішінді, биік төбе ретінде сақталған. Ташкен оазисінде және Келес өзені алқабында орналасқан ежелгі қалашықтардың басым бөлігі шаршы пішінді немесе сопақша болып келуі ежелгі қалалардың топографиялық құрылымы жағынан бір-бірімен ұқсас болуда. Қалашықтың шахристан бөлігін қоршап тұрған қамал қабырғасының жалпы ұзындығы шығыс-батыс бағытында 310 м, оңтүстік-солтүстік бағытында 220 м. жоғарыда айтып өткеніміздей қалашық бір қақпалы болып келуде. Қалаға кіретін қақпа шахристанның солтүстік-батыс бұрышында, солтүстікке бағыттала орналасқан. Қақпа орнының енді болып келуін (10 м) негізге ала отырып, қалалашық қақпасының үлкен болғандығын аңғаруға болады. Шахристанның үсті жайпақ тегіс болып келуде, топографиясынан көше немесе құрлыс нысандарының іздері байқалмайды. Қалашықтың шахристан бөлігінде қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен мәдени қабаттың тереңдігі белгісіз. Биік төбе ретінде сақталған қалашықтың шахристан бөлігі табиғи төбе үстінде тұрғызылған болуыда әбден мүмкін. Оны алдағы уақытта жүргізілетін қазба жұмыстары барысында анықталатын болады. Шахристан-ның оңтүстік-шығыс бұрышы табиғи апаттың салдарынан бұзылуда. Жоғарыда айтып өткеніміздей Келес өзіне жағалай орналасқан қалашықтың шахристан және цитадель бөліктерін Келес өзені шайуда. Жыл сайын табиғи апаттың салдарынан 40-50 см мәдени қабат бұзылып, өзенге ағып кетуде. Ауыл тұрғын-дарының

айтуына қарағанда, өзендегі балықтарды аумен аулау барысында қалашық маңындағы өзеннің табанынан әр-түрлі пішіндегі саздан жасалған ыдыстар ауға оратылып табылған. Бұл мәліметтерден тарихи құндылықтарымыздың өзен суымен ағып, құм және лай тұнбалары астында қалып жатқандығын аңғаруға болады.

Қалашықтың топографиясын көз жүгіртер болсақ, шахристанның камал қабырғасының шығыс бөлігінде іргелес, шеңбер пішінді биік төбенің орналасқандығын көруге болады. Аталмыш төбенің топографиялық құрылымына келер болсақ, төбе шеңбер пішінді, үсті тегіс, айналдыра қоршалған биік қабырғалы болып келуде. Төбенің солтүстік-батыс бөлігі аздап сыртқа шығыңқы. Төбенің жалпы диаметрі 55 м. Аталмыш төбенің топографиясын негізгі алар болсақ, топрақ үйіндінің астында ауқымды бір құрлыстың жатқандығы белгілі. Зерттеу жұмыстарымыз барысында төбенің топографиясын зерделей келе, төбе астындағы құрлыс нысанға кіретін есіктің солтүстік-батысқа бағытталғандығын аңғаруға болады. Себебі жоғарыда айтып өткеніміздей солтүстік-батысқа аздап шығыңқы болып келген бөліктің есік орны болуы әбден мүмкін. Яғни, шахристанның камал қабырғасына жағалай орналасқан көше арқылы төбе астындағы құрлыс нысанға кіретін болған. Төбе астындағы құрлысқа басқа жақтан кіру мүмкін емес. Себебі төбенің шығысы биік қыратты болып келуде, оңтүстігінде өзен орналасуда, ал шығысында шахристанның биік камал қабырғасы орыналуда. Пайымдауымызша төбе астында қала халқына қызмет ететін ерте кезеңдерге жататын ғибадатхананың немесе қоғамдық бір құрлыстың орын алуы мүмкін. Ферғана аймағындағы Кува қаласының рабат бөлігінде орналасқан шеңбер пішінді төбенің астынан ашылған ғибадатхана бұл пікірімізді қуаттай түсуде [33, 189-209]. Төбе астында қандай құрлыстың жатқандығы алдағы уақытта жүргізілетін археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталатын болады.



Сурет 2 – Күлтөбе қалашығының әуеден көрінісі.

Қалашықтың цитадельінің топографиялық құрылымына көз жүгіртер болсақ, цитадельдің екі бөліктен тұратындығы белгілі болуда. Қалашықтың цитадельі бұрыштары дұмаланып келген төрт бұрыш пішінді, биік төбе ретінде сақталған. Яғни цитадельдің шығыс және солтүстік бөлігі биік тік қабырғалы камалмен қоршалған болса, оңтүстігі өзенмен іргелес орналасқан, ал батыс бөлігі аздап тік жарлы болып келуде. Қалашықтың цитадель бөлігін қоршап тұрған камал қабырғасының жалпы ұзындығы шығыс-батыс бағытында 120 м, оңтүстік-солтүстік бағытында 100 м. Цитадельге бір қақпа арқылы кіретін болған. Цитадельдің қақпасы солтүстік қабырғасының орта тұсында, солтүстікке бағыттала орналасқан. Қақпа орнының енді болып келуін (8 м) негізге ала отырып, цитадель қақпасының көлемді болғандығын аңғаруға болады. Цитадельдің қоршап тұрған тік қабырғалы камалдың үсті тегіс болып келуде, топографиясынан көше немесе құрлыс нысандарының іздері байқалмайды. Цитадельдің орталық бөлігінде шеңбер пішінді биік төбе орналасқан. Төбенің солтүстік-батыс бөлігі аздап сыртқа шығыңқы болып келуде. Төбенің жалпы диаметрі 40 м. Аталмыш төбенің топографиясын негізгі алар болсақ, топрақ үйіндінің астында

ауқымды бір құрлыстың жатқандығы белгілі. Зерттеу жұмыстарымыз барысында төбенің топо-графиялық құрылымын зерделей келе, төбе астындағы құрлыс нысанға кіретін есіктің солтүстік-батысқа бағытталғандығын аңғаруға болады. Себебі жоғарыда айтып өткеніміздей солтүстік-батысқа аздап шығыңқы болып келген бөліктің есік орны болуы әбден мүмкін. Яғни, солтүстікке ашылған цитадельдің қақпасы арқылы төбе астындағы құрлыс нысанға кіретін болған. Себебі төбе астындағы құрлысқа басқа жақтан кіру мүмкін емес. Цитадельдің оңтүстік бөлігі табиғи апаттың салдарынан бұзылуда. Жоғарыда айтып өткеніміздей Келес өзіне жағалай орналасқан қалашықтың шахристан және цитадель бөліктерін Келес өзені шайуда.

Пайымдауымызша цитателдің орталық бөлігіндегі төбе астында қала билеушісінің сарайы немесе қала халқына қызмет ететін қоғамдық бір құрлыс (ғибадатхана) болуы мүмкін. 2017 ж. т.ғ.д., профессор М.Елеуовтың басшылығындағы Тұран Археологиялық Эспедициясы цитадельдің орталық бөлігінде орналасқан шеңбер пішінді төбеде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары барысында қазба алаңынан тұтастай қыш құландылары ашылды. Тазалау жұмыстары барысында қыш құландыларының реперлік нүктеден 1-1,3 м тереңдікке дейін жалғасып жатқандығы белгілі болған. Реперлік нүктеден 1,3-1,4 м тереңдіктен өте нашар сақталған қалың қабырғаның құландылары анықталған. Өкінішке орай қабырғаның нашар сақталуына байланысты қандайда бір құрылыстың жобасын анықтау мүмкін болмаған. Тазалау жұмыстары барысында анықталған қыштардың көлемі 22x50x10 см, 21x48x9,5 см екендігі анықталған. Эспедиция жетекшісі т.ғ.д., профессор М.Елеуовтың пікірінше ашылған қыштардың өлшемдері Шардара археологиялық экспедициясының Ақтөбе, Шаушыққұмтөбе қалашықтарында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде анықталған қаңлы дәуіріне тиесілі құрлыс нысандардан табылған қыштардың өлшемдеріне сәйкес келеді [14, 195-199].

Қазба жұмыстары барысында реперлік нүктеден 1,4 м тереңдіктен өте нашар сақталған екінші құрылыс қабаты ашылған. Аталмыш құрлыс қабатына тиесілі оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа бағытталған ұзын кіреберіс бөлме, тұрғынүйге тиесілі екі бөлме және бір аула ашылған. Тазалау жұмыстары барысында тұрғынүй бөлмелерінің интерерлері ретінде ошақтар мен сыпалар анықталған. Тұрғынүй құрлысында көлемдері 22x50x10 см, 21x48x9,5 см қыштар пайдаланылғандығын анықтаған [14, 195-199]. Қазба жұмыстары барысында алынған саз ыдыстардың Ақтөбе I, Ақтөбе II, Шаушық-құмтөбе және Ташкен оазисіндегі Қауыншытөбе, Алимбайтөбе т.б. қалаларынан табылған саз ыдыстарға ұқсас келуде.

Қазақстанда Түркістан облысының Созақ, Арыс, Келес аудандарында, Түркістан қаласында, Жамбыл облысында, Өзбекстанның Ханабад іргесінде [42, 1162-1173], Түркіменстанда [43] Күлтөбе (Култөпе) деген топонимдер кездеседі. Топоним екі сөзден құралады: күл және төбе. Күл деп әдетте отын түгел жанып біткеннен кейінгі қалдықты атайды. Осы мағана Махмуд Қашғаридің еңбегінде де аталады [44, 326]. Аталған шығармада төбе («тубу») сөзі «тау басы» мағанада кездеседі [44, 326]. Тіке мағанада Күлтөбе күлі бар төбе, күлді төбе дегенді білдіргендей [45, 274-276]. Кейбір зерттеушілердің түсіндіруінше «күл» («мұнара») және «төбе» сөздерінен қалыптасқан атау. Бұл «мұнаралы төбе» дегенді білдіреді [43]. Биік бөлігі бар төбелер осылай аталуы мүмкін. Жоғарыда біз топографиясын сипаттаған Келестегі Күлтөбенің ерекшелігі де оның биік цитаделі болуында. Жалпы айтқанда мұндай төбелер ескі қалашықтар не елді мекендер орнын білдіреді. Осымен қатар бұл сөз басқа да мағанада қолданылады. Мысалы күл болды, күл талқан етті, быт-шыты шықты, істен шықты, жоқ қылды дегенді білдіреді. Яғни қираған, бұзылған ескі елді мекендер, қалалар орнын білдіреді.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе Келес өңірдегі ең алғашқы тіршілік ізі көне тас дәуірінен бастау алатындығы, аңшылар мен терімшілердің тау өзендері мен бұлақтарының жағасындағы үңгірлерде мекендегендігі, Ерте темір дәуірінде Орта Азияда көшпелі мәдениетті қалыптастырған Сақ тайпаларының бір қолы саналатын Сақ – тиграхаудалардың қоныстанғандығы, олардың жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығымен де айналысқандығын, тіпті өңірдегі алғашқы қалалық мәдениетті қалыптас-тырып, биік қамалды қалалар тұрғызғандығы анықталды. Өңірдегі ежелгі қалашықтардың бірі саналатын Күлтөбе қалашығының топографиялық құрылымы зерттеліп, қалашықтың цитадель, шахристан және рабад бөліктерінен тұратындығы анықталды. Цитадель мен шахристаны айналдыра биік қамал қабырға-сымен қоршалған Күлтөбе қалашығының фортификациясы Ташкен оазисіндегі ежелгі қалашықтармен ұқсастығы анықталды. Сонымен қатар, т.ғ.д., профессор М.Елеуовтың Күлтөбе қалашығында жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйене отырып қалашық цитателінің орталық бөлігіндегі төбе астында үлкен бір құрлыстың орналасқандығы белгілі болды.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Алпысбаев Х.А. *О находках индустрии каменного века в Каратау и Кара оба // Археологические памятники Казахстана. – Алма – Ата, 1978. – С.120-125.*

2. Таймаганбетов Ж.К. Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата, 1990. – С. 18-21.
3. Акишев К.А. Древняя культура Саков и Усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963. – С. 16-17.
4. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950. – С. 16-17.
5. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии. Том 5. Алма-Ата: 1958. – С. 8-33.
6. Бичурин И.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 2. Москва: АН СССР. 1950. – С. 334.
7. Байпаков К.М., Таймаганбетов Ж.К. Қазақстан археологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 2009. – С. 354.
8. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырдағы Қазақстан. Алматы: «Ана тілі», 1995. – С. 176.
9. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын баспасы, 1994. – б. 400.
10. Левина Л.М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тыс. н.э. Москва: Издательство НАУКА. 1971. – С. 242.
11. Подушкин, 2000 — Подушкин А.Н. Арыская культура Южного Казахстана IV в. до н.э. – VI в. н.э. Туркестан: Издательский центр МКТУ им. Х.А. Яссави, 2000. – С. 201.
12. Жетібаев К.М., Сиздиқов Б.С., Гурсой М. Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси – әлеуметтік ғылымдар» сериясы. 2020. №3 (66). – С. 409-419.
13. Талеев Д., Сиздиқов Б.С., Сералиев А.А. Келес өңірінің тарихы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы, 4(129) 2019. – б. 48-62.
14. Елеуов М., Талеев Д., Есенов С., Молдахмет А. Ежелгі Күлтөбе қаласы мен Мыңтөбе қорымында 2017-2018 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «XII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жұматаев. Алматы: Қазақ университеті, 2020. – б. 195-199.
15. Подушкин А. Н., Донец А. Г. О первоначальном исследовании Археологических объектов в урочище Мынтобе // «Қазақстанның тарихи – мәдени мұрасы: Зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «Х.Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – с. 99-104.
16. Подушкин А.Н. Новые археологические комплексы могильников Кылышжар и Мынтобе // Марғұлан оқулары – 2019. Көрнекті қазақстандық археолог К.А. Ақышевтың 95 жылдығына арналған Халықаралық археологиялық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан, 2019. – с. 153-167.
17. Смирнов Е.Т. Древности в окрестностях Ташкента (протоколы ТҚЛА). Ташкент. 1896. – С. 17.
18. Остроумов Н.П. Отчет о раскопках курганов на «Никифоровских землях» в окрестностях Ташкента. ОАК за 1882-1888 гг. Санкт Петербург, 1891.
19. Остроумов Н.П. Археологическая поездка в селение Мамаевку. ПТҚЛА, год IV. Ташкент. 1899. – С. 137.
20. Остроумов Н.П. Новые данные о глиняных погребальных урнах. ПТҚЛА. Год XI. 1 января 1906 г. – 1 января 1907 г. 1906. – С. 32-44.
21. Вревский А.Б. (ред.) Открытие Туркестанского Кружка любителей археологии 11 декабря 1895 г. Ташкент: Изд-во АН УзССР. 1895. – С. 128.
22. Руднев А.О. Заброшенный уголок. Туркестанские ведомости. № 15. 1900. – С. 57-62.
23. Краваев В.Ф. Голодная степь в ее прошлом и настоящем. Материалы исследования к проекту орошения Голодной и Дальверзинской степей. Выпуск I. 1914. – С. 8-10.
24. Григорьев Г.В. Отчет об Археологической Разведке в Янгиольском Районе УзССР в 1934 г. Ташкент: Издательство Комитета НАУК УзССР. 1935. – С. 42.
25. Григорьев Г.В. Краткий Отчет о Работях Янгиольской Археологической Экспедиции в 1937 г. Ташкент: Издательство УзФАН. 1940. – С. 39.
26. Григорьев Г.В., Громова В.И. Каунчи-Тепа (раскопки 1935 г.). Материалы к изучению древнейших домашних животных Средней Азии. Ташкент: Изд-во Узб. фил. АН СССР. 1940. – С. 62.
27. Григорьев Г.В. Келесская степь в археологическом отношении (К истории культуры древних саков). Известия Академии Наук Казахской ССР. № 46. 1948. – С. 47-67.
28. Максимова А. Г., Мерицьев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). Алма-Ата: Издательство НАУКА Казахской ССР. 1968. – С. 252.

29. Максимова А.Г. Отчет о работе Чардаринской археологической экспедиции 1961 г. Материалы из архива института археологии имени А.Х.Маргулана. Фонд II. Дело 777. Алма-Ата. 1961. – С. 60.
30. Максимова А.Г., Мерицеев М.С. Отчет о работе Чардаринской археологической экспедиции 1960 г. Материалы из архива института археологии имени А.Х.Маргулана. Фонд II. Дело 731. Алма-Ата. 1960. – С. 47.
31. Агзамходжаев Т. Тоябугузские наусы // История материальной культуры Узбекистана. 1962. №3. – С. 71-79.
32. Буряков Ю.Ф. Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. Ташкент: Издательство «Фан» Узбекской ССР, 1982. – С. 12-41.
33. Мирзаахмедов Д.К., Адылов Ш.Т., Матбабаев Б.Х., Результаты археологических исследований на объекте Р 5б городища Кува // История материальной культуры Узбекистана, Выпуск 36, 2008. – С. 189-209.
34. Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана. – Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1989. – С. 160.
35. Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды института истории, археологии и этнографии. Т. VIII. – Алма-Ата: 1960. – С. 78.
36. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: 1969. – С. 255.
37. Рычков П.И. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии. – Санкт-Петербург: 1762. – С. 27.
38. Талеев Д.Ә. Келес өңірінің ортағасырлық археологиялық ескерткіштері (VI–XVIII ғғ.) тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы: 1995. – 21 б.
39. Талеев Д.Ә. Келес өңірінің жоғары ағысындағы археологиялық ескерткіштер // Археологические памятники на Великом шелковом пути. Алматы: 1993. – 145-157 бб.
40. Талеев Д.Ә. Келес даласында орналасқан археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихы // ҚР ҰҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1993. №5. – 34-36 бб.
41. Нурғалиев Р.Н. (гл. ред.) Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно – Казахстанская область. Алматы: Қазақ Энциклопедиясы. 1994. – С. 368.
42. Кожжа М.Б., Жетібаев К.М. Сакральные места казахской истории: Мартобе и Культобе // Мир большого Алтая. Международный научный журнал № 6 (4) 2020. – С. 1162-1173.
43. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 137 б.
44. Махмуд ал-Каушари. Диван Лугат ат-Турк. – Алматы: Дайк-Пресс. 2005. – С. 904.
45. Кожжа М. Культобе // Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана. Алматы, 2014. – С. 274-276.

#### References

1. Alpysbaev H.A. O nahodkah industrii kamennogo veka v Karatau i Karaoba // Arheologicheskie pamyatniki Kazahstana. Alma – Ata, 1978. – 120-125 p.
2. Taymaganbetov Zh.K. Paleoliticheskaya stoyankaim. Ch.Ch. Valihanova. Alma-Ata, 1990. – 18-21 p.
3. Akishev K.A. Drevnayakultura Sakov i Usuneydolinyreki Ili. Alma-Ata, 1963. – 16-17 p.
4. Margulan A.H. Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazahstana. Alma-Ata, 1950. – 16-17 p.
5. Ageeva E.I., Pacevich G.I. Iz istorii osedlyhposeleniy gorodov Yuzhnogo Kazahstana // Trudy Instituta Istorii, Arheologii i Etografii. Tom 5. Alma-Ata: 1958. – 8-33 p.
6. Bichurin I.Ya. Sbranie svedeniy o narodah, obitavshih v Sredney Azii v drevnievremena. T. 2. Moskva: AN SSSR. 1950. – 334 p.
7. Baypakov K.M., Taymagambetov Zh.K. Kazakstan arheologi yasy. Almaty: Kazak universiteti, 2009. – 354 p.
8. Zholdasbayuly S. Ezhelgi zhane ortagasyrdagy Kazakstan. Almaty: «Ana tili», 1995. – 176 p.
9. Mynzhan N. Kazaktynkys kashatarihy. Almaty: Zhalynbaspasy, 1994. – 400 p.
10. Levina L.M. KeramikanizhneyisredneySyrdari v I tys. n.e. Moskva: Izdatel'stvo NAUKA. 1971. – 242 p.
11. Podushkin A.N. AryskayakulturaYuzhnogoKazahstana IV v.do.n.e. – VI v.n.e. Turkestan: Izdatel'skicentr MKTU im. H.A.Yassavi, 2000. – 201 p.
12. Zhetibaev K.M., Sizdikov B.S., Gursoy M. Myn tobe korymynda zhurgizilgen arheologiyalyk zertteu zhymystarynyn natizhesi // Abay atyndagy KazUPU-nin Habarshysy, «Tarih zhanesayasi – aleumettik gylymdar» seriyasy. 2020. №3 (66). – 409-419 p.
13. Taleev D., Sizdikov B.S., Seraliev A.A. Keles onirinintarihy // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Habarshysy. Tarihi gylymdar. Filosofiya. Dintanuseriyasy, 4(129) 2019. – 48-62 p.



14. Eleuov M., Taleev D., Esenov S., Moldahmet A. *Ezhelgi Kultobekalasy men Myn tobe korymynda 2017-2018 zhyldary zhurgizilgen zertteu zhymystary* // «Ortalyk Aziuanyn ezhelgi zhane dasturlı kogamdarynyn tarihi-madeni murasy: zertteu, tusindiru zhane saktau maseleleri» aty «XII Orazbaevo kulary» halykaralyk gylimi-adistemelik konferenciya materialdary / Zhauapty red. R.S. Zhumataev. Almaty: Kazak. universiteti, 2020. – 195-199 p.
15. Podushkin A.N., Donec A.G. *O pervonachal'nom issledovanii Arheologicheskikh obektov v urochishhe Myntobe* // «Kazakstan nyhtarihi – madenimyrasy: Zertteu, tusindiru zhane saktau maseleleri» aty «X Orazbaevo kulary» halykaralyk gylimi – adistemelik aonferenciya materialdary. Almaty: «Kazak universiteti», 2018. – 99-104 p.
16. Podushkin A. N. *Novyearheolo gicheskie komplekсы mogil'nikov Kylyshzhari Myntobe* // Margulan okulary – 2019. *Kornekti kazakstan dykarheolog K.A. Akyshevtyn 95 zhyldygyna arnalgan Halykaralyk arheologiyalyk gylimi-tazhiribelik konferenciya materialdary. Nur-Sultan: 2019. – 153-167 p.*
17. Smirnov E.T. *Drevnosti v okrestnostyakh Tashkenta (protokoly TKLA). Tashkent. 1896. – 17 p.*
18. Ostroumov N.P. *Otchet o raskopkah kurganovna «Nikiforovskikh zemlyakh» v okrestnostyakh Tashkenta. OAK za 1882-1888 gg. Sankt Peterburg, 1891.*
19. Ostroumov N.P. *Arheologicheskaya zapovedka v selenie Mamaevku. PTKLA, god IV. Tashkent. 1899. – 137 p.*
20. Ostroumov N.P. *Novyedannye o glinyanykh pogrebal'nykh urnakh. PTKLA. God XI. 1 yanvarya 1906 g. – 1 yanvarya 1907 g. 1906. – 32-44 p.*
21. Vrevskii A.B. (red.) *Otkrytie Turkestan skogo Kruzhka lyubiteley arheologii 11 dekabrya 1895 g. Tashkent: Izd-vo AN UzSSR. 1895. – 128 p.*
22. Rudnev A.O. *Zabroshenniy ugolok. Turkestantskie vedomosti. № 15. 1900. – 57-62 p.*
23. Kravaev' V.F. *Golodnaya step' vee proshlomi nastoyashhem. Materialy issledovaniya k proektu orosheniya Golodnoyi Dal'verzhinskoy stepi. Vypusk 1. 1914. – 8-10 p.*
24. Grigor'ev G.V. *Otchetob Arheologicheskoy Razvedke v Yangiyul'skom Rayone UzSSR v 1934 g. Tashkent: Izdatel'stvo Komiteta NAUK UzSSR. 1935. – 42 p.*
25. Grigor'ev G.V. *Kratkii Otchet o Rabotah Yangiyul'skoy Arheologicheskoy Ekspedicii v 1937 g. Tashkent: Izdatel'stvo UzFAN. 1940. – 39 p.*
26. Grigor'ev G.V., Gromova V.I. *Kaunchi-Tepa (raskopki 1935 g.). Materialy k izucheniyu drevneyshih domashnykh zhitovnykh Srednei Azii. Tashkent: Izd-vo Uzb. fil. AN SSSR. 1940. – 62 p.*
27. Grigor'ev G.V. *Kelesskaya step' v arheologicheskoy otnoshenii (K istorii kul'tury drevnihsakov). Izveestiya Akademii Nauk Kazahskoy SSR. № 46. 1948. – 47-67 p.*
28. Maksimova A.G., Mershhiev M.S., Vaynberg B.I., Levina L.M. *Drevnosti Chardary (Arheologicheskoye issledovaniye v zone Chardarinskogo vodo hranilishha). Alma-Ata: Izdatel'stvo NAUKA Kazahskoy SSR. 1968. – 252 p.*
29. Maksimova A.G. *Otchet o rabote Chardarinskoy arheologicheskoy ekspedicii 1961 g. Materialy iz arhiva institute arheologii imeni A.H. Margulana. Fond II. Delo 777. Alma-Ata. 1961. – 60 p.*
30. Maksimova A.G., Mershhiev M.S. *Otchet o rabote Chardarinskoy arheologicheskoy ekspedicii 1960 g. Materialy iz arhiva institute arheologii imeni A.H. Margulana. Fond II. Delo 731. Alma-Ata. 1960. – 47 p.*
31. Agzamhodzhaev T. *Tyuyabuguzskie nausy // Istoriya material'noy kul'tury Uzbekistana. 1962. №3. – 71-79 p.*
32. Buryakov Yu.F. *Genezisetapy razvitiya gorodskoy kul'tury Tashkentskogo oazisa. Tashkent: Izdatel'stvo «Fan» Uzbekskoy SSR, 1982. – 12-41 p.*
33. Mirzaahmedov D.K., Adylov Sh.T., Matbabaev B.H., Rezul'taty arheologicheskikh issledovaniy na obekte R 5b gorodishha Kuva // *Istoriya material'noy kul'tury Uzbekistana, Vypusk 36, 2008. – 189-209 p.*
34. Baypakov K.M., Podushkin A.N. *Pamyatniki zemledel'chesko-skotovodcheskoy kul'tury Yuzhnogo Kazahstana. Alma-Ata: Nauka Kaz SSR, 1989. – 160 p.*
35. Volin S.L. *Svedeniya arabskikh istochnikov IX-XVI vv. o dolinereki Talas i smezhny hrayonah // Trudy institute istorii, arheologii i etnografii. T. VIII. Alma-Ata: 1960. – 78 p.*
36. *Materialy po istorii kazahskikh hanstv XV-XVIII vekov (Iz vlecheniya iz persidskikh i tyurkskikh sochineniy). Alma-Ata: 1969. – 255 p.*
37. Rychkov P.I. *Topografiya Orenburgskaya, toest' obstoyatel'noe opisaniye Orenburgskoy gubernii. Sankt-Peterburg: 1762. – 27 p.*
38. Taleev D.A. *Kele sonirinin orta gasyrlyk arheologiyalyk eskertkishteri (VI-XVIII gg.) tarih gylimdarynyn kandidaty gylimi darezhesin alu ushin dayyndalghan dissertatsiyanyn avtoreferaty. Almaty: 1995. – 21 p.*
39. Taleev D.A. *Kele sonirinin zhoaryagysyndagy arheologiyalyk eskertkishter // Arheologich eskie pamyatnikina Velikom shelkovo mputi. Almaty: 1993. – 145-157 p.*

40. Taleev D.A. *Keles dalasynda ornalaskan arheologiyalyk eskertkishterdin zerttelu tarihy* // KR UGA habarlary. Kogamydykgylymdarseriyasy. 1993. №5. – 34-36 p.
41. Nurgaliev R.N. (gl. red.) *Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Kazahstana. Yuzhno – Kazahstan skaya oblast'*. Almaty: KazaK Enciklopediyasy. 1994. – 368 p.
42. Kozha M.B., Zhetibaev K.M. *Sakral'ny emesta kazahskoy istorii: Martobe i Kul'tobe* // Mir bol'shogo Altaya. *Mezhdunarodnyi nauchnyi zhurnal* № 6 (4) 2020. – 1162-1173 p.
43. Qoyshybaev E. *Kazakistan nynzher-suattarysozdigi*. Almaty: Mektep, 1985. – 137 p.
44. Mahmudal-Kashgari. *DivanLugatat-Turk*. Almaty: Dayk-Press. 2005. – 904 p.
45. Kozha M. *Kul'tobe* // *Kratkiy enciklopedicheskiy slovar' istori cheskih toponimov Kazahstana*. Almaty, 2014. – 274-276 p.

ӘОЖ 902.035  
ҒТАМР 03.41.91

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.021>

С.Мурғабәев\*<sup>1</sup>, М.Бахтыбаев<sup>2</sup>, Л.Малдыбекова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Археология ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері,  
Түркістан қ., Қазақстан, E.mail. [sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz](mailto:sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Археология ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері,  
Түркістан қ., Қазақстан, E.mail. [mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz](mailto:mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

<sup>3</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Археология ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері,  
Түркістан қ., Қазақстан, E.mail. [lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz](mailto:lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz)

## СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАМАЛ ҚАБЫРҒАСЫНА САЛЫНҒАН КЕСІК ҚАЗБАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

### Аңдатпа

2022 жылы Сығанақ қаласының оңтүстік қақпасынан оңтүстік батысқа қарай 70 м қашықтықтағы қамал қабырғасына перпендикуляр бағытта ені 3 м, ұзындығы 20 м келетін кесік қазбасы салынған болатын. Бұл қазба қамал қабырғасының архитектуралық ерекшелігін және құрылыс кезеңдерін нақтылау жолында айтарлықтай мәлімет берді. Кесіктің жоғарғы жағы қаланың ішке қарайғы аумағының 7 метрін қамтыса, төменгі жағы төбенің етегіне дейін жеткізілді. Қазба орны 0,50 м ярустарға бөлінді. Төмен қарай 6 ярус, енді 9-18 ярустар аралығында Сығанақ қаласының жоғарғы қабаттағы қамал қабырғасы байқалады. Кесіндіге қарағанда бұл қамалдың екі кезеңде соғылғандығы немесе уақыт өте келе қаптау арқылы күшейтілгендігі аңғарылады. Реперлік нүктеден 5 м тереңде (10 ярус) шығыс және солтүстік кесік түйіскен тұста адам қаңқасы анықталды. Бұл жердегі топырақ қатты тығыздықтан құралғандықтан қаңқаны тазалау қиынға соқты. Соған қарамастан басының солтүстік батысқа бағытталғандығы белгілі болды. Бір қызығы қазба жұмысы барысында реперлік нүктеден 6 м тереңде жатқан (12 ярус) астыңғы қабаттағы қамал қабырғасы деп топшаланған қатты тығыздықтың астыңғы жағынан мойын омыртқасы ирелендеп майысып жатқан адам қаңқасы анықталды. Бұл қаңқаның белінен төмен қарайғы бөлігі тік шұқырға салынған сияқты. Яғни арнайы жерленбегендігі байқалады. 10 ярустан табылған ыдыс бөліктерін М.Тұяқбаев XIII ғасырға мерзімдеген. Осы кезде Жошы әскерлерінің Сырдарияның төменгі ағысына қарай жорықтар жасағандығы белгілі.

**Кілт сөздер:** Сығанақ, Сырдария, кесік қазбасы, қамал қабырғасы, қыпшақтар, моңғолдар.

Мақала «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды (BR10965310, келісім шарт № 376) ҚР БҒМ.

Мургабаев С.\*<sup>1</sup>, Бахтыбаев М.<sup>2</sup>, Малдыбекова Л.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави  
научный сотрудник научно-исследовательского института археологии, Туркестан, Казахстан  
E.mail. [sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz](mailto:sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави  
научный сотрудник научно-исследовательского института археологии, Туркестан, Казахстан  
E.mail. [mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz](mailto:mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

<sup>3</sup>Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави,  
Старший научный сотрудник Научно-исследовательского института археологии, Туркестан,  
Казахстан  
E.mail. [lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz](mailto:lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz)

## РЕЗУЛЬТАТЫ РАСКОПОК РАЗРЕЗА КРЕПОСТНОЙ СТЕНЫ ГОРОДА СЫГАНАК

### Аннотация

В 2022 году перпендикулярно крепостной стене, в 70 м к юго-западу от южных ворот города Сыганак, был заложен раскоп шириной 3 м и длиной 20 м. Раскопки позволили значительно уточнить архитектуру крепостной стены и этапы строительства. Верхняя часть разреза охватывает 7 метров внутренней части города, а нижняя доведена до подножья холма. Раскоп разделили на ярусы по 0,50 м. Ниже 6 яруса, по ширине с 9 по 18 ярус фиксируется крепостная стена верхнего строительного горизонта города Сыганак. Судя по разрезу, видно, что крепость возводилась в два этапа или со временем была укреплена облицовкой. На глубине 5 м от точки репера (10 ярус) на стыке восточного и северного разрезов обнаружен скелет. Очистка скелета была затруднена из-за того, что почва в этом месте сильно уплотнена. Установлено, что погребенный обращен головой на северо-запад. На глубине 6 м от реперной точки (12 ярус), под плотным слоем почвы, предположительно первоначальная крепостная стена, обнаружен костяк с сильно искривленным шейным позвонком. Часть костяка ниже талии, находится в яме в вертикальном положении. Фрагменты сосуда, обнаруженные в 10 ярусе, датируются М. Туякбаевым XIII веком. Известно, что в это время войска Джучи совершали походы к нижнему течению Сырдарьи.

**Ключевые слова:** Сыганак, Сырдарья, раскоп, крепостная стена, кыпчаки, монголы.

S.Murgabayev\*<sup>1</sup>, M.Bakhtybayev<sup>2</sup>, L. Maldybekova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan  
E.mail. [sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz](mailto:sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan  
E.mail. [mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz](mailto:mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

<sup>3</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan  
E.mail. [lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz](mailto:lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz)

## RESULTS OF THE EXCAVATION OF THE SECTION FORTRESS WALL OF THE SYGANAK CITY

### Abstract

In 2022, an excavation 3 m wide and 20 m long was laid perpendicular to the fortress wall, 70 m southwest of the southern gate of the city of Syganak. The excavations made it possible to significantly refine the architecture of the fortress wall and the stages of construction. The upper part of the section covers 7 meters of the inner part of the city and the lower part is brought to the foot of the hill. The excavation was divided into tiers of 0.50 m each. Below the 6th tier, in width from 9 to 18 tiers, the fortress wall of the upper building horizon of the Syganak city is fixed. Judging by the section, it can be seen that the fortress was built in two stages or, over time, was reinforced with facing. A skeleton was found at a depth of 5 m from the benchmark point (10 tiers) at the junction of the eastern and northern sections. Cleaning the skeleton was difficult due to the fact that the soil in this place is highly

compacted. It was established that the buried person turned his head to the north-west. At a depth of 6 m from the reference point (level 12), under a dense layer of soil, presumably the original fortress wall, a skeleton with a strongly curved cervical vertebra was found. The part of the skeleton below the waist is in a pit in a vertical position. The fragments of the vessel found in the 10th tier are dated by M. Tuyakbaev to the 13th century. It is known that at this time the troops of Jochi made campaigns to the lower reaches of the Syrdarya.

**Keywords:** Syganak, Syrdarya, excavation, fortress wall, Kypchaks, Mongols.

**Кіріспе.** Қамал қабырғасы бір қала, елді мекен немесе қоныста өмір сүрген халықтарды алдымен жаудан, түрлі сыртқы қауіп қатерден қорғайтын қала құрылысының ең маңызды бөлігі болып табылады. Бұл, ор, қақпа (мұнарасымен бірге) және қамал (мұнарасымен бірге) сынды құрылымдық бөліктерден тұрады.

Мақалада 2022 жылы Сығанақ қаласының қамал қабырғасына салынған кесік қазбасының алғашқы нәтижелері келтірілген. Сығанақ қаласы Жаңақорған ауданына қарасты Сунақата ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан (1-карта). Бізге дейін С.Жолдасбаев 2005 жылы қаланың шығыс жағындағы қамалға қазба салған. Белгілі деңгейде қаланың мәдени қабаттары мен қорғаныс жүйесі жайында мәліметтер алған. Осыдан кейін 2009 жылы қаланың солтүстік-батыс бөлігіндегі қамал қабырғасына кесік қазбасы салынып қамал қабырғасы жайындағы мәліметтер легі толығымен түскен. 2022 жылы қаланың оңтүстік қақпасынан сол оңтүстік батысқа қарай 70 м қашықтықтағы қамал қабырғасына перпендикуляр бағытта ені 3 м, ұзындығы 20 м келетін кесік қазбасы салынған болатын (1-сурет). Бұл қазбадан да айтарлықтай құнды мәліметтер алынып алғашқы жылдардағы қазба жұмыстарының нәтижелерін нақтылай түсті.

Материалдар мен әдістер. Мақалада, 2022 жылы Сығанақ қалашығының оңтүстік қамал қабырғасына салынған кесік қазбасының нәтижелері қамтылған. Тақырыптың мазмұнына орай мақаланың теориялық бөлімінде «Қазақстан өңіріндегі алғашқы қала және қоныстарында қорғаныс жүйесінің қалыптасуы» қарастырылған. Осыдан кейін Сығанақ қаласының қамал қабырғасына салынған кесік қазбасының нәтижелері келтірілген. Бұл нәтижелер бойынша жүйелеу және ғылыми тұрғыдан талдау жүргізілген. Тарқатып айтар болсақ бірінші кезекте кесік беттерінде айқындалған деректердің сипаттамасы жасалған. Қабаттар бойынша жинақталған қыш ыдыстардың сызбасы мен суреттері келтіріліп болжамды түрде мерзімделген. 12 яруста ретсіз жатқан адам қаңқасы мен 10 ярустан табылған саз ыдыс бөліктеріне (алдын ала XIII ғасырмен мерзімделген) қарай отырып бұл қаңқаның Моңғол шапқыншылығы кезінде қайтыс болғандығы жөнінде болжам жүргізілген. Бұл мәселе түсінікті болу үшін Сығанақ қаласының қысқаша саяси тарихы келтірілген.

Талқылау. Қазақстан өңіріндегі алғашқы қала және қоныстарында қорғаныс жүйесінің қалыптасуы Қорғаныс жүйесімен қамтылған қола дәуірінің қоныстары.

Қазақстан аймағында қамал салу ең алғаш қола дәуірінде басталды. Ашып айтар болсақ солтүстік Қазақстандағы қола дәуіріне жататын қоныстар, қабырғалар мен орлар түріндегі қорғаныс бекіністермен қоршалды. Бұл кездегі тұрғындар өз қоныстарын жаудан қорғау мақсатында түрлі рәсімдік шаралар өткерді. Мысалға, Петровка-2 қонысында қорғаныс орларына салынған өткелдің қасында оттың, мал қаңқалары мен бас сүйектерінің қалдықтары бар шұңқыр табылды, ал ордың арнаулы тарамында құрбан шалатын орын сақталған, одан үш ыдыс, сиырдың жақ сүйектері, қойдың бас сүйектері мен сирақ сүйектері шықты. Бұл деректер Андровтықтардың өмір сүрген ортасын жаудан қорғау үшін немесе қорғаныс жүйесінің беріктігін аттыру үшін қандай да бір құдайға арнап, қамал түбіне құрбан шалып ас бергендігін көрсетеді [1, 114-115]. Сонымен қатар Новоникольское-1 және Семиозерное қоныстарындағы алдыңғы алакөлдік тұрғын үйлер мен тұрғын алаңдардың қорғаныс құрылыстарымен қоршалғандығы анықталған.


Негізінен дамыған қола дәуірінің қоныс-мекендерінің өзгешілігі – олар өте жинақы болды. Бұл әсіресе алдыңғы алакөлдік заманға тән; ол кезде тұрғын алаңдар алакөлдік ескерткіштердің бәрінде бай-қалды (Боголюбово-1, Петровка-2, Новоникольское-1, Семиозерное), ал мұның себебі – бұл тайпалар арасындағы қақтығыстар заманы еді. Қорғаныс бекіністерінің үлгілері әр түрлі болды – айнала топырақ үйіліп, басқа жақтардан табиғи қорғаныштар – тік жарлар пайдаланылған бекіністер кездеседі [1, 130-131]. Келтірілген деректер қола дәуірінде тайпалар арасындағы қақтығыстардың күшейгендігін осының салдарынан қорғаныс жүйесін салу басталғандығын дәлелдей түседі.

Қорғаныс жүйесімен қамтылған ерте темір дәуірінің қалалары

Қазақстан аймағында ерте темір дәуірінде сақ тайпаларының өмір сүргендігі белгілі. Бұл тайпаның экономикасы негізінен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген. Дегенмен Сырдарияның төменгі ағысында жүргізілген археологиялық зерттеулер бұл өңірдегі сақтардың (Апасиак сақтар) отырықшы өмір сүргендігін, есесіне қамалы биік, бекінісі бекем қалалар салғандығын көрсетті [2,

20]. Осылардың бірі Шірік – Рабат қаласы. Биік төбе басына салынған бұл қаланың сырт көрінісі сопақтау келген. Қаланың ұзындығы 850 м, ені 600 м, жалпы ауданы 51 гектарды құрайды. Қала айнал-дыра екі қатар қабырғалармен және терен ормен қоршалған. Ор кезінде суға толтырылған. Екі қабырғаның арасында тар көшеге ұқсас ұзын дәліз қалдырылған. Қалаға жау кіріп келген жағдайда оларды садақшылар осы жерде арнайы жасалған тесіктерден оқ атып қарсы алған [3, 21].

Сырдың төменгі ағысында сырты камал қабырғаларымен қоршалған ескерткіштер өте көп. Мысалға Алтын асар, Томпақасар, Жетіасар сынды қалалар осылардың қатарында. Осы жерде Қаңлылардың Жетіасар мәдениеті қалыптасып дамыған. Ертедегі кезеңдегі Жетіасардың барлық қираған қала орындары біртектес келеді. Олар биіктігі 10-20 м және аумағы 8-10 га, дөңгелек, сопақша түрдегі қалың екі қабатты ортасы шымнан қаланған цоколь-стилобатқа тұрғызылған. Барлық қалалар күшті және дамыған қорғаныс құрылыстарының жүйесімен бекітіліп, ішіне түгелдей секция-үйлер салынған [1, 281].




Карта 1- Сызанақ қаласының географиялық орны

Ерте темір дәуіріне жататын сырты мықты қорғаныс жүйесімен қоршалған ескерткіштердің бірі Ақтау қаласының қираған орнында анықталды. Бұл жерде қуатты фортификациялық бекініс жүйесі болған. Бекіністің қабырғасы 5-6 м етіліп үйілген топырақ қабырғаның үстіне ағаштан тұрғызылған. Оның архитектурасына қабырға ішіндегі дәліз және жоғарғы ұрыс галереясы бойынша жер бетіндегі техникалық-ұтымды екі деңгейлі қорғаныс принципі алынған. Жоғарғы атыс галереясы бүкіл фортификациялық жүйе белдеуі бойынша көктей өтеді. Әскери өнер тұрғысынан алғанда қабырғаның орналасуы да оңтайлы. Бекініс белдеуі жеке-жеке бес қорғаныс қалқасынан тұрады. Бекіністің кіре беріс құрылысы да қорғаныстың композициялық шырқау шегі болып табылады. Әрбір қорғаныс қалқаның ұзына бойы еркін жүріп-тұру бекіністі қорғаушылардың қимыл өрісін қосымша кеңейтіп, дуал алдындағы кеңістікке бақылау жасауды ғана емес, сонымен қатар оған келер жауды екі жақтан да атқылауды қамтамасыз етеді. Дуал-қабырғаның қасбеті түйетайлы. Оның иленген балшықтан тығыз қаланған астыңғы қабаты ауыр тақтайлармен бекітілген. Қабырғаның етегінен бекініске тікелей шабуыл жасауды қиындату үшін терендігі 1,3-1,5 м ор қазылған. Қираған қала орнының ішкі бөлінісі қорғаныс сипатындағы мақсаттарға бағындырылған. Тұрғын үйлердің орналасуы фортификациялық бекіністер бағытын қайталайды [1, 194].

Қорғаныс жүйесімен қамтылған орта ғасыр қалалары Қазақстанда қалалық мәдениеттің дамып, шарықтау шегіне жетуі орта ғасырға сәйкес келеді. Бұл кездегі қалалардың басым көпшілігі Қазақстанның оңтүстік аймақтарында және Жетісу өңірінде бой көтерді. Бірақ ерте орта ғасырдағы қалалардың кейбірі камалмен салынса, кейбірі камалсыз салынды. Мұны археологиялық деректер дәлелдейді. Камалы бар қалалар қатарына Ордакент, Баласағұн, Сауран, Талас, Құлан және т.б. басқа қалалар жатса, камалсыз қалаларға Исфиджаб қаласы жатады. Бұл туралы Қытай саяхатшысы Сюань – Цзяньнің қол жазбаларында айталады [4, 110, 113].

Дегенмен орта ғасырдағы қалалардың сыртын қамалмен қоршау басты құрылыстың негізгі түрі болған. Әсіресе мұны Сыр бойындағы ортағасырлық қалалар дәлелдей түседі.



Сурет 1 – Сызанақ қаласының әуеден көрінісі. (Қызыл белгі кесік салынған аймақ).

Сырдария бойындағы ортағасырлық қалалардың қамал құрылысын салу үшін түсті әдістер қолданылған. Бірақ бұл әдістер бұрынғы практикалардың жалғасы еді. Яғни бұрынғы дәстүрлі қағиданы сақтай отырып дамыды. Қалажұрттардың қорғаныс жүйесі ленталық, аралас, кісесінен, пахсалық, күйдірілген кірпіштен және саз кесектерді қалау арқылы салынды. Сонымен қатар қорғаныс нысандарын салу барысында жер жағдайларына байланысты орналасуы маңызды роль атқарған. Кез-келген бекіністі қоныстың маңызды белгілері оның жоспарлануында болып табылады. Жақсы жоспарланған елді мекен, қорғаныс құрылыстарының негізгі ерекшелігі мен оны салған қоғамның, сол дәуірдегі әскери-инженерлік құрылыс өнерінің даму деңгейін көрсетеді.

Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Сырлы там қалашық жоспарында дұрыс емес шеңбер пішінді, диаметрі 250 м, цитаделі төртбұрышты. Цитадельді қала қабырғалары үш жағынан қоршаған. Солтүстік сыртқы қабырғасы цитаделдің де қабырғасы функциясын атқарады. Аумағы 70x70 м цитадель қабырғалары мұнаралармен бекіген, қақпасының алдында 2 мұнарасы бар. Цитадельдің қалған төрт мұнарасы әр қабырғаның орта тұстарында орналасқан. Қалашық қабырғалары орташа биіктігі 3 м бола-тын жал түрінде сақталған, айналдыра 26 мұнарасы бар. Қалашықты солтүстік жағынан жеті мұнарасы бар қосымша қорған қабырғамен бекіткен. Бұл қосымша қабырға жоспары жартылай шеңбер түрінде, бірақ, ол толықтай бітеу болып қоршалмаған, шығыс және батыс бұрыштары ашық қалған.

Жанкент қалашығының жоспарында оның сыртқы қорған-қабырғасының екі рет салынғанын көреміз. Ескерткіш, айналасындағы тегістіктен орташа есеппен 8 м-ге биік. Қабырға бойын айналдыра әр 25-40 м қашықтықта мұнаралар орналасқан. Қақпаның екі жағынан мұнаралармен бекітілген. Олар радиусы 30 м болатын жарты шеңбер түрінде салынған. Жақсы сақталған шығыс қабырғасының қимасынан қабырғаның сүйек, құмыра сынықтары араласқан саз растворды нығыздап, қамыс төсеп бөлу арқылы салынғанын көреміз. Қаланың сыртынан айналдыра ор қазылған. Дәл осы сияқты жоспарлау Асанас шахристанының да топографиясынан көрінеді. Асанас қаласы өзінің біртұтас қорған-қамалдық жүйесімен ерекшеленеді. Қорған қамалы құйма пахсалардан қаланған. Қабырғаның әр тұсынан дөңгелек пішінді мұнаралар салынған. Қаланың солтүстік-шығыс қақпасының алды мұнаралармен, қуатты дуалмен бекіген [5].

Сауран қалаларында жүргізілген зерттеу жұмыстары бұл өңірдегі қалалардың қорғаныс жүйесінің қандай екенін көрсетті. Мысалға, Сауран қаласының айналасы биік дуалдармен қоршалып, ол айналдыра терендігі 3 м дейін, ені 15-20 м келетін орлармен күшейтілді. Қалаға екі қақпа арқылы кіретін болған. Қаланың бас қақпасы қабырғаның солтүстік-шығыс бөлігіне, екінші қақпасы оңтүстік-шығыс бөлігіне

орнатылған. Ал бұдан басқа шығыс жағындағы мұнараның ішінде қалаға кіріп-шығатын құпия есігі болған. Қаланың осы екі қақпасының алдындағы ор үстіне қорған қақпасына кіретін аспалы – жинамалы көпір орнатқан [3, 249].

Сонымен қатар айналасы айналдыра қамал және мұнаралы қақпамен қоршалып, орлармен күшейтілген ортағасырлық қалалардың бірі Сығанақ қаласы болып табылады. Өкінішке орай қаланың қорғаныс жүйесіне бағытталған арнайы көпжылдақ зерттеулер жүргізілмегендіктен қамал қабырғасының құрылымдық ерекшелігі осы күнге дейін нақты айқындалмаған. Дегенмен биылғы зерттеу жұмыстарының бір тармағы Сығанақ қалашығының қорғаныс жүйесіне бағытталған болатын. Зерттеу жұмысы нәтижесінде аталмыш қаланың қамал қабырғасының үш кезеңде тұрғызылғандығы анықталды. Бұл қорғаныс жүйесімен қаланың саяси тарихы арасында өз ара бір байланыс болатындығы анық. Сондықтан біздер биыл анықтаған қамал қабырғаларын сипаттамас бұрын Сығанақтың саяси тарихына қысқаша шолу жасауды жөн көріп отырмыз.

Сығанақ қаласының қасқаша саяси тарихы

Қаланың саяси тарихына байланысты XIII ғасырда өмір сүрген Жуайнидің келтірген деректері маңызды. Ол «Жошының қолы Сырдарияның төменгі ағысына қарай жағалап бір қаладан кейін екіншісін басып алды» деп жазады. Жошыға жергілікті екі көпес Хасан қожа және Әли қожа еріп жүрген. Жошы хан, Хасан қожаны Сығанақ тұрғындарын берілуге үгіттеу үшін жібереді. Бірақ қала халқы оны өлтіріп, қарсылық көрсетеді. Осыдан кейін қалаға Жошының әскерлері шабуыл жасайды. Шабуылдың жетінші күні ғана Сығанақ жеңіліске ұшырап, қала халқын моңғолдар түгелімен қырып тастайды. Осыдан кейін Сығанақ қаласында өмір біразға дейін тоқтайды. Дегенмен уақыт өте келе Сығанақты халық қайта қоныстанып өзінің бұрынғы күндеріне қайта оралады. XIV ғасырдың екінші жартысында қала Ақ Орданың астанасы болады. Сығанақта Ерден Хан, оның ұлы Мүбәрак қожа, Орыс ханбилік жүргізеді. Осы кезде қала гүлденіп хандардың атынан күміс теңге соғылады [3, 361].

Хорезм тағына Ақсақ Темір отырғаннан кейін ол Дешті Қыпшақ жерін өз қарамағына алуды армандады. Осы ойда жүргенде Орыс ханның қаһарынан қаймығып, Хорезмге Тоқтамыс қашып келген болатын. Ақсақ Темір енді өз ойын іске асыру үшін Тоқтамысты пайдаланбақ болады. Сөйтіп, оған көп әскер жинап беріп, Орыс ханға айдап салады. Бірақ Тоқтамыс Орыс ханнан екі рет оңбай жеңіледі. Үшінші жорықты Ақсақ Темірдің өзі бастайды. Осы кезде Орыс хан қайтыс болады. Ақсақ Темір Сығанақты алып, Тоқтамысты хан етіп отырғызады. Тоқтамыс енді Ақсақ Темірдің қарамағынан құтылығысы келіп, соның әскеріне қарсы жорыққа шығады. Бірақ Тоқтамыс үш жорықта да (1389, 1391 және 1395 ж.) Ақсақ Темірден тас-талқан жеңіліп, ең соңында Тоқтамыс Сібірге қашады. XV ғасырда Тоқтамыстың Әмір Темірмен болған сәтсіз соғысынан кейін қаланы Темірдің немересі Ұлықбек басып алады.

XV ғасырдың басына дейін Ұлықбек Сығанақты уақытша иеленді. Орыс ханның ұрпағы Барақ хан мен Әмір Темірдің ұрпағы Ұлықбек арасындағы талас-тартыстың кезі болған. Барақ хан өзінің Ұлықбекке жолдаған хатында «Менің атам Орыс хан Сығанақта тұрып, онда құрылыс орындарын салғандықтан, Сығанақ жайылымдары заң бойынша да, әдеттік бойынша да маған тиісті» деп оны қайтаруға барынша тырысты. Орыс ханның немересі Барақ хан 1423-1428 жылдары Ақ Орданы қалпына келтіре бастайды. Бірақ ол көп ұзамай қайтыс болады. Ақ Орданың билігі енді Жошы ханның бесінші ұлы Шайбанның ұрпағы Әбілхайыр хан Сығанақты 1446 жылы басып алады. Іс жүзінде Ақ Орда өмір сүруін тоқтатып, оның орнына Әбілхайыр хандығы немесе Көшпелі өзбек мемлекеті пайда болады. Сөйтіп, ол астананы үшінші рет, бұл жолы «Дешті Қыпшақ айлағы» саналатын Ақ Орданың бұрынғы астанасы Сығанақ қала-сына көшіреді. Әбілхайыр хан мемлекетінің құрамына өз кезінде бұрынғы қағанаттар мен хандықтардың құрамында болған, кейіннен қазақ және өзбек халықтарын құраған көптеген тайпалар енеді.

Орыс ханның ұрпақтары Әбілқайыр билігін мойындамады. 1456 жылы Әбілқайыр мен қалмақ Енге – төре арасында Сығанақ үшін болған ұлы шайқаста Әбілқайыр жеңіліс тапты. Әбілқайыр ханның озбыр саясатына налыған Барақ ханның ұрпақтары, ағайынды Керей мен Жәнібек бастаған көшпелі өзбек мемлекетінен бөлініп шығып, Моғолстан ханы Есен Бұға мемлекетінің батыс шекараларындағы Шу мен Талас өзендерінің арасындағы Қозыбас жерінде Қазақ хандығының негізін салады.

Әбілқайыр ханмен Керей мен Жәнібектің арасындағы жауластығы күшейе түседі. Әбілқайыр хан Моғолстанды алам деп аттанып кеткенде, Жәнібек хан Шиелі жақтан келіп Сығанақты басып алады. Әбілқайыр хан дүние салады да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалады. Ірі-ірі шиленістер басталады. Жәнібек хан Ордасын Сығанаққа көшіріп, билікті Бұрындыққа береді. Сөйтіп, қазақ хандығының тұңғыш астанасы Сығанақ қаласы (1468 ж.) болады. Бірақ көп ұзамай хан Ордасын Жайық бойындағы Сарай-Берекеге көшіреді де, Сығанақ қаласы Бұрындыққа, Сауран қаласын үлкен ұлы Жиреншеге қалдырып

кетеді [6]. XIX ғасырдың ортасына қарай Сығанақ қаласы Сырдарияның басқа да қалалары секілді біржола қаңырап қалады.

Қамал қабырғасында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі

2022 жылы Сығанақтың қорғаныс жүйесін анақтау мақсатында оңтүстік қамал, оңтүстік батыста тұрған мұнараға дейін аршылды. Жалпы қамалдың 47 метрлік бөлігі топырақтан тазартылды. Нәтиже-сінде қамалдың биіктігі 3,8 м екендігі белгілі болса мұнараның диаметрі 19 м екендігі анықталды.

Осы мұнараның 6 м оңтүстік батыс қапталына, қамал қабырғасына перпендикуляр бағытта ені 3 м, ұзындығы 20 м келетін кесік қазбасы салынды (2-сурет). Бұл кесік қақпадан 70 оңтүстік батыста орналасқан. Қазбадан алдын қамалдың беткі жағында жыңғыл, ақ шеңгел және жантақ өскіндері бар болатын. Ал, сыртқы етегі ақ шеңгелмен көмкеріліп жатты.



Сурет 2 – Кесік қазбасынан көрініс.

Кесіктің жоғарғы жағы қала ішіндегі құрылыстардың 7 метрін қамтыса, төменгі жағы төбенің етегіне дейін жеткізілді. Қазба орны 0,50 м ярустарға бөлінді. Жұмыс барысында тек қала ішінен табылған саз ыдыс бөліктері ярустар бойынша жинастырылды (1-таблица). Ал, етек жақтағы саз ыдыс бөліктерінің жоғарыдан төмен қарай сырғып түсу ықтималдылығы жоғары болғандықтан шатасудың алдын алу мақсатында бұл тұстағылар тіркеуге алынбады. Қазба барысында саз ыдыс бөліктері тек 10 ярусқа дейін ғана кездесті.

Қазба басталасалысымен-ақ төбеден төмен қарай түскен тұста қамал қабырғасының кесектері мен күлдердің ізі байқалды. Осыдан кейін қазба жұмысы төмен қарай терендетіле жалғасын тапты. Реперлік нүктеден төмен қарай 3 м теренде (6 ярус) солтүстік және батыс кесіктердің түйіскен тұсында құрылымы ерекше болып келген ошақ анықталды. Бұл ошақ қырынан қаланған қыштардан құралған. Ішкі және сыртқы жағына күлшашылған.

Реперлік нүктеден 4 м теренде (8 ярус) беткі жағына өсімдікті өрнек түсірілген ташнау анықталды. Ташнаудың жан жағына 50x50x10 м көлемінде күйген қыштар төселген. Бұл құрылыс суретке түсіріліп тіркелгеннен кейін қазба жұмысы қайта жалғасын тапты. Реперлік нүктеден 5 м теренде (10 ярус) шығыс және солтүстік кесік түйіскен тұста адам қаңқасы анықталды. Бұл жердегі топырақ қатты тығыздықтан құралғандықтан қаңқаны тазалау қиынға соқты. Соған қарамастан басының солтүстік батысқа бағытталғандығы белгілі болды. Бір қызығы қазба жұмысы барысында реперлік нүктеден 6 м теренде (12 ярус) жатқан қамал қабырғасы деп топшаланған қатты тығыздықтың астыңғы жағынан да басы солтүстік батысқа бағытталып жүзі оңтүстікке қаратылған адам қаңқасы анықталды (3-сурет). Бұл қаңқа белінен төмен қарай тік шұқырға салынған. Сондықтан төменгі бөлігін аршу мүмкін болмады. Қаңқаның қатты тығыздықтан тазартылған жоғарғы бөлігіне және омыртқаларының қалпына қарап бұл мәйіттің денесі суымай тұрып асығыс жер қойнауына салынғандығын және ол үшін арнайы қабір аршылмағандығын болжауға болады. 12 ярустан кейін қазба орнында сарғыш түсті құмшауыт топырақ байқала бастады. Осыдан кейін қазба жұмысы аяқталды. Нәтижесінде кесінді беттерінен қаланың қамалы мен күнделікті тұрмыстың іздері байқалды.





Сурет 3 – 12 Ярустан анықталған қаңа

Шығыс кесінді.


Кесіндінің тереңдігі 6,5 м, сыртқы етегіне дейінгі ендік бағыттағы ұзындығы 20 м. Осыған орай кесіндіні тігінен екі секторға бөле отырып (I және II жарты) жоғарыдан төмен қарай сиппттауды жөн деп таптық.

Кесіндінің I жартысы шығыс және солтүстік кесіндінің түйіскен тұсынан бастап ендік бағыттағы 9 ярусқа дейінгі аралықты (4,5 м) қамтиды.

Реперлік нүктеден төмен қарай 4 ярус, еңдей 9 ярус аралығындағы топырақ жамылғысының бос топырақ қабатынан тұратындығы байқалады. Топырақтың құрамынан малдардың ұсақ сүйек бөліктерін, ошақтың ізін, күлдің қалдығын және ақ карбонаттарды көруге болады. Бұл бос топырақ қабаты ендік бағытта 9 ярустағы қамалдың ішкі қапталына барып түйіседі.

Реперлік нүктеден төмен қарай 5-7 ярус, еңдей 9 ярус аралығында пішіні сопақ келген бадраптың орнын көруге болады. Бадраптың көлемі шамамен 0,8x1,5 м. ішкі кеңістігі көкшіл түсті топырақпен көмкерілген. Құрамында малдың сүйегі, саз ыдыс бөліктері мен ақ карбонаттар байқалады. Сонымен қатар осы бадраппен қамал қабырғасының арасында жіктері анық байқалатын көлемі 1x1,25 м келетін мәдени қабат жатты. Мұның жоғарғы жағы көкшіл түсті тығыздықтан құралса (арасында қыштың ұсақ бөліктері мен малдардың сүйектері бар), ортаңғы жағы қара түсті күл қабатынан тұрады. Бұл қамал қабырғасының қапталындағы қандайда бір төбе жабындысының өрттен кейінгі қалдығы болса керек. Осы күл қабатының астыңғы жағынан қызыл, көк және ашық сары түсті қабаттарды байқауға болады.

Реперлік нүктеден төмен қарай 8-10 ярус, еңдей 9 ярус аралығында бадраппен адамның жекелеген сүйектері және пахсадан соғылған қамалдың ішкі қапталы көзге ілігеді. Бадрап қамалдың ішкі қапталына қазылған. Көлемі 0,70x1 м. Бұрынғы тұрғындар бадрапты қазу барысында қамалдың бір қапталын бүлдірген. 11 ярус тереңде laidан соғылған қатты тығыздық аңғарылады. Қалыңдығы 0,50-0,60 м. Бұл қаланың астыңғы қабаттағы қамалының астына салынған платформа болса керек. Қазба орнының топырақ жамылғысы реперлік нүктеден 6,5 м тереңде (12-13 ярустар) сарғыш түсті құмшауыт топыраққа айналады.



Сызба 1. Шығыс кесінді сызбасы

Кесіндінің II жартысына келер болсақ, төмен қарай 6 ярус, ендіей 9-18 ярустар аралығында Сығанақ қаласының жоғарғы қабаттағы қамал қабырғасы байқалады. Кесіндіге қарағанда бұл қамалдың екі кезеңде соғылғандығы немесе уақыт өте келе қаптау арқылы күшейтілгендігі аңғарылады. Тарқатып айтар болсақ жоғарғы қабаттағы алғашқы қамал көкшіл түсті кесектен тұрғызылған. Бұл қамалдың жоғарғы жағы реперлік нүктеден басталады да 5,5 ярусқа дейін барады. Астыңғы жағы бір сызық бойымен тегістеліп одан кейін қамыс төселген. Қамалдың сақталған бөлігінің биіктігі 2,50 м, ал қалыңдығы 2,50 м шамасында. Табиғи факторлардың әсерінен қамалдың кесектері өте нашар сақталған. Сондықтан кесектердің көлемін анықтау мүмкін болмады. Бізге белгісіз жағдайлар қала тұрғындарын бұл қамалды күшейтуге итермелеген. Бұл үшін қамалдың ішкі қапталының 0,50 метрдей жоғары жағы тегістеліп, астына қамыс төселген. Осының үстіне сарғыш түсті кесектер өрілген. Осылайша жоғарғы қабаттағы қамал қабырғасы күшейтілген. Ішкі қапталын қаптаған қамалдың көлемі 2x2,30 м. Жалпы қаланың жоғарғы қабаттағы қамалы күшейтілген бөлігімен бірге 4,50x4,80 м көлемді құрайды. Қазба жұмысы барысында сипатталып отырған қамалдың астында 1 м қалыңдықтағы мәдени қабаттың жатқандығы белгілі болды. Құрамында көкшіл түсті кесек, сүйек және ұсақ керамика бөліктері байқалады. Осы мәдени қабаттың астында реперлік нүктеден 4-5 м тереңде (8-10 ярус) қаланың төменгі қабаттағы қамалы анықталды. Бұл қамал сарғыш түсті қатты тығыздықтан тұрады. Осыған қарап пахсадан тұрғызылғандығын болжауға болады. Жалпы кесінді де жайпақ төбешік пішінде сақталған. Қамалдың сыртқы етегінен бастап есеп-тегендегі қалыңдығы 5,5 м, астындағы қатты тығыздықтан бастап есептегендегі биіктігі 1,5 м. Қамалдың жоғарғы бетінде ұсақ көмір, күл, сүйек және саз ыдыстың ұсақтарынан тұратын өте жұқа қабат байқалады. Қамалдың ішкі қапталына бадрап қазылып бүлінген. Бұл жөнінде кесіндінің алғашқы жартысын сипаттаған кезде де айтып өткен болатынбыз. Бұл қамалдың сыртқы қапталынан бастап ендіей бағыттағы аралықта (20 ярус) төбенің етегіне дейінгі (40 ярус) үрме топырақ қабаты мен жекелеген қыштар байқалады.

Солтүстік кесінді.

Бұл кесінді қазбаның қысқа жағын құрайды. Кесіндінің тереңдігі 6,5 м, шығыс кесіндіден батыс кесіндіге дейінгі ұзындығы 3 м.

Реперлік нүктеден төмен қарай 1 м тереңде (2 ярус) аздап көкшіл түсті күл қалдықтары, бір дана қыш бөлігі және коқыс шұқыры көзге ілігеді. Шұқырдың тереңдігі 1 м, ені 0,90 м. Ішкі кеңістігінде ұсақ сүйек қалдығы және ақ карбонаттар байқалады.

Реперлік нүктеден 1-2,5 м тереңде, 3-7 ярустар арасында сары түсті тығыздық, ошақтың қалдықтары мен жартыкеш қыштарды байқауға болады. Ал, реперлік нүктеден төмен қарай 8-10 ярустар арасында керамиканың ұсақ бөліктері, сары түсті жұқа тығыздық және көкшіл түсті жолақ түрінде тығыздық аңғарылады. Соңғысының құрамы көмір түйіршіктері, күл, ұсақ сүйек қалдықтары мен ыдыс және қыштардың ұсақ бөліктерінен құралған. Бұл көкшіл түсті жолақ ендік бағытта созылып жатыр. Алдын ала пайымдауымызша бұл қамалдың ішкі етегін жағалай орналасқан жол болса керек. Жолдың астыңғы

жағында (реперлік нүктеден төмен қарай 11-12 ярустар арасында) сары түсті қатты тығыздық, оның астында сары түсті құмшауыт топырақтан құралған қабат орналасқан.

**Қорытынды және ұсыныстар.** Сығанақ қаласы Ұлы жібек жолы бойындағы ең ірі қалалардың бірі болған. А.А. Бернштам қаланың қаңлы дәуірінен бастап өмір сүріп келе жатқандығын жазған [7, 59]. Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер [8, 96] қаланың үстінен жинастырылған материалдар бойынша қаланың V-VIII ғасырда өмір сүріп одан кейін құлдырап, XII-XVI ғғ. қайта көтеріліп, Ақ Орданың кезінде қайта жанданғандығын жазады. Махмут Қашқаридың “Түркі тілінің сөздігі” деген атақты еңбегінде Сығанақ қаласы «Суғнақ оғыз қалаларының бірі» деп келтіріледі [9, 531]. Қазіргі таңдағы ғылыми еңбектерде Сығанақтың XI-XII ғ. қыпшақ хандығының, XIII-XIV ғ. Ақ Орданың, XV ғ. Әбілхайыр хандығының XVI ғ. қазақ хандығының астанасы болғандығы жазылған [10, 7].

12 ярусқа дейін жүргізілген кесік қазбасы біздерге төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді.


- Қазба салынған орында тарихи деректерде аталғандай қаңлы дәуіріне жататын ешқандай материалдық олжа алынбады. Дегенмен 2014 жылы қаланың солтүстік қақпасында (қазба №13) және қақпа маңындағы алаңда (қазба №14) жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қарахан дәуіріне жататын саз ыдыс бөліктері табылған. Бұл табылым ерте кезеңге жататын мәдени қабаттарды табу ықтималдылығы бар екендігін көрсетеді. Қарахан дәуіріне жататын саз ыдыс бөліктерінің табылған нүктесіне қарағанда ерте кезеңді қаланың (ішкі және сыртқы) солтүстік аймақтарынан іздеу керек екендігін ұсынуға болады.





- Қазба жұмысы кезінде үш кезеңде салынған қамал қабырғасы байқалды. 6 м теренде (12 ярус) кесінді бетінен қамалға ұқсас сұлба көрінді. Осы қабаттан жүйесіз жатқан адам қаңқалары мен XIII ғасырға жататын саз ыдыс бөліктері табылды (1-таблица). Көрсетілген мерзімде Моңғол әскерлерінің Сығанақ қаласына шабуыл жасағандығы тарихтан белгілі. Сондықтан 12 яруста жатқан қаңқалар моңғол соғысының құрбандары болуы мүмкін.





- Төмен қарай 6 ярус, еңдей [-18 ярустар аралығында Сығанақ қаласының жоғарғы қабаттағы қамал қабырғасы байқалды. Кесіндіде бұл қамалдың екі кезеңде соғылғандығы немесе уақыт өте келе қаптау арқылы күшейтілгендігі аңғарылады.

2022 жылы қамал қабырғасына салынған кесік қазбасы біздерге Сығанақ қаласының қорғаныс жүйесі, тарихи даму кезеңдері, саз ыдыстарда орын алған өзгерістерді және материалдық ерекшеліктерді анықтау жолында құнды ақпарат берді. Әсіресе 12 ярустағы адам қаңқасының абсолюттік мерзімін (радиоуглеродтық анализ) анықтау арқылы қаланың саяси тарихын салыстырмалы түрде қарастыруға және қалада өткен соғыстың салдарын айқындауға болады. Қорыта айтқанда алдағы уақытта Сығанақ қаласында жүргізілетін қазба жұмыстары тарихымыздың ақтаңдақ беттерін ашуға, өткені мен қазіргісін сабақтастыра қарастыруға және ғылыми негіздемелер жасауымызға мүмкіндік берері сөзсіз.

**1-Таблица**





р/н ном	Атауы, қысқаша сипаттамасы. Материалы, орындалу техникасы, өлшемі	Саны	Есептік тіркелімнің белгіленуі/тіркеу шифрі/ Ярус	Сурет және сызбасы	Сақталуы
<b>Сығанақ қалашығы</b>					
1	Құмыраның табан бөлігі. Сырланбаған. Табанының аумағы 12см, сақталған биіктігі 8см, қалыңдығы 0,8см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_120 Я-I,III		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее

2	Тостақтың табан бөлігі. Ақшыл түспен сырланған. Табанының аумағы 10см, табанының биіктігі 1,0см, сақталған биіктігі 4,5см, қалыңдығы 1,0см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_121 Я-І,ІІІ		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
3	Тостақтың табан бөлігі. Сырланған. Қоңыр түске сары түспен өрнек түсірілген. Табанының аумағы 6см, табанының биіктігі 1см, сақталған биіктігі 2см, қалыңдығы 1,0см. Ортасындағы тесігінің аумағы 0,3см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_122 Я-І,ІІІ		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
4	Қыш құтының ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланбаған. Ауыз ернеуінің аумағы 17см, сақталған биіктігі 5см, қалыңдығы 0,9см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_123 Я-І,ІІІ		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
5	Қыш келінің табан бөлігі. Сырланбаған. Табанының сыртқы жиегіне толқын тәрізді өрнек түсірілген. Түбі көп пайдаланудың әсерінен д-1,2см-дей тесілген. Табанының	1	S_22_24_124 Я-І,ІІІ		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее





	аумағы 11,5см, сақталған биіктігі 6см, қалыңдығы 2,5см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.				
6	Қыш шар. Сырланбаған. Аумағы 3,5см. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_125 Я-І,ІІІ		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
7	Қыш қаптама. Сырланған. Орындалу техникасы: қалыпта пошымдау. Өрнегі: Сия көк түске сары, ақ түспен өсімдікті өрнек түсірілген. Көлемі: 6x5,5x3см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_126 Я-І,ІІІ		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
8	Қыш тостақтың ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланған. Ақшыл түске қара, көк түспен өсімдікті өрнек түсірілген. Ауыз ернеуінің аумағы 19см, сақталған биіктігі 10см, қалыңдығы 0,5см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_127 Я-І,ІІІ		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
9	Қыш тостақтың ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланған. Көк түске қара түспен өрнек түсірілген. Ауыз ернеуінің аумағы 21см, сақталған биіктігі 5,5см,	1	S_22_24_128 Я-І,ІІІ		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее




	қалыңдығы 0,5см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз				
10	Қыш тостақтың ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланған. Ақшыл түске қара, көк түспен өсімдікті өрнек түсірілген. Ауыз ернеуінің аумағы 20см, сақталған биіктігі 6см, қалыңдығы 0,5см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_129 Я-I,III		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
11	Қыш табақтың ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланған. Ақшыл түске қара түспен өрнек түсірілген. Ауыз ернеуінің аумағы 26см, сақталған биіктігі 7см, қалыңдығы 0,7см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_130 Я-I,III		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
12	Тостақтың табан бөлігі. Сырланған. Қоңыр түске жасыл түспен өрнек түсірілген. Сырының быраз бөлігі көшіп кеткендіктен, өрнегі түсініксіз. Табанының аумағы 7см, табанының биіктігі 1см, сақталған биіктігі 2,5см, қалыңдығы 0,8см. Қамыры тығыз. Сапалы саз	1	S_22_24_131 Я-IV,V		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее





	балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз				
13	Қыш құтының ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланбаған. Сыртына батырма өрнек түсірілген. Ауыз ернеуінің аумағы 18см, сақталған биіктігі 9см, қалыңдығы 0,8см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_132 Я-IV,V		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
14	Ыдыс тұтқасы. Сырланбаған. Көлемі 16x4,5x2см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_133 Я-IV,V		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
15	Ыдыс тұтқасы. Сырланбаған. Көлемі 5x4x2см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_134 Я-IV,V		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
16	Тегене ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланбаған. Ауыз ернеуінің аумағы 52см, сақталған биіктігі 11см, қалыңдығы 1,5см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_135 Я-VI		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
17	Құмыраның табан бөлігі. Сырланбаған. Табанының аумағы 15см, сақталған биіктігі 4см, қалыңдығы 1,3см. Көзеші шарығында	1	S_22_24_136 Я-VI		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее





	жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.				
18	Қыш қаптама. Сырланбаған. Саз. Орындалу техникасы: кеспелеп оймыштау. Өрнегі: өсімдікті. Рельеф тереңдігі 1,1см. Көлемі: 9x8x4,5см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген.	1	S_22_24_127 Я-VII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
19	Тостақтың табан бөлігі. Сырланған. Ақшыл шыңылтырлы. Табанының аумағы 10см, табанының биіктігі 0,8см, сақталған биіктігі 5см, қалыңдығы 0,9см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_138 Я-VII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
20	Тостақтың табан бөлігі. Сырланған. Қоңыр түске сары түспен өрнек түсірілген. Табанының аумағы 8см, табанының биіктігі 0,9см, сақталған биіктігі 2см, қалыңдығы 0,9см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_139 Я-VII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
21	Құты ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланбаған. Ауыз ернеуінің аумағы 18см, сақталған биіктігі 5,5см, қалыңдығы 0,5см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры	1	S_22_24_140 Я-VII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее






	тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.				
22	Қыш қаптама. Сырланған. Беті тегіс. Аспан көк түсті. Саз. Орындалу техникасы: қалыпта пошымдау. Көлемі: 5x5x2,5см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген	1	S_22_24_141 Я-VII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
23	Қыш тостақтың ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланған. Қоңыр-жасыл түске жасыл түспен өрнек түсірілген. Ауыз ернеуінің аумағы 19см, сақталған биіктігі 4см, қалыңдығы 0,5см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_142 Я-VII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
24	Қыш тостақтың ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланған. Қоңыр-жасыл түске жасыл түспен өрнек түсірілген. Ауыз ернеуінің аумағы 21см, сақталған биіктігі 4см, қалыңдығы 0,5см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_143 Я-VII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
25	Құмыраның табан бөлігі. Сырланбаған. Табанының аумағы 14см, сақталған биіктігі	1	S_22_24_144 Я-VII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее

	14см, қалыңдығы 0,9см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.				
26	Құмыраның табан бөлігі. Сырланбаған. Табанының аумағы 10см, сақталған биіктігі 8см, қалыңдығы 1,0см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_145 Я-VII		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
27	Құмыраның табан бөлігі. Сырланбаған. Табанының аумағы 11см, сақталған биіктігі 11см, қалыңдығы 0,3-0,4см. Қолмен пошымдалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_146 Я-VII		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
28	Тостақ. Сырланған. Іші түгел, сырты бүйіріне дейін сарғыш түспен сырланған. Ауыз ернеуінің аумағы 20см, жалпы биіктігі 7,5см, табанының аумағы 7,5см, табанының биіктігі 6,5см, жалпы биіктігі 7,5см, қалыңдығы 0,5см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_147 Я-VII		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее

29	Тостақтың табан бөлігі. Сырланған. Қоңыр түске сары түспен өрнек түсірілген. Табанының аумағы 8см, табанының биіктігі 0,7см, сақталған биіктігі 2см, қалыңдығы 0,9см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_148 Я-VIII		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
30	Құмыраның табан бөлігі. Сырланбаған. Табанының аумағы 12см, сақталған биіктігі 6см, қалыңдығы 1см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_149 Я-VIII		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
31	Тостақтың табан бөлігі. Сырланған. Ақшыл түске қара түспен өсімдікті өрнек түсірілген. Табанының аумағы 7,5см, табанының биіктігі 0,8см, сақталған биіктігі 1,5 см, қалыңдығы 0,5см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз	1	S_22_24_150 Я-X		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
32	Тостақтың табан бөлігі. Сырланған. Қоңыр түске сары түспен өсімдікті өрнек түсірілген. Табанының аумағы 8см, табанының биіктігі 0,7 см, сақталған биіктігі 4 см, қалыңдығы 0,8 см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан	1	S_22_24_151 Я-X		Тұпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее

	жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз				
33	Құмыраның табан бөлігі. Сырланбаған. Табанының аумағы 10 см, сақталған биіктігі 4 см, қалыңдығы 0,8 см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_152 Я-Х		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
34	Құмыра ауыз ернеуінің бөлігі. Тұтқасы бар. Сырланбаған. Ауыз ернеуінің аумағы 10 см, сақталған биіктігі 4см, қалыңдығы 0,5 см. Тұтқа көлемі 12x3x1x5. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_153 Я-Х		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
35	Қыш ыдыс ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланбаған. Ауыз ернеуінің аумағы 54 см, сақталған биіктігі 11 см, қалыңдығы 1 см. Ернеуінің қалыңдығы 4,5 см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_154 Я-IX		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
36	Қыш тегене ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланбаған. Ауыз ернеуінің аумағы 48 см, сақталған биіктігі 10 см, қалыңдығы	1	S_22_24_155 Я-IX		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее

	0,8 см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.				
37	Қыш ыдыстың табан бөлігі. Сырланған. Аспан көк түсті. Табанының аумағы жобамен 25 см, қалыңдығы 3см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.	1	S_22_24_156 Я-IX		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
38	Қыш тостақтың ауыз ернеуінің бөлігі. Сырланған. Ақшыл түске қара, көк түспен өрнек түсірілген. Ауыз ернеуінің аумағы 20 см, сақталған биіктігі 5 см, қалыңдығы 0,5 см. Көзеші шарығында жасалған. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Кашин.	1	S_22_24_157 Я-IX		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее
39	Ташнаудың суағар қышы. Көлемі 36x37x8 см. Ортасындағы тесігінің аумағы 1,5 см. Қамыры тығыз. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Саз.		S_22_24_158 Я-VIII		Түпнұсқа, сақталуы орташа/оригинал, среднее

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозыбаев М. (редактор) Қазақстан тарихы I – том. – Алматы: Атамұра, 1996. – 544б.
2. Құрманқұлов Ж. «Шірік – Рабат экспедициясының 2004 – 2008 жж. зерттеулері. Шалболова Ү.Ж. (Редактор). «Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арал – Сырдария өңірінің орны» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы: Арна баспасы, 2009. – б.14 – 23.
3. Байпаков К. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы: Аруна баспасы, 2007. – 384.

4. Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Мендіқұлов М. Қазақстан архитектурасы. 1 том. – Алматы: Өнер баспасы, 2010. – 256 б.
5. Билалов С., Амиргалина Г. Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан орта ғасырлық қалалардың қорғаныс жүйесін жіктеу мәселесі туралы// <https://e-history.kz/kz/contents/view/1780, 2013>.
6. Р.Асқарұлы Сығанақ//<https://syrboyi.kz/tarih/syana-23418/сайтынан> 16.06.2022 ж күні алынды.
7. Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. №2.1949. – с.59-99.
8. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Хронологическая классификация керамики // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии. Археология. Отдельный оттиск. Т. 5 / Алматы: Изд-во Академии Наук Казахской ССР. 1958. – с.96-97.
9. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. Үш томдық. 1-том / Ф. Қ. Егеубай. (Аударған). Алматы: Хант, 1997. – 588 б.
10. Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мурғабаяев С.С. Сығанақ жәдігерлері. Түркістан: Тұран, 2016. – 182 б.

References:

1. Qozybaev M. (redaktor) Qazaqstan tarihy 1 – tom. Almaty: Atamura, 1996. – 544 p.
2. Qurmanqulov Zh. «Shirik – Rabat ekspediciyasynyn 2004 – 2008 zh zh zertteuleri. Shalbalova Y. Zh. (Redaktor). «Eurazija tarihy men мәдениетіндегі Aral – Syrdarija өңірінің орны» atty Halyqaralyq qylymi konferencia meterialdary., Almaty: Arna baspasy, 2009. – p.14 – 23.
3. Baypakov K. Qazaqstannyn ezhelgi qalalary//Almaty: Aruna baspasy, 2007. – 384 p.
4. Margulan A., Basenov T., Mendiqulov M. Qazaqstan arhitekturasy. 1 tom// Almaty: Oner basbasy, 2010. – 256 p.
5. Bilalov S., Amirgalina G. Syrdarianyn tomengi agysynda ornalasqan orta gasyrlyq qalalardyn qorganys zhuiesin zhikteu maselesi turaly// <https://e-history.kz/kz/contents/view/1780, 2013>.
6. R. Asqaruly Syganaq// <https://syrboyi.kz/tarih/syana-23418/ sajtynan> 16.06.2022 zh kyni alyndy.
7. Bernshtam A.N. Problemy drevnei istorii i etnogeneza Yuzhnogo Kazahstana // Izvestia AN Kaz SSR. Seria arheologicheskaja. №2. 1949. – p.59-99.
8. Ageeva E.I., Pacevich G.I. Iz istorii osedlyh poselenij i gorodov Yuzhnogo Kazahstana. Hronologicheskaja klassifikacia keramiki // Trudy Instituta Istorii, Arheologii i Etnografii. Arheologija. Otdelny ottisk. T. 5 / Almaty: Izd-vo Akademii Nauk Kazahskoi SSR. 1958. – p.96-97.
9. Qashqari M. Turik tilinin sozdigi. Ysh tomdyq. 1-tom / G. Q. Egeubai. (Audargan). Almaty: Hant, 1997. – 588 p.
10. Zholdasbaev S.Zh., Zhetibaev K.M., Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S. Syganaq zhadigerleri. Turkistan: Turan, 2016. – 182 b.

МРНТИ 0320  
УДК 917730

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.022>

Д.Ж. Молдабаева\*<sup>1</sup>, Шалбаев А.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD., ассист.проф. С. Демирель атындағы университет, Қаскелең қ., Қазақстан  
E-mail: [dana.moldabayeva@sdu.edu.kz](mailto:dana.moldabayeva@sdu.edu.kz)

<sup>2</sup>PhD., ассист.проф. С. Демирель атындағы университет, Қаскелең қ., Қазақстан  
E-mail: [aidos.shalbayev@sdu.edu.kz](mailto:aidos.shalbayev@sdu.edu.kz)

## ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ САРАЙДЫҢ ҚҰРЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

### Аңдатпа

Тарихи еңбектер мен әдеби жәдігерлерде көптеп кездесетін «сарай ақындары», «сарай қызметкерлері», «сарай мәдениеті» сияқты атауларнені білдіреді? Мемлекеттің басқару жүйесіндегі сарай құрлымының маңыздылығы туралы не білеміз. Сарайлардың қалыптасу үдерісі, оның қызметі мен тарихи маңызы, нақтырақ айтқанда түркі мемлекеттерінің тарихындағы орны қандай болды? Міне осы сұрақтарға жауап беру бүгінгі тарих ғылымының алдында тұрған мәселелердің бірі. Түркі мемлекеттеріндегі «сарай» мәселесін зерттеу әрі, қазақ мемлекеттілігінің тарихи тамыры болып саналатын түркілік кезеңдегі мемлекеттік жүйе туралы мәлімет жинақтауымызға мүмкіндік береді. Себебі тарихи деректердегі мәліметтер сарай қызметінің мемлекеттің басқару жүйесінде өзіндік мәні мен орны болғанын көрсетеді.

Түріктер қалыптастырған мәдениет пен өнер екі маңызды кезеңнен тұрады. Біріншісі– түріктердің исламға дейінгі кезеңі. Бұл дәуірде Орталық Азияның Шығыс және Батыс әлемін байланыстыратын үлкен керуен жолдары бойында қоныстанған түріктер, осы географиялық аймақтың мәдениеті мен сәулетөнеріне өзіндік үлесін қосқаны анық. Екінші кезең болған - Ислам дәуірі мәдениетін зерттеген кезде түріктердің бұл мәдениеттің Шығыстан Батысқа таралуындағы басты қозғаушы күш екендігі көреміз. Көне түріктердің тарихындағы биліктің орталығы ретінде сарайдың қалыптасу тарихы да осы екі маңызды кезеңді басынан өткерді. Тарихи деректердегі Атилланың Рим және Византия елшілерін шатыр-сарайларында қабылдағаны туралы, сондай-ақ Қарлұқтардың Ферғана аймағындағы сарай жәдігерлерінің болуы, Анадолыда құрылған түркі мемлекеттеріндегі сарайлар бізгетүрлі географиялық аймақтарда өмір сүрген түркі халықтарының тарихындағы сарай құрлымының даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** Сарай, мемлекет, билеуші, отағ, шатыр, сарай қызметкерлері.

Молдабаева Д.Ж. \*<sup>1</sup> Шалбаев А.А. <sup>2</sup>,

<sup>1</sup>Ph.D ассист. проф., Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Каскелен, Казахстан  
E-mail: [dana.moldabayeva@sdu.edu.kz](mailto:dana.moldabayeva@sdu.edu.kz)

<sup>2</sup>Ph.D ассист. проф., Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Каскелен, Казахстан  
E-mail: [aidos.shalbayev@sdu.edu.kz](mailto:aidos.shalbayev@sdu.edu.kz)

## ДВОРЦОВАЯ СТРУКТУРА И ЕЕ ФУНКЦИИ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТЮРКСКИХ ГОСУДАРСТВАХ

### Аннотация

В исторических трудах и литературных реликвиях не редко встречаются такие названия, как «дворцовые поэты», «дворцовые служащие», «дворцовая культура». Но что могут означать эти названия и как они появились? Что мы знаем о важности «дворца» в системе государственного управления? Каков был исторический процесс формирования дворцов, каковы были их функции и историческое значение в системе государственного управления, а именно место в истории тюркских государств? Поиск ответов на данные вопросы является одной из насущных проблем, стоящих перед современной отечественной исторической наукой. Изучение «дворца» в тюркских государствах позволяет нам собрать сведения о государственном строе тюркского периода, который является историческим корнем казахской государ-

ственности. Данные из исторических источников свидетельствуют о том, что дворцовая деятельность имела свое значение и место в системе государственного управления.

Средневековая культура и искусство, сформированные турками, состоят из двух важных этапов. Первый - это доисламский период. Тюрки, поселившиеся вдоль больших караванных дорог, соединяющих Восточный и Западный мир безусловно внесли свой вклад в культуру и архитектуру этого региона. Второй этап-эпоха турко-исламской культуры, в ходе которой тюрки являлись главной движущей силой в распространении мусульманской культуры с Востока на Запад. Принятие римских и византийских послов в шатрах-дворцах древних тюркских каганов и Атилла, а также, наличие дворцовых реликвий карлуков в Фергане и огузо-тюркское государство сформированные в Анатолии позволяют определить этапы развития дворцового строительства в истории тюркских государств.

**Ключевые слова:** Дворец, государство, правитель, шатер, дворцовые служащие.

*Moldabayeva D.Zh. <sup>\*1</sup>, Shalbayev A.A. <sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Ph.D., Assistant Prof., Suleyman Demirel University, Kaskelen city, Kazakhstan  
E-mail:dana.moldabayeva@sdu.edu.kz*

*<sup>2</sup>Ph.D., Assistant Prof., Suleyman Demirel University, Kaskelen city, Kazakhstan  
E-mail:aidos.shalbayev@sdu.edu.kz*

## THE PALACE STRUCTURE AND ITS FUNCTIONS IN THE MEDIEVAL TURKIC STATES

### *Abstract*

In historical sources and literary relics, we frequently find such names as «palace poets», «palace employees» and «palace culture». However, do we know what these names mean and how did they appear? What do we know about the importance of the palace in the system of state administration? What was the historical process of the formation of palaces, what were their functions, and what was their historical significance in the system of state administration, namely, what do we know about palaces in the history of the Turkic states? These questions are considered one of the most salient ones in modern domestic historical science. The analysis of the theme related to «Palace» in the Turkic states allows us to find theoretical base in the literature about the state system of the Turkic period, which is considered the historical root of the Kazakh statehood. The analysis of findings show that «Palace» has a special function and an important role in the process of political management.

Medieval culture and art, formed by the Turks, consist of two important stages. The first is the pre-Islamic period. The Turks, who settled along the great caravan routes connecting the Eastern and Western worlds, certainly contributed to the culture and architecture of this region. The second stage is the era of Turkish-Islamic culture. Where the Turks are the main driving force in the spread of Muslim culture from East to West. The reception of Roman and Byzantine ambassadors in the tent-palaces of the ancient Turkic kagans and Attila, as well as the presence of palace relics of the Karluks in Ferghana and the Oгуz-Turkic state formed in Anatolia, allows us to determine the stages of development of palace construction in the history of the Turkic states.

**Keywords:** Palace, state, ruler, tent, palace employees.

**Кіріспе.** Сарайдың қалыптасуының тарихи алғы шарттары ерте түркі дәуірінен бастау алады. Отырықшы қала мәдениеті мен сәулет өнері дамыған орта ғасырларда сарайды билеушілердің сән-салтанатын паш ететін өзіндік архитектуралық керекшеліктері бар құрлыс ретінде де қарастыруға болады. Десекте, билеушінің ел басқару ісін жүзеге асыратын орталығы, әрі саяси күшінің нышаны ретінде сарайдың тарихи мәні тереңірек сияқты. Көне түрік халқының түсінігінде астана немесе орда бір мемлекеттің сыртқы және ішкі саяси өміріндегі маңызды әрі қасиетті жер. Астана-саяси әкімшілік орталық қана емес, ұлттың рухты айбындататын, ұлттық мақсат-мүддені айқындайтын киелі мекен болған. Ертеден көшпелі өмір салтын ұстанған халық үшін бір қала емес, бүткіл бір аймақтың астана дерлік маңызы болған. Орта Азиялық көне түріктерде «Өтікен немесе Үтікен» аймағын қасиетті, қастерлі деп, осы жерге ордасын тіккен қағандар ғана Орта Азияның нағыз билеушісі деп қабылданған [1]. Түрік халықтарының тарихында саяси-геостратегиялық маңызы зор аймақтар болғаны анық. Осындай маңызды аймақты кім билесе, сол нағыз саяси күшке ие болған. Мысалы: түрік мемлекеттерінің билеушілері Сыр бойындағы – Сығанақ пен Түркістан, Жетісу-дағы-Суяб пен Тараз, т.б. сияқты ғасырлар бойы маңызын жоғалпаған жерлерді билеуге ұмтылған. Жаңа бір мемлекеттің тарих сахнасына шығуы үшін, яғни мемлекет ретінде қалыптасуы үшін оның халқы, территориясы, билік жүйесі, мемлекеттік құрылымдары және сол құрылымдар арасындағы



байланыстың тұтастығы болуы қажет. Билеушінің орны яки сарайы міне осы мемлекеттік құрлымдарды байланыстырушы биліктің күре тамыр іспеттес. Көне түрік дәуірінен бастау алатын мемлекет құру және оны басқару ісінің құрамдас бөлігі ретінде сарайдың құрлымы мен қызметін зерттеу, түркі халықтарының мемлекеттілік тарихының алғашқы кезеңдері туралы мағлұматымызды толықтыра түсерісөзсіз.

**Өзектілігі.** Сарайлардың қалыптасу үдерісі, оның қызметі мен тарихи маңызы, нақтырақ айтқанда, түркі мемлекеттерінің тарихындағы орнын анықтау өзекті болып табылады. Бұл зерттеу нәтижесі мемлекеттердің саяси орталықтарында орналасқан қаған сарайларының елдің саяси және мәдени өміріндегі орны мен маңызын түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Қазақ мемлекеттілігінің тарихи тамыры болып саналатын түркілік кезеңдегі мемлекеттік жүйетуралы да білгенімізді толықтыра түседі. Қоғамдық билікті ұйымдастырудың ерекше түрі, саяси жүйенің орталық институты ретінде қалыптасатын мемлекет тақырыбын зерттеу барысында бірінші көңіл аударатын мәселе ол, билеушінің тұлғасы. Мемлекетте саяси жүйені үнемі қадағалап, бақылап отыратын әкімшілік орталықтың, яғни астананың болуы міндетті. Мемлекеттің астанасы – бұл сол елдің әрі саяси, әрі экономикалық маңызды орталығы. Себебі, мемлекеттіліктің нышаны ретінде астана – орталық биліктің және лауазымды тұлғалардың шоғырланған жері ретінде саяси тәуелсіздіктің көрінісі. Демек, астаналарда орналасқан сарай – бұл барлық мемлекеттік құрлымдарды өзара байланыстырып тұратын мемлекет басшысының орны, әрі оның саяси тәуелсіздігінің белгісі. Осы тұрғыдан алғанда сарайлардың саяси орталық ретінде тарихтағы рөлі өте маңызды.

**Мақсаты мен міндеті.** Түркі мемлекеттерінің тарихында Сарайлардың қалыптасуы мен даму кезеңдерін, сондай-ақ билеушінің саяси билікті жүзеге асыруы тұрғысынан сарайдың маңызын анықтау жұмыстың негізгі мақсат болып табылады. Мұны жүзеге асыру барысында Сарай этимологиясы, сарайдың түрлері және оның эволюциялық даму ерекшеліктері туралы деректердегі мәліметтерді жинақтау жұмыстың міндетіне кіреді.

**Материалдар мен әдістемесі.** Тақырыпты зерттеу басысында теориялық зерттеу әдісі, тарихи салыстырмалық әдіс және деректердегі мәліметтерді сыни талдау әдісі қолданылды.

**Талқылау.** Сарай мәдениеті ұғымы қалыптаспас бұрын Көне Түрік кезеңіндегі мемлекеттерде «Орда» сөзі кең қолданылған болатын. Бұл сөздің этимологиялық негізі туралы Түркиялық тарихшы Бахеддин Өгелдің еңбегінде: «Көктүрік және Ұйғыр мемлекеттері кезінде Қытай тарихшылары түрік қағандарының отырған жерлерін «Ya-ch'ang» (Я-Чанг) деп атаған. Қытайша «Чанг» сөзі «Шатыр немесе отағ (орда, тақ)» деген мағынаны береді». Демек, Орда – билеушінің тағы орналасқан аймақ, оның отырған жері, шатыры, қаласы деген мағынаға келеді. Шын мәнінде, билеушілердің ордасы (отағы) орнатылған жер башкент, яғни астана деп саналды. Ежелгі түріктерде қағанның ордасы құрылған жер қасиетті мекен ретінде мемлекеттің орталығы, әрі оның елдігінің (тәуелсіздігінің) символы болды.

Тарихи деректер «Орда» сөзінің мемлекеттің орталығы, қағанның орны ретінде алғаш қолданылған кезі ретінде Мөде қаған дәуірі, яғни б.з.б. 210 жылдар деп топшылауымызға мүмкіндік береді. Көне түріктердің саяси және мәдени тарихын кешенді зерттеулерімен танылған тарихшысы Бахеддин Өгелтүріктердегі мемлекеттік нышандардың ішінде астана және сарай, сарай және тақ ұғымдарының бір-бірімен байланысты, әрі бірін-бірі толықтырушы ұғымдар екенін алға тартады [2].

Түркиялық келесі бір тарихшы Кемаль Гөде өзінің «Түріктердегі сарайдың құрлымы және қызметі» атты мақаласында «отағ» сөзінің мағынасы туралы: «Түрік қағандарының отағтары күмбезді болған және ол аспанның жердегі символы болып есептелген. Түріктердің наным-сенімінде «аспан – мемлекеттің күмбезі, ал шатыр – отбасының күмбезі әрі қорғанышы деп саналған» дейді [3].

Хайреттин Ихсан Еркоч жүргізген тарихи зерттеуі бойынша да отағ, сарай және шатыр сөздерінің мағынасы ұқсас болып келеді. Еркочтың еңбегіне сүйенсек, Қытай деректерінде Көктүрік қағандарының отағтары туралы көптеген жазбалар қалдырылған. Солардың ішінде Чжоу әулеті тарихы, жаңа Тан әулеті тарихындағы мәліметтерге қарағанда түрік қағандарының шатырының қақпалары күннің туатын қасиетті жері болып саналатын шығысқа қарай бағытталып тігілетін болған. Қаған шатыры, ордасы туралы Түрік қағаны Истемиге барған Византиялық елші Земархтың император II Юстинге түрік билеушілерімен жүргізген келіссөздері жөнінде берілген есебінде бірқатар қызықты мәліметтер аталып өткен. Солардың бірінде, Земарх Ордаға жеткеннен кейін елшілердің от-алау арасынан өтіп, жын-сайтаннан тазалануға тиісті болғанын айтады. Орда салтанатын сипаттай келіп, ондағы жібек шатыр, күміс ыдыстарға толы арбалар, дөңгелекті алтын тақбәрі-бәрі түрік билеушісінің құдыретін білдіретінін жазады [4].

Көне түріктердің тарихи бейнесін суреттеп, бүкіл тіршілігіне талдау жасаған тарихшы Лев Николаевич Гумилев өзінің «Көне түріктер» атты еңбегінде ертедегі түрік державаларының қалай құрылғанын, қалай жойылғанын нақты фактірлерді келтіріп дәлелдейді. Бұл кітапта билеушілердің ордасына байланысты табылған бірер мәліметтерді келтірейік. Ежелгі түріктер қазіргі қазақ, қырғыз халықтары сияқты киіз

үйлерде тұрған. Киіз үйлер кезінде хандарға сарай және орда қызметін атқарған. Осындай хан ордасында алғаш рет болған Византияның сарай қызметкері Менандр Протектор қаған отағына қатты таңқалған екен. Ол хан шатырының ішінде алтын тағы бар, жібек маталармен безендірілген, үй салмағы өте жеңіл, тіпті бір жылқы жылжытып әкете алатын ханның киіз үйлерін тамсана сипаттаған болатын. Деректердегі көне түрік қағандарының тағына қатысты мәліметтердің арасында Л.Н. Гумелевтің еңбегінде былай делінген: «Түрік ханының Византия елшілерін қандай сый-сияпатпен қабылдағанын Менандр келістіре сипаттап жазып кеткен. "...Олар түсте әдемілеп ауқаттанды және ұзақ күнді сол шатырда той-томалақпен өткізді. Шатыр алуан түрлі оқа-зермен оймышталған жібек матадан тігілген еді. Олар шарап ішіп шаттанысты, бірақ шарабы біздердікі секілді жүзімнен жасалатын шарап емес. Олардың ішетін сусыны да тағылардың белгісіз сусыны. Келесі күні олар (ұрымдықтар) кешегі сияқты жібектен жасалып, әр түспен әшекейленген басқа бір шатырға апарылды. Мұнда олардың әртүрлі әулиелері қойылған екен. Дизауыл (Істемихан) саф алтыннан құйылған тақта отырды» [5].

Түрік қағанатынан бөлек Ұйғыр қағанатында да билеушінің отағына ерекше көңіл бөлінген. Оны Ұйғырларға барған Самани мемлекетінің елшісі Темим бин Бахр Ұйғыр қағанының үлкен отағы туралы былай деп баяндайды: «бұл (сарай) ұйғыр астанасына жетпестен алыстан көрінетін алтыннан жасалған, бір уақытта жүз адамды қабылдай алатынқамалдың үстінде орналасқан шатыр» деген мәліметтерді келтіреді.

Билеушілермен қатар кіші қағандардың да шатырлары болған. Түрік дәстүріне сәйкес ел ағаларының «орун-оргун» жүйесі (отыру тәртібі), яғни «отыру және қоныстану» тәртібі бейбітшілік кезеңде де, соғыс кезінде де өзгеріссіз болғанжәне әр бір қоғам мүшесі өз орнын білетін еді. Мемлекеттік билік жүйесіндегі лауазым иелерінің отағтарының (отау) түстеріне сәйкес сарайда атқаратын қызметтері мен дәрежелері де анықталатын. Қаған – елдің билеушісі, мемлекеттің басшысы және Сарайдың иесі деп саналды, қағаннан кейінгі лауазым «Жабғуға» (ябғу) тиесілі болды. Жабғудан кейінгі сарайдағы яки мемлекет қызметіндегі лауазымдар келесідей бөлінген болатын: бұйрықтар, дамғашылар (тамғашылар), кеңесшілер, қазынашылар, елшілер, сарайлық емшілер мендәрігерлер жәнебилеушінің жеке қызметшілері.

Көне түрік билеушілерінің отағтарының түсін анықтауда олардың (түріктердің) наным-сенімдерінің маңызды рөлі болған сияқты. Жалпы түріктерде биліктің нышаны болып саналатын байрақ, ту, шатыр яғни сарай және билеушінің қолданатын жеке заттарының (киімдері) түстері де белгілі мағынаға ие болған. Сол сияқты билеуші отағтары мен шатырларының түр-түсі туралы деректердегі мәліметтерге қарасақ билеуші шатырларының түсі қызыл сары болған. Әрі олар (билеуші) киіміне сәйкес етіктің де қызыл түстісін киетін. Уақыт өте келе отырықшы мәдениетке көшкен түріктер салтанат шатырларының орнына сарайларда тұратын болды. Осы кезден бастап билеушілер билік етудіңкөне түркілік дәстүрінің көрінісі ретінде шатырды қолшатырлар түрінде қолдана бастаған. Түрік ғалымы Фуат Көпірүлі Қарахан хандары мен ханзадаларының ерекше қызыл түсті қолшатырларының болғанын жазады. Осы сияқты қолшатырларды Салжұқ сұлтандары мен сұлтан туыстарының да қолданғаны деректерде баяндалады [6].

Билеушінің саяси билігін жүргізетін орыны, әрі өмір сүрген тұрғылықты мекені (үйі) ретінде Сарайлардың қалыптасу үдерісін саралай келе оның алғашқы формасы және атауы «оргун-өргін» билешінің орны, көне түрік тілінде тақ сөзі «өргүн» немесе «орын», яғни «ханның орны» деген мағынада қолданылған. Қарахан дәуірі жазба деректерінде бұл: «қаған орнына (таққа) отырды» деген нұсқада кездеседі. Келесі билеушініңотауы мағынасын білдіретін сөз бұл «отағ/отау» Ғұн дәуірінде «алтын отағ» деп аталған қағандардың отауы. Көне түрік қағандарының отағы орта ғасырлардағы деректерде «қаған шатыры», ал одан кейінгі дәуірлерде «орда», «хан ордасы» деген атпен белгілі болады. Түрлі тарихи оқиғалардың баяндалуы барысында отағ, шатыр, орда туралы азды-көпті мәліметтер бүгінгі мағынасындағы «Сарай» сөзінің пайда болуына дейін, олардың түрлене отырып қолданылғанын көрсетеді. Орта ғасырлық деректердің арасында Сарай сөзін алғаш қолданған Жүсіп Баласағұн болған. Оның атақты «Құтты білік» еңбегінде Сарай және сарай мағынасына келетін «Каршы» сөзі туралы :

«Бектер тұрар үйдің атын «Каршы» дер,

«Каршыдағы» тұратындар қарсылар...» [7].

Жүсіп Баласағұнның еңбегіндегі мәліметтерді саралай келе,көне түріктер бастапқыда «Каршы» деп атаған хан ордаларын XIII ғасырдан бастап парсыша «үй» мағынасына келетін «Сарай» атымен аталғанын және тарихи деректерде де осы атаумен өз мағынасын жоғалтпастан бүгінге дейін қолданылып келгенін айтуға болады.

Жүсіп Баласағұнның дастанында сарай туралы жетерінше мәлімет бар деуге болады. Сарайдың құрылымы, ондағы қызметшілердің есімдері мен атқаратын жұмыстарына дейін сипаттама беріліп, қажетті ескертпелер де жасалған. Сарайдағы халықты үш топқа бөлінетіні туралы дастанда:

«Сарайдағы ел үш топ болып жіктелер,

Күллі тірлік соларменен істелер» десе, сарай қызметшілерінің ішінен маңызды екі лауазым иесіне назар аударып, былай жалғастырады:

«Екі кісі сарай даңқын асырар,  
Бектің аты шығып, бағы ашылар.  
Бірі — Хажыб, азат жаны сарайдың,  
Қақпа басы, тағы бірі жарайтын» [8].

Жүсіп Баласағұн еңбегінде Өгділмүштің атынан сарайдағы қызметкерлермен қалай қарым-қатынас жасау туралы да жан-жақты баяндаған. Деректе аты аталған сарай қызметшілерінің бірі қапуғ башлар — қақпа басылар (сөзбе-сөзаударма) С.Н. Иванов «управитель дворца» деп мағыналық жағынан дұрыс аударған. Ұйғыр аудармашылары «Есік ағасы» деп, әрі түп нұсқаға сүйеніп, әрі шығыс әдебінің әдемі жарасымына үйлестіріп алған. Сірә, босаға бағушы, үйді сақтап, күтуші мағынасына орай, түркі халықтарының есік-босағаға байланысты ұғым, нанымдары ескерілген болу керек [9]. Жүсіп Баласағұн дастанда сарай құрлымына қатысты назарға тұрарлық мәліметтер айтады.

«Кішісі бар, ұлығы бар сарайдың,  
Куә тұтып, жаннан артық балайды.  
Қызметшінің келді бәрі жарысып,  
Қошеметтеп, тарту тартты табысып».

Мұндағы «сарай кішісі» мен «сарай ұлығы» деген екі топ немесе категорияға жіктеу Салжұқ мемлекетінің сарайларында да кездеседі. Жалпы алғанда, Қарахан мемлекеті болсын, Салжұқ мемлекеті болсын мемлекеттік құрлымында, соның ішінде сарай мәдениетінің дамуында Ғазнауи мемлекетінің терең ықпалының болғанын айтқан жөн. Географиялық орналасқан аймағы, әсерінде қалған мәдениеттердің ерекшеліктері бұл мемлекеттердің бойынан түрік-ислам, парсы, үнді мәдениетінің синтезделген үлгісін көруімізге мүмкіндік береді. Ал, көне түркілік сипаттағы «қаған отағы» немесе «О-тау/У-ту», «шатыр» сарайдың ерте формасы Орталық Азияның түркілік мәдениетінің басымдығының көрінісі. Яғни, көшпелі мәдениет ерекшелігі, әрі еркіндіктің символы ретінде қамалдармен қоршалмаған, жаулап алынған жерлерге тігілетін қағанның билік нышаны ретінде «салтанат шатыры» өзінің даму кезеңдерінің соңында билеушінің сән-салтанатын паш ететін зәулім сарайларға айналады. Сарайлардың кеңеюімен бірге оның құрлымында күрделене түседі. Сондай-ақ, сарайлардың мемлекеттің ішкі-сыртқы істеріндегі ықпалы мен қызыметі деарта түскенін көруге болады.

Түркі мемлекеттерінің тарихында сарайлардың келесі даму кезеңі Салжұқ мемлекетінің тарихымен байланысты. Хронологиялық даму кезеңі бойынша Қарахан мемлекетімен қатарлас және мемлекеттік құрлымдарды әрі қарай дамыта отырып жалғастырған Салжұқтар «Сарай» мәселесінде классикалық дәуір деп атауға болатын Османлы империясы дәуірінің бастамасында тұрған бір түрік мемлекеті болып табылады.

Салжұқтарда да мемлекеттіліктің басты нышандарының бірі саяси биліктің орталығы астаналар болатын. Анадолы Салжұқтарында сұлтандар мен абыз, уәзірлердің жеке және ресми өмірі өтетін орны ретінде сарай - мемлекеттік құрылымның маңызды әрі басты бөліктерінің бірі болып саналды. Салжұқ билеушілерінің сарайлары қызметкерлерінің санына сәйкес, көп санды адамға ыңғайланып салынған «үлкен сарайлар» түрінде болған. Деректерде Салжұқ сұлтандарының сарайына парсыша аудармасы «рұқсатпен кіретін жер» мағынасына келетін «Дергах, Баргах» деген атаулар берілген [10].

Салжұқтардағы сарай қызметкерлері де Қарахан сарайларындағыдай «сарай үлкендері» және «сарай кішілері» деп бөлінді. Салжұқтарға қатысты тарихи деректер осы екі категорияға кімдердің кіргенін және олардың қызметтері туралы жан-жақты мәлімет алуымызға мүмкіндік береді.

Сарай қызметкерлерінің бірінші категориясы – мемлекет басқару ісінде алдыңғықатарда келетін лауазымды тұлғалар сарай ақсақалдары немесе үлкендері. Мемлекет билеушісі сарайдың иесі (қожайы-ны) әрі ең жоғарғы лауазым иесі болып саналды. Ислам дінін қабылдаған мемлекеттердегі сияқты Салжұқ билеушісі де өз атынан құтба оқытып, теңге соқтырғанда, алдымен барша мұсылмандардың имамы саналған Халифаның (билігін мойындағанының белгісі ретінде) атын бірінші атауы және жазуы керек болды [11].

1040 жылындағы Данданакан шайқасы нәтижесінде Хорасанаймағына келген Салжұқтар мемлекеттік құрылымында көршілес өзге мұсылман мемлекеттеріндегі кейбір лауазымдар мен қызмет түрлерін де

қолдана бастады. Тоғрыл бекбилеуші лауазымы ретінде қолданып келген «Эмир», «Мәлік» атақтарының орнына «Сұлтан» лауазымын қолдануға көшті. «Қаған» лауазымының орнына қолданылған «Сұлтан» лауазымы Салжұқтарда мағынасы жағынан ешқашан Саманилер мен Ғазнауи билеушілері сияқты «абсолютті сұлтандықты» білдірмеген; олар мәліктер, мырзалар және әмірлерден белгілі дәрежеде жоғары лауазым болып саналсада, шынайы мағынада дәрежесі ежелгі түрік хақандарының дәрежесінде қалды.

Салжұқтардың мемлекеттік басқару жүйесінде сұлтан мен уәзірден кейінгі орында «Буяқхаджиб» (Хаджиб-и-бузург) яғни «Ұлы хаджиб» болды. Бұл лауазымның Қарахан мемлекетінде де болғанын және осы атпен аталғанын білеміз. Ал, көне түркі кезеңінде бұл қызмет түрін атқарған адамдарға «көл-еркін», «айгужы/айюки» денілгенін болатын.

Ақын Жүсіп Баласағұн барлық түркі халықтарына ортақ туынды «Құтадғу білік» (Құтты білік) дастанын хижра есебімен 462 жылы, яғни қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылы жазып бітірген. Әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында із қалдырған дастанды «хандардың ханы» Қарахан мемлекетінің билеушісі Сүлеймен Арслан ханға (908-955) сыйға тарту етті. Бұл тартуға риза болған Боғра хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға: «Хас Хажиб» – «ұлы кеңесшіміз» немесе «ұлы уәзір» (патша сарайындағы қызметкерлердің басшысы) деген жоғары атақ береді.

Ақын «Құтты білікте» қандай адам, «Ұлы хас хажиб» болып істеуі мүмкін деген сауал қойып, оған өзі егжей-тегжейлі жауап береді. Ұлы Хас Хажиб – әмірші-патшаның көрер көзі, есітер құлағы, ол мемлекет заңдары мен сол елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалап отырады. Сондай-ақ ұлы уәзір – қазына ісін басқарушы адамға, сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен қол өнершілерге патша атынан әмір береді, елшілерді қабылдап, шығарып салып отырады, ресми түрдегі салтанатты жиындардың заңға сәйкес өтуін қадағалайды, әрі кедейлер мен жетім-жесірлердің арызын тыңдап, оны эликбекке, яғни Табғаш Қара Боғраханға жеткізіп отыруы тиіс. Бұған қарап, Жүсіп Баласағұнның патша сарайында қандай қызмет атқарғанын ғана емес, сонымен бірге ақын «Құтты білікте» өзіне өте жақсы таныс мәселелерді мейлінше терең біліп барып жазғанын да аңғарамыз [12].

Салжұқ сарайындағы Ұлы хаджибтің қызметі Қарахан мемлекетіндегі Хас хажибтің міндетімен қоса ендігі жерде сарай қызметшілерінің басшысы, билеуші мен халықтың және сарайдағы өзге лауазымды тұлғалардың арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырушы, әрі жүйелеуші болды. Салжұқ сарайындағы Ұлы хажибтің ерекшелігі, ол енді «әмір» лауазымын иеленіп қарамағындағы дәрежесі әр түрлі өзге хажибтарға басшылық жасады. Салжұқтардың тарихи деректерінде хажибтің бірнеше атауы кездеседі. Олардың арасында: «*hacib-el hüccab*», «*emir-i hacib*» немесе «*hacib-i kebir*» атаулары бар [13].

Сарайдағы келесі лауазым иесі сұлтанның жеке қызметіндегі «Эмир-и пердедар» (перденің иесі) деп аталатын адам. Оның міндеті халық алдында билеушінің пердесін ашып тұру болатын. Бұл қызметтің шығу төркіні билеушінің халқпен белгілі күндерде кездесу дәстүрінің болуынан келіп шыққан. Сұлтан-ның қабылдауына халық сарайдағы сұлтан пердесінің ашық немесе жабық болуына қарап жиналатын болған. Перде ашық болған жағдайда сұлтан адамдарды қабылдап, кедей-кепшікке көмек қолын созып, даулы мәселелерде әділ шешімдерін шығарып отырған. Сарайдағы келесі лауазым «*Векил-и Дер/Vekil-i Der*», яғни «сарай уәкілі» немесе сарай иесінің уәкілі, бұл атаққа ие болған адам сұлтан мен басу әзір арасындағы хат-хабар алмасу, сарайдағы түрлі жағдайлар мен жаңалықтардың сұлтанға жеткізілуін қамтамасыз ететін болған. Бұл қызметке сөзге шешен, тапқыр, ұшқыр ойлы, жұмақ мінезді, Сұлтанның көңілінен шыққан адам сайланатын. Осы қызметке ұқсас келесі сарай қызметкеріне «*Векил-и Хас*» аты берілген [14]. Бұл лауазымды иеленген адам сұлтан мен оның әулетіне қызмет ететін болған. Оның міндеттері: сарай қажеттілігіне жұмсалатын шығынды есептеу, қаржылай кіріс-шығыс, бөлістірілген міндеттердің атқарылуы барысы, сұлтан тапсырмаларының дер кезінде орындалуы сияқты тікелей билеуші беретін тапсырмаларды орындау болатын. Бұл қызмет түрі Ғазнауи сарайында да болған. Ал Қарахандарда бұл міндетті Хас хажиб атқарған сияқты.

Салжұқтарда сарай үлкендері немесе ұлықтары қатарына мемлекеттік лауазымы жоғары әсіресе диуандарға мүше немесе дуан басшылары кіретін болған. Ерте және орта ғасырлық Түркі мемлекеттерінің тарихында мемлекеттің саяси, әскери және мәдени мәселелері қаралатын «той» аты берілген мәжілістің болғаны мәлім. Осы мәжіліске елдің әскери, экономикалық, сыртқы істеріне жауапты қаған әулетінің лауазымды тұлғалары мен өзге ақсүйектер қатысатын еді. Орта ғасырларға келгенде мемлекеттік аппарат пен орталық биліктің кеңеюі әрі жүйеленуінен келіп бірнеше мәжіліс «*Диуан/диван*» түрі пайда болды. Жалпы, Қарахан, Салжұқ, Ғазнауи, Хорезмшах мемлекеттерінде елдің ішкі-сыртқы мәселесі қаралатын бірнеше диуан/мәжіліс түрлерінің аты аталады. Оларға: «*Диуан-и Али*, *Диуан-и Туғра*, *Диван-и Истифа*, *Диван-и Арыз*, *Диван-и Ишраф*» аттары берілген [15].

Сарай қызметкерлерінің келесі категориясы – ол «Сарай кішілері». Олардың қатарына ең алдымен Чавуштар (Serheng veya Durbaş), яғни сержанттар, қорғаушылар деген атаққа ие болған қызметкерлер кірді. Олардың міндеті әрдайым сұлтанның қасынан табылу, оны қорғау, халық алдына шыққанда немесе басқа елге барғанда онымен бірге ілесіп жүру. Олардың саны шамамен бес жүз немесе одан да көп болды. Ал, Жүсіп Баласағұнның дастанындағы мына сөздер қарахан дәуіріндегі сарайдағы және қоғамдағы жалпы әлеуметтік топтар туралы хабар беріп тұрғандай:

«Екі түрлі қызметші, түбі, біл,  
Бірі — ерікті үміт қуған, бірі — құл!  
Құлақ кесті құл еріксіз, табынар,  
Табынбаса — сабаған соң: жалынар.  
Еріктілер өз еркімен жалданар,  
Маңдай термен тапқандарын малданар» [16].

Қарахан дәуірі сарай кішілері де құрамы мен қызмет түрі жағынан Салжұқ сарайындағы қызметкерлерге ұқсас. Бұлай деуіміздің себебі, «Құтты білік» дастанында Сарай кішілерінің қатарында:

«Қызметтер, міне, осылар секілді,  
Бұдан басқа түрлері бар не түрлі.  
Тағы қанша жетіп жатыр ісшілер,  
Төсекші, аспаз және аңшы, құсшылар» [17].

Билеушінің сарай қызметшілері арасында Жүсіп Баласағұни «Идишши башы» (ыдыс басшысы) аты берілген сұлтанның ыдыс-аяғына жауапты адамның бар екенін де айтып өткен. Ал, Салжұқ сарайының сарай кішілеріне жататын келесі бір қызметкері – Недимдер дер аталды. Олардың қызметі сұлтанмен сөйлесу, ой толғасу, сыр шерту болды. Олардың қатарына сарай шайырлары, әдебиетші, пәлсапаны жақсы білетін шешендер, биші, т.б., сарай қызметкерлері кірді. Олардың негізгі қызметі сұлтанмен көңілді әңгіме-дүкен құру, аңға, сауық-сайрандарда сұлтанмен бірге жүру болғандықтан, бұл қызмет-шілердің сенімді, білімді, келбетті әрі өнерліболулары талап етілді.

Сол секілді аспаздар, тігіншілер, т.б. қызметтерді атқаратын сарай қызметкерлері Сарай кішілерінің қатарына енген болатын. Анадолы Салжұқтары дәуірінде сарай құрылымының күрделеніп, оның маңызының даарта түскенін байқауға болады. Түркі мемлекеттерінің ішінде Османлы империясы кезінде (XIII-XX ғғ.) сарай құрылымы өзінің гүлдену дәуірін басынан өткереді. Дәл осы дәуірде сарай және сарай қызметкерлерінің мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында ықпалы барынша артып, көптеген тарихи оқиғаларға жөн берген болатын.

Мұстафа Жанболаттың «Салжұқтардағы сарай және сарай басқармасы» атты еңбегінде бұл тақырыпта жан-жақтымәліметтер табуға болады.

**Қорытынды.** Тақырыпты қорыта келе, Сарай құрлымының даму үдерісінің көне түркі кезеңінен басталатын, Қарахан дәуірінде жалғасын тапқан және Османлы дәуірінде гүлдену кезеңіне жеткен өзіндік тарихи процесі кенін айта аламыз. Ерте және орта ғасырлық Сарай, құрлысы және құрлымы жағынан тек архитектуралық үздік үлгі емес, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесінде «сарай мәдениеті» ұғымы мен түсінігінің қалыптасуына да ықпал еткен фактор екенін де көруге болады. Сарай мәдениетін исламға дейінгі және исламнан кейінгі кезеңдерге бөліп қарастыру арқылы сарайлық жүйенің толыққанды бейнесін құруға мүмкіндігіміз болды. Мемлекеттік жүйедегі билеушінің әкімшілік орталығы ретінде Сарай тақырыбы төңірегіндегі мәселелер ретінде, сарай және сарай қызметкерлерінің мемлекеттің саяси өміріне ықпалы, сарай ішіндегі талас-тартыстардың себептері мен салдары тақырыбында жасалатын зерттеулер алдағы уақытта «Сарай» тақырыбындағы білгімізді толықтыра түсері сөзсіз. Сарай тақырыбын жан-жақты талдау тарих ғылымындағы мемлекетшілділік пен билік жүйесі туралы мағлұматтарымызды толықтырады әрі олардың деректік базасын қалыптасытуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Сарай тақырыбына қалам тартып жүрген алыс-жақын шет елдік зерттеушілердің еңбектерінде назар аударарлық мәліметтер кездеседі. Солардың арасында түркі тарихындағы Сарай тақырыбына байланысты Түркиялық ғалымдар Reshad Ekrem Kochu “Торқару Сарайы - Eski Saray Yaşamı” және автордың естеліктеріне негізделіп жазылған тегі поляк Ali Ufki Beyoğlu аты Albertus Bobovius Chev “Sarayı Enderun - Торқару Sarayında Yasham” еңбектерінде және орыс ғалымы Искандер Мамедовтың “Расцвет и крах Османской империи. Женщины у власти” атты шығармалары мәселеге жаңа қырынан қарау мүмкіндігін береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы, 1-кітап, Алматы-1996, 112 б.
2. Өгел Б., *Büyük Hun imparatorluğunun tarihi 1-kitap*, Ankara-1981, 27 s.
3. Göde K., «Türklerde Saray Teşkilatı ve Hayatı», *Erciyes üniversitesi dergisi*, №3, 1983, 433 s.
4. Erkoç H., *Eski Türklerde devlet teşkilatı (Gök Türk dönemi)*, диссертациялық жұмыс, <http://misakizafer.com/2022/03/28/turk-devlet-gelenegi/> 2022.
5. Гумилев Л.Н., *Көне түріктер*. Алматы-1994, 475-480 бб.
6. Kafesoğlu, I., *Türk Milli kültürü*, Ankara-1996, 256 s.
7. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев, Әдеби жәдігерлер,5-т.:— Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. 365 б.
8. ЖүсіпБаласағұн. Құттыбілік, 247 б.
9. ЖүсіпБаласағұн. Құттыбілік, 524 б.
10. Köymen, A.M.,*Büyük Selçuklu imparatorluğu Türk tarihi*, Ankara-1993, 202-236 s.
11. Kafesoğlu İbrahim, *Türk Milli Kültürü*, İstanbul, 2010, 115-117 s.
12. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік, 239 б.
13. Köymen, A.M.,*Selçuklu devri Türk tarihi araştırmaları I*, 313 s.
14. Erdoğan M. *Selçuklar'da saraylar ve saray teşkilatı*, Stanbul- 2011, 344 s.
15. Kalan E.,*Sarayaskeriveidari Yönleriyle Karahanlıdevletinin teşkilattarihi*, Ankara-2019,133 s.
16. Жүсіп Баласағұн, Құтты білік, 279 б.
17. Жүсіп Баласағұн, Құтты білік, 358-359 бб.

References:

1. Amanzholov K., *Turkihaliktarinintarihi*, 1-kitap, Almaty-1996. 112 bet.
2. Өгел В., *Büyük Hun imparatorluğunun tarihi 1-kitap*, Ankara-1981, 27 p.
3. Göde K., «Türklerde Saray Teşkilatı ve Hayatı», *Erdziesbulleten*, №3, 1983, 433 p.
4. Erkoç H., *Eski Türklerde devlet teşkilatı (Gök Türk dönemi)*, master thesis, <http://misakizafer.com/2022/03/28/turk-devlet-gelenegi/> 2022.
5. Gumilev L.N., *Kone Turkter*. Almaty-1994, 475-480 bet.
6. Kafesoğlu, I., *Türk Milli kültürü*, Ankara-1996, 256 p.
7. Zhusub Balasagun. *Kuttu Bilig /kone turuk tilinen audarip, algi sozimen tusinikterinzhajgan* A.K.Egeubayev, *Adebi zhadigerler*,5-t, Almaty: «Taimas» baspauyi, 2007. 365 bet.
8. Zhusub Balasagun. *Kuttu Bilik*, 247 bet.
9. Zhusub Balasagun. *Kuttu Bilik*, 524 bet.
10. Köymen, A.M.,*Büyük Selçuklu imparatorluğu Türk tarihi*. Ankara-1993, 202-236 s.
11. Kafesoğlu İbrahim, *Türk Milli Kültürü*, İstanbul, 2010, 115-117 бб.
12. Zhusub Balasagun. *Kuttu Bilik*, 239 bet.
13. Köymen, A.M.,*Selçuklu devri Türk tarihi araştırmaları I*, 313 s.
14. Erdoğan M. *Selçuklar'da saraylar ve saray teşkilatı*, Stanbul- 2011, 344 s.
15. Kalan E., *Sarayaskeriveidari Yönleriyle Karahanlı devletinin teş kilattarihi*, Ankara-2019, 133 s.
16. Zhusub Balasagun. *Kuttu Bilik*, 279 bet.
17. Zhusub Balasagun. *Kuttu Bilik*, 358-359 bet.

УДК 9.55.56  
МРНТИ 03.41

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.023](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.023)

Г.Ш. Назымбетова\*<sup>1</sup>, Г.Х. Халидуллин<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD., Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылымордасы», Алматы, Қазақстан, E-mail: [g.nazymbetova@mail.ru](mailto:g.nazymbetova@mail.ru)

<sup>2</sup> т.ғ.д. профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы, Қазақстан, E-mail: [kizatulla@mail.ru](mailto:kizatulla@mail.ru)

## ХVIII-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТАРИХЫ

*Аңдатпа*

Мақалада ХVIII-XX ғасырлардағы Атырау өңірінде жүргізілген палеонтологиялық және геологиялық зерттеулердің тарихы қарастырылады. Атырау өңірінің палеонтологиялық және геологиялық үш жүз жылдық тарихының қайнар көздеріне талдамалық шолуды қамтиды. Еңбекте көптеген ғылыми баяндамалар мен мақалаларды, 18-21 ғасырлардағы зерттеушілердің еңбектерін зерттеуге негізделген. Мұрағат материалдары, сирек кітаптар топтамалары, сондай-ақ палеонтологиялық коллекцияларының затбелгілері пайдаланылды.

ХVIII ғасырдың екінші жартысында бұл өлкеге көршілес елдердің қызығушылығы артып, өз мемлекеттерінің мүддесіне қажетті мәліметтерді жинаған саяхатшылар мен жекелеген табиғат зерттеушілері бұл аймақты белсенді түрде зерттей бастады. Бұл өлкеде тұратын халықтар, олардың тұрмысы мен тұрмыс-тіршілігі, саяси жағдайы туралы мағлұматтармен қатар, кейбір пайдалы қазбалардың пайдаланылуы, олардың болуы, таралуы туралы да мәліметтер берді. ХХ ғасырда аймақтардың геологиялық құрылымы мен пайдалы қазбаларын зерттеу, геологиялық карталарын жасау, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және кен орындарының жасын анықтау мақсатында облыстың жекелеген аймақтарына мақсатты зерттеулер жүргізілді.

Атырау облысының аумағында әртүрлі ғылыми-зерттеу институттарының Бүкілресейлік мұнай-зерттеу геологиялық барлау институты (ВНИГРИ), КСРО ҒА Жанғыш қазбалар институты қазіргі кездегі А.В. Топчиев атындағы Мұнай-химиялық синтез институты, Бүкілодақтық геологиялық ғылыми-зерттеу институты (ВСЕГЕИ), КСРО ҒА Геология ғылымдары институты, Барлаудың геофизикалық әдістерінің Бүкілресейлік ғылыми-зерттеу институты (ВНИИГеофизика), Қазақстанның геологиялық басқармалары және т.б. ұйымдардың қызметкерлері әртүрлі тақырыпта зерттеулер жүргізді.

**Кілт сөздер:** Атырау, геология, палеонтология, тарих, птридофиттер, остракодтар, фораминифера-лар, флора, фауна.

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жобасы (ИРН А09259623 «Атырау өлкесінің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы») аясында жүзеге асырылды.

Назымбетова Г.Ш. \*<sup>1</sup>, Халидуллин Г.Х.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD., Комитет науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан, E-mail: [g.nazymbetova@mail.ru](mailto:g.nazymbetova@mail.ru)

<sup>2</sup>д.и.н. профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая Алматы, Казахстан, E-mail: [kizatulla@mail.ru](mailto:kizatulla@mail.ru)

## ИСТОРИЯ ГЕОЛОГО-ПАЛЕОНТОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ, ПРОВОДИВШИХСЯ НА ТЕРРИТОРИИ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ В ХVIII-XX ВВ.

*Аннотация*

В статье рассматривается история палеонтологических и геологических исследований, проводившихся в Атырауской области в ХVIII-XX вв. Включает аналитический обзор источников палеонтологической и геологической трехсотлетней истории Атырауской области. Работа основана на изучении

многих научных отчетов и статей, трудов исследователей 18-21 веков. Используются архивные материалы, коллекции редких книг, этикетки палеонтологических коллекций.

Во второй половине XVIII века интерес соседних стран к этому региону возрос, и путешественники и отдельные естествоиспытатели, собиравшие сведения, необходимые для интересов своих государств, стали активно изучать этот край. Помимо сведений о народах, проживающих в этом регионе, их образе жизни и образе жизни, политическом положении, они также предоставили сведения об эксплуатации некоторых полезных ископаемых, их существовании и распространении. В XX веке с целью изучения геологического строения и полезных ископаемых регионов, создания геологических карт, проведения геологоразведочных работ и определения возраста месторождений были проведены целенаправленные исследования отдельных районов региона.

На территории Атырауской области сотрудники различных научно-исследовательских институтов проводили исследования по различным тематикам: Всероссийского института нефти и геологоразведки (ВНИГРИ), Института горючих ископаемых АН СССР, действующего Института нефтехимии Синтез имени А.В. Топчиев, Всесоюзный геологический научно-исследовательский институт (ВСЕГЕИ), Институт геологических наук АН СССР, Всероссийский научно-исследовательский институт геофизических методов исследования (ВНИИ Геофизика), геологические управления Казахстана и другие организации.

**Ключевые слова:** Атырау, геология, палеонтология, история, птеридофиты, острокоды, фораминиферы, флора, фауна.

*G.Sh. Nazymbetova\*<sup>1</sup> G.H. Khalidullin<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>PhD., Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, E-mail: [g.nazymbetova@mail.ru](mailto:g.nazymbetova@mail.ru)*

*<sup>2</sup>Doctor of historical sciences, professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, E-mail: [kizatulla@mail.ru](mailto:kizatulla@mail.ru)*

## **HISTORY OF GEOLOGICAL AND PALEONTOLOGICAL RESEARCH CONDUCTED ON THE TERRITORY OF THE ATYRAU REGION IN THE XVIII-XX CENTURIES.**

### *Abstract*

The article discusses the history of paleontological and geological research conducted in the Atyrau region in the 18th-20th centuries. Includes an analytical review of the sources of the paleontological and geological three-hundred-year history of the Atyrau region. The work is based on the study of many scientific reports and articles, works of researchers of the 18th-21st centuries. Archival materials, collections of rare books, and labels from paleontological collections were used.

In the second half of the 18th century, the interest of neighboring countries in this region increased, and travelers and individual naturalists, who collected information necessary for the interests of their states, began to actively study this region. In addition to information about the peoples living in this region, their way of life and way of life, political situation, they also provided information about the exploitation of some minerals, their existence and distribution. In the 20th century, in order to study the geological structure and minerals of the regions, create geological maps, carry out geological exploration and determine the age of deposits, targeted studies of certain regions of the region were carried out.

On the territory of the Atyrau region, employees of various research institutes conducted research on various topics: *All-Russian Petroleum Research Exploration Institute (VNIGRI)*, *A.V. Topchiev Institute of Petrochemical Synthesis*, *Russian Geological Research Institute (VSEGEI)*, *Russian Academy of Sciences Geological Institute of SB RAS*, the *All-Russian Research Institute of Geophysical Research Methods (VNIIGeophysics)*, geological departments of Kazakhstan and other organizations.

**Keywords:** Atyrau, geology, paleontology, history, pteridophytes, ostracods, foraminifera, flora, fauna.

*The research was carried out within the framework of the project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. (IRN A09259623 "History of the Atyrau region from ancient times to the present day").*



**Кіріспе.** Атырау облысы Каспий маңы ойпатында, Каспий теңізінің солтүстігі мен шығысында солтүстік-батысында Еділдің төменгі ағысы мен оңтүстік-шығысында Үстірт аралығында орналасқан. Батыс Қазақстан облысымен, Маңғыстау облысымен, Ақтөбе облысымен және Ресей Федерациясының Астрахань облысымен шектеседі.

Атырау облысының геологиялық және палеонтологиялық зерттеу тарихында практикалық маңызы бар көптеген жаңалықтар, жаңа ашылулар мен жоғары ғылыми жетістіктер бар, олардың нәтижелерін тек геологиялық бағыттың ғана емес, ғылым мен техниканың басқа да салаларының өкілдері пайдаланып келеді. Атыраудың ресурстары Орталық Азия аймағында орналасқан елдер үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлем үшін үлкен стратегиялық маңызға ие.

**Тақырыптың өзектілігі.** Атырау өлкесінің геологиясы мен палеонтологиясының тарихының мәселелері геологтар мен палеонтологтардың өздері тарапынан жарияланымдар санының көптігіне қарамастан, өкінішке орай, аз зерттелген. Айта кетерлігі, көптеген геологтар өз еңбектерін жазғанда бұл мәселені қысқаша айтып кеткен. Олардың арасында геология бойынша материалдар ұсынып қана қоймай, өзінен бұрынғы ғалымдардың жетістіктерін баяндап өткенін атап өту керек.

**Жұмысымыздың мақаты.** Атырау өңірінің геологиялық және палеонтологиялық зерттелу тарихының отандық тарихнамада әлі жан-жақты зерттелмегендігін ескере отырып. Осы мәселеге қатысты қолда бар дереккөздер мен материалдарды жинақтап насихаттау.

**Негізгі бөлім.** Атырау облысының аумағын зерттеу XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталды. Ол жекелеген табиғат зерттеушілер, жаратылыстану ғалымдары, Петербург ғылымдар академиясының арнайы экспедициялары жүргізілген зерттеулермен байланысты. 1768-1774 жылдар аралығында Қазақстанның батыс өңірлерінің жан-жақты табиғаты мен тарихын зерттеу үшін табиғат зерттеушісі және саяхатшылар И.И. Лепехин, П.С. Паллас, И.П. Фальк және И.И. Георги Жайық өзен аңғарымен Илецк қаласынан Оралға, одан әрі Атырауға (Гурьевке) дейін бірнеше ірі экспедициялар ұйымдастырған. Нәтижесінде Индер тауының құрылымы, Чапчачи тұзды тауы, Қазақстанның батысындағы бор сілемдері мен осы аймақтың тұзды көлдері мен құмдары туралы алғашқы сипаттамаларды жазып қалдырды [1, 2].

XIX ғасырдың саяхатшы-натуралистері Қазақстанның батысында қазбалы фауна мен флораның бай коллекцияларын жинады, олар кейінгі жылдары өңделіп зерттеліп бірқатар еңбектер жарық көрді. Э.Эйхвальд және Г.П. Гельмерсен бор және үштік кезеңнің алғашқы сипаттамасын берді [3]. Индер көлі жағалауының юра фаунасын Г.Траутшольд зерттеді [4].

1857-1858 ж. Н.А. Северцов, И.Г. Борщовтың ұйымдастырған экспедиция Қазақстанның батысының көптеген аудандарын зерттеген. Олар Ембі өзені бойындағы теңіз бор шөгінділерін және бірінші болып Доссорда мұнайдың шығуын және Шалқар ауданының көмірінде анықтаған болатын [5].

XIX ғасырда Қазақстанның батысында жүргізілген зерттеулердің барлығы маршруттық сипатта болған болса, XX ғасыр геологиялық, палеонтологиялық жұмыстардың жанданған ғасыры. Атырау өңірі күрделі рельефті және пайдалы қазбалардың мол жинақталған аумақ, осы себепті бұл жерге геологиялық зерттеуге деген қызығушылық артты және КСРО геологтары үшін тамаша зерттеу алаңына айналды. Ресейдің Геологиялық комитеті Батыс Қазақстанның әртүрлі аймақтарының геологиялық құрылысы мен минералдық шикізат байлықтарын зерттеу, геологиялық карта жасау, геологиялық түсіру ісін жүргізу мақсатында 1912-1917 жж. Ембіге жіберген Н.Н. Тихонович, С.И. Миронов және А.Н. Замятин аймақтарды зерттеу бойынша егжей-тегжейлі жұмыс жүргізді [6].

1938-1941 жж. В.С. Малявкина мен А.А. Любер Оңтүстік Ембі аймағының юра шөгінділерінің споралары мен тозандарын зерттеді [7, 24 б.].

Белгілі палеонтолог ғалым А.В. Фурсенко бірнеше жылдар бойы Индер көлі ауданның барлық дала-лық бакылауларын жүргізіп, тас материалдарын жинады. Кейінірек сол түзілімдердің стратиграфиялық нобайын, олардан табылған бірқатар фораминиферлердің түрлерін сипаттай отырып Е.Н. Поленовамен бірге 1950 жылы «Фораминиферы нижнего волжского яруса Эмбенской области (район Индерского озера)» атты еңбегін жарыққа шығарды. Бұл еңбегінде Индер көлі аймағының төменгі волж ярусының микрофаунасы – фораминиферлердің 49 түрін сипаттап жазған [8].

1953 жылдан бастап бүкіл КСРО аумағында толық ауқымды геологиялық зерттеулер басталды, ол әртүрлі ғылыми ұйымдар жүргізетін кешенді геологиялық зерттеулердің кең ауқымымен сипатталады; осы кезеңде Қазақстан геологиясы бойынша материалдардың жинақталуы және көптеген мақалалардың шығуы байқалады. Осындай зерттеулердің ішінде кеңестік көрнекті геологтардың еңбектерін атауға болады

Атырау облысының аумағында әртүрлі ғылыми-зерттеу институттарының Бүкілресейлік мұнай-зерттеу геологиялық барлау институты (ВНИГРИ), КСРО ҒА Жанғыш қазбалар институты қазіргі кездегі А.В. Топчиев атындағы Мұнай-химиялық синтез институты, Бүкілодақтық геологиялық ғылыми-зерттеу

институты (ВСЕГЕИ), КСРО ГА Геология ғылымдары институты, Барлаудың геофизикалық әдістерінің Бүкілресейлік ғылыми-зерттеу институты (ВНИИГеофизика), Қазақстанның геологиялық басқармалары және т.б. ұйымдардың қызметкерлері әртүрлі тақырыпта зерттеулер жүргізді. Өңірдің шөгінділерінен алынған өсімдік қалдықтарын әр уақытта А.Н.Криштофович, И.В.Палибин В.Д. Принада, А.И. Турутанова-Кетова, В.Д. Принада, Н.Н. Тихонович, С.В. Шумилин, З.А. Абдуллаев, А.В. Фурсенко, В.С. Малявкина, А.А. Любер, А.Рябинин және т.б. өңдеген.

Каспий маңы ойпатының батыс бөлігінде Чапчачи және Малое Богдо тауларында орналасқан пермь шөгінділерін барынша егжей-тегжейлі зерттеген геолог А.А.Богданов (1934), ал аймақтардағы бұрғылау деректері бойынша ғылыми негіздеген геолог С.С. Коробов (1959) болатын. Каспий маңы ойпатының шығыс бөлігінде Индер көл аймағындағы жоғарғы пермь шөгінділерінің толық сипаттамасын зерттеушілер А.Н. Волков (1937), В.В. Мокринский (1938), Н.А. Храмов (1939) және Е.И. Соколова (1958) анықтаған. Оңтүстік Ембіде жоғарғы пермьді ең егжей-тегжейлі зерттеген Г.Е.-А. Айзенштадт (1956), Е.И.Соколова (1958, 1962) және Ю.С. Кононов (1961) болды [9,10,11,12,13,14,15,16].

Қазақстанның алып кеңістігінде триастан бастап борды қоса алғанда мезозой теңіз және континентальді түзілімдері кең тараған. Қазақстанның динозаврлар фаунасын зерттеуде өткен жүз жылдықтың 40-70 жылдары кеңес ғалымдары А.Рябинин, А.Рождественский және Л.Хозацкий үлкен үлес қосты.

Каспий маңы ойпатының Шығыс бөлігіндегі триас шөгінділері Индер мен Мәтенқожа күмбездерінде барынша егжей-тегжейлі зерттелген. Индер көлі маңындағы триас шөгінділері М.М. Новаковскийдің, П.А. Православлевтің еңбектерінен де белгілі, егжей-тегжейлі зерттеп, сипаттаған В.В. Мокринский мен Е.И. Соколова болса Көктау тауының учаскесінен П.В. Виттенбург триас кезеңіне тән фауналар кешенін ашып анықтаған осы негізінде ғалым А.Н. Замятин оны қамтитын қабаттарды триасқа жатқызады [17,18,19,20].

Азикаудық жырасының бойында жатқан Азимола шатқалының бойындағы шөгінділерде балдыр тәрізді *Algella oblatinoides* қалдықтары кездеседі сазда, соның ішінде көміртекті аралық қабаттарда *Necalamitessp* қырықбуын сабақтарының қалдықтары анықталған. Көктау жотасында, Индер көлі, Үлкен Богдо тауының шөгінділерінде нашар сақталған пелециподтар мен гастроподтар фаунасы («антраконит» эктастары) бар. Индер формациясынан П.В. Виттенбург, А.Н. Замятиннің (1914) *Solenomya aff* пелециподтарын анықтады. Пеллоциподтардан басқа олардың құрамында төменгі триас балықтарының қабыршақтары (*Perleididae* тұқымдасы) және тістері, сондай-ақ өте көп *Lutkevichinella bruttani*, *Darwinula oblonga* остракодтар бар. Осы анықтамаларға сүйене отырып В.В. Мокринский (1938) Жамантау тауының эктастарын орта триасқа жатқызған [13, 194 б.].

Оңтүстік Ембі аймағында барлық дерлік күмбездердегі триас шөгінділеріне бұрғылау жүргізілген, Доссор-Мақат және Құлсары күмбезінің батысындағы ойпатта остракодтар мен харофиттер құмды-сазды қабаттардың жыныстарында кездеседі. Н.А. Храмов (1939) Искен күмбезінен *Darwinula oblonga* остракодын ашты [21]. Қаратайқыз, Теренөзек, Қошақ-Танатар күмбездерінде және Даңғар күмбездаралық ойпаңында құмды-аргиллді қабаттардың шөгінділерінде мезозойға тән типті харофиттер табылған. Сағыз, Жаршық, Құлсары, Теренөзек күмбездерінде тау жыныстарында В.С. Малявкина анықтаған птридофиттердің әр түрлі туыстарының: *Auritulina*, *Bucculina*, *Cardiolina*, *Colliculina*, *Cyclina*, *Crassulina*, *Limbella*, *Quadrella*, *Triangulina*, *Tripartina*, *Tuberella*, *Tumpaneana*, *Spgaerina* және басқалары, Қылқанжапырақтылардың келесі туыстары: *Aliferina*, *Sacculina*, *Dilaterella*, *Bullulina*, *Patellina*, *Rotundina*, *Retectina*, *Ginkgoretestina*, *Circulina*, *Corollina* және басқада бай споралы тозаң кешені табылған [7, 27-28 б.].

Ерте триас теңізі Каспий теңізінің қазіргі аймағы арқылы Каспий маңы ойпатына еніп оның шығыс шекарасы Атырау (Гурьев) қаласының маңынан Индер мен Құсанбайға дейін, кейде теңіз одан ары шығысқа қарай таралып, Ембі өзенінің орта ағысының қазіргі жағалауларына дерлік жеткен.

Юра-бор дәуірінде Каспий маңы ойпатының территориясының құрылымдық жоспарының айтарлықтай қайта құрылуы жүреді.

Юра кезеңінде Қазақстан территориясының басым бөлігінде, триастағы сияқты континенттік режим үстемдік еткен. Теңіз Қазақстанның батысында Орал-Ембі мен Маңғыстау үстіртіінде таралған. Бұл Орал-Ембі мен Маңғыстау үстіртіндеаллювийлі шөгінділердің жинақталуымен айғақталған.

Кейінгі юра кезеңінде Каспий маңы ойпатының бүкіл аумағында теңіздік шөгу режимі болды, ал бассейнің жекелеген ғасырлардағы таралу шекаралары әртүрлі болды. Әртүрлі фаунаның болуы – амониттер, пелециподтар, фораминиферлер – осыны айғақтайды.

Каспий маңы ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігінде, Атырау-Ақтөбе темір жолының оңтүстік шығысында орналасқан Ембі аймағы 19 ғасырдың аяғында-ақ зерттеушілердің назарын аударды. Зерттеудің бірінші кезеңінде (1900-1920 ж) төменгі және орта юра шөгінділері Доссор, Мақат, Шыңгелді, Қойқара, Иманқара, және Құлсары күмбездерде бұрғылау арқылы ашылады. Оларды Д.Н. Соколов,

А.Н. Замятин зерттеді. 1914 жылы Н.Н. Тихонович орта юра шөгінділерінің трансгрессивті пайда болуын анықтады.

А.А. Любер 1947 жылы Оңтүстік Ембі ауданынан Жолдыбай, Мақат, Қосшағыл, Доссор, Сағыз және Искин ұңғымаларынан алынған А.И. Егоров әкелген үлкен коллекцияны өңдеді [22].

В.С. Малявкина құмды-қиыршық тасты қабаттың жыныстарынан-споралы тозаң кешенін ашты, ол *Podocarpaceae* және кейтондық типтегі қылқан жапырақты тозаңдардың көптігімен сипатталады, соңғысы архаикалық формада. Сонымен қатар, саговидтер мен гинголар, птеридофитер кең таралғандығы анықталған. В.С. Малявкинаның анықтамасы бойынша құм-қиыршықты қабаттардың шөгінділері құрамында төменгі юра споралы-тозаң кешені бар: *Ventosella platychila*, *Colliculina medioxima*, *Sphaerina multispinellata*, *Rotinella trisecta*, *Triangulata granulate*, *Triquetrella minuscula*, *Ginkgoretectina punctate*, *Aliferina falcate*, *Protogata* [7, 27 б.].

Каспий ойпатының орта юра шөгінділерінде кездесетін *Sphaerina spinigera*. споралары өте кең таралған, олар *Osmundaceae* тұқымдасына жататын папоротниктердің *Todites (Cladophlebis)* түріне жатады және *Politusella spinigera* плаунтәрізділердің споралары сонымен қатар жиі кездесетін *Lingula sp.* Иықаяқты ұлу қабықтарынан басқа *Pseudomonotis doneziana*, *Thracia crassa*, *Solenomya sp.* табылған. Оңтүстік Ембі аймағының Сағыз және Тасқұдық күмбездерінің кесіндісінен фораминиферлерден *Ammodiscus sp.* анықталды.

Индердің Волжские шөгінділері аммониттер мен белемниттерге салыстырмалы түрде кедей, бірақ әртүрлі пелециподтарға бай, сонымен қатар теңіз кірпілері (*Cidaris boloniensis*, *C. coronatus*, *C. suevicus*), теңіз лалагүлдері (*pentacrinites amblyscalaris*, *P. Pentagonalis*), брахиоподтар (*Rhynchonella pinguisemem. Quens*, *Terebratulula helmersenii*), *Serpula* туысының құрттарының әртүрлі өкілдері (*Ostrea deltoidea*, *Ostrea expansa*, *Exogyra bruntrutana*) және ихтиозовр омыртқалары (*Ichtyosaurus trigonus*) табылған.

Мақат, Сағыз және Кандаурово күмбездерінде Аммониттер, пелециподтар және гастроподтар: *Zarajskites scythicus*, *Aucella ex gr. rugosa*, *Oxytoma sp.*, *Astarte duboisiana*, және фораминиферлер: *Ammobaculites ex gr. agglutinans*, *Haplophragmoides volgensis*, *Lenticulina infravolgaensis*, *Saracenaria pravoslavlevi*, *Marginulina ex gr. striatocostata* кездеседі.

Қой-қар бөлімінен А.Н. Криштофович өсімдіктердің келесі түрлерін: *Cladophlebis haiburnensis*, *Taeniopteris vittata*, *Klukia exilis* және *Brachyphyllum sp.* анықтады [23].

И.В. Палибин Қызыл-Қала ұңғымасының өзегінен келесі: *Coniopteris hymenophylloides*, *Cladophlebis sp.*, *Nilssonina vittaeformis*, *Podozamites angustijolius* өсімдік қалдықтарын анықтады [24].

В.Д. Принада Тоғыскенұшақтан С.В.Шумилин жинаған жинақты зерттеп келесі түрлерді: *Equisetites ferganensis*, *Equisetostachys sp.*, *Baiera sp.*, *Feildenia ensiformis*, *Czekanowskia rigida*, *Phoeticoopsis sp.*, *Carpontes sp.* анықтады [25].

Революциядан кейінгі кезеңде Каспий ойпатының төменгі борының стратиграфиялық схемасына Батыс Қазақстанда зерттеу жүргізген ғылыми-зерттеу институттары мен өнеркәсіптік ұйымдардың геологтары мен палеонтологтарының еңбектері көп жаңалық енгізді. Олардың ішінде А.Л. Яншиннің (1943), В.А. Вахрасеевтің (1952), В.С. Журавлевтің (1952, 1957, 1960), С.Н. Колтыпиннің (1961), Е.В. Мятлюктің (1939) стратиграфиялық зерттеулерін атап өткен жөн. Олар Оңтүстік Ембі өңірін, Индер күмбезі аймағын және Орал маңы үстіртін зерттеген [26].

Қой-Қара қыратындағы төменгі бор шөгінділерінен 1931 жылы Анатолий Николаевич Рябинин *Embasaurus minax* жалғыз түрімен белгілі тероподтар отрядының динозаврларының бір түрін тауып сипаттап жазған. Ембі өзенінің (Каспий теңізінің алабы) атымен аталған [27].

Оңтүстік Ембі аймағында Ақаткөл, Әлімбай, Байчунас, Жантерек, Доссор, Жолдыбай, Сағыз күмбездерінің валангин шөгінділерінен моллюскалардың келесі түрлері: *Riasanites sp.*, *Polyptychites sp.*, *Aucella fischeri*, *A. subokensis*, *A. volgensis*, *A. uncitoides* және т.б., сондай-ақ фораминифендер жиынтығы: *Flabellamina ex gr. alexanderi*, *Cristellaria muinsteri*, *Vaginulina pseudostriatula* және т.б. анықталды.

Индер және Матенкожа күмбездеріндегі шөгінділерден: *Corbula aff. carinata*, *Corbula sp.*, *Nuculana cf. juliae*, *Pratocardia aff.* анықталса саздардан фораминиферлердің бірнеше түрі анықталды: *Globulina prisca*, *G. pseudoprisca*, *Saccamina bartensteini*, *Reophax aff. scopiurus* табылды.

Оңтүстік Ембінің орталық бөлігінде Мақат, Доссор, Сағыз, Түлеген күмбездерінде қазба ұлулар: *Metacerithium abjeli*, *Cirsocerithium aff. Subspinosum*, *Corbula striatula*, *Nuculana sublineata*, *N. subcancelata*, *Cirsocerithium dossorum*, *Serpula sp.* анықталған, Жантай, Ағнияз, Қараарна, Қаратон, Тәжіғали күмбездерінде төменгі Альб шөгінділерінде ұлулар фаунасы: *Leumerielta tardefurcata*, *Cleoniceras bicurvatooides*, *Uhligella embaensis*, *Nucula tjutegenica*, *Trigonia spinosa* және фораминиферлер кешені: *Gaudryina filiformis*, *Marginulina jonesi*, *Siphogenerina asperula* табылды. Ақтолағай қыратының кампан-маастрихтских (66 млн

жыл) шөгінділеріне кешенді зерттеуі жүргізілген нәтижесінде белемнит тізбегі, жақсы сақталған мшанктер - негізінен теңіз жануарларының калониясы табылды. Ақтолғай платосының кесіндісінде де көптеген теңіз кірпілері бар [28].

Эоцен сүтқоректілер тарихындағы үлкен оқиға. Сүтқоректілер тарихында бірінші рет тақ тұяқтылар (*Perissodactyla*) және жұп тұяқтылар (*Artiodactyla*) пайда болды. Біріншінің дамыған уақыты эоценнің екінші жартысы және олигоцен, соңғысы - плеоцен мен плеистоценде. Қазақстанда бұл уақытта бронотерилер (*Eudinoceras*, *Actautitan*), тапри тәрізділер (*Schizotherium*, басқалары), саз мүйізтұмсық-тары (*Cadurcodon*, *Zaisanaminodon*, т.б.) өркендеген.

Батыс Қазақстан аумағында палеонтологиялық барлау жұмыстары ХХ ғ. 50-ші жылдарынан бастап кеңінен қолға алынады. Олар үлкен көлемдегі бұрғылау жұмыстарымен бірге жүргізіліп және палеогендік шөгінділердің учаскелерінің тұйықталған бөлігі туралы ақпаратты айтарлықтай толықтырды. Баспасөзде жаңа фактологиялық материалдардың енуімен қатар палеогендік стратиграфия мәселелеріне арналған көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Олардың ішінде А.П. Ильина (1955, 1960, 1963), В.В. Лавров (1957), Н.К. Быкова (1960), А.К. Замаренова (1959), Р.Г. Гарецкий (1962), А.И. Коробков (1962, 1965), Л.С. Гликман (1964) және т.б. геология маманының зерттеушілері Атырау өңірінің палеоген шөгінділерін зерттеуге елеулі үлесін қосты [29,30,31,32,33,34,35,31].

Плейстоцен – кайнозой заманының соңғы кезеңі

Плейстоцен (Төрттік) кезеңі 2,5 млн. жылға созылды. Бұл кезеңге үлкен жылдамдық және барлық табиғи үрдістердің қарама-қайшылығы тән. Континенталді аудандарда үдемелі суытулардың әсерінен, құрғақшылықтың күшейуінен және температураның ауытқуынан өсімдіктер құрамы жүдей бастады. Ақчағылы соңында орманда суга жойылды, дегенмен де емен, жөке, үйенкі тектес өсімдіктер сақталып қалды.

Қазақстанның климаты оның Евразия континентінде орналасқан орнымен анықталады, осының арқасында қазіргідей континенталді болды. Жалпы алғанда ол көлденең белдеулі, батыста теңіз жағалауында біршама жұмсақ, орогенді белдеуде тік белдеулікпен ерекшеленді, тау белдеуінде де тік белдеулікпен және тау климатымен айқындалды.

Плейстоцен сүтқоректілер фаунасы қысқа уақыт ішінде айтарлықтай эволюциялық өзгеріске ұшырады, бір қатар туыстар мен түрлер пайда болды: пілдер, түйелер, жылқылар және жұптұяқтылар. Қазақстанда сүтқоректілер сүйек қалдықтары бар негізгі қазба орындары мұздақтан тыс аудандарда орналасқан. Қазақстанда плейстоценде Европаның басым бөлігі мен Солтүстік америкадағы сияқты климаттық өзгерістер мұзбасу және мұзбасу аралық кезеңдер болмағандығын атап айту керек. Мұнда жаппай мұз басу болған жоқ, тек тау сілемдерін ғана мұз басқан.

Литоологиялық мәлімет құрамы және тұнбалардың орны климаттың ауысуын куәландырады, пловиялды және ксеротермиалық кезеңдердің кезектесіп, азды немесе көпті ылғалдану жүргендігін көрсетеді. Мұдай ауытқулардың жануарлар кешенінің ауысуына айтарлықтай климаттық ықпалы болмады, жылу сүйгіш және суыққа төзімді жануарлардың ауысуын туғызбады.

Соңғы плиоценнің басында климат ұзақ уақыт жылы, қоңыржай болды, осыдан кейін жалпы суық болу салдарынан ылғалдану, құрғау, салқындау, жылыну сияқты климаттық өзгерістер кезектесті. Республикамыздың солтүстігінде ормандыдала, сирек және өзен жағасында ормандар өсті. Оңтүстікте дала және шөлді, ал таулы аудандарда жылу сүйгіш торғай флорасының өкілдерімен орман өсті, реликті түрлері біздің дәуірімізге дейін сақталды.

Бұл кезде шарын (іле) фаунасы құрамында, эоплейстоценде ет тұмсықтылардың екі түрі тіршілік етті: *Anancus* және *Archidiscodon*, Стенона үлгідегі жылқы, түйелерден: *Paracamelus gigas* және *P.praebactrianus*, орталық азия текті бөкендердің ерте түрі; жұптұяқтылардан - *Leptobos*, трогонтери құндызы және қоянтәрізділер, ал құстардан түйеқұстар тіршілік етті. Фауна кешені Солтүстік Каспий аумағының климатының континенталді болғандығын болжатады.

Неоплейстоценнің басында Қазақстан климаты біршама ылғалды, бірақ ыстық болмады. Ландшафт негізінен аралас орманды дала. Қазақстанның шығысында батпақты жерлер орын алды. ылғалды болу дінді ағаштардың аққайын, қарағай, теректің дамуына ықпал етті. Кезеңнің екінші жартысында климаттың құрғауы жүрді, дінді өсімдіктердің саны кеміді. Гумидті жағдайда кезеңнің бірінші жартысында мұзбасу жүрді нәтижесінде климат құрғақ және суық болды. Одан кейін күн жылынды тауда мұздардың көлемі қысқарды, еру салдарынан күшті су ағыстары жүрді. Жалпы климаттық өзгерістер жануарлар әлемінің өзгерісіне себеп болды. Плейстоценнің басында қосқорған жануарлар кешені қалыптасты құрамында ежелгі піл – *Archidiscodon*, піл Вюста, мосбах жылқысы, жабайы есек, құлан, дөнес маңдайлы мүйізтұмсық-эласмотерий, мүйізтұмсық Мерка, елік, кеңмаңдайлы бұғы, бизон, түйе- *Paracamelus gigas* тіршілік етті [32].

Ортанғы неоплейстоцен кезеңінде геологиялық және палинологиялық мәліметтер кем дегенде алты рет климаттың өзгергендігін көрсетеді. Олар таудың топрақ және өсімдік белдеулерінің көлденеңінен де тігіненде өзгеруіне ықпал етті. Бірақ ондай өзгерулер сүтқоректілер кешенінің ауысуына яғни “суыққа төзімді” және “жылу сүйгіш” түрлердің ауысуын туғызған жоқ. Жалпы алғанда хазар кешенінің қазып алынған сүтқоректілері еліміздің солтүстігінен де оңтүстігінен де белгілі. Оның құрамында ашық ландшафттар – дала бұталары және шалғын тіршілік иелері болды, еттұмсықылар өкілдері: *M. chosaricus*, *Palaeoloxodon sp.* осындай биотты ежелгі ұзын мүйізді бизон - *Bison priscus gigas* және алып мүйізді бұғы *Megaloceros giganteus ruffi* мекен етті. Алып түйе Кноблоха - *Camelus knoblochi* және одан да ежелгі түйелер шөлді жерлерді мекендеді. Қоянтәрізділер мен кеміргіштер кең тарады. *Mammuthus trogontherii chosaricus* орта плейстоцен шөгінділерінен табылған. Ол Хазар териокомплексінің өкілі. Ол шамамен 200-300 мың жыл бұрын өмір сүрген - плейстоценнің ортасынан бастап (плейстоценнің екінші жартысында, алайда, ол бірте-бірте жойылып кетті, оның орнына жүнді мамонт пайда болды) Қазақстанда ол Хазар трансгрессиясы өтпеген Каспий маңы ойпағында мекендеген [33].

Зерттеуші В.А. Теряев 1928 жылғы дала экспедициясы кезінде Каспи жағалауынан Жайық өзенінің сағасынан Эламотерийдің бас сүйегін тапқан. Жақсы сақталған Эламотерийдің толық дерлік бас сүйегі бүгінде Мәскеу геологиялық барлау институтының музейінде сақтаулы [34].

Соңғы төрттік кезеңінде мамонт немесе жоғарғы палеолит фаунасы қалыптасты. Бұл кешеннің негізгі өкілі мамонт - *Mammuthus primigenius*, жүндес мүйізтұмсық – *Coelodonta antiquitatis*, ұсақ бизон – *Bison priscus mediator*, туп - *Bos primigenius*, Кноблоха түйесі – *Camelus knoblochi*. Бөкендер, жылқылар, құландар, архарлар, үнгір және қоңыр аюлар, жолбарысарыстандар, қасқырлар, түлкілер және басқа да қазып алынған ірі және ұсақ сүтқоректілер, сонмен қатар құстар кең тарады [35]. Соңғы төрттік кезеңінің жануарлары әр түрлі ландшафт белдеуінің тіршілік иелері болды: орман-далалы, жартылай ашық далалы, далалы, тоғайлы, шөлді. Осы кезеңде басқа да ерте кезеңдердегі сияқты тұяқтыларда және жыртқыштарда маусымдық миграция орын алған.

**Қорытынды.** Глоцен Жер тарихындағы соңғы геологиялық кезең болып табылады және қазіргі табиғи кешендердің даму ерекшеліктерін анықтайды, яғни оны егжей-тегжейлі зерттеу қажет. Аумақтар-дың табиғатын ұтымды пайдалану жақын уақыттағы табиғаттың даму заңдылықтарын зерттеуге негіз-делуі керек. Аумақтың қазіргі жағдайын және болашақта пайдалану жолдарын түсіну оның өткендегі даму тарихын білмейінше мүмкін емес.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лепехин И.И. Дневные записки путешествия доктора и Академии наук адъютанта Ивана Лепехина: по разным провинциям Российского государства в 1768 и 1769 годах / Санкт-Петербург: Импер. акад. наук, 1771. – 527 с.
2. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства 1772 и 1773 годов / Санкт-Петербург: Тип. Имп. Акад. наук, 1788. – С 479.
3. Гельмерсен Г.П. Орографическое и геогностическое описание части Киргизской степи, заключающейся между реками Уралом и Уем и т. д. Горн. жури., ч. 4, кн. 11, 1836. - С. 305 -335.
4. Trautschold H. Zur Fauna des Russischen Jura // Bull. Soc. Natur. Moscou. 1866. Т. 39, N 1. Р. 1-24.
5. Золотницкая Р.Л. Северцов Н.А. географ и путешественник. Москва: Географгиз, 1953. 207 с. - 46-45-44 б.
6. Калинин Н.А. Основные черты геологического строения и нефтегазоносность западного Казахстана. Ленинград. Изд-во: Гостоптехиздат. Труды ВНИГРИ вып. 213. 1963 г. – 11-,12-13- с.
7. Айзеништадт Г.Е.-А. Стратиграфия и фашии юрских и меловых отложений Эмбы // Труды ВНИГРИ, вып. 55. Москва-Ленинград: Гос. научно-техническое изд-во нефтяной и горно-топливной литературы. 1951. - С-24.
8. А.В. Фурсенко, Е.Н. Поленова Геология Эмбенской области // Материалы по палеонтологии и стратиграфии. - Л.: Гостоптехиздат, 1950. - С. 5-92.
9. Богданова А.А. Соляные купола Нижнего Заволжья // Бюлл. МОИП. Отд. геол. 1934. Т. 12. № 3. С.- 326-363.
10. Коробов С. С. О структурах течения соли в ядрах соляных куполов. Докл. АН СССР, т. 146, № 3, 1962. - С. 666-668,
11. Волков А.Н. Месторождения боратов Индера. В кн. кн.: Большая Эмба. М.-Л.: Изд во АН СССР. 1937. - С. 489-545.
12. Фурсенко А. В. Распределение микрофауны в разрезе Эмбенской нефтеносной области // Тр. КазФАН СССР. Вып. 10. 1937. - С. 165 - 182.

13. Соколова Е.И., Иванова Е.Н., Егоров И.П. Пермские и триасовые отложения Южной Эмбы и их нефтегазоносность // Труды ВНИГРИ. – Ленинград: Гостехиздат, 1961. – Вып. 164. – 194 с.
14. Айзеништадт Г.Е. - А. Схема классификации соляных куполов Южной Эмбы // Тр. / ВНИГРИ. Н.С. - 1956. - Вып. 95. - С. 214 - 221.
15. Кононов Ю.С. Особенности распределения триасовых нефтяных залежей на куполах Южной Эмбы // Труды института геологии и геофизики. Т.1. Издательство АН КазССР. Алма-Ата.1963. - С.26-31.
16. Айзеништадт Г. Е. - А. Восточная часть Прикаспийской впадины // Тр. ВНИГРИ. 1956. - Вып. 96. - С. 5 - 27.
18. Тихонович Н.Н. Уральский нефтеносный район Кой-кара, Ишан-кара, Кызыл-Куль.— «Труды Геолкома», 1916, нов. сер., вып. 119. 114 с.
19. А.Н. Замятин. Урочище Доссор, Уральской области, Гурьевского уезда. // «Известия Геологического Комитета». 1914. - С. 273-290.
20. Замятин А. Н. Индерское озеро и его окрестности (геологический очерк), Изв. Геол. ком., т. 33, № 7, 1914. - С. 681—740.
21. Храмов Н.А. К вопросу о стратиграфии пестроцветной толщи и юрских отложений Эмбенской области, Труды Нефт. геол.-разв. инст., сер. А, вып. 118, 1939, - 68,-69- стр.
22. Любер А.А. Атлас спор и пыльцы палеозойских отложений Казахстана - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1955. - 125 с.
23. Тихонович Н.Н., Мироно в С. Н. Уральский нефтеносный район. Лист – Макат, Бляули, Чингильды.— «Труды Геолкома», 1914, нов. сер., вып. 105. 89 с.
24. Малявкин а В.С. Спорово-пыльцевые комплексы пермских, триасовых и юрских континентальной отложений Эмбенской области. – В кн.: Авторефераты научных трудов ВНИГРИ. Л.:М., 1950, с.19-25.
25. Шумили н С. В. Уральский нефтеносный район. Токускенбушак и Джиланкабак. М.-Л., 1931. 56 с.
26. Янишин А.Л. Верхняя юра, мел и палеоген. В кн. «Соляные купола УралоЭмбенской нефтеносной обл.», ч. 2. Изд-во АН СССР, 1943. – С 347
27. Рябинин А.Н. Два позвонка динозавра из нижнего мела Закаспийских степей // Записки Русского минералогического общества (серия 2). — 1931. — Т. 60. — С. 110—113.
28. Айзеништадт Г.Е. Колтыпин С.Н. Стратиграфия и фауна юрских и меловых отложений Эмбы. Тр. ВНИГРИ. нов. сер. вып.55. Ленинград,- 1951.-С.-70-153.
29. Ильина А.П. Моллюски чеганской свиты северных чинков Устюрта // Палеонтол. сб. № 1. Л.; М.: Гостоптехиздат, 1953. -С. 93-134.
30. Ильина А.П. Моллюски палеогена Северного Устюрта (чеганская и ацеайрыкская свиты). Л.: Гостоптехиздат, 1955. -162 с.
31. Гликма н Л. С. Акулы палеогена и их стратиграфическое значение. Изд-во «Наука», 1964. - 229 с.
32. Бажанов В.С., Костенко Н.Н. Атлас руководящих форм млекопитающих антропогена Казахстана. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1962. — 111 с.
33. Кожамкулова Б.С. Позднекайнозойские копытные Казахстана. Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. - 144 с.
34. Теряев В. А. О строении зубов и синонимике *Elasmotherium Fisch.* и *Enigmatherium M.Pavlow* // Бюллетень МОИП. Отд. Геологии. 1929. Т. 7. № 3/4. С. 465-496.
35. Кожамкулова Б.С., Костенко Н.Н. Вымершие животные Казахстана (Палеогеография позднего кайнозоя). Алма-Ата: НаукаКазССР, 1984. – 104 с.

#### References:

1. Lepekhin I. I. Day notes of the travel of the doctor and the Academy of Sciences, adjunct Ivan Lepekhin: through different provinces of the Russian state in 1768 and 1769 / St. Petersburg: Imper. acad. Sciences, 1771. - 527 p.
2. Pallas P. S. Journey through different provinces of the Russian state in 1772 and 1773 / St. Petersburg: Type. Imp. Acad. Sciences, 1788. - С 479.
3. Gelmersen G. P. Orographic and geognostic description of the part of the Kirghiz steppe, which lies between the rivers Ural and Uem, etc. Gorn, jury., Part 4, book. 11, 1836. -S. 305 - 335.
4. Trautschold H. Zur Fauna des Russischen Jura // Bull. soc. Natur. Moscow. 1866. Т. 39, N 1. P. 1–24.
5. Zolotnitskaya R.L. Severtsov N.A. geographer and traveller. Moscow. Geography 1953. 207s.-46-45-44 b.
6. Kalinin N.A. The main features of the geological structure and oil and gas potential of Western Kazakhstan. Leningrad. Publishing house: Gostoptekhizdat. Proceedings of VNIGRI vol. 213. 1963 - 11,-12-13- p.

7. Aizenshtadt G.E.-A. *Stratigraphy and facies of the Jurassic and Cretaceous deposits of the Emba* // *Proceedings of VNIGRI, no. 55. Moscow-Leningrad: State. scientific and technical publishing house of oil and mining and fuel literature. 1951-C-24.*
**Keywords:** nature reserve-museum, social and spiritual activity, historical development, historical personalities, youth education, spiritual consciousness.

### **Кіріспе.**

«Әзірет-Сұлтан» мұражайы еліміздегі үлкен тарихи-мәдени нысандардың қатарына жатады. Мұражайдың басты қорғау нысаны ол тарихымыздағы үлкен тарихи тұлға және көсем болған Қожа Ахмет Яссауидің құрметіне салынған кесене болып табылады. Кесене түрлі тарихи кезеңдерде мемлекеттік саяси-рухани маңызды орталыққа айналды. Кеңестік дәуірде кесенінің тарихи-рухани маңызына көңіл аз аударылды. Тек 1978 жылдан бастап кесенінің мемлекет тарапынан қорғауға алыну мәселесі оң шешім тапты. 1989 жылы мұражайдың дәрежесі қайта бекітілді. Кеңес үкіметінің басшылығы жергілікті халықтың талап-тілектерін ескеруге мәжбүр болды. 1990 жылдары мұражай аумағында қазба археологиялық



жұмыстары жанданды-рылды. Археологиялық жұмыстар кесене орналасқан Түркістан қаласының тарихының тым тереңде жатқандығын анықтады.

Ғылыми жұмыстардың атқарылу шаралары «Әзірет-Сұлтан» қорық-мұражайының тікелеу үйлестіруімен жүзеге асуда. Мұражайдың ғылыми-ұйымдастырушылық әлеуеті жыл сайын ұлғаяу үстінде. Жыл сайын мұражайдың жәдігерлерімен танысуға келушілердің саны арту үстінде. Сондай-ақ, мұражай бүкіләледік ЮНЕСКО ұйымының тізіміне еніп, оның ерекше қорғау мәртебесіне ие болып отыр. Мұражай басшылығы тарих, дінтану, мәдениеттану салалары бойынша елімізге танымал ғалымдармен бірге маңызды ғылыми жобаларды іске асыруды табысты іске асыруда.

### **Материалдар**

Мақалада «Әзірет-Сұлтан» мұражайының кітапханасында сақтаулы деректік және статистикалық материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, мұражай қызметі туралы жарияланған газет-журнал беттеріндегі мақалалар да деректік базаны ұлғайтты. Мұражайдың электрондық сайтында жарық көрген мәліметтер мақалаға қазіргі таңдағы тарихи нысанның қызметінен нақты ақпараттар ұсына білді.

### **Әдіснама**

Мақалада тарих және гуманитарлық пәндердің әдістері кең қолданылды. Мұражайды тамашалауға келушілердің саны мен арасалмағын анықтауда статистикалық әдіске сүйендік. Әзірет Сұлтан кесенесінің түрлі тарихи кезеңдердегі қорғалыну мәселелерін айқындау үшін тарихи-салыстырмалы әдісі іске қосылды. Мұражайдың мемлекеттік және басқа да ұйымдармен жұмыс жасауының жалпы ағымын бағалау мен нәтижесін саралауда құрылымдық әдісті пайдаландық. Мұражайдың қоғамдық-рухани және саяси-идеологиялық қызметтерінің ерекшеліктерін анықтауда жіктеу тәсіле көзге алынды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Дін ғұламасы «Түркістан пірі» атанған ғұлама Қожа Ахмет Ясауи (Әзірет Сұлтан) құрметіне арнап Әмір Темір салдырған кесене (хакана) негізінде Түркістан қаласында 1991 жылы ашылған. Бүкіл түркі жұртының, мұсылман қауымының қадір тұтатын киелі орны. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы 14 ғасырдың ақырында салынған. Кесененің тұрғызылғаннан бергі тағдыры қазақ халқының тарихымен тұтасып кеткен. Кесене төңірегіне Жолбарыс хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Қасым хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б. белгілі адамдар жерленген [1].

Әзірет Сұлтан кесенесінің еліміздің тарихы мен рухани өмірінде маңызды орын алатыны мәлім. Аталмыш кесене ішінде көптеген хан сұлтандар мен игі жақсылар жерленген. Ірі әулие әмбилелер жанына әкеліп жерлеу батыс, шығыс елдерінің барлығында бар. Батыс Еуропада көптеген шіркеулерде ғасырлар бойы аристократия өкілдері жерленетін болған. Ал енді өзімізге келетін болсақ, көнекөз ақсақалдар осы кесененің ішінде жерлеу қашан тоқтатылды деген сұраққа жауап таппай қиналады. Совет уақытында ма екен, әлде одан да бұрынғы кезде ме екен? Осы сұраққа нақты жауап беретін жақында архивтан табылған бір құжатпен таныстыруды жөн көрдім. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған бір істе Түркістан уезінің бастығы полковник Чеботаревтың Сырдария облысының бастығына, Түркістан генерал губернатор атына жазылған рапорты бар. 1884 жылдың 30 қаңтар күні жазылған рапортта Әзірет Сұлтан кесенесінің жергілікті мұсылман халық үшін өте маңызды әулие жер екенін, бұл кесененің ішіне Түркістан аймағының түкпір түкпірінен қайтыс болған би, батыр, бай-бағлан игі жақсыларды алып келіп қоятынын баяндайды. Мәйітті кесене ішіне қоюға Әзірет Сұлтан ұрпақтарының рұқсатымен және оларға ақысын төлеп жерлейтінін баяндайды. Әрі қарай қазір Әзірет Сұлтан кесенесі іші молалар мен шіріген мәйіттерге толып кетті, мешіттің ішінде жағымсыз иіс шығып тұрады, соған байланысты кесененің ішіне жерлеуге тиым салу қажет екенін өтініп сұрайды. Түркістан шаһарының ақсақалы Мирхадыр Нарбаевтың айтуы бойынша бұдан 4-5 жыл бұрын марқұм болып кеткен генерал губернатор фон Кауфманның тұсында кесененің ішінде мәйіт жерлеуге тиым салатын бір жарлық шыққан екен, бірақ Чеботарев менің қолымда бұл жарлық жоқ деп айтады. Осы рапорт Ташкенте қаласына жеткен соң Генерал губернатордың канцеляриясынан 9 наурызда резолюция қойылған жауап келеді. Резолюцияда “Кесененің ішіне жерлеуге тиым салынсын, сол бұйрық туралы кесененің басшыларынан қолхат алынсын” делінген.

1864 жылы маусымда Кенесары ханның ұлы Сыздық сұлтан қорғап тұрған кесенені Ресей генералы Черняевтің әскерлері зеңбірекпен атқылады. Әзірет Сұлтан мешітінің исламның Қазақстандағы басты орталығы ретіндегі діни қызметіне тосқауыл қоюға ұмтылған кеңестік тоталитаризмнің әрекеттері де ойлаған мақсаттарына жете алмады. 1978 ж. қыркүйекте Қожа Ахмет Ясауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы 28-ші тамызда Қазақстан Үкіметі жалпы көлемі 90 га жерді алып жатқан Түркістан қаласының көне ескерткіштер кешені негізінде Әзірет Сұлтан қорық-мұражайын ашу туралы шешім қабылдады. Қорық-мұражай Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен бірге Үлкен қылуат (жер асты мешіті, 12 ғасыр), Әулие Құмшық ата қылуат (12 ғасыр), Сегіз қырлы кесене (14-16 ғасырлар), Ұлықбектің қызы,

Әбілқайыр ханның зайыбы Рәбия Сұлтан бегім кесенесі (15 ғасыр), Шығыс моншасы (16-17 ғасырлар), Есім хан кесенесі (17 ғасыр), т.б. археологиялық, тарихи сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды [1].

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы 1978 жылы 30 қыркүйекте «Республикалық Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты музейі» болып ашылды. 1989 жылы тамыздың 28 күні Қазақ ССР министрлер кеңесінің № 265 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» болып қайта құрылды. ҚР Үкіметінің 24.07.2015 жылғы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы №585 қаулысымен «Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК болып қайта құрылды.

Қорық-мұражай өз жұмысын негізгі екі бағытта жүргізеді. Бірінші бағыты — Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді есепке алу, сақтау, қорғау жұмыстары. Яғни қорық ретінде қызметін жүзеге асырады: мемлекеттік акт алынған тарихи-мәдени ескерткіштердің жалпы жер көлемі 557,1935 га. Құрамында 207 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Олардың ішіндегі 1–халықаралық, 16–республикалық, 14–жергілікті маңызға ие. Қалған ескерткіштердің статусы анықталу жұмыстары жүргізілуде. Халықаралық дәрежедегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортағасырлық теңдессіз сәулет туындысы ретінде 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынды. Әлемдік маңызға ие болған ескерткіштің ұлттық пантеон ретіндегі алар орыны да айрықша. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне 300-ден аса тарихи тұлғалар жерленген болса, қорық-мұражай мамандарының зерттеулері нәтижесінде сол тұлғалардың бүгінгі таңға 184-і анықталды [2].

ЮНЕСКО ұйымының тарихына баға берер болсақ онда ол 1970 жылдары басталды. ЮНЕСКО дегеніміз – Біріккен Ұлттар Ұйымына қарасты, халықаралық байланысты білім мен мәдениет арқылы тұтастыруға, адамзаттың бейбіт және гүлденген дәуірде өмір сүруіне ықпал етуді көздейтін халықаралық ұйым. ЮНЕСКО-ның басты мақсаттарының бірі – жер бетіндегі көрікті, тарихы бай мәдени жәдігерлер мен табиғи мекендерді қорғау. ЮНЕСКО тізіміне енген мұралар адамзат үшін өте құнды әрі ортақ дүние саналады. Мұндай нысандарды тізімге қосу мен қорғауға алуды арнайы мамандар шешеді. Мәдени жәдігер тізімге қосылғаннан кейін халықаралық қорғау құқығына ие болып, ЮНЕСКО-ның бақылауына өтеді.

Мұраны тізімге қосуды да, шығаруды да ұйымның өзі шешеді. ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұраларды қорғау Конвенциясы 1972 жылы жарияланып, 1975 жылы күшіне енді. 2019 жылғы деректерге сүйенсек, ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне 1121 нысан енген екен. Оның 869-ы – мәдени нысан болса, 213-і – табиғи мекен, ал 39-ы – аралас нысан саналады. Жалпы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени нысандарды қорғау Конвенциясына 193 мемлекет тіркелген. Олар – адамзатқа ортақ мұраларды қорғауға, сақтау мен дамытуға келіскен елдер. Тізім жыл сайын толығып, жаңарып отыруы мүмкін. 2019 жылғы дерек бойынша, ЮНЕСКО-ға ең көп мәдени және табиғи нысандары енген ел – Италия мен Қытай екен. Италияның 55 нысаны, Қытайдың да 55 нысаны енген. Одан кейін Испания (48), Германия (46), Франция (45), Үндістан (38), Мексика (35), Ұлыбритания (32), Ресей (30), Иран мен АҚШ (24-тен), Жапония (23), Бразилия (22), Аустралия мен Канада (20), Грекия мен Түркия (18-ден) тұр. Ал бұл тізімге біздің еліміздің 17 тарихи нысаны енген.

Қорық-мұражайының қорында 25000 дана құнды тарихи жәдігерлер қордаланған. Олардың арасындағы жазба, археологиялық этнография және нумизматикалық тобына жататын жәдігерлердің талапқа сай сақталуы үшін соңғы үлгідегі арнайы құрылыстар сатып алынып орнатылды. Қор бөліміндегі еңбек ететін реставраторлар Ресейден арнайы біліктілікті жоғарылату курстарын оқып келген мамандар.

Екінші бағыты – қорық-мұражай ретінде, ғасырлар елегінен өтіп, бүгінгі күнге жеткен көне, тарихи құнды жәдігерлерді сақтау, қорғау, қайта қалпына келтіру және оларды насихаттау жұмыстарын жүргізеді. Қорық-мұражай аумағындағы жұмыс істейтін «Түркістан тарихы», «Қылуат» жер асты музейі, «Жұма мешіті» және Ясауи кесенесі музейлерінің экспозиция алаңдарында жылына түрлі тақырыптағы 50-ге жуық көрме ұйымдастырады. Республика бойынша көшпелі көрмелер ұйымдастырылып, еліміздің бар-лық облыстары және Оңтүстік өңірінің аудандары түгел қамтылып келеді. Қала мектептерімен де тығыз қарым-қатынастар орнатылып, тақырыптық лекциялар жүргізу мен мектептерде көрме ұйымдастыру жұмыстары жақсы жолға қойылған [2].

Сонымен қатар, қорық-мұражай өз қарауындағы ескерткіштер мен жәдігерлерді, сондай-ақ Кесенеде жерленген тарихи тұлғаларды насихаттау, елге таныту мақсатында соңғы төрт-бес жылда жүзге жуық баспа өнімдерін шығарып, Кесенеде жерленген тұлғалар сериясы бойынша хандарға, билерге, батырларға қатысты кітаптар мен 18 буклеттерді жарыққа шығарды. Сондай-ақ БАҚ арқылы жүргізілетін насихаттық жұмыстар да жүйелі жолға қойылған. Мекеменің үш тілде: қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде шығарған «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» альбом-кітабы Мәскеудегі ТМД көлемінде ұйымдастырылған кітап көрме-

сінде бірінші орынды иеленді. Сонымен қатар екі жылда бір Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері” тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, жыл сайын дәстүрлі республикалық «Ясауитану» байқауын өткізіп келеді. Еліміздің түкпір-түкпірінен байқауға келген мектеп оқушылары тарихымызбен және Ясауи мұрасымен танысып, сусындауларына зор мүмкіндік алады.

«Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы отандық мұражайлар тарихында бірінші болып «Хан көтеру» театрландырылған сахналық қойылымын қойды. Қойылымдағы тарихи тұлғалардың ролдерін сомдауға кәсіби актерлар қатыстырылып, тарихи қойылымды еліміздің түкпір-түкпірінен және алыс-жақын шетелдерден келген қонақтар тамашалады.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы еліміздегі барлық республикалық, облыстық мұражайлармен әріптестік орнатқан және солардың арасында келушілері ең көп мұражай болып табылады. Келушілерге көрсетілетін қызмет түрлері де талапқа сай жүйелі жолға қойылған. Осын-дай атқарылған іс-шаралар нәтижесінде қорық-мұражай ағымдағы жылда халықаралық ICOM одағының «Жыл мұражайы» дипломына ие болды.

Жоғарыдағы кестедегі гумаитарлық мамандықтарды таңдаған 7 бітіруші сынып оқушыларының жауаптарына баға бере отырып, олардың бесеуінің (71%) тарихшы, археолог секілді сирек таңдалынатын мамандықтарға ауысуларына, тарихи турлардың ықпалының жоғары болғандығына көз жеткіземіз.

Қайталанбас тарихи деректерді еліміздің әр аймағында дәріптеу бүгінде Отырар мұражайының жоспарлы істерінің бірі болып табылады. Бұған дейін көрме еліміздің 8 облысы мен 15 қаласында «Көне Отырар жәдігерлері», «Фараб-Отырар өркениеті», «Отырарда ойлылардың ізі қалған» деген тақырып-тармен ұйымдастырылды.

Көрме кезінде «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайы елорда жұртшылығы мен қонақтарының назарына 160-қа жуық жәдігерін ұсынды. «Кез келген жәдігерді сөйлету және оны насихаттау музей қызметкерлерінің абыройлы борышы. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайының қорында 24 мыңнан астам тарихи жәдігер бар. Біз бүгін солардың ішінен 160 жәдігерді алып келіп отырмыз. Олардың арасында Қабанбай батырдың қанжары, Қазақ хандығы кезінде жасалған күмістер, шырағандар бар. Мұның барлығы біз үшін және ел үшін аса қымбат дүние.

Музей жұмысының бірден-бір көрсеткіші - көрме. Кез келген көрмеге қойылған зат адамға ақпарат беріп тұруы тиіс. Егер, экспонат адамның танымын арттырып, сезімін селт еткізбесе онда көрме бекер ұйымдастырылған болып шығады. Бүгінгі көрмеге келген өнерсүйер қауым рухани ләззат алып, әр жәдігердің сырын тереңірек түсініп кетеді деп үміттенеміз», - деді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайының директоры Мәулен Садықбеков [4].

Белгілі дінтанушы Д. Кенжетай кесененің қазіргі қызметі мен рухани рөліне келесідегідей баға береді: «Мұнда көпфункционалды тарихи, саяси, діни, білім беру, әлеуметтік тәжірибелер мен ритуалдар да атқарылған. Енді бүгін сол тарихи санадағы функцияларды қайта жаңғырту үшін де қазіргі жаһандану жағдайында кесенені жай мәдени ғимарат етіп қана қоймай, оның тарихи функциясын қайта жаңғыртуымыз қажет. Бұл да зияратшыларға өнер, театр мамандары арқылы кешегі тарихи санадан хабар беретін сахналандырылған қойылымдар мен көріністерден тұру керек. Мұндағы мақсат Әзірет Ясауиді, кесенені, Түркістанды насихаттау, тану және таныту. Осылайша, Түркістанда рухани туризмді өркендетудің сан қырлы нұсқасы қолға алынуы керек. Сосын амфитеатрда Әзірет Сұлтанның зікір, ракс-сама, салауат, тасбих, тахлил сияқты ритуалдық құбылыстары заманауи стильде театрландырылған сахналар арқылы халыққа, зияратшыларға таныстырылатын болады. Біз егемен, зайырлы елміз. Мұндай үлгі әлемде көп. Түркиядағы Кония қаласындағы «Жалалуддин Румидің орталығы» әлемдік туризмде осы қырынан ерекшеленетінін еске салсақ та жеткілікті. Әзірет Сұлтанның ілімі мен философиясында «гүл» символы ерекше орын алады. Қазіргі куллийаны гүлзарға айналдыру тек бау-бақшалармен көмкеру емес, онда символдық мән де бар. Сопылықтағы «иман-и гүл», Абайдағы таным-түсініктің артында осы ақиқат жатыр. Ол махаббат Аллаға деген ғашықтықтың бейнесі. Ясауи рухани психотехникасындағы «хиуат-шілдехана» – бұл ислам сопылық тәжірибесінде бар құбылыс. Оны манихейліктен енген деген анық-тамаңыз да кешегі ориенталистік тенденцияның жемісі екені даусыз. Исламның өз тәжірибесінде де «хира» құбылысы бар. Ол – пайғамбардың жолы. Сосын бұл далада шафиғилер болған емес, ол кешегі Бартольттың концепциясы болатын. Ол да ескірді. Онда мақсат бар еді. Екіншіден, Ясауи бағыты белгілі, Ханафи-Матуриди жолындағы суфи, әулие. Сондықтан оны әлем «силсилат ал захаб» өкілі ретінде таниды, танытады. Бұл – Хазірет Мұхаммед пайғамбарымыздың құтына, Хазірет Али, одан Хазірет Арыстан бап арқылы жалғасқан

жол деген сөз. Яғни, Түркістан біздің темірқазық – бағдарымыз бен өркениеттік тұғырымыздың бастауы. Бұл – құндылық. Оны таныту, таныстырудың өз дәуіріне сай тетіктері болары сөзсіз» [6].

### Қорытынды.

Ясауидің рухани мұрасы XII ғасырдан бастап түркі халықтарының тарихи тағдырында шешуші рөл атқарған рухани күшке айналды. Қожа Ахмет Ясауи дін тілін түрікше хикметпен сөйлетіп қойған жоқ, жолында кездескен қиындықтарға қарамастан, түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ислам дінінің талаптарына сай қалыптастырды. Кемелдік жолындағы адамның кемелдікке жетуіндегі алғышарттар ретінде көрсетілген «Отан», «елде тыныштық», «бауырластық» пен «мемлекет басшысына беріктік» ұстанымдарынан қазақ мемлекеттілік жүйесінің де Ясауи ілімімен байланысты екенін көруге болады. Осындай ойдың асылын мұра қылып кеткен Әзірет Сұлтан Ясауиді Елбасымыз кезінде «Ясауи – біздің «конфуций» деген еді. Түрікшіл ақын Мағжан да «Түркістан – екі дүние есігі» деп бекер айтпаған. Себебі екі дүние есігіне ену үшін Ясауи ілімін тану керек. Ясауи ілімі – қоғамдық-әлеуметтік ынтымақ пен бірлікке ұйытқы болатын даналықтың (хикметтің) үлгісі. Яғни, оның ілімі адамдар арасындағы өзара тең сұхбаттың, бауырластықтың, махаббаттың діни-рухани ұстанымдарын қамтитын біртұтас тұжырымдамалар жүйесі болып табылады. Ясауи қазақ мұсылмандық түсінігінің негізін қалаушы ұстаз ретінде «нағыз мұсылман бірге табақтас болып отырған адамдардың дініне, тегіне мән бермейтін адам» деп анықтама береді. Ясауи ілімінің негізгі ұстанымы қандай діндегі адам болса да, оған зарар көрсетпеу болып табылады. Ясауи мұрасы мен ілімі – барша мұсылман баласын бірлікке, дін іші тұтастыққа және өзге діндер арасындағы татулық пен толеранттылыққа шақырады. Ясауи – қазақ мемлекеттілігі мен тарихынан ойып орын алған тарихи-саяси, болмыстық, моральдық құндылықтардың мәні болған Ислам деген өркениеттің есігін айқара ашып берген, артына мектеп қалдырған, тұғырлы мұра тастап кеткен тұлға, әулие.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993.
2. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы. Қазақ университеті, 1999.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2000.
4. Сейітов С. Ой керуені. – Алматы: Кітап, 2007.
5. Әбдіманұлы Ө. «Ақтаңдақтар» ақиқатын айтқан // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. - 1997. - № 9. – Б. 18-26.
6. Әділханова Ж.С. XX ғ. 60-90 жылдарындағы әдебиеттану ғылымы: С. Сейітов зерттеулері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 162 б.
7. Аманжолова Д.А. Советское притяжение: историческая литература Республики Казахстан о советском веке // Прошлый век. – 2013. - № 2. – С. 28-35.
8. Мусагулова, А.Б. Қазақстандағы идеологиялық цензура тарихы (XXғасырдың екінші жартысындағы Республика тарихының өзекті мәселелері бойынша). – Алматы: ҚазҰУ, 2014.
9. Каипова Б. История политической цензуры в Казахстане (1929 -1956): автореф. ... канд. ист. наук.: – Астана, 2002.- 30 с.
10. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар (әдебиеттану сын әлемі) төртінші кітап. - Алматы: «Қазығұрт», 2003. - 95 б.
11. Қапаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-1991-гг.). – Алматы: «Атамұра, 2004. – С. 219-220.
12. Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. Кеңес және тәуелсіз Қазақстан дәуірі. – Алматы: «Дәуір», 2009. – 17 б.
13. Забих Ш.А. Публицистическая и журналистская деятельность Алихана Букейханова: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2002. – 29 с.
14. Мамардашвили М. К. Мысль под запретом //Вопросы философии. - 1992. - № 4. - С. 110
15. Аймермахер К. Политика и культура при Ленине и Сталине. 1917-1932 гг. – Москва., 1998. – 465 с.

### References:

1. Ashimbaev S. Shyndykka syjispenshilik. – Almaty: Zhazushy, 1993.
2. Smagulov Zh. Kazak adebiettanu gylımynyn tarihy. – Almaty. Kazak universiteti, 1999.
3. Nurgali R. Kazak adebietinin altyn gasyry. Zertteu. – Astana: Kultegin, 2000.
4. Seitov S. Oi kerueni. – Almaty: Kitap, 2007.

5. Abdimanuly O. «Aktandaktar» akikatyn aitkan // KazUY Habarshysy. Filologiya seriyasy. - 1997. - № 9. – B. 18-26.
6. Adilhanova Zh.S. XX ғ. 60-90 zhyldaryndaғы әдебиеттану ғылымы: S. Seitov zertteuleri. – Almaty: Kazk universiteti, 2014. – 162 b.
7. Amanzholova D.A. Sovetskoe prityazhenie: istoricheskaya literatura Respubliki Kazahstan o sovetskom veke // Proshlyj vek. – 2013. - № 2. – S. 28-35.
8. Musagulova, A.B. Kazakstandagy ideologiyalyk cenzura tarihy ( XX gasyrdyn ekinshi zhartysyndagy Respublika tarihy nin ozekti maseleleri bojnsha). – Almaty: KazYU, 2014.
9. Kaipova B. Istoriya politicheskoy cenzury v Kazahstane (1929 -1956): avto ref. ... kand. ist. nauk.: – Astana, 2002.- 30 s.
10. Ergobek K. Arystar men agystar (adebiеттану syn әlemi) tortinshi kitap. - Almaty: «Kazygurt», 2003. - 95 b.
11. Kapaeva A. Kul'tura i politika (Gosudarstvennaya politika v oblasti kul'tury v Kazahstane vo vtoroj polovine 1940-1991-gg.). – Almaty: «Atamyra, 2004. – S. 219-220.
12. Kuandik E.S. Kazakstan tarihy. Kenes zhane tauelsiz Kazakstan dauiri. – Almaty: «Dauir», 2009. – 17 b.
13. Zabih Sh.A. Publicisticheskaya i zhurnalistskaya deyatel'nost' Alihana Bukejhanova: Avto ref. dis. ... kand. ist. nauk. – Almaty, 2002. – 29 s.
14. Mamardashvili M. K. Mysl' pod zapretom //Voprosy filosofii.- 1992. - № 4. - S. 110
15. Ajmermaher K. Politika i kul'tura pri Lenine i Staline. 1917-1932 gg. – Moskva., 1998. – 465 s.

ӘОЖ 314.011(574)

ҒТАМА 03.81.35

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.033](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.033)

Н.А. Махметова <sup>\*1</sup>, Ж.С. Аубакирова <sup>2</sup>

<sup>1</sup> С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті  
«8D02202-Тарих» білім беру бағдарламасының 2-оқу жылының докторанты,  
Өскемен қ., Қазақстан  
<sup>2</sup> т.ғ.к., С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің  
қауымдастырылған профессоры,  
Өскемен қ., Қазақстан

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРТАЮЫ МЕН ӨЛІМ ҮДЕРІСТЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР (1999-2021 жж.)

Аңдатпа

Мақалада 1999-2021 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан өңірінде өлім деңгейінде орын алған демографиялық көрсеткіштер: халықтың өмір сүру ұзақтығы, өлім деңгейінің жалпы коэффициенті, жас топтарына қарай 1000 адамға шаққандағы өлім көрсеткіштері, аналар мен нәрестелер өлімі, ерлер мен әйелдер арасындағы өлім себептері түсіндіріліп, жалпы өңірдің демографиялық ахуалына сипаттама беріледі. Шығыс Қазақстан облысының ерекшелігі - жас құрылымының аймақтық теңгерімсіздігінің өсуіне байланысты «егде» жастағы адамдар санының көбеюімен өлім деңгейінің жоғары болуы және орташа өмір сүру ұзақтығының қысқаруы болып табылады. Сондай-ақ экономикалық, экологиялық, денсаулық сақтау саласы облыстың өлім деңгейіне әсер етеді. Нәтижесінде өңірде демографиялық, әлеуметтік-экономикалық тәуекелдер қалыптасады. Әлеуметтік сұраныстардың өңірдің демографиялық жағдайына сәйкес келу ықтималдығы зерттеуді өзектендіреді. Аталған өңірдегі демографиялық процестің маңызды факторы – өлім деңгейіндегі өзгерістерді жан-жақты талдау Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсетуге мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** өлім коэффициенті, аналар мен нәрестелер өлімі, орташа өмір сүру ұзақтығы, жас топтары, демографиялық процес, әлеуметтік сұраныс.

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім Министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын "Қазақтар Қазақстанның демографиялық әлеуеті ретінде: ретроспективті және даму перспективалары" АР19676895 гранттық ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Н.А. Махметова \*<sup>1</sup>, Ж.С. Аубакирова <sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторантка 2-го года обучения Восточно-Казахстанского университета имени  
С. Аманжолова по образовательной программе «8D02202-История»,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

<sup>2</sup> к.и.н., ассоциированный профессор  
Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

## ИЗМЕНЕНИЯ В ПРОЦЕССАХ СТАРЕНИЯ И СМЕРТНОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ (1999-2021 гг.)

### Аннотация

В статье рассматриваются такие демографические показатели, которые характеризуют изменения уровня смертности населения в Восточно-Казахстанской области в период с 1999 по 2021 гг. как продолжительность жизни населения, общий коэффициент смертности, показатели смертности на 1000 человек в зависимости от возрастных групп, материнская и младенческая смертность, причины смертности среди мужчин и женщин, также, в целом дается характеристика демографической ситуации региона. Особенностью Восточно - Казахстанской области является высокая смертность и сокращение средней продолжительности жизни, что связано с увеличением числа «пожилых» людей, дисбалансом возрастной структуры. Также на уровень смертности населения в регионе влияют экономические, экологические причины и уровень здравоохранения. Вследствие этого в регионе формируются демографические, социально-экономические риски. Актуальность исследования заключается в вероятности соответствия социальных запросов демографической ситуации региона. Важным фактором демографического процесса в данном регионе является всесторонний анализ изменений уровня смертности населения.

**Ключевые слова:** смертность, материнская и младенческая смертность, средняя продолжительность жизни, возрастные группы, демографический процесс, социальный спрос.

**Благодарности.** Статья подготовлена в рамках реализации грантового научного проекта AP19676895 «Казахи как демографический потенциал Казахстана: ретроспектива и перспективы развития», финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

N.A. Makhmetova<sup>1</sup>, Zh.S. Aubakirova <sup>2</sup>

<sup>1</sup>2nd year doctoral student of the S. Amanzholov East Kazakhstan State University according  
to the educational program "8D02202-History", Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

<sup>2</sup> k.h.s., associate professor of the S. Amanzholov East Kazakhstan State University,  
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

## CHANGES IN THE PROCESSES OF AGING AND MORTALITY OF THE POPULATION IN EAST KAZAKHSTAN (1999-2021)

### Abstract

The article considers such demographic indicators that characterize changes in the mortality rate of the population in the East Kazakhstan region in the period from 1999 to 2021 as the life expectancy of the population, the total mortality rate, mortality rates per 1000 people depending on age groups, maternal and infant mortality, causes of mortality among men and women, also, in particular. In general, the characteristic of the demographic situation of the region is given. The peculiarity of the East Kazakhstan region is high mortality and a reduction in average life expectancy, which is associated with an increase in the number of "elderly" people, an imbalance in the age structure. Also, the mortality rate of the population in the region is influenced by economic, environmental reasons and the level of health care. As a result, demographic, socio-economic risks are being formed in the region. The relevance of the study lies in the probability of compliance of social demands with the demographic situation of the region. An important factor in the demographic process in this region is a comprehensive analysis of changes in the mortality rate of the population.

**Keywords:** mortality, maternal and infant mortality, life expectancy, age groups, demographic process, social demand.


**Thanks.** The article was prepared as part of the implementation of the grant scientific project AP19676895 "Kazakhs as the demographic potential of Kazakhstan: a retrospective and development prospects", funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

**Кіріспе.** Халық өсім қарқынын анықтайтын екі фактор ол – туу және өлім деңгейі. Шығыс Қазақстан өңірі басқа аймақтардан ерекшелігі өлім деңгейінің жоғары болуымен және қарт адамдардың көптігімен ерекшеленеді. Өлім – туудың табиғи соңы болып табылады. Өңірде соңғы отыз жылда бұл тенденция әртүрлі сипаттарға ие болды. Бұл мақалада өлімнің жалпы коэффициенті, балалар және аналар өлімі, өлім себептері талданып, дәйектермен айғақталады. 1990 жылдарды нарықтың экономикаға көшкен көптеген елдердің ең басты демографиялық мәселелерінің бірі өлім деңгейінің өсімі болды. Әсіресе бұл Қазақстанның шығыс аймағында ерекше байқалды. Мақаланың мақсаты Шығыс Қазақстан облысы халқының өлім-жітім құрылымының ерекшеліктерін анықтау және себептерін талдау.

Өлім ол туудан кейінші екінші орында тұратын маңызды демографиялық процесс. Жалпы өлім коэффициенті, жас мөлшері бойынша өлім, аналар және нәрестелер өлімі, сондай-ақ Қазақстан статистикасы өлім себептерін мынандай негізгі топтарға жіктейді: қан айналымы жүйесінің ауруларынан, жаңа ісіктерден, тыныс органдары ауруларынан, ас қорыту органдары ауруларынан, жазатайым жағдайдан, уланудан және жарақаттан, инфекциялық және паразитарлы аурулардан, көлік апаттарынан, өлтіруден. Халықтың өлімі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің бейнесі болып табылады.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу әр түрлі жылдардағы бүкіл республикалық және аумақтық статистиканың мәліметтеріне, қайталама әлеуметтанулық зерттеулердің мәліметтеріне, салыстырмалы талдауға, әлеуметтік процестерді талдаудың әдіснамалық принципі ретінде көп факторлыққа негізделген. Өлім-жітімнің аймақтық айырмашылықтары осы процестің дифференциациясына әсер еткен факторлардың тұтас кешеніне негізделген. Ең алдымен, бұл халықтың жас құрылымындағы айырмашылықтар (қарттар мен кәрілердің жастарға қатынасы); объективті әлеуметтік-экономикалық жағдайда, халықтың өмір сүру деңгейінде; экологиялық жағдайда; эмигранттар санында, ең алдымен репродуктивті жаста; халықтың урбанизация деңгейіндегі айырмашылықтарды аймақтардың этникалық құрамын саралау маңызды болып табылады. Біздің ойымызша, көбеюдің белгілі бір түрінің тарихи жинақталу жағдайындағы айырмашылықтар және аймақтардағы осы процестің құрылымын анықтайтын мінез-құлық және қоршаған орта айнымалыларындағы айырмашылықтар маңызды рөл атқарады [1, 245].


Өлім деңгейі өмір сүру ұзақтығында да көрінеді, бұл барлық жастағы өлім-жітімнің қазіргі деңгейінің барабар жалпылама сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. 1999-2021жж. аралығында Шығыс Қазақстанда күтілетін өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштері [2][3][4]

Қазақстанда өлім-жітімнің өсуінің негізгі себептері ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында қалыптасқан жоқ, бірақ әлеуметтік-экономикалық дағдарыс олардың динамикасын айтарлықтай жеделдетті. Халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі және тиісті өтемақының болмауы созылмалы науқастарды және жалпы денсаулығы нашар адамдарды көбейтті. Халықтың денсаулығының нашарлауы ұзақ уақыт бойы өмір сүру ұзақтығының одан әрі төмендеуіне әкеледі. Туу және өлім-жітім жағдайы қоғамда болып жатқан процестердің, оның халқының өмір сүру деңгейінің, психологиялық әл-ауқатының айна бейнесі болып табылады.

1990 жылдардың басында Қазақстанда өлімнің жалпы коэффициенті 10% болса, Шығыс Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 13,0% құрады. Яғни бұл өлім деңгейі туу деңгейінен жоғары екенін көрсетті. 1990 жылдардың өлімнің өсімі бұл денсаулық сақтау саласындағы олқылықтар, еңбекті қорғау деңгейінің төмендігі, қоршаған ортаның ластануы, тамақтану деңгейінің нашарлығы, тұтыну рационның кедейлігінің нәтижесі болып табылады. Сондай-ақ аса маңызды факторлардың бірі мемлекеттік деңгейде де, жеке деңгейде де адам өмірінің құнсыздануы болды. Өлім деңгейі тағы бір себебі жылдан жылға күшейген түрде халықтың алкагольді тұтынуы болды. Еңбекке қабілетті халықтың жоғары үлес салмағы өлім көрсеткішін анықтайды. Әртүрлі себептерден өлім деңгейі жылдар сайын төмендеп отырады. Алайда өлім деңгейінің үлес салмағы төмендемейді. Бұл халықтың жас құрылымының қартаюы шегіне қарай өзгеруіне байланысты түсіндіріледі [5, 40-41].



Сурет 2. 1999-2021 жж. Шығыс Қазақстанда өлім деңгейінің жалпы коэффициенті [2][3][4]

Бұл көрсеткіштен байқайтынымыз, өңірде өлім коэффициенті 1989 жылдан қарағанда 1999 жылы өлім коэффициенті 3,55-ке яғни 29,2% ұлғайған. Бұл тоқсаныншы жылдардағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың төмендігі, республикадағы экологиялық жағдайдың нашарлауы; экономикалық қатынастардың нарықтық жүйесіне кірудегі қиындықтар; денсаулық сақтау жүйесін коммерцияландыру және тұтас-тай алғанда оның нашарлауы, республикадағы криминогендік жағдайдың нашарлауына байланысты зорлық-зомбылық өлімінің өсуімен түсіндіруге болады. 2009 жылы 1999 жылмен салыстырған өлім көрсеткіші 17,2% төмендеген, бұл халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсарып, сондай-ақ бұл кезеңде туу деңгейінің өсімімен салыстырмалы түрде өлім деңгейінің төмендейтінін көрсетеді. Өлім-жітімнің осы деңгейін анықтайтын басқа да жағдайларда халықтың қартаюы басым рөл атқарды (егде жастағы адамдар санының өсуі, олардың арасында өлім-жітім әрқашан жоғары). Ал 2021 жылы өлім коэффициенті 15,7% артқан, бұл көрсеткішті 2020 коронавирус инфекциясының таралып, арты қайғылы жағдайға әкеліп адамдардың өліміне әкелуімен 2020 жылы Қазақстан бойынша осы ауру түрінен қайтыс болғандар саны Шығыс Қазақстан облысында көп (16655 адам) болған. Сондай-ақ өңір жас мөлшері бойынша қарт тұрғындардың көптігімен алда тұр (соңғы 30 жылда 65+ асқан адамдар саны 8,4% өскен), бұл табиғи өлімнің көлемін ұлғайтады. Қазақстан халқының өлім-жітімінің өсу себептерінің бірін халықтың демографиялық қартаюы ретінде бөліп көрсетуге болады. 1999 жылмен салыстырғанда 2021 жылы өлім коэффициенті саластыру керек 12,0% өскен. Осы жылдар аралығында халық санының өскен есептегенің өзінде бұл көрсеткіш жоғары екенін айқын байқауға болады.



**Талқылау.** Халықтың өлім-жітім көрсеткіштерінің жас ерекшеліктерін талдау айтарлықтай ғылыми-практикалық қызығушылық тудырады. Өлім-жітім деңгейін төмендету жөніндегі басым бағыттардың негіздемесі, әсіресе еңбекке қабілетті жастағы адамдар арасында өлім себептерін барабар бағалауға негізделуге тиіс. Осы мақсатта оның жасына байланысты коэффициенттері әртүрлі жас топтарының тұрғындары үшін сараланған түрде талданады.

Кесте 1.

1999-2021 жыл аралығында Шығыс Қазақстан облысында жас топтарына қарай 1000 адамға шаққандағы өлім көрсеткіштері [2][3][4]

Жас	1999			2009			2021		
	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер
Барлығы	12,15	13,71	10,72	8,88	10,16	7,69	13,82	15,14	12,59
0	20,10	20,94	19,22	18,30	20,22	16,26	7,64	7,63	7,65
1-4	1,43	1,65	1,20	0,95	1,05	0,83	0,29	0,31	0,27
5-9	0,46	0,58	0,34	0,41	0,47	0,34	0,17	0,22	0,11
10-14	0,46	0,61	0,30	0,35	0,41	0,28	0,26	0,30	0,22
15-19	1,38	2,01	0,73	0,85	1,10	0,60	0,69	0,85	0,53
20-24	2,85	4,38	1,28	1,61	2,32	0,90	1,26	1,64	0,84
25-29	3,86	6,24	1,44	2,40	3,68	1,14	1,69	2,48	0,82
30-34	3,87	6,03	1,76	3,43	5,29	1,63	2,57	3,82	1,31
35-39	5,46	8,38	2,65	4,17	6,34	2,10	3,69	5,39	1,96
40-44	7,63	11,79	3,77	5,44	8,18	2,88	6,42	9,11	3,85
45-49	10,32	15,20	5,93	7,53	11,31	4,09	8,06	11,84	4,67
50-54	13,74	20,35	8,06	11,06	16,57	6,34	10,77	15,40	6,69
55-59	20,70	30,97	12,51	16,05	24,21	9,62	14,84	22,78	8,29
60-64	29,31	44,24	17,91	22,66	33,29	14,84	23,97	34,60	15,74
65-69	41,33	58,45	29,69	33,65	49,95	23,08	37,09	56,41	24,52
70-74	58,05	81,95	4,50	49,74	69,30	37,92	55,98	84,33	40,06
75-79	83,11	108,20	73,94	77,36	101,36	65,12	76,01	112,64	58,66
80-84	136,06	170,67	125,63	118,10	143,29	108,45	128,96	177,04	110,65
85	229,34	263,35	221,10	203,60	197,30	205,37	234,91	267,40	224,43


Бұл кестеден байқайтыңыз, өлім деңгейі соңғы отыз түрлі өзгерістерге ие болған. 1999 жылмен 2021 жыл өлім мөлшері бірдей болған. 2009 жылдары төмендеу болғанымен, алайда бұл саны 2021 жыл қайта қарқын алып өскен. Алайда біз 2021 жылы 0-49 жасқа дейінгі жас мөлшерлерінде өлім санының азайып 50+ асқан адамдар санының өлім деңгейінің өскенін байқап отырмыз. Ал, 2009 жылы 1999 жылмен салыстырғанда нәрестердер, орта жастағылар өлім көп болған. Бұл экологиялық жағдайдың нашарлауы, нарықтық экономикаға кірудегі қиындықтармен, денсаулық сақтау жүйесінің коммерциализациялануы және төмендеуі, қинап өлтіру өлімінің көбеюімен түсіндіруге болады. Сондай-ақ ерлер мен әйелдерді салыстыратын болсақ, әр жылдарда да жасөспірім шақтан орта жасқа дейін әйелдер арасындағы өлімге қарағанда ерлер арасында 2 есе, кей жерлерде 3 есеге дейін өскен, мысалы 1999 жылы 15-44 жас аралығындағы ерлер өлімі, ал 2009 жылы 20-24 жас аралығындағы, Кестеден 40 жастан кейін өлім деңгейінің қарқындылығын жоғарылайтынын байқауға болады. Бұны өңірде қалыптасқан экономикалық, ауаның ластануы, полигон зардаптары, экологиялық жағдаймен және денсаулық жағдайының нашарлығымен түсіндіруге болады. Ал енді, 1-кестеде көрсетілгендей 2021 жылы ерлер мен әйелдер арасындағы көрсеткішті салыстырсақ, мысалы 40-44 жас аралығында ерлер өлімі коэффициенті 9,11 құраса әйелдер арасында 3,85 көрсетеді, яғни әйелдерге қарағанда ерлер өлімі 57,8% көп екенін көрсетіп отыр. Жастар ұлғайған сайын өлім деңгейі де жоғарлайтынын байқауға болады. Яғни халықтың қартаюу процесі байқалады. Жалпы ерлер өлімінің әйелдерге қарағанда көбірек болу себебін ерлердің ауыр қызметтерде жұмыс жасап, денсаулық жағдайларының бірден сыр беруімен түсіндіруге болады. Шамадан тыс ерлер өлімі көптігі 30 жастағы ер адамдардың әрбір бесіншісінің 50 жасқа дейін өмір сүрмейтіндігіне әкеледі.

Нәтижесінде әкесіз қалған жесірлер мен балалардың саны артып келеді. Бұл өз кезегінде отбасындағы табыстың жетіспеушілігіне және білім алу мүмкіндігінің төмендеуіне әкеледі, бұл жұмыссыз қалу қаупін арттырады. Сайып келгенде, ерлі-зайыптылар мен балалардың адами әлеуетін дамыту мүмкіндіктері және басқа да денсаулық сақтау, тұрғын үй жағдайлары және т. б. әсер етеді.


Шығыс Қазақстан облысы ұзақ уақыт бойы халық саны азайып келе жатқан өңірлерге жатады. 2009-2020 жылдары - 2,0%-ға. Бұл, ең алдымен, еңбекке қабілетті халық санының азаюына байланысты: 2020 жылы, 2009 жылмен салыстырғанда, 20-59 жас тобы 9,9%-ға азайды. 0-19 жас тобында шығындардың біршама аз динамикасы байқалды (-0,4%). 0-19 жас және 20-59 жас аралығындағы топтардың эволюциясына көші-қон процестері үлкен әсер етті. Көші-қонның теріс сальдосы нәтижесінде (сыртқы және ішкі) 2009-2020 жылдары жастар саны 19,3%-ға азайды [6, 344].

Халықтың жоғары өлім-жітімі ерлердің де, әйелдердің де едәуір бөлігі жас немесе ересек жаста өлуіне әкеледі. Ю.К. Шокамановтың есептеулері бойынша 25 жастағы ер адамдар арасынан әрбір бесінші дерлік, зейнеткерлік жасқа дейін (63 жас) 45%, 65 жасқа дейін – әрбір екінші адам 50 жасқа дейін өмір сүрмейді. 25 жастағы әйелдердің ішінен 50 жасқа дейін әрбір он бесінші, 58 жасқа дейін – әрбір сегізінші, 65 жасқа дейін – әрбір төртінші өмір сүрмейді. Жас кезіндегі шамадан тыс өлімі олардың санының 26 жастан бастап әйелдер санының азаюына әкеледі, бұл некеге тұрған кезде ерлердің жетіспеушілігін сезінуге әкеледі. Нәтижесінде 30 жастан кейінгі халықтың едәуір бөлігі әлі некеде тұрмайды. Мәселен, 1999 жылғы халық санағы бойынша 30-34 жас аралығындағы халық арасында 14,1% ешқашан некеде болмаған. Шамадан тыс өлімі 30 жастағы ер адамдардың 50 жасқа дейін өмір сүрмейтіндігіне әкеледі. Нәтижесінде әкесіз қалған жесірлер мен балалардың саны артып келеді. Бұл өз кезегінде отбасындағы табыстың жетіспеушілігіне және білім алу мүмкіндігінің төмендеуіне әкеледі, бұл жұмыссыз қалу қаупін арттырады. Сайып келгенде, ерлі-зайыптылар мен балалардың адами әлеуетін дамыту мүмкіндіктері Денсаулық, тұрғын үй жағдайлары және т.б. басқа да салаларда азаяды [1, 244].

Өңірде ерлер өлімінің басым болу себептерінің айқын көрінісін диаграмма 2-ден байқауға болады.



3 сурет. 1999-2021 жыл аралығында Шығыс Қазақстан облысында өлім себептері бойынша ерлер көрсеткіштері [2][3][4]



4 сурет. 1999-2021 жыл аралығында Шығыс Қазақстан облысында өлім себептері бойынша әйелдер көрсеткіштері [2][3][4]

Диаграммаларда көрсетілгендей, жоғары көрсеткіштегі өлім себептерінің бірі – қан айналымы жүйесінің ауруларынан. Статистика бойынша, 1999 жылы бұл ауру түрі жоғарғы көрсеткіште әрі әйелдер арасында басым болса, 2021 жылы әйелдер арасында 652,49дан 340,61ге дейін екі есе төмендегенімен, ерлер арасында салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішті көрсетеді. 2009 жылы бұл ауру түрінен 100000 адамға шаққанда 621,59 адам қайтыс болған. Жалпы жоғарыда көрсетілген кестедегі өлім себептерінде әйел адамдарға қарағанда ер адамдар өлімі екі есе, кей жерлерде үш есеге дейін басым.

Жалпы ШҚО бойынша ересек халықтың өлім-жітім себептерінің құрылымында бірінші дәрежелі орынды 1000 тұрғынға шаққанда 9,05 көрсеткіші бар қанайналым жүйесінің аурулары алады, олардың үлес салмағы өлімнің барлық себептерінің 50,9% - от құрады; екінші дәрежелі орынды тиісінше 2,83% және 15,9% көрсеткіштерімен жарақаттар мен уланулар алады; үшінші орында – ісіктер (2,45 млн. және 13,77%), төртінші орында-тыныс алу органдарының аурулары – (1,32% және 7,45%) және бесінші орында – ас қорыту органдарының аурулары (0,45% және 2,55%). Жалпы, бұл сыныптар өлім-жітімнің барлық себептерінің 90,57% құрайды [7]. Яғни олар жетекші болып табылады.


Зерттелетін кезеңде қала тұрғындары арасында инфекциялық және паразиттік аурулардан – 2,5 есе, эндокриндік жүйе ауруларынан – 1,5 есе, психикалық бұзылулардан-4 есе өлім-жітімнің өсуі байқалды. Қала тұрғындарының жарақаттанудан және уланудан өлім-жітім коэффициенті 91,7%-ға, тыныс алу органдарының ауруларынан – 69,4%-ға және жалпы өлімнің барлық себептерінен-55,1%-ға өсті. Ауыл тұрғындарының аталған себептерден өсу қарқыны әлдеқайда төмен. Мысалы, жұқпалы және паразиттік аурулардан көрсеткіштің қарқындылығының өсуі 60,0%, эндокриндік жүйе ауруларынан 90,1%, жарақаттар мен уланулардан – 42,0% және өлімнің барлық себептерінен – 24,7% құрады [7]. Аурулардың қалған кластары бойынша өлім-жітім деңгейінің тұрақтануы байқалады.

Өлім-жітім жағдайы-республика халқының денсаулығының едәуір нашарлауының тікелей көрінісі. Антибиотиктердің көмегімен жұқпалы аурулармен күресте қол жеткізілген жетістіктерден кейін денсаулық сақтау жүйесі эндогендік сипаттағы ауруларға – қан айналымы жүйесіне, эндокриндік жүйеге, неоплазмаларға және т.б. тиімді қарсы тұра алмады. Қан айналымы жүйесінің ауруларынан болатын өлім-жітімнің соңғы тенденцияларын бағалай отырып, бұл аурулар негізінен эндогендік сипатқа ие болғанымен, өмірдің қарқынды факторлары, жұмыс пен демалыстың дұрыс ауыспауы, дұрыс тамақтанбау, зиянды әдеттер (алкоголизм, темекі шегу және т. б.), әртүрлі стресстік жағдайлар және т. б. қоршаған орта факторлары да олардың дамуына айтарлықтай үлес қосатынын атап өткен жөн.

Абсолютті гендерлік тепе-теңдік, яғни жыныстардың толық сандық теңдігі-сирек кездесетін және қысқа мерзімді демографиялық құбылыс. Әдетте қыздарға қарағанда ұлдар көп туылады, бірақ өлім-жітімнің гендерлік сипаттамаларының айырмашылығына байланысты біраз уақыттан кейін жағдай қысқа уақытқа теңестіріледі, содан кейін гендерлік алшақтық пайда болады.

Гендерлік алшақтық – бұл қоғамның жас құрылымындағы ерлер мен әйелдердің сандық асимметриясы, демографиялық тұрғыдан, әдетте, кейінгі жастағы әйелдердің сандық басым болуымен көрінеді [6, 213].

Демографиялық құрамдас бөлікте өлімнің негізгі әрі маңызды көрсеткіштері бұл нәрестелер және аналар өлімі. Нәрестелер мен аналар өлімі бұл халықтың денсаулық жағдайын, елдің әлеуметтік тұрақтылығын, денсаулық сақтау саласының деңгейін көрсетеді. Шығыс Қазақстан өңірінде соңғы отыз жылда бұл көрсеткіштер қалай өзгергенін 3 суреттен байқауға болады.



5 сурет. Аналар мен нәрестелер өлімі көрсеткіші [2][3][4]

Бұл диаграммада көрсетілгендей, нәрестелер өлімі 1999 жылы 20,1 көрсетсе, 2009 жылы бұл көрсеткіш 14,8% өседі, ал 2021 жылы бұл көрсеткіш 200% төмендейді. Алайда, аналар өлімі 2009 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 71% төмендегенімен, 2021 жылы 139% өседі. Нәрестелер өлімін азайтуға денсаулық сақтау саласындағы жетістіктер деп ескерсек, яғни аналар өлімінің себебі әйелдер денсаулығының нашарлығын көрсетеді деген қорытындыға келтіреді.

Нәресте өлімінің деңгейі медициналық көмектің сапасы мен уақтылығына және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға байланысты. Елдегі нәресте өлімінің қолайсыздығы әйелдердің денсаулығының нашарлығымен де байланысты. Жүктілік пен босану патологиясының өсуі, жаңа туған нәрестелердің денсаулығының нашарлауы байқалды. 1990 жылдан 1999 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда деңгейі 11%-ға төмендеген, бірақ экономикалық дамыған елдермен салыстырғанда жоғары болып қалатын ана өлімі әйелдің денсаулық жағдайы мен оларға көрсетілетін медициналық көмек сапасының критерийлерінің бірі болып табылады. 1999 жылы ТМД елдерінде Қазақстан ана өлімі бойынша Ресейден кейін екінші орынға ие болды. Республикада ана өлімінің коэффициенті 100 мың адамға шаққанда 49,6, Ресейде – 58,2, салыстыру үшін Беларусьте – 20,4 құрады [1, 246].

Аналар мен нәрестелер өлімін азайту мақсатында мемлекет тарапынан біршама алдын алу шаралары мен шаралар қолданылуда. Үкімет алға қойған мақсаттары: перинаталды қызметтерді жетілдіру, туу мекемелерінде жаңа туғандарды емдеу және бағуға қатысты заманауи технологияларды енгізу, сау бала және ата-ана бойынша кеңес, бірінші кезекте балаларға жедел көмек көрсету

**Зерттеу нәтижесі.** Осылайша, алынған нәтижелерді талдау келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

1. Орташа өмір сүру ұзақтығы бойынша өңір жылдан-жылғы қысқарып бара жатқанын 1-суреттен байқауға болады. Яғни өңір тұрғындарының денсаулық жағдайына байланысты орташа өмір сүру ұзақтығы қуантарлықтай нәтиже көрсетпейді.

2. Аналар мен нәрестелер өліміндегі көрсеткіштер өңірдің денсаулық сақтау саласындағы ақаулардың барлығын және аймақтағы экологиялық жағдайдың нашарлығының көрінісі болып табылады.

3. Соңғы 30 жылда (1999-2021 жж.) ШҚО халқының жалпы өлімі ең өнімді жастаптарында (30-59 жас), негізінен ер адамдар арасында оның қарқындылығының өсуімен сипатталатын жағымсыз үрдістерге ие болды. Қалалық жерлерде халық өлімінің едәуір өсуі байқалды. Бұл халықтың өлім-жітім деңгейіне теріс әсер ететін сыртқы факторлардың әсерінің артуын көрсетеді.

Өлім себептерінің құрылымында жетекші дәрежелі орындарды қан айналымы жүйесінің аурулары, қатерлі ісіктер, жарақаттар мен уланулар, тыныс алу органдарының аурулары, ас қорыту және жұқпалы аурулар алады; аурулардың жетекші кластары өлімнің барлық себептерінің 90,7% құрайды.

Зерттелетін кезеңдегі динамикада тыныс алу және ас қорыту аурулары кезінде өлім-жітімнің жоғары өсуі байқалады. Еңбекке қабілетті жастағы 20-29 жас аралығындағы халық өлімінің жоғары қарқыны, әсіресе ер адамдар арасында жоғары жарақаттануға байланысты [7].

Халықтың жас құрылымының өзгеруінен туындайтын елеулі демографиялық тәуекелдерді байқауға болады.

